Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Қазақ тіл білімі кафедрасы

Ж.А. Жақыпов, М.К. Ахметова

ҚАЗАҚ ЛИНГВОФОЛЬКЛОРТАНУЫ

(мәтінтүзімдік тұрғы)

Филология мамандығының білім алушыларына
арналған оқу-әдістемелік құрал

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 811.512.122(075.8)
КБЖ 81.2 Қаз-923
Ж-21

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

Рецензенттер:

Б.Ш. Шалабай – филология ғылымдарының докторы, профессор
Ж.А. Құсайынова – филология ғылымдарының докторы, доцент

Жақыпов Ж.А., Ахметова М.К.
Қазақ лингвофольклортануы (мәтінтүзімдік тұрғы). Оқу-әдістемелік құрал / Ж.А. Жақыпов, М.К. Ахметова. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 166 бет.
ISBN 978-601-337-335-5

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал қазақ фольклорын лингвофольклортану тұрғысынан оқыту жолындағы фольклорлық мәтінтану саласына қатысты еңбек болып саналады. Теориялық мәселелермен қатар тақырыпқа сәйкес түрлі деңгейдегі тапсырмалар, өз бетімен орындалатын жұмыс түрлері қамтылған. Оқу-әдістемелік құрал бакалавриат, магистратура білім алушыларына арналған.

ӘОЖ 811.512.122(075.8)
КБЖ 81.2 Қаз-923

ISBN 978-601-337-335-5

© Ж.А.Жақыпов,
М.К. Ахметова, 2020

МАЗМҰНЫ:

Алғы сөз..... 5
1 ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МӘТІНТАНУ ТҰРҒЫЛАРЫ..... 6
1. Лингвофольклортанудың жалпы мәселелері. Фольклорлық мәтінтану сипаты..... 6
2. Фолькорлық шығармаға қатысты «мәтін» мағыналары..... 8
3. Лингвистикадағы мәтінтану аспектілері..... 11
4. Фольклорлық мәтіннің басты белгілері..... 16
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 20

2 ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МӘТІНДЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТТАРЫ..... 22
1. Мәтіндегі болмыстың бейнелену тәсілдері..... 22
2. Фольклорлық мәтіндегі әңгімелеу..... 24
3. Фольклорлық мәтіндегі сипаттау..... 32
4. Фольклорлық мәтіндегі пайымдау..... 38
5. Фольклорлық мәтінде әңгімелеу, сипаттау, пайымдаудың араласа қолданылуы..... 41
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 45

3 ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАР МӘТІНІНІҢ БАСТАПҚЫ ЖӘНЕ АЯҚҚЫ ШЕНДЕРІ..... 47
1. Мәтіннің бастапқы, аяққы шендері туралы, оған қатысты зерттеулер..... 47
2. Мифтік фольклордағы бастапқы, аяққы шендер ерекшелігі..... 49
3. Эпос мәтінінің бастапқы және аяққы шендер қызметі..... 53
4. Ертегі мәтіндерінің бастапқы және аяққы шендер сипаты..... 57
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 63

4 ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІ МӘТІНДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ КЕҢІСТІК..... 66
1. Ертегітанудың лингвистикалық қырлары. 66
2. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кеңістік мәнді тілдік бірліктердің лексика-семантикалық топтары. 68
3. Фольклорға тән кеңістікті бедерлейтін «өзімдікі» және «өзгенікі» жіктелісі..... 69
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 72

5 ЕРТЕГІ МӘТІНДЕРІНДЕГІ УАҚЫТ МЕЖЕСІНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ..... 77
1. Мәтіннің денотативті құрылымын түзуші уақыт категориясы..... 77
2. Уақыттың семантикалық құрылымы..... 78
3. Ертегі мәтініндегі экологиялық, ситуациялық, тарихи уақыт межесінің берілу жолдары. 79

4. Ертегідегі уақыт категориясының сипаттары..... 85
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 86

6 ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА..... 89
1. Қазақ ертегілерінің мұрагерлік (кумулятивтік) сипаты..... 89
2. Ертегілердегі этномәдени лексиканың мағыналық топтары..... 90
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 95

7 ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ БҰЙРЫҚТЫ АЙТЫЛЫСТАРДЫҢ МӘТІНТҮЗІМДІК ҚЫЗМЕТІ..... 100
1. Бұйрықты айтылыс түрлері, ерекшелігі..... 100
2. Ертегі құрылымындағы бұйрықты айтылыстардың функционалды-семантикалық сипаты..... 101
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 107

8 МӘТІН ІШІНДЕГІ МӘТІН МӘСЕЛЕСІ..... 112
1. Интертекстуалдықты аңдату..... 112
2. Интертекстуалдылық, интертекст терминдері туралы..... 114
3. Көркем мәтіндердегі интертекстерді қарастырудың үш тұрғысы..... 117
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 123

9 БАТЫРЛЫҚ ЖЫР МӘТІНДЕРІНДЕГІ КЕЛТІРІНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР..... 126
1. Батырлар жырындағы дәстүр мен өзгермелілік..... 127
2. «Алпамыс батыр» нұсқаларында кездесетін мәтінаралық байланыс типтері..... 128
3. «Қобыланды батыр» нұсқаларындағы тұрақты және келтірінді құрылымдар сипаты..... 133
4. «Ер Тарғын» нұсқаларындағы интертекстуалдылық..... 137
5. «Қамбар батыр» нұсқаларындағы интертекстуалдылық..... 139
6. Тілдік тұлғаның танымдық деңгейіндегі интертекстуалдылық..... 142
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 144

10 ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ІЛКІ МӘТІНДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА БЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ..... 148
1. Фольклорлық мәтіндегі мәдени код..... 148
2. Қазіргі көркем шығармаларда ілкі мәтіндердің берілу тәсілдері..... 149
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар..... 158

Пайдаланылған мәтіндер..... 163

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ филологиясы тарихында фольклор мәселелері әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектерінде кең ауқымда қарастырылып, күні бүгінге дейін зерттеліп келе жатса, қазақ тіл білімінде лингвофольклортану арнайы сала ретінде біртіндеп қалыптасу үстінде. Қазіргі кезде лингвофольклортанудың таңдау пәні ретінде бағдарламасы жасалып оқу үдерісіне енгізілген. Фольклор дегеніміз, ең алдымен, мәтін. Сондықтан оның мәтінтүзімін білу аса маңызды.

Фольклордың өмір сүру формасы, болмысты бейнелу тәсілі, поэтикасы тілдік таңба арқылы жүзеге асатындықтан, оны тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеудің мәні зор. Сан ғасырлар жинақталған бай мәдени мұра – фольклор тілінің материалдары – мақал-мәтелдер, ғұрыптық фольклор мәтіндері, эпостық, лиро-эпостық жырлар, бата-тілек сөздері т.б. жанрлар лингвистикада түрлі аспектіде кейбір зерттеулерде сөз етілді. Алайда ол зерттеулер қазақ фольклорының барлық деректерін (тарихи, лиро-эпостық, батырлар жырлары, ертегілер т.б.) және тілдік, танымдық, коммуникативтік, прагматикалық қырларын толық қамти алмайды. Сондықтан фольклорлық шығармаларды әр қырынан, соның ішінде мәтінтану тұрғысынан арнайы қарастырудың қажеттілігі туындайды. Халық шығармашылығының тілдік ерекшелігін, мәтін ретінде тұтасымға ұйымдасуын талдау және одан алынатын нәтижелерді саралау мәтін теориясын мазмұндық жағынан толықтырады. Фольклорлық шығармаларды, оның жанрлық ерекшелігін, құрылымын зерттеу мәтін лингвистикасында түрлі типтегі жазбаша әдеби мәтіндер құрылымының дамуын зерделейтін жаңа бағыттың қалыптасуына да ықпал етеді.

Бұл құралда лингвистикалық білім парадигмасындағы фольклорлық мәтіннің негізгі жайттары баяндалады. Білім алушының фольклорлық мәтінді лингвистикалық талдаудың үлгілерін жасап үйренуі көзделеді.

1 ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МӘТІНТАНУ ТҰРҒЫЛАРЫ

***Талқылауға арналған сұрақтар**:*

1. Лингвофольклортанудың жалпы мәселелері. Фольклорлық мәтінтану сипаты.
2. Фолькорлық шығармаға қатысты «мәтін» мағыналары.
3. Лингвистикадағы мәтінтану аспектілері.
4. Фольклорлық мәтіннің басты белгілері.

1. Фольклор деген сөздің заманауи күндегі мағынасы тым ауқымды әрі күрделі. Батыс Еуропа, Америка, Аустралия сынды мемлекеттердің түсінігінде халықтың киім-кешегі, құрал-жабдықтары, өнері (сөз өнері, қолөнері, музыка, би, т.б.), тұрмыс-салт, наным-сенім – барлығы дерлік фольклордың құрамына кіреді. Ал Ресей зерттеушілері фольклорды халықтың ауызша поэтикалық шығармашылығы деп зерттейді. Қазақ әдебиеттану ғылымында да Ресей ғалымдарының пікірімен ұқсастырып, ауыз әдебиеті фольклор ретінде қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде фольклор тілі, тілдік бірліктердің лексика-грамматикалық ерекшелігі, олардың көркемдегіш, айшықтау құралы ретіндегі стилистикалық қызметі, әдеби тілді қалыптастырып, дамытудағы рөлі секілді мәселелер Р. Сыздық, Т. Қордабаев, Қ. Өмірәлиев, Е. Жұбановтың т.б. еңбектерінде қарастырылып, тұжырымды көзқарас-пікірлерінде көрініс тапты. Тіл білімінде антропоөзектік бағыттың дамуына орай фольклор тілі тілден тысқары факторлармен ұштастырылып, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистикаға қатысты бірқатар зерттеулерде сөз болды (Ә. Қайдар, Ж. Манкеева, А. Айтмұқашова т.б.).

Орыс тіл білімінде лингвофольклортану мәселесімен арнайы айналысатын бірнеше жылдық тарихы бар мектептер қалыптасқан (Е. Артёменко, З. Тарланов, С. Никитина, А. Хроленко т.б.). Ғалым Ж. Жақыповтың: «Қазақ филологиясы үшін фольклор тілін зерттейтін арнаулы пәннің керектігі сонда, фольклор сөзін халықтың көркем шығармаларының сипаты ретіндегі табиғатын ашумен ғана шектелмей, мұндай арнаулы сала ауызша көркем сөзді зерттеудің өзгеше бір біріктірмелі әдістері мен әдістануын іздеп табуға сеп болады», – деген пікіріне зер салсақ [1, 22-23], ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған бай рухани-мәдени мұраның тілін жаңа парадигмалар шеңберінде, кең контексте алып қарастырудың қажеттілігі туындайды. Қазіргі таңда лингвофольклортану мәтін лингвистикасы,

қолданымдық грамматика, прагматика, сөйлеу актілерінің теориясы, танымдық, этно, психолингвистика, лингвомәдениеттану секілді қазақ тіл білімінің көптеген салаларының жаңа көзқарас-пікірлерін, тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, тың зерттеулер бағытын айқындауда [2]. Сондай-ақ фольклорлық мәтіннің текстологиялық, концептуалдық, синкреттік, семиотикалық ерекшеліктерімен, фольклорлық мәтін ұғымымен С.Ж. Бралина [3], фольклорлық мәтін құрылымымен, мәтіннің түзілу ерекшеліктерімен Р.А. Агеева [4], С.Е. Волоскова [5], Е.Б. Артеменко [6], фольклорлық дискурспен Г.Х. Бухарова [7], т.б. еңбектерінен танысуға болады.

«Мәтін жеке адамның шығармашылығын, даралығын, бірегейлігін білдіру үшін шексіз мүмкіндік береді. Осымен байланысты нақты мәтіндерді, соның ішінде фольклорды зерттеу прагматикалық таңбаланған көптеген құралдардың ерекшеліктерін анықтауға жол ашады», – деген зерттеуші Е.А. Мухина пікірін ескерсек [8, 18], фольклор мәтіндерін әр қырынан зерделеу қазақ лингвофольклортану аясының кеңеюіне ықпал етеді.

Белгілі фольклортанушы ғалым С.А. Қасқабасовтың: «Әрбір фолькорлық шығарма – дәстүрге негізделген, халыққа кең тараған, варианттары бар, ауызекі айтылатын авторсыз туынды», – деген пікірінен әдебиеттану ғылымында фольклорлық мәтінге берілген басты ерекшеліктер танылады [9, 9]. Біріншіден, фольклорлық мәтін дәстүрге негізделген; екіншіден, бірнеше нұсқада таралады; үшіншіден, ауызша мәтін түрі; төртіншіден, авторы жоқ туынды.

Орыс лингвофольклортанушысы Е.Б. Артеменко сөз өнерінің кез келген шығармасы, мейлі ол роман, поэма, мейлі ол аңыз, өлең, ертегі болсын – барлығы да ұзақ уақыт бойы түрлі уақыт пен кеңістікте көптеген адамдарға эстетикалық жағынан әсер ету үшін шығарылатынын айтады. Сонымен қатар сөз өнерінің шебері – ақын, жазушы, ал фольклорда – ұжымдық автор шығарманың мазмұндық жағымен ғана жұмыс жасап қоймай, оның эстетикалық қырының жетілуіне де мән беретінін сөз ете келе, мұндай көркем сөйлеудің алдын-ала әзірліксіз дүниеге келмейтінін, оның дайындалған сөйлеуге тән принциптер арқылы құрылатынын ерекше атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, фольклорлық-тілдік құрылым, соның ішінде өңделгені анық байқалатын өлең жанры – жеткілікті түрде дамыған тілдік феномен [6, 12].

Ғалым Ш. Ыбыраевтың пікірі бойынша: «Ауыз әдебиеті» деген ұғым «фольклордың» мәнімен сабақтас. Бұлар бір-бірін толық

алмастыра береді». Ғалым өзінің осы ойын нақтылай түсіп, «Фольклордың шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да – халық. Сондықтан ол, шын мәнінде, халықтың еншісі болып табылады», – дейді де, ауызша айту фольклордың тек қана шығарылу, таралу жолы емес, бүкіл қоғам тарапынан қолдау тапқан өнердің басты шарты екендігін, фольклорлық мәтіннің жаратылысында мезгілдік және мекендік өлшемдердің айқын көрінетінін, ауыз әдебиетінің мәтіні табан астынан шығарылғандықтан, мезгіл жағынан шектеліп, әр шумақты, тіркестерді ойланып шығаруға уақыт болмағаны үшін бұл мәтіннің алғаш шығарып отырған мезгілі мен орындалу уақыты бір екендігін айтады. Сондықтан фольклорлық мәтінде ортақ сюжеттер, сарындар, тұтас шумақтар, бейнелі тіркестер, өлеңнің даяр үлгілері мен ұйқастары жиі кездесетіндігін ескертіп, кейінірек: «Ауыз әдебиеті ауызша шығарылып, ауызша тарағандықтан, шығарманың үнемі өзгеріс үстінде болатындығы – заңды құбылыс. Себебі ауызша айту, бұрын шығарылған текстi орындау – ешбір өзгеріссіз қайталап шығу емес, керісінше, ол – шығармашылық процесс. Онсыз шығарманың заман ағымына сай қайта түлеп отыруы мүмкін болмайды. Әсіресе, ірі жанрларға тән осы ерекшелік шығарманың бір айтушыдан екінші айтушыға, бір дәуірден екінші дәуірге ауысу барысында айрықша көрінеді», – дейді [10, 5-8].

2. Ғалым Б.Н. Путилов: «...задында, фольклорлық шығармаларға қатысты «мәтін» сөзінің екі мағынасы бар. Біріншісі – халық жадында сақтаулы мәтін, екіншісі – сол ауызша мәтіннің хатқа түскен түрі. Зерттеушілер, шынтуайтқа келгенде, жазбаша, жазылып алынған мәтінмен жұмыс жасайды. Сондықтан фольклорлық шығарманың жазылып алынған жазбаларын фольклорлық мәтін деп алған дұрыс», – деп тұжырымдайды [11, 104]. Б.У. Әзібаева фольклорлық мәтін туралы сөз еткенде фольклорлық шығарманың ауызша туып, ауызша орындалатыны; ауызша түрде бірнеше ұрпақ жадында сақталатыны; сондай-ақ ауызша орындалып, айтылып, тыңдаушы, шәкірттерге ауызша жеткізілетін мәтіннің өмірі өте қысқа болатыны: ол тек сол сәтте ғана бар болатыны; ал оның өміршең болып сақталып, кейінгі ұрпақтарға жетіп, ғылым нысанына айналуы үшін хатқа түсірілу керектігі немесе басқа техникалық құралдармен таңбалану керектігі, яғни дыбыс жүйесінен таңба жүйесіне ауыстырылу қажеттілігі; ол үшін орындаушы, айтушыдан мәтінді еш өзгертусіз жазып алуының маңыздылығы (жинаушы рөлінің маңыздылығы туралы); бір шығарманың бірнеше нұсқаларының болатыны; фольклор

құрамындағы кейбір жанрлар эстетикалық емес, танымдық, утилитарлық қызмет атқаратындықтан олардың көркемдік деңгейі төмен болатыны сынды дүниелер назардан тыс қалмау керектігін ескерте келе, егер бұлардан біреуі тыс қалса, онда фольклорлық мәтінге берілген анықтама анық болмайды деген тұжырым жасайды. Әрірек, «фольклортануда «мәтін» сөзі үш мағына беретіні анықталып отыр: а) халық жадында сақтаулы, яғни ойдағы мәтін; ә) ауызша айтылып орындалатын мәтін; б) ауызша мәтіннің орындалған сәтте қағазға түсірілген я басқа техникалық құралдармен таңбаланған түрі, демек дыбыс жүйесінен таңба жүйесіне ауыстырылып қағазға түсірілген, яғни жазба мәтін», – деп түйеді [12].

Зерттеуші ретінде бізді қызықтыратыны – фольклорлық мәтіннің үшінші мағынасы, яғни жазба мәтін. Жазба мәтін зерттеу нысанына алынғанда оның қай дәуірдің шығармасы екендігі міндетті түрде қарастырылады. Осылай қазақ әдебиетінің фольклоры қазақ тілінің жазба тіліне, тіпті осы күнгі жазба әдеби тіліне қайнар көз болудағы орны ерекше екендігін байқауға болады. Қазақ фольклорының тілі әдеби сипат алған, белгілі бір сөз жұмсау нормаларын қалыптастырған, көркемдік-эстетикалық қуаты күшті тіл екенін зерттеушілер баса көрсетеді.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдар мәтін ұғымын көбіне және ұзақ уақыт фольклор текстологиясына қатысты қарастырып келді. Көркем мәтін мен фольклор мәтіні арасындағы айырмашылықтың күмәнсіздігінен болар, қазақ фольклористикасында 2009 жылы «Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні» атты жинақ жарық көрді. Бұл жинақта «Фольклор мәтінтануының да, көне әдебиет мәтінтануының да, қазіргі әдебиет мәтінтануының да негізгі нысаны – мәтін» деп атап көрсетіліп, мәтін ұғымы, негізінен, текстология тұрғысынан қарастырылады [13, 7], сонымен қатар мәтін термині фольклортануда үш мағынада қолданылатыны нақтыланып, ғылыми айналымда бар дефиниция автор тарапынан толықтырылады: «кез келген мәтін тек сананың ойлау процесінің ғана жемісі емес, сонымен қатар бұған сезім мен эмоцияның да қатысы болатыны даусыз» [14, 25].

Жалпы фольклортануда қазіргі кезде мәтін зерттеуде екі бағыт бары байқалады. Белгілі ғалым С. Бралинаның пікіріне сүйенсек: «Бірінші бағытты, біздің ойымызша, шартты түрде «классикалық» немесе тарихи-типологиялық деп атауға болады. Бұл бағыттың өкілдері фольклор мәтінін «ауыз әдебиеті – сөз өнері»

тұжырымдамасына сәйкес «тар» мағынада түсінеді. Сондықтан олардың түсіндіруінде фольклор мәтіні – халықтың тұрмысында нақты бар, ауызша айтылатын сөзбен берілген (вербалды) мәтін.

... Екінші бағытты құрылымдық-таңбалық (семиотикалық) деп анықтауға болады. Оның өкілдері – фольклор мәтінін текст «кең» мағынада түсінуді жақтаушылар. Информатика және семиотика ғылымдарына сүйене отырып, олар өз анықтамаларында фольклор мәтіні деп белгілі бір құрылымның, кестенің, модельдің (үлгі) жүзеге асырылуын немесе таңбалардың, кодтардың, символдардың, түрлі «тілдердің» жиынтығын атайды.

Осының нәтижесінде зерттеушілер фольклор мәтінінде тек «сөзді» ғана емес, осы «сөздің» тасасында тұрғандарды немесе оны түсіндіріп тұрған нәрсені де көре бастады.

... Басқаша айтқанда, дәстүрлі түсінікте фольклор («сөзді») мәтіні деп түсінілетін нәрсе этнолингвистика тұрғысынан үш таңбалық – салттық (акционалды), заттық (реалды) және сөзді (вербалды) – компоненттен тұратын бір ғана семиотикалық мәтіннің бір тілі, «сөзі», коды деп түсініледі. Мұндай «мәтін» ретінде, мысалы, дәстүрлі қимыл әрекетті (орыстардың рождественолық бал ашуын), онда қолданылатын түрлі заттарды (табақ, орамал, әшекейлік бұйымдар және т.б.), фольклордың (табақ әні – подблюдные песни) орындалуы арқылы көрінетін салтты айтуға болады

Қазақ ауыз әдебиетінде, мысалы, осындай мәтін ретінде бақсының әрекеттерін (далаға шығу, арнайы киім кию, кілемге отыру), пайдаланылған заттарды (қобыз, қамшы) және орындайтын шығармаларды (бақсы өлеңдері, арбаулар және т.б.) айтуға болады» [15, 42-43].

Бұқара халықтың алдында туындаған ауызша мәтін осы жағдайда мүлтіксіз болып көрінуі мүмкін, себебі онда орындалып отырған шығарманың мазмұнына қоса орындаушының дауысы, интонациясы, ым-ишарасы айрықша қызмет атқарып, тыңдаушының түрлі реакциясын тудырады.

Н.И. Толстойдың айтуы бойынша: «К фольклору следует подходить как к определенной системе мировоззрения народных представлений, системе ритуальных функций и текстов, имеющих определенное содержание, установившееся традицией» [16, 35].

Сонымен, «Фольклор мәтіні – синкретті, яғни өнердің түрлі салаларының (сөздің, музыканың, бидің, драмалық әрекеттердің) қосындысы. Фольклор және фольклор емес құбылыстардың ара жігі

ажыратылмаған, рухани мәдениет дамуының архаикалық кезеңдерінде құрамы мен құрылымы жөнінен күрделі сөзді мәтіндер пайда болып, олар қоғамның түрлі – коммуникативтік, танымдық, магиялық, діни, ойын, әлеуметтік – қажеттіліктерін өтеді. Бірте-бірте адам іс-әрекеті қызметі түрлерінің жіктелуі үдерісінде қарапайым мәтіндерде көркемдік қызмет байқала бастады, ал бұл фольклор мәтіндерінің пайда болуына әкелді. Көрініп отырғандай, фольклор мәтінінің синкретизмі, онтологиялық сипатына қарамастан тең дәрежеде басқа мәдени мәтіндерге де тән» [15, 48].

Фольклор мәтінінде бір-біріне қайшылықты сипатта көрінетін екі үдеріс, яғни вариативтілік, өзгермелілік пен дәстүрлілік, тұрақтылық тоғысады.

Лингвистикалық тұрғыда фольклорлық мәтіннің сипаты Т.Н. Садова еңбегінде: «Фольклорлық мәтіннің екі түрлі көрінісі бар: «ауызша мәтін» (жанды, жазылып алынбаған) және «жазбаша мәтін» (тұрақты нұсқа, қайтадан кодталған, хатқа түскен). Фольклорлық мәтін лингвистикасы үшін екеуі де маңызды. Ауызша мәтін шындық болмысты бейнелеуде қолданылатын дәстүрлі формалардың тұрақтылығын көрсетеді, хатқа түсірілгені осы мазмұнды жеткізетін формалардың бір қалыптағы, статикалық күйін, яғни мәтінді білдіреді. Әрбір хатқа түскен мәтін соңғы нұсқа ретінде қабылданбауы қажет, ол – халықтың мәдени танымындағы байырғы мәтіннің жүзеге асуының бір жолы» [17] немесе «Фольклорлық шығарманың екі жақты табиғаты бар: біріншіден, ауызша сөйлеуге жатса да, ұйымдасқан поэтикалық шығарманың қасиеттерін иеленген; екіншіден, жазба мәтіннің көптеген сипаттарын қамтыған, кем дегенде, байласым, тұтасым, аяқталу белгілері бар, алдын-ала дайындалған шығарма» [18], – деген пікірлерінен де айқын көрінеді.

Демек, фольклорлық мәтін – алдын-ала дайындалу нәтижесінде ауызша шығарылған, тақырыбы бар, өзіне тән байласым, тұтасым сипаттарын иеленіп ұйымдасқан, аяқталған сөйлеу туындысы.

3. Фольклор мәтіндерінің ерекшеліктері қазіргі кезде көптеген сала мамандарының назарын аударып отырғаны мәлім. Олардың қатарында фольклортанушы ғалымдарды, фольклорды таңбалық жүйе ретінде қарастырушы семиотиктерді, ауыз әдебиетінің көлемді жанрларының әр нұсқасындағы сюжеттік-композициялық құрылымына назар аударған текстологтерді, эпикалық жырдың түрлі нұсқаларының айырмашылық-ерекшеліктерін орындаушылар-тілдік тұлғаның танымдық базасы, тілдік-мәдени құзіретімен

байланыстырған лингвистерді атауға болады.

Ежелден келе жатқан фольклор мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері ауыз әдебиетінің сан алуан жанрларында кездесетін көнерген сөздер, мәдени артефактілер атаулары, тұрмыс-тіршілік, ұрыс-қаруға қатысты тілдік бірліктер, дәстүрлі көркемдегіш құралдар, діни есімдер мен қилы топонимдер, этнонимдердің әрқайсысында сақталып, қатталған ақпаратқа қатысты қарастырылып келді. Бұл орайда назар аударылмай келе жатқан мәселенің бірі – келтірінді құрылымдар (дәйексөз, цитата қағидатымен енгізілген тілдік қолданыстарды кезінде А. Байтұрсынұлы пайдаланған «келтірінді сөйлемдерге» ұқсатып жұмсап отырмыз). Ал кең көлемде алғанда цитата, цитатты сөз мәтінаралық байланыстардың маркері екені көркем, публицистика, ғылыми мәтіндер негізінде дәлелденген.

Ғылыми айналымға А.Т. Хроленконың еңбектері арқылы енген «лингвофольклористика» термині ауыз әдебиеті шығармаларының тілін кешенді зерттеумен айналысады. Бұл фольклорды ауыз әдебиетінің қатып қалған, еш өзгеріске түспейтін ескерткіштері емес, белгілі бір дәстүрдің нақты көрінісі ретінде қарастырумен тығыз байланысты. Фольклор мәтініне ауызша дәстүр құбылысы ретінде динамика тән, өйткені оның құрылымы қабылдау үдерісі мен қайта туындату барысында белгілі бір дәрежеде өзгеріп отырады, сондықтан фольклор мәтіні үшін бейвербалды амалдар мен экстралингвистикалық факторлар да аса маңызды қызмет атқарады.

Ұзақ уақыт бойы фольклор тілі лингвистиканың жекелеген теориялық тұжырымдарын дәйектеу үшін, түрлі фольклор жанрларының поэтикасын сипаттау үшін қолданылып келді. Фольклор тілінің ерекшеліктерін қарастырған зерттеулер «Лингвофольклортану: Библиографиялық көрсеткіш» жинағында көрсетілген [19].

Біраз уақыт лингвофольклортанумен айналысушы ғалымдар арасында «фольклор мәтіні» және «шығарма» терминдері кейде бір-бірінің орнына қолданылып, кейде олардың айырмашылықтары көрсетіліп, ал енді бірде «нұсқа», «вариант», «версия», «басылым», «жарияланым» сияқты сөздермен аталып отырды. Бұл орайда филологияда қолданылатын «мәтін» термині мен фольклористикада жұмсалатын «фольклор мәтіні» ұғымдарының ара жігін ажырату қажет.

Мәтін лингвистикасы, семиотика, стилистика, коммуникация теориясы, психолингвистика сияқты көптеген ғылым салаларының зерттеу нысаны саналатын және бірқатар тілдер лексикасының өзегін

құрайтын мың сөздің қатарында аталатын «текст» (мәтін) ұғымына берілген анықтамалар саны 300-ден асады. Сонымен қатар аталған күрделі құрылым туралы зерттеулер ол туралы теориялық әрі қолданбалы сипаттағы білімді толықтырып, түсінуге қызмет етті.

Түрлі сөздіктерге кейінде (XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басы) ғана ене бастаған бұл терминнің ғылыми айналымдағы дефинициялардың бірі оның негізгі белгілерін атайтын қысқа, ал кейбірі оның барлық белгілерін қамтитын көлемді болса, келесілері мәтіннің әмбебап және факультативті ерекшеліктерін көрсетеді. Мәтін лингвистикасымен айналысушы ғалымдар ауызша монологтерді, әңгімелерді, диалогтерді де мәтін деп атағанымен, негізінен, И.Р. Гальпериннің анықтамасын басшылыққа алады: «тиянақталған, атаудан және лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстардың түрлі типтерімен біріктірілген ерекше бірліктерден (күрделі синтаксистік тұтастықтан) тұратын, белгілі бір мақсатқа бағытталған және прагматикалық әсерді көздейтін сөйлеу үдерісінің жазбаша құжат түрінде ресімделген туындысы». Өз еңбегінде ол әрі қарай мұнда аталған белгілер тек «дұрыс» мәтіндерге ғана тән екенін көрсетеді: «т.е. соответствие содержания текста его названию (заголовку), завершенность по отношению к названию (заголовку), литературная обработанность, характерная для данного функционального стиля, наличие сверхфразовых единств, объединенных разными, в основном логическими типами связи, наличие целенаправленности и прагматической установки» [20, 25], осы белгілер сақталған жағдайда ғана «мәтіннің идеалды типі» [20, 50] түзіледі деп санайды. Француз зерттеушісі Р.-А. де Богранд мәтінді коммуникативтік жағдай, оқиға (событие) деп түсініп, оған тән когезия, когеренттілік, интенция, қабылданушылық, ақпараттылық, ситуативтілік, интертекстуалдылық сияқты 7 белгіні атайды да, көрсетілген белгілердің бірі жоқ вербалды құрылымды мәтін қатарына жатқызуға болмайды деп есептейді [21]. Ресейлік ғалым Е.С. Кубрякованың айтуынша: «к числу свойств, характеризующих ядерные, прототипические тексты, следует отнести информационную самодостаточность, адресатность, целенаправленность, а также малый объем речевых сообщений, открывающих получателю доступ к новому знанию о мире» [22], себебі шағын көлемді мәтіндер оның даралық, аяқталғандық, функционалдық, байланыстылық сипатын, құрылымдық және семантикалық типін көрсете алады.

Аристотельдің тұжырымы бойынша, әр құбылыстың тек өзіне ғана

тән санаттары болғанмен, бұлар мәтіннің бәрінде әмбебап түрде бола бермейді, себебі олардың бірінде бар санат екіншісінде жоқ болуы мүмкін.

«Проявляя интеллектуальные свойства, высокоорганизованный текст перестает быть лишь посредником в акте коммуникации. Он становится равноправным собеседником, обладающим высокой степенью автономности. И для автора (адресанта), и для читателя (адресата) он может выступать как самостоятельное интеллектуальное образование, играющее активную и независимую роль в диалоге. В этом отношении древняя метафора «беседовать с книгой» оказывается исполненной глубокого смысла» [23, 132].

Лингвистикада мәтін айналадағы болмысты тіл құралдарымен сипаттау тәсілі, коммуникация бірлігі, ақпар беру және сақтау тәсілі, мәдениеттің өмір сүру формасы, жеке тұлғаның психологиялық жай-күйінің бейнесі ретінде бірнеше мағынада және кеңірек түсіндіріледі.

Адамзат баласы өзінің барлық білімі мен тәжірибесін түрлі функционалдық типтегі мәтіндер, ондағы сөз арқылы алып, жинақтап, тарататындықтан, қазіргі кезде «Мәдениет Мәтіні» (Ю. Лотман) және «Өмір Мәтіні» (Р. Барт) ұғымдары бар, яғни мәтін лингвистикалық және семиотикалық тұрғыдан түсіндіріледі. Алайда мәтін тек грамматикалық қана құбылыс емес, ол сөйлеу үдерісінің белгілі бір жағдаятқа байланысты, саналы түрде туындайтын, адресаты бар нәтижесі және қарым-қатынас барысында ол түрлі құралдармен, яғни ауызша сөйлеуде бейвербалды амалдармен (ым-ишара), ал жазбаша коммуникацияда әр алуан паралингвистикалық құралдармен (қаріп түрі, түсі, көлемі, қоюлығы, тыныс белгілері) толықтырылып отырады.

XX ғасыр соңында лингвистердің мәтінді қабылдауында өзгерістер болды, яғни олар мәтіннің мынадай ерекшеліктерін толық мойындады:

- міндетті түрде қарым-қатынастық ахуалға тәуелді;
- дискретті (әдепкідегідей, құрамдас бөлшектері болады);
- континуалды (мәтін өзін құрайтын бөлшектердің қарапайым қосындысына тең);
- синтагматикалық қатынастарға енеді (мысалы, дәрістер топтамасы, шығармалар жинағы, жалғаспалы айдармен берілетін газеттік материалдар);
- парадигматикалық қатынастар (әр басқа мәтін сол бір референтті – шындық болмыстың дүниесін, басқаша айтқанда, тілден тыс дүниені, сипаттауы мүмкін және бұлар шартты түрде бірінің

орнына бірі жүреді) [24, 163].

Ғалымдар мәтіндердің негізгі белгілері ретінде байланыстылықты, тұтастықты, бөлшектенушілікті атайды және оларды қамтамасыз ететін мәтін санаттары ретінде когезия, континуум, бірігу, ретроспекция/проспекция, ақпараттылық, модальділік, интеграция, прогрессия/стагнация, автор образы, көркем уақыт пен кеңістік, астарлы ақпарат (подтекст), реттілікті көрсетеді [20, 7-8].

Мәтін теориясымен айналысушы ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, көркем мәтіннің басқа да белгілері бар екенін айтуға тиіспіз. Олардың қатарына мәтіннің мағыналық-құрылымдық көп қырлылығы, көп қабаттылығы, авторлық интенцияның болуы, мәтіннің оқырмандардың белгілі бір тобына арналуы, мәтіннің мәдени құбылыс ретінде танылуы, мәтіннің өзінен бұрынғы мәтіндермен байланысы сияқты лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктері жатады.

Түрлі функционалдық типтегі мәтіндер арасында көркем мәтін өзіндік мағыналық-құрылымдық ерекше пішінге, бейнелі, әсерлі, астарлы тілге ие, яғни оны жоғарыда атаған «мәтіннің идеалды типі» деп атай аламыз, сол себепті де мәтін теориясымен, лингвистикасымен айналысушылар өз тұжырым-пікірлерін дәйектеу үшін көркем мәтін деректерін пайдаланады.

Көркем мәтін басқалардан мейлінше бөлек пішінімен, тілімен айрықшаланады. Ол тек тіл жүйесінің түрлі деңгейлеріндегі бірліктердің ұйымдасуы негізінде пайда болатын жай ғана күрделі тілдік бірлік емес, өнер туындысы, яғни сөз, сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық ерекше байланыстары, бір-бірін дамытуы, бір-бірімен іліктесе келуі нәтижесінде қалыптағы мағынасынан өзгеше, жаңа мән, әсер тудыратын эстетикалық құрылым. Көркем мәтін жай ғана ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, кумулятивтік құрылым емес, ол сол ерекшеліктері негізінде жаңа мән-мағына тудыратын, мәдени тұрғыда бұрыннан жинақталған білімді жандандыратын, жаңғыртатын және жаңа білім немесе танымды туындататын, қалыптастыратын (генерациялық) қасиетке ие. Сол себептен де жалпы мәтін, оның ішінде көркем мәтін түрлі ғылым салаларында әр қырынан қарастырылуы заңды.

Әрбір көркем мәтін адамзат қоғамында ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан, орныққан мәдениеттің құрамдас бөлігі және оған сол өзі өмір сүріп отырған қоғамның әсері қайтсе де болады, сондай-ақ мәтіннің өзі де қоғам мүшелеріне ықпал ететіні сөзсіз, өйткені кез

келген адам өз білімінің көбін мәтін арқылы жинақтайды. Жалпыадамзаттық қасиеттер мен құндылықтарды уағыздайтын көркем әдебиет ғасырлар бойы адамзат баласының сана-сезімін тәрбиелеп, бағыттап отырғаны да даусыз.

Зерттеуші Ж. Жақыповтың: «Мәтін дегеніміз – автордың ойлау-сөйлеу қарекетінің өнімі ретінде және тәпсірлеуші оқырманның ойлау-сөйлеу қарекетінің материалы ретінде бәінен бұрын ерекше түрде ұсынылған білім – вербалданған білім және аялық білім. Мәтінде көлемдері және күрделіліктері әртүрлі таңбалық бірліктердің жиынтығы желіге реттелген, басқаша айтқанда, ол, тұтастай алғанда, айқын сөздің (членораздельная речь) бөлшектерінен тұратын материалдық түзіліс. Ал осы тұтас материалдық түзілісте материалдық емес бірдеңе, мазмұн (білім, оқиға) болады. Оның үстіне бұл білім вербалды құралдар арқылы көріне бермейді» [25, 310] деген анықтамасының да маңызы зор, себебі ауыз әдебиеті немесе фольклор мәтіндеріндегі интертекстуалды байланыстар осындай сөзбен берілмейтін дәстүрліліктен байқалады.

4. Мәтін лингвистикасында қалыптасқан және жоғарыда келтірілген еңбектердегі көзқарас-пікірлерді саралай келе, фольклорлық шығармаларды хатқа түскен ауызша көркем мәтіннің бір түрі ретінде қарастырамыз. Оған төмендегідей белгілер тән:

1) Фольклорлық мәтін – тілдік бірліктердің жүйелі мағыналық байланысынан тұратын сөйлеу туындысы. Ауызша шығарылған мәтін бола тұра, фольклорлық мәтін – ауызекі сөзбен салыстырғанда, жоғары деңгейде өңделген және жазбаша әдеби мәтіндердің бастау арнасында тұратын, оның шығу негіздерін көрсететін ауызша мәтін түрі. Өйткені кейбір айырмашылықтарды ескермегенде, фольклорлық мәтінді тұтасымға ұйымдастыратын тілдік бірліктер, баяндау қабатының құрылымын түзетін композициялық-сөйлеу формалары жазба мәтіндерге де тән. Бұл сөзімізді С.А. Қасқабасовтың: «Олар классикалық мұраға айналып, жаңа дәуір мәдениетіне негіз болды, оның қайнар көзі әрі ажырамас бөлігі ретінде өмір сүрді (батырлар жыры, ғашықтар жыры, тарихи жыр, ертегілер)» [9, 22] немесе Б. Шалабайдың: «Қазақ прозасының арғы тегі, арнасы, сөз жоқ, көне түркілік, орта ғасырлық жазба ескерткіштерінен, ауыз әдебиеті шығармаларынан бастау алады. Олардағы баяндау үрдісі, автор бейнесі мәселелері қазіргі проза тіліне негіз болуы жағынан өзіне көңіл аударады», – деген пікірлері қуаттайды [26, 62].

2) Тақырыпсыз мәтін жоқ. Тақырып арқылы мәтіннің мағыналық

тұтасымы анықталады, сондықтан әр фольклорлық шығарманың өзіне тән тақырыбы болады. Мәселен, батырлар жырында тақырып нақты батырдың атымен байланысты қойылып, эпостық мәтінде айтылатын мазмұнның жиынтығы көрініс табады. Мысалы: «*Орақ – Мамай*», «*Тарғын*», «*Едіге батыр*», «*Қарасай – Қази*». Тақырыпта қай батыр туралы айтылса, жыр мазмұны сол батырдың басынан кешкен оқиғалары төңірегінде өрбиді, мәтін бастан-аяқ осы тақырыпқа байлаулы болады.

Мәтін тақырыбына байланысты ғалым А. Байтұрсынұлының: «Әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. ... Әңгімедегі пікір не туралы екенін күн ілгері білдіру үшін, шығарманың тақырыбы басынан қойылады. «Айман-Шолпан», «Бақытсыз Жамал», «Қобыланды батыр», «Атымтай жомарт» деген сөздер шығарманың тақырыбы болады. ... Әңгіме басында тұрған «Айман-Шолпан» яки «Бақытсыз Жамал» деген сөздерді көріп, кім туралы екенін бірден білеміз», – деген ойлары тақырыптың мәтін мазмұнын айқындауға қажетті құрылымдық бірлік екенін дәлелдейді [27, 344].

3) Фольклорлық мәтінге аяқталу белгісі тән. Аяқталу белгісі мәтіннің түпкі мақсатына жеткенін, ақпараттың, ойдың т.б. қорытындысы шығарылып, шешімінің болуын, жалпы логиканың тамамдалуын білдіреді. Фольклорлық шығармалардың көпшілігі негізгі кейіпкердің мақсат-мұратына жетіп, жеңіспен, еліне қалыңдығымен бірге аман-есен оралып, ұлан-асыр той жасап, ұзақ бақытты ғұмыр кешуімен немесе өле-өлгенінше өз алдына хандық құрып, барша мұратына жетуімен аяқталады. Аяқталу – бүтінге тән сипат, сол себепті фольклорлық мәтіндерді бас-аяғы бар тұтас бір құрылым ретінде танып қабылдаймыз.

4) Фольклорлық мәтін байласым сипатын иеленген, өйткені мәтін бірліктерінің арасында мағыналық та, тұлғалық та байланыс лексика-грамматикалық, логика-семантикалық деңгейде жүзеге асады. Сөйлемдердің бірі-бірімен тізбектеле не жарыса байланысуы мәтінді «көлденеңінен» ұйымдастыруға қатысады.

Мәтіннің кейбір бөліктерінде байласымның әлсіздеу екені байқалады. Оны кездейсоқтық деп есептемейміз, себебі бұл – мәтіндердің халықтың ауызша шығармашылығымен, ауызекі сөйлеуімен генетикалық байланысын айғақтайды. Ауызша сөйлеуге қатысты туындаған мұндай ерекшелік фольклорлық мәтінді біртұтас туынды ретінде қабылдауға кедергісін келтірмейді. Бұдан

фольклорлық мәтіннің тұтасым белгісі шығады.

5) Фольклорлық мәтінге тұтасым тән. Мәселен, батырлар жырын, ертегілерді т.б. оқығанда, әрбір мәтінде баяндалған бас қаһарманға қатысты ақпаратты ала аламыз. Бұл белгісі мәтінді біртұтас дүние ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Тұтасым мәтінді ұғынып, мағынасын түсінгенде ғана пайда болады. Егер мәтін ұғынылатын тиянақты нәрсе ретінде қабылданса, тұтасым қасиетін иеленген болып есептеледі (А.А. Леонтьев).

6) Фольклорлық мәтінде белгілі бір кейіпкерлердің басынан кешкені туралы ақпарат жинақталып, мазмұндық-фактологиялық, мазмұндық-астарлы (қосалқы), мазмұндық-концептуалды (түпкі) хабар түрлері беріледі.

7) Фольклорлық мәтіннің алдыңғы және кейінгі бөліктері кеңістік, шақ өрімінде бір-бірімен байланыса дамып, континуум, ретроспекция, проспекция категорияларын иеленеді. Субъективті (ұжымдық сипаттағы), объективті модальділік көрініс табады.

8) Фольклорлық мәтін көлемдік-прагматикалық (күрделі фразалық тұтасым, шумақ, абзац) және контекстік-вариативтік (автор, кейіпкер сөзі) жағынан бөлшектене алады. Мәтін мазмұны композициялық-сөйлеу формалары – әңгімелеу, сипаттау, пайымдаудың түрлі комбинацияда жұмсалуы арқылы түзіледі. Бұл сөйлеу формалары жырлардың, ертегілердің «тігінен» ұйымдасуына қатысады.

Демек, халық ауыз әдебиетінің мол қазынасы – байласым, тұтасым сипаттары бар хатқа түсірілген ауызша фольклорлық мәтін түрі. Фольклорлық мәтін – коммуникация кезінде бас қаһарманның басынан кешкендері туралы ақпаратты жеткізетін аяқталған тұтасым.

***Пайдаланылған әдебиеттер**:*

1. Жақыпов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануы бастауында (Академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) // С.А.Қасқабасовтың 75 жасқа толуына арналған Халықаралық фольклортанушылар конгресінің материалдары. – Астана, 2015. – Б. 22–28.

2. Қазақ лингвофольклортануының бүгіні мен болашағы // Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Жалпы ред. басқарған Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ баспасы, 2016. – 340 б.

3. Бралина С.Ж. Проблемы теоретической фольклористики // Е.А. Бөкетовтің 90 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 2-том. – Қарағанды, 2015. – Б. 380–385.

4. Агеева Р.А. Пространственные обозначения и топонимы в заговоре как

типе текста (на восточнославянском материале) // Аспекты общей и частной лингвистической теории текста. – М.: Наука, 1982. – С.132–159.

5. Волоскова С.Е. Севернорусская быличка: структура текста; языковые характеристики жанра: дисс. ... канд. филол. наук. – Санкт-Петербург, 2004. – 266 с.

6. Артеменко Е.Б. Принципы народно-песенного текстообразования. – Воронеж: ВГУ, 1988. – 174 с.

7. Бухарова Г.Х. Башкирский народный эпос "Урал-батыр": когнитивно-дискурсивный и концептуальный анализ: дисс. ... докт. филол. наук. – Уфа, 2009. – 468 с.

8. Мухина Е.А. Духовные стихи, записанные в Карелии (Лингвопоэтический анализ). – Петрозаводск: Издательство ПетрГУ, 2014. – 110 с. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://carelica.petrsu.ru/ Reading_hall

9. Қасқабасов С.А. Бес томдық шығармалар жинағы. IY том: Фольклор иірімдері. – Астана: «Фолиант», 2015. – 231 б.

10. Ыбыраев Ш. Бастау. Қазақ фольклоры туралы зерттеулер. – Алматы. Баспалар үйі, 2009. – 159 б.

11. Путилов Б.Н. Современная фольклористика и проблемы текстологии // «Русская литература». – Москва, 1963. – №4. – С. 110-114.

12. Әзібаева Б.У. Фольклортанудағы мәтін және вариант, версия туралы түсінік // Bulletin KazNU. Filology series. – Алматы, 2012. – № 3 (137). – Б. 14-23.

13. Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану-инновациялық орталығы, 2009. – 283 б.

14. Әзібаева Б. Фольклор мәтінтануының негізгі нысаны – мәтін туралы түсінік // Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану – инновациялық орталығы, 2009. – 288 б.

15. Бралина С. Мәтін – фольклор теориясының ұғымы ретінде // Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану-инновациялық орталығы, 2009. – 288 б.

16. Толстой Н.И. Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – М.: Индрик, 1995. – 509 с.

17. Садова Т.С. Народная примета как текст и проблемы лингвистики фольклорного текста // диссерт. на соиск. докт. филол. наук. – Санкт-Петербург, 2004. – 373 с. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.dissercat.com/content/narodnaya – primeta – kak – tekst

18. Садова Т.С. Запретительная примета: к лингвистике фольклорного текста (на материале полевых записей на Русском Севере) // Рябининские чтения – 2003. Редкол.: Т.Г. Иванова (отв. ред.) и др. Музей – заповедник «Кижи». – Петрозаводск, 2003. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://kizhi.karelia.ru/library/ryabinin – 2003/89.html

19. Лингвофольклортану: Библиографиялық көрсеткіш // Құрастырған, алғы сөзін жазған: Ж.А. Жақыпов. – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, 2016. – 132 б.

20. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 139 с.

21. Beaugrande R. – A. de Introduction to Text Linguistics [Electronic Re – source] / R. – A. de Beaugrande, W.U. Dressler. – hppt://www.beaugrande.com/ introduction_to_text _linguistics. 2002 (1981). – 286 p.

22. Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.

23. Лотман Ю. М. Семиотика культуры и понятие текста // Лотман Ю.М. Избранные статьи. – Таллинн, 1992. – С. 129–132.

24. Человек – текст – культура / Под ред. Н.А. Купиной, Т.В. Матвеевой. – Екатеринбург, 1994. – С. 160-169.

25. Алтайұлы Ж. Мәтін және оны қабылдау // Тіл және мәдениет: антропоөзектік парадигмасы. – Алматы, 2010. – Б. 309–311.

26. Шалабай Б.Ш. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 196 б.

27. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**:*

1. Ауызша көркем сөйлеу мен ауызекі сөйлеудің айырмашылықтары.
2. Фольклорлық шығарманы мәтін ретінде танудың қырлары.
3. Фольклорлық мәтіннің басты белгілері.
4. Фольклорлық мәтіннің жазба мәтіндерден айырым-белгілері.

1-тапсырма. Мәтінге қатысты ғалымдардың тұжырымдарын аударып, талдаңыз.

«Текст как единица коммуникации включен в отношения между говорящими он структурирует деятельность регулирует и планирует отношения между говорящими» (В.П. Белянин)

«Сами по себе языковые знаки проявляются только будучи текстово-связанными, они могут иметь смысл только как связанные единицы, несмотря на то что они образуют тексты и передают содержание текста. Если мы хотим понять, что есть данное слово и как оно соотносится со своим значением, следует обязательно принять во внимание, что слово в реальном общении включены в предложения, в тексты и в ситуации. При этом семантика слов в тексте может значительно отличаться от семантики изолированных слов, поскольку в тексте слово получает свое основное значение и осмысление» (В.П. Белянин).

«Фольклорный текст – это текст устный, т.е. произносимый исполнителем и воспринимаемый на слух; литературный – зафиксированный, читаемый и воспринимаемый в процессе чтения» (К.В. Чистов).

«Текст – идеальная высшая коммуникативная единица, тяготеющая к смысловой замкнутости и законченности, конституирующим признаком которой ... является связность, проявляющаяся каждый раз в других параметрах, на разных уровнях текста и в разной совокупности чистых связей» (К. Кожевникова).

«Фольклорный текст – это устойчивая комбинация элементов традиции, которая осуществляется в каждом акте исполнения» (С.Ю. Неклюдов).

«Повторяющиеся элементы варьируют по структуре и составу внутри одного текста, от исполнителя к исполнителю, от традиции к традиции. При повторной записи обычно несколько меняется объем текста, его лексический и фразеологический состав, иногда – последовательность его конструктивных элементов. Подвижные части произведения в различных вариантах замещают друг-друга, выступая как равнозначные, но эти расхождения квалифицируется исполнителем как «одно и то же», т.е. не выходящее за пределы разработки темы...» (С.Ю. Неклюдов).

2-тапсырма. Фольклорлық мәтінге анықтама беріңіз.

Фольклорлық мәтін дегеніміз – ... .

3-тапсырма. Фольклорлық мәтін мен жазба көркем мәтіннің белгілерін кестеде көрсетіңіз.

Белгілері	**Фольклорлық мәтін**	**Көркем мәтін**
Тақырыбының болуы	+	+

4-тапсырма. Фольклорлық мәтіннің ұжымдық сипатын нақты мысалдармен дәлелдеңіз.

5-тапсырма. Берілген мәтінге тақырып қойып, оны «Бабалар сөзінің» 73-томына енген осы ертегі атауымен салыстырыңыз. Тақырып пен ертегі мазмұнының байланысын талдаңыз.

Қой, сиыр, жылқы, түйе төртеуі бір күні жайылып отырып кеңеседі. «Қайсымыз қандай жерге, қандай кісіге бітсек, жақсы болар еді?» – деген сөзді айтысады-мыс.

Сонда сиыр айтыпты: «Қалың қорық – нуға бітем, қоры үзілген қуға бітем».

Қой: «Күнгейлі қаратасқа бітем, жүн жеп, жабағы тышқан насқа бітем».

Жылқы: «Бетегелі белге бітем, найза ұстаған ерге бітем».

Түйе: «Жалмаң құлақты сорға бітем, ел ішіндегі зорға бітем».

(БС, 73-том)

***БӨЖ тапсырмасы**:*

1. Қазақ лингвофольклортануына қатысты ғылыми еңбектерге талдау жасау (1-тақырыпқа қатысты әдебиеттерді негізге алу).

2. Бір тақырыпқа мультимедиялық презентация дайындау, қорғау (таңдау бойынша):

- ✓ Лингвофольклортану мен мәтін лингвистикасының шектес мәселелері.
- ✓ Фольклорлық мәтін лингвистикасының зерттелуі жайынан.
- ✓ Фольклорлық мәтін және этникалық таным-түсінік.
- ✓ Фольклорлық мәтін синкреттілігі.

2 ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МӘТІНДЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИПАТТАРЫ

***Талқылауға арналған сұрақтар**:*

1. Мәтіндегі болмыстың бейнелену тәсілдері.
2. Фольклорлық мәтіндегі әңгімелеу.
3. Фольклорлық мәтіндегі сипаттау.
4. Фольклорлық мәтіндегі пайымдау.
5. Фольклорлық мәтінде әңгімелеу, сипаттау, пайымдаудың араласа қолданылуы.

1. Мәтіндегі болмысты бейнелеу түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Қазақ тіл білімінде композициялық-сөйлеу формаларының теориялық-әдіснамалық негізі А. Байтұрсынұлы еңбегінде қаланып, Р. Сыздық, М. Серғалиев, Б. Шалабай, Г. Смағұлова, Ж. Жақыпов, Г. Әзімжанова, М. Ахметова, Г. Журсиналина, М. Маретбаева т.б. зерттеулерінде түрлі деңгейде әр қырынан сипатталды. Бұл еңбектерде, негізінен, жазба көркем

шығарма мәтіндері талданды. Ал орыс филологиясында бұл формалар мәтіннің логикалық және сөйлеу универсалиялары ретінде жан-жақты айқындалған. Мәтіннің құрылымдық бірліктеріне М.П. Брандес, О.И.Москальская, А.Ф. Зиновьева, З.Я. Тураева, А.И. Домашнев, И.П. Шишкина, Е.А. Гончарова терминологиясындағы композициялық-сөйлеу формалары жатады. Бұл сөйлеу формаларын И.Р. Гальперин контекстік-вариативтік мүшелер, О.А. Нечаева функционалды-мағыналық сөйлеудің түрлері, В.В. Одинцов монологтік сөйлеудің логикалық тұтастықтары, Г.А. Золотова сөйлеудің қатысымдық түрлері немесе қатысымдық регистрлер, Е.А. Иванчикова композициялық-синтаксистік түрлер деп атайды. Аталған еңбектердегі ғылыми тұжырымдар негізінде орыс тіл білімінде композициялық-сөйлеу формаларының теориясы қалыптасып, біршама мәселелер шешімін тапты.

Мәтіндегі композициялық-сөйлеу формалары туралы А. Байтұрсынұлы пікіріне келер болсақ, ғалым: “Шығарманың мазмұнында байқалатын негіздік түрлер үшеу: 1. Әуезе. 2. Әліптеу. 3. Пайымдау. Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, не ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз. Я тұлға, тұрпатын, кескінін, көркін айтып, пернесін әліптеп сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы, жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, пайымдап сөйлейміз. Осыған қарай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не пайымдама болып шығады”, – деп түйіндейді [1, 347]. Ғалымның негіздік деп отырғаны – мәтіннің композициясы, өйткені мәтіннің негізгі арқауы, қаңқасы – оның композициясы.

Б. Шалабай композициялық-сөйлеу формалары туралы былай дейді: «Шығарманың композициялық құрылымын жарақтандыруда тілдік қолданыста әлдеқашан қалыптасқан форма-қалыптар пайдаланылады. Ондай тілдік форма-қалыптарға хабарлау, суреттеу, пайымдау (ойталқы) және диалог жатады. Осы формалар арқылы ойлау процесі жүзеге асады әрі осылар арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас іске асады. Олар ойлау процесінің құрылымын, жеке ойлар мен олардың ішкі элементтерінің бір-бірімен байланысу типін, әдісін бейнелейтін өте жалпылама формалар болып табылады» [2, 125]. Олай болса, адам ой-санасының дамып жетілуімен байланысты «әлдеқашан қалыптасқан форма-қалыптардың» фольклор мәтінінің композициясын түзуі – заңдылық.

Мәтіндегі композициялық-сөйлеу формаларына қатысты Л.Г. Бабенко мынадай пікір айтады: «Бүтін мәтінде бір сызық бойымен, көлденеңінен орналасқан автор мен кейіпкер сөзі белгілі бір танымды, ұстанымды білдіріп, сөйлеу бөліктерін түзеді. Осы сөйлеу бөліктерін анықтау үшін мәтінді көлденеңінен бөлшектеп әрқайсысына тән контексті айқындау қажет. Көлденең контекстер, яғни сөйлеу бөліктері мәтіннің тігінен орналасқан құрылымына еніп, көптеген көзқарастарды бейнелейді. Олар мәтінде түрлі композициялық-сөйлеу формалары арқылы көрінеді» [3, 267].

Мәтіннің қай түрі болмасын оның баяндау қабаты композициялық-сөйлеу формаларының бір-бірімен көлденеңінен және тігінен өзара мағыналық, тұлғалық байланысы, мәтін бөліктерінің ұласымы, тұтасымы арқылы ұйымдасады. Мәтіннің логикалық құрылымы оның композициясы арқылы өріледі. «Мәтіннің функционалдық-стильдік ерекшелігі мен оның композициялық-сөйлеу формалары бір-біріне тәуелді болады. Себебі композициялық-сөйлеу формаларын таңдау автордың коммуникативтік-прагматикалық ұстанымынан туындайды, ол әрбір функционалды стильдің негізінде жатқан коммуникация аясына тікелей бағынышты» [4, 57]. Фольклорлық мәтін де осы заңдылыққа бағынып, баяндаушы-жыршы (авторлар ұжымы) коммуникативтік актіге қатысатын субъектілердің ерекшелігін, баяндаудың ауызша сөйлеумен байланыстылығын ескеріп, жырлардың, ертегілердің баяндау қабатындағы композициялық-сөйлеу формаларын қарым-қатынас аясының ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырады.

Фольклорлық мәтіннің композициялық-құрылымдық бөліктерін зерттеу арқылы шығарманың тұтасымға ұйымдасу ерекшелігін түсінуге, оның құрылымын айқындауға мүмкіндік туады. Осы тақырып аясында фольклорлық мәтінге мысал ретінде батырлар жыры алынып талданды.

2. Эпостық мәтіннің сюжеттік негізінде бағзы замандардағы аңыз-әңгімелер, батырлық әрекеттер, қазақ халқының өмірі мен тарихы жатыр. Эпикалық сюжетті батырлар жырындағы түрлі оқиғалар дамытады. Мәселен, «*Алпамыс батыр*» жырында Байбөрі мен Байсарының бір перзентке зар болуы, батырдың таңғажайып күйде дүниеге келуі, құдасына ренжіген байдың басқа елге көшуі, Тайша хан мен Қаражанның Баршынды атастыруы, Алпамыстың қалыңдығының артынан іздеп баруы, Баршынға қол жеткізу үшін бірнеше сайысқа түсуі, батырлардың жекпе-жегі, тұлпарлардың бәйгеге түсуі, басты

кейіпкердің ешкімнен жеңіліс таппауы, мақсат-мұратына жетіп, еліне оралып, той жасауы, қалыңдығымен ұзақ та бақытты ғұмыр кешуі мәтінді ұйымдастыруға қажетті сюжеттер болып саналады.

Эпостық мәтіндердегі мазмұн бастан-аяқ бірі-екіншісінен туындайтын, алдыңғысы кейінгісімен байланысып жататын оқиғалардың жүзеге асуымен дамып, өрбіп отырады. Мәтінде сан қилы әрекеттер, ширыққан түрлі оқиғалар орын алады. Осы ерекшелік батырлар жырының баяндау қабатының, негізінен, әңгімелеу формасында түзілуіне ықпал етеді. Тұтас мәтіннің не сипаттау, не пайымдау арқылы ұйымдасуы мүлде кездеспейді, ол эпостық мәтіннің жанрлық сипатымен, ауызша баяндалатын еркшелігімен тығыз байланысты. Жырды бірыңғай сипаттауға, не бірыңғай пайымдауға құру тыңдаушыны зеріктіріп, баяндаушы-жыршы мен қабылдаушының арасындағы коммуникацияны әлсіретеді. Сипаттау мен пайымдаудың мазмұндық құрылымын шектелген кеңістік пен шектелген мезгілдік өрім құрайды. Бұл композициялық-сөйлеу формалары арқылы сюжеттің дамуы жүзеге аспайды. Сол себепті батырлар жырының негізгі композициялық құрылымын сөйлеу формасы – әңгімелеу түзеді. «Әңгімелеудің формалық, құрылымдық мазмұнын оқиғалардың мезгілдік ізбе-ізділігі, құбылыстардың бірін-бірі ауыстыруы құрайды. Әңгімелеу формасының заттық мазмұны шексіз кеңістікті, шексіз мезгілдік мерзімді алып жатады» [2, 126].

Авторы бар жазба көркем мәтіндермен салыстырғанда, мәтіннің проспекциялық қызметінде әңгімелеудің жұмсалуы – эпостық мәтінге тән басты ерекшеліктің бірі. Өйткені көлемдік-прагматикалық бөліктері композициялық-сөйлеу формасы сипаттаумен басталатын батырлар жыры кездеспейді. Ал авторы бар жазбаша мәтіндердің көлемдік-прагматикалық бөліктерінің басында мезгіл, уақыт, кеңістік, кейіпкер сипаттау нысаны ретінде алынып суреттеледі.

Батырлар жырының әңгімелеумен басталуы эпостық мәтіннің баяндау тәсіліндегі ортақтықты көрсетеді. Проспекциялық қызметте әңгімелеудің жұмсалуы оқиғаның одан әрі тез өрбіп дамуына септігін тигізеді. Адресат бірден мәтін мазмұнының динамикалық сипатын сезініп, басқа да оқиғалардың жүзеге асуын күтіп отырады. И.Р. Гальперин сөзімен айтсақ: “Проспекция оқырманның назарын бағыттап, мәтіннің кейінгі дамуында не баяндалатынын алдын-ала білдіру үшін оның шығармашылық қабілетін жұмылдырады” [5, 112].

Батырлар жырының бастауындағы әңгімелеу формасы кейіпкердің өзіне *тікелей* немесе *жанама* қатысы бар оқиғалардың

баяндалуымен байланысты екі түрлі қызметті атқарады:

1) Мәтін басындағы әңгімелеу эпостық мәтін тақырыбына арқау болған басты кейіпкердің іс-әрекетімен байланысты, бірінен кейін екіншісі жүзеге асқан ақпаратты қамтиды. Баяндалатын оқиғаға басты кейіпкердің тікелей қатысы болады.

Мысалы: *Баяғыда Тарғын деген бір батыр болыпты. Өз елінде кісі өлтіріп, айыпты болып, жазадан қорқып, қашып Қырым жұртына келіпті. ... Тарғын Ақшахан елінде тұрды. Ол мұнда тұрғанына көп мезгіл өтеді. Жұрт оның батыр екенін білмепті* (БС, 44-т., 40-б.)

Мәтіндегі лексика-грамматикалық бірліктер мәтінде қолданылып, тұлға – мағына – қызмет үштігінің тығыз байланысын көрсетеді. Нәтижесінде тілдік амал-тәсілдердің композициялық-сөйлеу формаларын түзуге қатысын, мәтінтүзімдік қызметін айқынд ауға болады. Әңгімелеу мәтінінің мазмұнын беруде етістіктің негізгі қызметке ие екенін ескерсек, берілген мәтін бөлігінде етістіктің өткен шақ тұлғасы арқылы Тарғын деген батырдың болғаны және оның Ақшахан еліне келгенге дейін бастан кешкендері баяндалады. Әңгімелеудегі *болыпты, өлтіріп, айыпты болып, қорқып, қашып, келіпті, тұрды* өткен шақ тұлғалы етістіктері мәтіндегі оқиғаның даму тізбегін құруға қатысады. *Білмепті* болымсыздық етістігі жаңа бір композициялық фрагменттің басталатынынан хабар береді. Себебі мәтіннің кейінгі бөлігінде Тарғынның батырлығын жұртқа танытатындай оқиға орын алады. Әңгімелеуде кездесетін *өз елі, Қырым жұрты, Ақшахан елі* тіркестеріндегі өздік есімдігі, топонимдік, антропонимдік атаулар елді-мекендерді нақтылап, мәтінде оқиға орын алатын кеңістікті түзуге қатысады.

2) Батырлар жырының басқы бөлігіндегі әңгімелеу формасы оқиғаларды тізбектеп, санамалай отырып, мәтінге тақырып өзегі болатын батыр-қаһарманды біртіндеп енгізеді. Жыр басты кейіпкердің өзін емес, әке-шешесін, оның дәулетін, перзент сүю жолындағы іс-әрекеттерін, отбасындағы жағдайларды немесе болашақта оқиғаға тікелей араласатын, батыр өмір сүрген ортадағы басқа да кейіпкерлердің болмысын, іс-әрекетін әңгімелеумен басталады. Жинақтай айтқанда, басты кейіпкердің төңірегіндегі адамдар баяндалады. Оған мысал ретінде «Қобыланды батыр» жырының басталуын келтіруге болады: *Қыдырбай деген бай болыпты. Төрт түлігі сай, байлығы жұрттан асқан екен дейді. Қыдырбай қыдырғанда он екі атты пар жегіп, он екі аттың ішіне желмая деген*

нар жегіп, әйелі Ақзарбапты қасына алып тойға барады екен. (БС, 35-т., 214-б.).

Мәтіндегі осындай бөліктер жырдың ауызша айтылатынымен ерекшеленіп, сөйлемдердің бірінің екіншісінен кейін бейнелі-поэтикалық ассоциативті принциппен түзілуіне ықпал етеді. Адам аттарының (*Қыдырбай, Ақзарбап*) мәтіннің басында жұмсалуы олардың мәтіннің кейінгі бөлігінде айтылатын мазмұнға, басты кейіпкерге қандай да бір қатысы болатынынан хабар береді.

Немесе «Алпамыс батыр» жыры «*Бұрынғы өткен заманда, Жиделі Байсын деген елде атақты Байбөрі, Байсары деген екі бай бар екен. Төрт түлігі сай, байлығында міні жоқ, бірақ екеуі де бір баланың дертінен қайғы жеп, есіктен төрге қарауға күні жоқ еді»* (БС, 38-т., 9-б.)деген сөйлемдермен басталып, кейін баяндалатын мазмұнның дамуына ықпал етеді. Мәтіннің бастауында оқиға өрбитін кеңістік-мекен (*Жиделі Байсын*), мезгіл (*бұрынғы өткен заманда*), кейіпкер аттары аталып (*Байбөрі, Байсары*), олардың қандай болғандығы (*атақты, бай, төрт түлігі сай, байлығында міні жоқ, бір баланың дертінен қайғы жеп, есіктен төрге қарауға күні жоқ*) сипатталады. Өткен шақ тұлғасы арқылы берілген *екен, еді* көмекші етістіктері оқиғаның өрбуін емес, сөйлемдегі басқа тілдік бірліктермен лексика-грамматикалық жағынан байланыса келе, жырда баяндалатын кейіпкерлердің кеңістіктегі орнынан, болмысынан, оларға тән кейбір ерекшеліктерден хабар береді. Бұл бөлік – сипаттау элементтері бар әңгімелеу. Мәтін басынан енгізілген оқиға өтетін жер – Жиделі Байсын халық танымында құтты мекенді, жерұйықты білдіреді және көптеген фольклорлық шығармаларда қолданылады. Бұл «Самарқаннан оңтүстікке және Бұхарадан оңтүстік-батысқа қарай Гиссар жотасының оңтүстік-батыс шеті. XYI ғасырда Мұхаммед Шәйбани бастаған Дешті Қыпшақтың көшпелі түркі рулары Орта Азия жерін басып алғанда Жиделі Байсын қазақ, қарақалпақ халықтарының үлесіне тиген. Тарихи жағдайларға байланысты бұл өлке уақыт өте аңызға, қазақ халқының аңсарлы мекені – Жерұйықтың үлгісіне айналды» [6, 307].

Жыр құрылымында әңгімелеу формасы кейіпкерлердің кеңістіктегі қозғалысы арқылы шектелмеген мезгілдік өрімде бірі-екіншісінен өрбіп, дамып, шиеленісіп отыратын оқиғаларды баяндауға қатысып, эпостық мәтінде негізгі композициялық-сөйлеу формасын қалыптастырады.

Мысалы: *Ұйықтап қалғанын қалмақтар <u>көріп</u>, бастығы Досмұхаммет – Қаражанның ұлы атасының жанына <u>келді, келсе</u>*

кәдімгі ұйқысына кеткен. Жылдам төрт жүз тоқсан қалмақты шақырып алып келіп, өзінің туған әкесі Қаражанның екі қолын арқасына қайырып байлап, әбден шешілмейтін қылып қатты байлап тастады. Бұны байлап болғаннан соң, төрт жүз тоқсан қалмақпенен Байшұбар аттың қасына келді. Төрт жүз тоқсан қалмақ жабылып, әр қайсысы әр жерінен ұстап, сол жерде Байшұбарды жерге көтеріп ұрды, сексеуілдің жігерін алып келіп төрт жерден қағып, Байшұбар аттың төрт аяғын төрт қазыққа тас қылып байлап, қалмақтар уақыты болып аттарына мініп, барлығы қатар тұрып, атсейіс төреден рұқсат алып бәрі жарысып кетті. Сол кеткеннен кетіп арадан үш күн өтті (БС, 33-т., 32-б.).

Етістіктің жедел, бұрынғы өткен шақ грамматикалық формалары (*келді, көтеріп ұрды, көріп, шақырып алып келіп* т.б.) мәтінде қайталана жұмсалып, осы сөйлеу формасының тілдік ұйымдасуында негізгі қызметті иеленіп, мәтінге динамика үстейді, баяндаудың қарқынды жүзеге асуына ықпал етеді. Қалмақтардың Қаражанның ұйықтап қалғанын көруі, баласының оның жанына келуі, қалмақтарды шақыруы, әкесін байлап тастауы, кейін аттың қасына келіп, жабылып ұстап, көтеріп ұрып, байлап, одан аттарына мініп, жарысып кетуі, содан кейін үш күннің өтуі – осы әңгімелеу мәтініндегі оқиғалар тізбегін көрсетеді. Нәтижесінде жырдағы сюжетті дамытуға қатысады.

Эпостық мәтін құрылымында композициялық-сөйлеу формасы – әңгімелеудің бірнеше жолға, шумаққа созылып кететін тұстары кездеседі. Мысалы:

Қаражандай достымен
Баршын үйге барады,
Қолына оттар алады.
Төрт қозының құйрығын
Қаражан атты достының
Арқасына салады. ...
Бәйгеден келген Шұбарды
Он бес күн Баршын суытты,
Он бес күн Қаражан суытты,
Он күн Алпамыс суытты.
Бәйгеден келген Шұбарды
Қырық кеш, қырық күн кездірді,
Баршынды қалмақтан бездірді,
Ат тұяғын тоздырды (БС, 33-т., 41-42-б.).

Жырдың мұндай бөліктерінде баяндаушы-жыршы іргелес

орналасқан бір сөйлеу формасын етістіктің әртүрлі шақ тұлғасымен береді. Жыршы әңгімелеудің алдыңғы бөлігінде оқиғаның айтылып жатқан уақытта орындалғанын көрсететіндей етістіктің ауыспалы осы шақ (*барады*, *алады, салады, жүгіріп кетіп барады, суырып алады, орап тастады*), жіктік жалғаудың 3-жақ *-ды* тұлғасында баяндаса, мәтіннің кейінгі бөлігін етістіктің өзгелік етіс, өткен шақ грамматикалық формаларымен (*суытты, кездірді, бездірді, тоздырды*) түрлендіріп береді. Адресант осы тәсіл арқылы қабылдаушының прагматикалық ұстанымын ескеріп, адресаттың ақпаратты жалықпай, жеңіл қабылдап түсінуіне қол жеткізеді. Орындау кезімен сәйкес сол уақыт пен кеңістікте жыршы мен тыңдаушы жыр оқиғасына белсенді түрде араласып, мәтіндегі ақпаратты өз басынан кешкендей сезінуіне ықпал етеді.Шақ формаларын түрлендіре қолдану эпикалық баяндауды жандандырады,оны бір сарындылықтан арылтады, драмалық элементтік сипат береді.

Эпостық мәтіндегі бұл қолданыс коммуникацияның толық орындалуына, яғни автор мен қабылдаушының арасында қарым-қатынастың жүзеге асуына белгілі бір септігін тигізеді. Мәтін бөлігіндегі бір сөйлеу формасының (көбінесе әңгімелеудің) әр түрлі грамматикалық формалар арқылы ұйымдасуы мәтіндегі толқын тәріздес ақпараттың берілуін қамтамасыз етеді. Ғалым Р.Сыздықтың: «Біздің байқауымызша, ашық райдағы етістік ұйқастар эпостық жырларда жиі қолданылады. Бұларда белгілі бір оқиға, іс-әрекет баяндалады, демек, баяндау стилі басым болады» [7, 382], – деген пікірін талдауымызбен сабақтастырсақ, етістіктің шақ категориясын эпостық мәтінді тұтасымға біріктіруде белсенді жұмсалатын тілдік бірлік ретінде анықтауымызға болады.

Эпостық мәтін құрылымында әңгімелеу әрі проза, әрі поэзия түрінде келіп, іргелесе, қатарласа қолданылады. Мысалы: *“Әуелі өздерінен болсын” деп ойланып тұр еді, сонда патшаның баяғы бас уәзірі Көкеман қасқа патшадан рұқсатсыз Алпамыс батырға мылтық атты. Бұл атқан оғы ажалы жетпеген батырға тимей кетті.*

Қылышын суырып алады
Сансыз тұрған қалмаққа.
Шұбарға қамшы салады,
Көп қалмақтың басын алады (БС, 33-т., 44-б.).

Проза түріндегі әңгімелеуде Көкеманның іс-әрекеті айтылса, поэзия үлгісімен ұйымдасқан мәтін бөлігі Алпамыстың қалмақтарға

шабуылдаған кезін баяндайды. Әрбір мағыналық тұтасымдағы мазмұнның дербестігі субъектілердің түрлілігімен (*Көкеман, Алпамыс*), етістіктің тұлғалық өзгеріске ұшырауымен (*атты, тимей кетті* – өткен шақ; *суырып алады, салады, алады* – осы шақ), паралингвистикалық жағынан арасына жол тастап ұласуымен ерекшеленеді. Жыршы екі кейіпкерге қатысты әрекетті бір сөйлеу формасымен, грамматикалық тұлғаларды түрлендіре отырып жеткізеді. Бұл қолданыс жырдағы ширыққан оқиғалардың бірінен екіншісіне тез ауысуын көрсетеді.

«Орақ билән пенен Мамай батырдың хикаясы» атты жырда қара сөзбен баяндалған мәтін бөлігіндегі мазмұнның өлең жолдарында өзгеріссіз қайталанып берілгені бір сөйлеу формасы әңгімелеудің екі түрлі тәсілмен жеткізілгеніне мысал бола алады. Мысалы: *Қалмақтың ханы Темірханның құлағына түсті Орақтың өлгені. «Орақ өлді, Мамай сексен төртке келді. Қарасай, Қази жетім қалды», – деп қалмақтың ханы Темірханның құлағына түсті де, Темірханның бар екен бір шабары. Аты Ханбике екен. Темірхан Ханбикені шақырып алады. … Қырық кісі менен Ханбике шабары Мамайға жөнелген жері.*

Қалмақтың ханы Темірхан
Ханбике келді қасына:
– Ханбикедей жолдасым, ...
Ноғайда жатқан қаным бар,
Ала алмай жүрген арым бар.
...
Хан айтқан соң амал жоқ,
Бармайтұғын заман жоқ.
Қырық нөкері қасында,
Алып бір жүйрік атқа мінеді.
Сұлу киім киеді,
Өткір қару алады.
Алжыған қақбас Мамайға
Хабар бере жөнелді (БС, 40-т., 5-6-б.).

Батырлар жырында бір композициялық-сөйлеу формасының екі түрлі жанр үлгісінде жұмсалуы кездеседі. Себебі жырды айтушы тыңдарманына (мәтінді қабылдаушыға) қалай әсер етудің жолдарын ойластырып, мәтіннің қабылданып, интерпретациялануын толық жүзеге асыру мақсатында, жырды баяндау кезінде прозадан поэзияға, өлең шумақтарынан қарасөзге ауысып отырады. Мұндай жұмсалым –

автор немесе кейіпкер сөзін берудегі айтушы-жыршының прагматикалық мақсатынан туындаған уәжді қолданыс. Бұл ретте эпостық мәтіннің толыққанды қабылдануы үшін айтушы-жыршымен қатар тыңдаушының да ерекше қызмет атқарып, қабылдаудың ұжымдық сипатқа ие екенін ескерген жөн. Ғалым М. Венгранович: «восприятия фольклорного текста мотивирована коллективным характером фольклорного творчества – это коллективный характер восприятия и обусловленная этим активность восприятия. ... В данной ситуации исполнитель может менять (корректировать) содержание и структуру текста и внетекстовых элементов в зависимости от поведения (реакции) слушателей в ходе исполнения. Соответственно, результатом непосредственной «обратной связи» в условиях фольклорной коммуникации является то, что текст и исполнитель становятся саморегулирующейся системой. В этом случае активность восприятия фольклорного произведения проявляется (в отличие от аналогичного процесса в художественной коммуникации) в непосредственном соучастии в творческом процессе слушателей-зрителей, которые выступают не просто как потребители стабильного текста, а как соавторы, отбирающие, дающие ему жизнь, осмысляющие и затем воспроизводящие новый вариант текста в следующем акте фольклорной коммуникации» [8].

Әңгімелеу формасы эпостық мәтінді аяқтап ретроспективті қызметте де ерекше қолданылады. Батырлар жырының соңғы бөлігіндегі әңгімелеу формасы басты кейіпкердің істеген істерін қорытындылай баяндайды, кейбір жырларда олардан тараған үрім-бұтақтары туралы қысқаша ақпарат беріледі. Бұл бөліктерде оқиға таратылып айтылмайды, қысқа қайырылып, мәтіндегі ой аяқталады. Батырлар жырындағы әңгімелеу тұтас шығарманың соңында жұмсалып, алдыңғы баяндалып өткеноқиғалардың қорытуы ретінде қолданылады. Мысалы:

Атасының тапсырған,
Үш арманын біткеріп,
Орақ батыр ұлдары,
Қарасай-Қази қос батыр,
Дүниеден сөйтіп өтеді (БС, 42-т., 222-б.).
Екі ханның еліне
Едіге батыр атанып,
Тапты батыр мұратты.
Осы сөздің аяғы,

Осыменен тамамды (БС, 39-т., 91-б.).

Сол елге Тарғынның өзі хан болды және батыр болды. Сүйтіп жүргенде Тарғынның өзі қартайды, ажал келіп дүниеден көшті. Бұ Ақжүністен бір Ардаби деген Ұлтуды, бұ да бек ер болды, бек асыл би болды, бұ Ардадан екі бала туды. Үлкені Әжікерей мырза. Әжікерей мырза жиырма жасында дүниеден өтті. Енді жеті жасар кенже баласы Айқожа қалды. Бұ Айқожа бес қалаға хан болды, сүйтіп жұрт иесі болып, хан болып, таққа мініп бес қаланы билеп мұратына жетті (БС, 44-т., 39-б.).

Осылай дегеннен соң Гүлбаршын өзінің ері екенін таниды. Мұнан кейін Алпамыс түрлі ауыртпашылықтармен Ұлтан тазды өлтіреді. Алпамыс елін аман-есен көріп дегеніне жеткізеді. Үй-ішіне көрмеген жақсылықты көрсетеді (БС, 33-т., 184-б.).

Күшті позициядағы осындай әңгімелеу формалары хабарды қабылдаушының мәтіннің алдыңғы бөліктерінде айтылған жолдарына назарынқайтадан аудартып, ойын жаңғыртады. Өйткені батырлар жырын тыңдаушы мәтіннің түпкі мазмұнын түсіну үшін баяндалып өткен оқиғаларға ой жүгірте отырып, мәтінді аяқтап тұрған әңгімелеу мен алдыңғы бөліктердің арасындағы байланысты іздейді. И.Р. Гальперин пікірімен сабақтастырсақ, “ретроспекция – объединяющая формы языкового выражения, относящие читателя к предшествующей содержательно-фактуальной информации” [5, 106]. Авторлы көркем шығармада мәтіннің аяқталуы автордың субъективті көзқарасымен тығыз байланысты болса, батырлар жырындағы әңгімелеу мәтінінің ретроспекциялық қызметте жұмсалуы қалыптасқан дәстүрге тікелей тәуелді. Ретроспективті қызметтегі әңгімелеу мәтіндерінің тілдік құрылымында *Осы сөздің аяғы, осыменен тамамды; осымен бітті аяғы; дүниеден сөйтіп өтеді, сүйтіп жұрт иесі болып, хан болып, таққа мініп бес қаланы билеп мұратына жетті; мұрат-мақсаттарына жетеді; елін аман-есен көріп дегеніне жеткізеді* секілді тіркестер мен сөйлемдер мәтіндегі хабарды жинақтап қорытындылауда жиі қолданылады.

Әңгімелеу мәтіні батырлар жырының әртүрлі бөліктерінде орналасып, мәтіннің ретроспекция, проспекция секілді сипаттарын иеленеді. Әңгімелеу тұтас эпостық мәтіннің басталуын, аяқталуын, тұтасымы мен байласымын, ұласымын ұйымдастыруда өзге композициялық-сөйлеу формаларымен бірлікте жұмсала отырып, батырлар жырындағы баяндаудың негізгі қабатын түзеді.

3. Батырлар жырының композициялық құрылымында

қолданылатын келесі бір сөйлеу формасы – сипаттау. Әдебиеттану энциклопедиялық сөздігінде сипаттау баяндаудың бір түрі ретінде анықталып, оның статикалық және динамикалық түрлері көрсетіледі. Статикалық суреттеу оқиғаның мезгіл ішінде өрістеуіне қатыспайтын және оқиғаның дамуын шектеп іс-әрекетті тежейтін әдіс ретінде қаралса, ал динамикалық суреттеу оқиғаға еніп қимыл-қозғалыстың кедергісіз өрбуіне ықпал етеді. Осы мақалада суреттеудің сипаты жанрға, стильге, шығарма мен автордың белгілі бағытты ұстануына тәуелді болып келетіндігі айтылады [9, 260]. О.С. Ахмановаңың "Лингвистикалық терминдер сөздігінде" сипаттауға «ойды мазмұндаудың ерекше бір түрі» деген анықтама беріледі, яғни сипаттау мәтіні – "белгілі бір тіл үшін әбден айқындалған ерекшеліктерді, белгілерді, сөйлеу массивтерінің (корпустарының) құрамын жүйелі мазмұндау үшін айқын тілдік әдістің қолданылуы" [10, 288].

А. Байтұрсынұлының терминологиясында сипаттау әліптеу, әліптеме деп аталады. Ғалымның әліптеме туралы айтқан пікіріне тоқталатын болсақ, ол: "Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару әліптеме болады. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың, түрлі күйлердің бәрін де әліптеуге болады", – деп, сипаттау мәтіні туралы жалпы түсінік береді. А. Байтұрсынұлы нәрсені әліптегенде оның қандай белгілеріне назар аудару керектігін айта келіп: "Тиісті жерінде нәрсенің көңілге еткен әсерін, нәрсенің адамға келтірер пайдасы бар-жоғын айтып жіберуге де болады", – дейді [1, 400-401].

Сипаттау мәтінінің мазмұны суреттеліп отырған нысанның нақты сындық, сапалық белгілерінің бейнеленуі арқылы беріледі. Суреттеу мазмұнының сындық-сапалық белгілерге құрылуы – оны басқа мәтін түрлерінен оқшаулап, даралап көрсететін ең басты ерекшелігі. Демек, суреттеу мәтінінің қатысымдық қызметі – заттар мен құбылыстарды нақтылы, айқын түрде бейнелеу. Бұл туралы Е.В. Капацинская: "Қатар өмір сүретін заттардың белгілері – бұл өзге сөйлеу түрлерінен (әңгімелеу, ойталқы) бөлектейтін суреттеудің заттық құрылымының ерекшелігі, оның тектік белгісі болып саналады", – деген орынды пікір білдіреді [11, 126]. А.Ф. Зиновьеваның мына ойы да осы пікірмен астасып жатыр: "Сөйлеу формасы суреттеудің заттық мазмұны заттар мен олардың белгілерінің, қасиеттерінің берілуі болып саналады. Бұл форманың құрылымдық мазмұнын санамаланған-жалғаспалы грамматикалық байланыс түрінде берілетін заттардың кеңістіктегі

қатарластығы құрайды” [12, 12].

Сипаттау мәтіні – көркем болмыстағы заттар мен құбылыстардың немесе олардың топтарының қандай да болмасын бір белгісін не белгілерінің жиынтығын бейнелейтін ерекше мазмұндық сипатты иеленген, өзіндік құрылымымен, қызметімен ерекшеленетін мәтіннің композициялық-сөйлеу формасы. Сипаттау мәтінінде белгілі бір нысанға қатысты айқын не астарлы түрде баға беріледі. Жырда сипаттау мәтінінің пейзаж, интерьер, портрет секілді тақырыптық-мағыналық түрлерінің ішінен табиғат көріністерін, қоршаған ортаны суреттеу мәтіннің композициялық құрылымдық бөлігінде жеке дара жұмсалмайды, ал басты кейіпкерлерді, батыр тұлпарын, оның шабысын суреттеу, батырлар арасындағы жекпе-жекті динамикалы сипаттау басым қолданылады. Мысалы кейіпкерді сипаттау:

Естімшеден бұл сөзді
Естіген соң қыз Құртқа,
Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Алтын шашбау қылт етіп,
Шекеде шоғы жылт етіп,
Саулы інгендей ыңқылдап,
Күшігендей сыңқылдап,
Сүмбіледей жылтылдап,
Алтын қалпақ, жез телпек,
Көтеріп Құртқа сөйледі,
Естімше құлға былқылдап (БС, 36-т., 6-б.).

Бұл сипаттау мәтіні – «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқаның сыртқы сипаты мен еркелеген, наз қылығын астарлап беруде ұтымды жұмсалған композициялық-сөйлеу формасы. Құртқаның қимыл-қозғалыстағы бейнесін әсерлі түрде сипаттап жеткізуде бейнелеуіш пен (*қылаң, қылт, сылаң, сылт, жылт*) көсемше тұлғалы *ет* көмекші етістігінің тіркесе берілуі, еліктеу сөздерден жасалған көсемше тұлғалы туынды етістіктердің (*ыңқылдап, сыңқылдап, жылтылдап, былқылдап*) қолданылуы, жыр ұйқасын түзуге қатысуы тыңдаушының шынайы бейнені елестетуіне ықпал етеді. Сөзбен жанды сурет дүниеге келген. Осындай суреттеулер – шеберлік шыңына жеткен айтушы-жыршының баяндауындағы сипаттаудың ерекше бір үлгісі.

Кейіпкерді статикалық сипаттауға мысал:

Шашын дәндерменен тараған,
Бектер мінген бедеудей

Бауырынан жараған.
Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай.
Бет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған
Жарма бидай ақ ұндай.
Қасы сарыжадай керілген,
Кірпігі оқтай тігілген,
Бұралып белі бүгілген,
Қараған кісі үңілген.
Қолаң шашты, қой көзді,
Әйелдегі бір сөзді
Ақжүніс атты ару еді (БС, 44-т., 6-б.).

Ақжүніс арудың сыртқы кескін-келбеті сипаттау мәтіндерін түзуге қатысатын тілдік бірліктердің қолданысы арқылы суреттелген. Портретті жасауға дене мүше атаулары лексика-семантикалық тобына жататын сөздер (*шаш, бет, қас, кірпік, бел*) мен сын-сапа мағынасындағы лексикалық бірліктер (*бір сөзді, бауырынан жараған, терісінен айырған, керілген, тігілген, бүгілген, үңілген*), бейнелілікті тудыратын теңеулер (*бектер мінген бедеудей, жарма бидай ақ ұндай, сарыжадай, жазғы түскен сағымдай, оқтай)* мен эпитеттер (*қолаң шашты, қой көзді*) молынан қолданылған. Статикалық сипаттауда динамикалы сипаттаумен салыстырғанда, есімше тұлғалы етістіктер мәтінді түзуге қатысады. Сипаттау мәтініндегі есімшелер сын-сапа, бағалау мәнінде жұмсалады. Есімше қызметі арқылы көсемше тұлғаларындай динамика емес, тұрақты қалып-күй, ерекшелік сипатталады.

Батырлар жырында жыршы барлық композициялық құрылымдық бірліктердің байланысын сақтай отырып, белгілі бір оқиға барысында көрінетін кейіпкерлерді, олардың сөзін мәтінге енгізіп отырады. «Эпикалық баяндаудағы диалог – бұл белгілі бір даралықтың нышаны. Эпикалық жыршы диалогтегі ахуалды (қалыптасқан жағдайды) бейнелей отырып, шығармашылық шеберліктің шыңына шығады, өйткені ол өзінің кейіпкерлерінен бөлектенбей, керісінше, бір хронотопта болып, барынша оларға жақындай түседі» [13, 19]. Мәтіннің мұндай бөліктерінде баяндаушы-жыршы мен баяндаушы-кейіпкердің бірлігі аңғарылады. Жыршы кейіпкерлерден бөлектенбей, олармен тұтасып, жымдасып кеткендей болады. Мәселен, төмендегі мәтін бөлігінде Баршын сипаты кейіпкердің өз атынан берілген.

Сонда үйде отырып Баршынның айтқаны:
– Көңілімнің хошы жоқ,
Мүсәпір құлмын достым жоқ. ...
Кетті дәрмен белімнен,
Тайды дәулет қолымнан. ... (БС, 38-т., 23-б.].

Бұл шумақта Баршынның қиналысқа толы ішкі жан-дүниесінің, эмоционалдық көңіл-күйінің сипаты өзінің сөзі арқылы беріледі. Түсіңкі, жабырқау көңіл-күй *жоқ* модаль сөзінің қайталана жұмсалуы, *дәрмен кетті, дәулет тайды* тіркестерінің семантикасы арқылы нақтылана түседі. Мәтіндегі болымсыздық мағынасын иеленген осы тілдік бірліктердің әсерлілік-бейнелілік әлеуеті өте жоғары. Баршынның бейнесі салтанатты түрде Тайша ханға айттыра келген уәзірлерге қарама-қарсы оппозицияда сипатталады. Баршынның осы портреті батыр қалыңдығына тән қасиеттерді көрсетіп, оның бейнесін асқақтата түседі. Қыздың өжеттігін, ханнан да тайсалмайтынын паш етеді.

Жырда кейіпкер суреттелетін бөліктерде олардың тұрақты сыртқы кескін-келбеті, қимыл-қозғалысы, ішкі жан тебіреністері, эмоциялық күйлері сипатталады. Кейіпкер суреттелетін мәтіндерде грамматикалық сипаты зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, еліктеу болатын сын-сапа мағынасында қолданылатын сөздердің топтары негізгі логикалық екпінді иеленіп, бейнеге тән қасиетті жан-жақты сипаттап, қабылдаушының көз алдында өзіндік қасиетімен ерекшеленетін түрлі бейнелерді қалыптастырады.

Батырлық жырдағы композициялық-сөйлеу формасы сипаттаудың бір нысаны ретінде міндетті түрде тұлпарлар алынады. Өйткені батырлар жырындағы тұлпарлар (*Байшұбар, Тайбурыл, Тарлан, Сарыат, Қарақасқа*) ерекше қасиеттерге ие. Олар адамша сөйлейді, құсша ұшады, жан серігі ретінде ақыл-кеңес береді, келешекті болжайды, қандай сыннан да иесімен бірге сүрінбей өтеді, небір қиыншылықтарға төзеді. Тұлпарлардың осы ерекшеліктері арқылы батыр жеңіске, мақсат-мұратына жетеді. Мысалы:

Асыл туған Байшұбар
Құстай ұшып барады.
Төрт аяқта төрт таға
Асыл туған жануар
Жанын алып барады.
Аузын әректей ашады,
Омыраудан көбік шашады.

Дариядай болыптасады,
Қаражан қамшы басады.
Тұяғы қызды Шұбардың,
Аяқты нұқып басады (БС, 38-т., 33-34-б.).

Бұл үзіндіде сипаттау нысаны ретінде *Байшұбар* алынған. Мәтін мазмұны, негізінен, тұлпардың шабысын суреттеу арқылы беріледі. Мәтінде динамикалы сипаттауды жүзеге асыруға етістіктің *-ып, -а* көсемше тұлғалары қатысқан (*ұшып барады, жанын алып барады т.б.)*. Сонымен бірге Байшұбардың қозғалыстағы бейнесін одан сайын күшейту мақсатында және қабылдаушыға ақпаратты шынайы, әсерлі қабылдату, бар назарды осы нысанға аударту үшін *құстай, әректей, дариядай* теңеулері қолданылған. Бұл троп түрі – композициялық-сөйлеу формасы сипаттаудың құрылымында жиі жұмсалатын бейнелеу тәсілдерінің бірі. Сипаттаудағы көркемдік құралдар жырдың бейнелілігін тудырып, эстетикалық қызметін арттырады.

Ал мәтінде бір лексика-семантикалық топқа жататын *аяқ, тұяқ, омырау, ауыз* лексемаларының қолданысы *Байшұбар* сипатының детальді түрде берілуін, бөлшектер арқылы бір бүтіннің, яғни тұлпар шабысының суреттелуін жүзеге асырады.

Төмендегі мәтін статикалық сипаттауға мысал бола алады. Мұнда Ер Тарғынның серігі Тарланның сыртқы тұрпаты суреттелген.

Тұлпары тай өткен соң құнан шықты,
Жылқыға мұндай сүйек бітпес тіпті.
Қаз мойын, қамыс құлақ, белдемелі,
Келте құйрық, қыл түбі жуан түпті (БС, 44-т., 53-б.).

Композициялық-сөйлеу формасы – сипаттаудың мазмұны бір лексика-семантикалық топ құрайтын *тұлпар, жылқы, тай, құнан* және *сүйек, мойын, құлақ, құйрық, қыл* сөздерінің, сонымен қатар контексте сын-сапа мағынасын иеленген *мұндай, қаз, қамыс, белдемелі, келте, жуан түпті* есімдерінің жұмсалуы арқылы берілген.

Эпостық мәтіндегі суреттеу қабаты қабылдаушыға ерекше әсер етіп, прагматикалық қызметі жағынан да айрықша көзге түседі. Батырлар жырында сипаттау орналасқан бөліктер әсерлілік, бейнелілік мәнін тудыратын құралдардың ең көп жұмсалатын көрнекі және бай тұстары болып саналады. Себебі айтушы сипаттау мәтінін жасауда көркем бейнелі құралдарды, сын-сапа мағынасын иеленген есімдерді, етістіктерді молынан пайдаланады. Сипаттау тұстарының сын-сапа мағынасын білдіретін сөздерге бай болып келуін осы мәтін түрінің қатысымдық қызметімен түсіндіруге болады.

4. Батырлар жырының композициялық құрылымында пайымдау формасы белгілі бір ой-пікірдің, көзқарастың дамуын баяндауда әңгімелеу, сипаттаумен бірге қолданылады. Алайда жырдың тұтас құрылымында монологтік сөйлеуде композициялық-сөйлеу формаларының ішінде пайымдау өте сирек жұмсалады. Оның себебін жырды айтушының өзінен бұрын шығарылған мәтінді қайталап жеткізуші рөлін ғана атқарып, шығарушы-автор ретінде эпостық мәтінде өрбіген оқиғаларға, түрлі жағдайларға қатысты көзқарас-пікірін білдірмеуімен түсіндіреміз. Жыршы сол мәтіннің авторы ретінде емес, авторлар ұжымы шығарған көркем туындының айтушысы, баяндап жеткізушісі ғана болғандықтан, мәтінде орын алған оқиғаға, түрлі іс-әрекеттерге қатысты өзінің субъективті пікірін, көзқарасын қоса білдірмейді. Жырда композициялық-сөйлеу формасы – пайымдау көбіне кейіпкер сөзі арқылы олардың ойын, ішкі толғаныстарын, белгілі бір іс-әрекетке қатысты пікірін білдіруде, диалогтік сөйлеуде жиі қолданылады. Пайымдауда кейіпкер сөзі жырға жаңа оқиғаны енгізбейді, серпіліс әкелмейді, көбіне кейіпкердің ішкі шерімен бірге эмоционалдық күйін жеткізуге қатысады. «Ойталқы- әңгімелеу сияқты динамикалы форма, бірақ одан айырмашылығы- оқиғаның дамуы емес, ой, тақырып, мәселенің дамуы бейнеленеді. Сондықтан мұнда мезгілдік өрім болмайды. Сөйлемдер арасындағы байланыс іліктестік сипатқа құрылып, шарттастық, себеп-салдарлық, қарама-қарсылықты қатынастарды білдіреді” [2, 129].

Мысалы: *Алтыншаштың жауабы:*

– Мен жылаймын көзде жасым көл болып,
Артым жапқан [қара] шашым жол болып.
Ұлдай көрген жалғыз қызым Гүлбаршын,
Аздан дәурен сүре алмады қыз болып.
Тоқсан кірсе баудың гүлі солмай ма,
Арлы жігіт намыспенен өлмей ме?
Ағайынмен кім ұрыспас, таласпас,
Абырой барда елге қайтсақ болмай ма? (БС, 33-т., 12-б.).

Бұл үзіндіде құдасы Байбөріге өкпелеп, Тайша қалмақтың еліне көшіп бара жатқан Байсары байға әйелінің айтқан ой-пікірі, өмірден көріп-түйгені өтініш, тілек реңкімен берілген. Сондай-ақ, «*Мен жылаймын көзде жасым көл болып», «Аздан дәурен сүре алмады қыз болып», «Абырой барда елге қайтсақ болмай ма?» деген* кейіпкер сөзінен өкініш, болашаққа сенімсіздік, қорқыныш сезімдері де байқалады. Кейіпкер сөзімен берілген пайымдау тыңдаушының

эпикалық жырдың тақырыбы мен идеясын жете түсінуге, жыр мазмұнынан ауытқымауға, келешекте кейіпкерлердің қандай да бір шиеленіскен оқиғаларға тап болатынын аңғаруға мүмкіндік береді.

Шығарманың композициялық құрылымындағы диалогтік сөйлеу қызметінің ерекше екені, түрлі таным-түсінік, өмірге деген сан түрлі көзқарас, болмысты қабылдаудың әр түрлілігі, оң немесе теріс бағалауыштық мәннің көрініс табуы, жағымды, жағымсыз кейіпкер бейнесінің сомдалуы диалог арқылы айқын берілетінін Л.Г. Бабенко былайша анықтайды: «Оновные функции диалога и полилога – создание полифоничности произведения, введение множественных мировоззренческих точек зрения, выражение различных оценочных позиций, а также характерологическая функция создания речевого портрета персонажа» [3, 275].

Пайымдау формасына айтушы-жыршы баяндауындағы мына мысалды келтіруге болады:

Айуандар жата алмас,
Тоғайда барыс ақырса.
Көлдегі қаздар қайғылы,
Көктен сұңқар шақырса.
Жапалақтан сескенген
Жалғыз қазда үн бар ма?
Шегірткеге талатқан
Қырғауылда жүн бар ма? (БС, 45-т., 66-б.)

Осы жырдың басында Қазанда ноғайлы тама елінде хандық құрған Нәрікбайдан бірге туған інісі Есім (қалмақтан шыққан Қозбамбет, Садыр атты батырлар жылқысын шауып кетіп, артынан қуып бару үшін) сиырдан туған шұбар, күміс құйрық атын сұрап барады. Нәрікбай атын бермей, інісі оған «қу бас» деп артына ерген тұяғы жоғын бетіне басады. Осы тұста жыршы Нәрікбайдың астан-кестен болған көңіл-күйін сипаттай келіп, осы үзіндіде оның күйінген эмоциялық жайын толықтыру мақсатында пайымдау формасын қолданады. Риторикалық сұраққа құрылған пайымдауда тіршіліктегі түрлі аң-құстарды бір-бірімен салыстыра, қарама-қарсы қоя отырып, олардың арасындағы байланысты байланысты шебер жеткізеді. Оны жүзеге асыруда гипер-гипонимиялық лексика-семантикалық байланысына негізделген жан-жануар, жәндік пен құс атауларын мәтінде ұтымды қолданады: *айуан – барыс, қаз – сұңқар, жапалақ – қаз, шегіртке – қырғауыл.* Мәтінге табиғат дүниесінен алынып енгізілген аң-құстар бейнесін адамнан басқа да тіршілік иелері ойлай,

сезіне алады деген өте ертедегі түсінікке негізделіп, эстетикалық тұрғыдан жаңғырған көркем қолданыстың бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Пайымдаудағы *жата алмау, ақыру, шақыру, сескену, талату* – етістіктерінің мағынасы қалыптасқан жағымсыз жай-күйді жеткізу үшін жұмсалған. *Бар ма?*– модаль сөзі мен сұраулық шылау пайымдау мәтініндегі ой-пікірдің өрістеуіне үлес қосатын тілдік амал-тәсіл. Осындай құрылымдар пайымдау мәтінінде жиі жұмсалады.

Баяндаушы-автор сөзінің әңгімелеу, сипаттаумен араласпай, жеке дара пайымдау түріндегі қолданылуына «Бұрынғы өткен заманда, Жиделі Байсын деген жерде өткен Алпамыс батырдың хикаясы» атты жырдың соңғы абзацын мысалға келтіруге болады.

Алма басты жасыл сона
Жігіттің қолында жақсы.
Таза сапты жауһар пышақ,
Бектердің белінде жақсы.
Әркім өз елінде жақсы,
Жеген һәм жерінде жақсы. ... (БС, 33-т., 45-б.].

Бұл пайымдау мәтіні тұтас жырда баяндалған мазмұнға жанама қатысы бар ақпаратты қамтиды. Пайымдау компоненттері өзара мағыналық, тұлғалық, дыбыстық үйлесімділікке құрылып, ойдың салыстырыла өрбуі арқылы ұйымдасып, жырдағы мазмұнға өсиет айту, кеңес беру секілді қосымша мағыналық реңкті үстейді. Әр тармақ соңында *жақсы* сөзінің қайталана жұмсалуы, ерекше логикалық екпінді иеленіп, мәтін байласымын арттыруда ерекше қызметті иеленеді. Қазақ ұлтының танымында өсиет, нақыл түріндегі толғаулар ерекше прагматикалық күшке ие, себебі үлкеннің немесе көпті көрген көненің айтқан сөзін тыңдаушылар көңіліне түйіп, болашақта өмір тәжірибесінде қолдануға, айтылған кеңестерге құлақ асуға тырысады. Сол себепті жырды айтушы сөзінің соңын тыңдаушыларға келешекте сабақ болсын дегендей, осылайша ақыл-өнеге түрінде құрған. Мәтін бөлігінде айтушы-автордың көзқарас-пікірі, философиялық ой-толғанысы, өмірден түйгені нақыл түрінде айтылып, тұтас мәтін құрылымында шартты түрде болса да, тәуелсіздігімен ерекшеленіп, дербес мағыналылық категориясын иеленген. Үзіндіні авторлық сентенция деп тануға болады. Ғалым С. Қасқабасовтың «Жаназық» атты зерттеуінде баяндаудың мұндай түрі экспозитивті, яғни түсіндіре баяндау деп аталады. Ғалым пікірінше, бұндай баяндау өте шебер жыршылар мен ертекшілер өнерінде кездеседі. Олар жай жырлап,

болмаса ертегіні құр баяндап қоймайды. Оқиғаға араласпай отыра, олар кейде тікелей, кейде жанай баяндалып отырған оқиғаға деген өз қатынасын, яғни өз көзқарасын білдіріп отырады, текстің арасына түсіндірме енгізіп отырады, я болмаса өмір туралы, не өзі туралы толғап кетеді. Сөйтіп, қалай болғанда да өзінің бүкіл шығармаға, кейіпкерге, бір оқиғаға деген қатынасын сездіріп отырады. Жыр мен ертегінің бастамалары мен аяқтамаларының өзі-ақ орындаушылардың шығарма туралы ой-пікірін білдіреді [14, 34].

Сонымен, батырлар жырындағы пайымдау мәтіні әңгімелеу, сипаттаумен салыстырғанда қосалқы қызметті атқарып, олармен мағыналық жағынан ұласып, жырға қосымша ақпаратты енгізіп, мәтінді ұйымдастыруға қатысады.

5. Әңгімелеу, сипаттау, пайымдау айшықтары араласа келетін тұстар жиі кездеседі. Мысалға сипаттау мен әңгімелеу араласа жұмсалған, кейіпкер (Алпамысты) суреттелетін мына мәтінді келтіруге болады: *Сол уақыттарда Қаражан қараса, тұман ашылды, жел тұрды. Қараса, жүзі құбаша, көзі алаша, өзі бір он төрт жасар тамаша, бір кекілі алтыннан, бір кекілі күмістен, нақ он төрт жасында Алпамыс батырды көрді. ...* (БС, 33-т., 19-б.).

Немесе *“Ит өзі ала болса да, бөрі көрсе бірігер” деген (1). Екі жақтың әскері де тарқасып кеткен соң, Қаражан таң атқанша жол жүріп, күн шыққанша Қаражан бұл дүбірді көре алмады (2). Алды – тұман, арты – қараңғы, ат құлағын көрмейтін зымыстан (3)* (БС, 38-т., 18-б.).

Осы мәтін бөлігінде алғашқы сөйлем-пайымдау нақыл түрінде халықтың өмірлік тәжірибесі арқылы түйінделіп, қорытындыланған ойды білдірсе, 2-сөйлемде әскердің, Қаражанның іс-әрекеті баяндалады, келесі сөйлем Қаражанның дүбірді көре алмауының себебін айқындап, нақтылайтын сипаттауға ұласады. Жырдың бұл бөлігі *пайымдау-әңгімелеу-сипаттау* түрінде ұйымдасқан. Композициялық-сөйлеу формалары бір-бірімен логика-семантикалық жағынан имплицитті байланысқан сөйлемдердің тізбегі арқылы бір тұтасымға біріккен. Пайымдау халық танымына жақын мақал-мәтел арқылы көрініс тауып, жыршының орын алған оқиғаға қатысты өзіндік көзқарасын, жалпы хабарды білдірсе, осы ақпарат 2-сөйлемде айқындалып, әңгімелеуде бір-бірімен соғысуға дайындалған екі жақтың мәмілеге келуін баяндайды. Ал әңгімелеудегі Қаражанның дүбірді көре алмау себебі кейіпкердің қоршаған ортасын (*алды, арты*) суреттеу арқылы нақтыланады (*тұман, қараңғылық, зымыстан*).

Жыршы мақал-мәтелдерді автор баяндауында (көбіне композициялық-сөйлеу формасы пайымдауда) қолдану арқылы тыңдаушының таным-түсінігінде орнығып, қалыптасқан ақпараттың жадында жаңғырып, мәтіннің ерекше қабылдануына ықпал етеді және мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық қызметін арттыра түседі.

Талданып отырған микромәтінде композициялық-сөйлеу формаларының араласа жұмсалуы сөйлемдердің лексика-грамматикалық жағынан түрліше құрылуынан, дербестігінен де байқалады. Біріншіден, бөгде сөз қолданылған сөйлеммен басталып, автор сөзіне ұласқан; екіншіден, қарсылықты, көп бағыныңқылы сабақтас құрмаластар, ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдер бір күрделі фразалық тұтасымға ұйысқан; үшіншіден, контексте әрі етістік, әрі есім баяндауыштары бар сөйлемдер жұмсалған; төртіншіден, 1-2-сөйлемде соңғы позицияда орналасқан етістік баяндауыштар (*деген, көре алмады*) тұлғалық өзгеріске ұшыраған және 3-сөйлемде баяндауыш нөлдік тұлғадағы есім сөздер арқылы берілген (*қараңғы, зымыстан*).

Келесі мәтін бөлігі сипаттау (1-сөйлем) – әңгімелеу (2-сөйлем) – сипаттау (3, 4-сөйлем) түрінде құрылған. Мысалы: *Батыр Алпамыстың аруағы күшті (1). Қаражан Алпамысты көре алмай, астындағы қара тұлпары Алпамыс батырдың астындағы Байшұбарды көрді (2). Байшұбардың таразысы басым екен (3). Байшұбардан қорыққаннан, Алпамыстың сұсы басқанынан жолдың біресе о жағына, біресе бұ жағына шығып, қипақтап тұрған секілді болды (4)* (БС, 38-т., 18-б.).

Композициялық-сөйлеу формаларының бір-бірімен араласа қолданылуы мәтін мазмұнына, ақпараттың берілуіне, нұқсанын тигізбей, керісінше, қабылдаушының мәтінді түсінуіне, ынта қойып тыңдауына белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. И.Р. Гальперин мәтіннің баяндау қабатындағы сөйлеу формаларының кезектесіп келіп жұмсалуын бірнеше себептермен байланыстыра түсіндіреді. Ғалым: “Баяндау түрлерінің алмасуы көлемдік-прагматикалық сипатқа сәйкес, яғни оқырманның баяндау түрінің біркелкілігінен шаршамай хабарды түсінуіне көмектесуден (психологиялық сипатқа сәйкес), яғни әрбір берілген сөйлеу түрінің негізінде жатқан хабарды қабылдауына әсер етуден туындауы мүмкін. Мәтіннің контекстік-вариативтік түрлерінің алмасуы баяндау континуумының үзілуіне, қабыспауына жол бермейді. Формалардың ұласуын әрі лексикалық, әрі жалпы семантикалық межеде еш қиындықсыз байқауға болады”, – дейді [15,

20].

Келесі микромәтінде Қаражан мен Алпамыстың жекпе-жегі әңгімелеу-сипаттау түрінде ұйымдасқан аралас суреттеу арқылы берілген: *Сөйтіп Қаражанға кезекті берді. Жолбарыстай қолды салды, Алпамыс сонда: "Иә, Шері, Құда, Хазрет Әлі ер Мұртаза!"– деп мықтанып сиынды. Сөйтіп тұрғанда баяғы атын қойған жеті қаландар ерлері тайын болды, жеті кәміл пірі келіп, екі иініне қорғасындай салмақты [салды], қара таудай Алпамыс сұлтан тырп етпеді. Жамбасқа алып та көреді, көтеріп те көреді, тіпті қозғалта алмады. Алпамыс тырп етпеді* (БС, 33-т., 21-б.].

Мәтінде кейіпкердің күш-қайраты, қарсыласынан басымдылығы күрделі сын есімнен жасалған *қара таудай* теңеуінің, *тырп етпеді, қозғалта алмады* деген жай-күйді сипаттайтын қимыл-қозғалыс етістіктердің, *тіпті* үстеуінің қолданылуы арқылы беріледі.

О.Н. Гришина әңгімелеу, суреттеу, ойталқының алмаса отырып, түрлі хабарды беруі мәтіндегі бейнеленіп отырған әлемнің жан-жақты қамтылуына негіз болады дегенді айтады: "әртүрлі контекстердің кезектесіп, алмасып отыруы хабардың бір түрінен екіншісіне өтудің үздіксіз проэкциясын тудырып, мәтінде бейнеленіп отырған әлем бейнесінің әр қырынан қамтылуына мүмкіндік жасайды" [16, 15]. Демек, жырда автор-айтушының композициялық-сөйлеу формаларын кезектестіріп немесе араластырып жұмсауы оның көркем болмысты өз ой елегінен өткізіп, мәтіндегі мазмұнды қабылдаушысына әр қырынан түрліше бейнелеп жеткізуін көрсетеді. Нәтижесінде бейнеленіп отырған әлемнің жан-жақты қамтылуын қамтамасыз етеді.

Батырлар жырының концептуалды мазмұнында жеке бас мүддесін, ру-тайпасын, туған жерін, Отанын қорғау негізінде батырлық, ерлік секілді ақпараттар жатыр. «Батырлық, ерлік» мәнді лексикалық бірліктердің семантикалық кеңістігінде іс-әрекет, қимыл семасы басымдыққа ие. Сонымен байланысты эпостық мәтіндердің баяндау қабатынының басым бөлігін әңгімелеу формасы түзеді. Жырда сипаттау мәтіндерінің статикалық түріне қарағанда динамикалық сипаттау жиі жұмсалып, эпостың композициялық құрылымы әңгімелеу, динамикалы сипаттау арқылы ұйымдасады. Пайымдау диалогтік сөйлеуде, яғни жырдағы кейіпкерлердің ішкі толғанысын, белгілі бір әрекетке, оқиғаға қатысты өзіндік көзқарас-пікірін білдіруде қолданылатын сөйлеу формасының қатарына жатады. Жыр соңын авторлық сентенциямен пайымдау түрінде аяқтау арқылы эпикалық жыршы өз көзқарас-пікірімен және өзі жырлаған

жырдан тысқары өмірлік тәжірибесімен бөлісуді мақсат етеді. Жалпы пайымдаудың жырдың композициялық құрылымында сирек жұмсалуын айтушы-жыршының мәтіндегі оқиғаны қалыптасқан дәстүрге сәйкес ұжымдық сипатын сақтай отырып жеткізуімен байланысты түсіндіруге болады.

Қорыта айтқанда, эпостық мәтін баяндауының ізбе-ізділігі (батырдың дүниеге келуі, қандай бір шиеленіскен оқиғаларға тап болуы, түрлі іс-әрекеттерді орындауы, жеңіске, белгілі бір нәтижеге жетіп, сәтті аяқталуы) мәтіннің композициялық құрылымындағы біртектілікті сақтауға негіз болады. Батырлар жырын ұйымдастыруда композициялық-сөйлеу формаларын қолданудағы еркшеліктер, біріншіден, қалыптасқан дәстүрмен, екіншіден, эпикалық жыршының жеткізу шеберлігімен, көркемдік әлемімен тығыз байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

2. Шалабай Б.Ш. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 196 б.

3. Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2004. – 464 с.

4. Россихина Г.Н. О распределении композиционно-речевых форм по функциональным стилям // Научный и общественно-политический текст: лингвистические и лингводидактические аспекты изучения. – М. : Наука, 1991. – С. 50–58.

5. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 139 с.

6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 33-том. Батырлар жыры. – Астана: “Фолиант”, 2007. – 353 б.

7. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

8. Венгранович М. Фольклорный текст в аспекте специфики фольклорной эстетической макросферы // Научно-культурологический журнал. – 2006. – № 18. // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.relga.ru/

9. Литературный энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1987. – 752 с.

10. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия. 1966. – 608 с.

11. Капацинская Е.В. К вопросу о структуре художественного описания // Термин и слово: Межвуз. сб. Вып. 1(7). – Горький: ГГУ, 1978. – С. 124-130.

12. Зиновьева А.Ф. Композиционно-синтаксические особенности

повествовательной речи в художественно-прозаическом произведении (на материале романа А. Зегерс “Восстание рыбаков”): Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 1973. – 29 с.

13. Мухина Е.А. Духовные стихи, записанные Карелии (Лингвопоэтический анализ). – Петрозаводск, Издательство ПетрГУ, 2014. – 110 с.

14. Қасқабасов С.А. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Астана: Аударма, 2002. – 584 бет.

15. Гальперин И.Р. Сменность контекстно-вариативных форм членения текста // Русский язык. Текст как целое и компоненты текста. Виноградовские чтения XI.- М.: Наука, 1982. – С. 18-29.

16. Гришина О.Н. Соотношение повествования, описания и рассуждения в художественном тексте (на материале английской и американской прозы XX века): Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 1982. – 20 с.

***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**:*

1. Қазақ фольклорлық мәтіндеріндегі баяндау қабаттары.
2. Фольклорлық мәтіннің динамикасын жүзеге асыратын әңгімелеу сипаты.
3. Фольклорлық мәтіндегі сипаттау түрлері (портрет, пейзаж, интерьер; статикалық, динамикалық), олардың қолданысы.
4. Фольклорлық мәтіндегі пайымдаудың тілдік ерекшелігі.

1-тапсырма. Аңыздың баяндау қабатындағы әңгімелеу, сипаттау, пайымдау түрлерін анықтап, тілдік ерекшелігін талдаңыз.

Жамал-ай!

Ертеде бір байдың қызына есігінде жүрген қойшының баласы ғашық болыпты. Жастайынан бірге өскен жарлының баласын байдың қызы да ұнатады екен. Ер жетіп, бой жете келе екі жастың бір-біріне деген сезімі тіптен арта түседі.

Бұл жағдай бір күні байға белгілі болып, бай тас-талқаны шыға ашуланады да, кедейді басқа жаққа көшіріп жібереді. Енді қайтып ауылының маңынан жүрсе жазаламақшы болады.

Сонда жүрек сезімін жасыра алмаған қойшының баласы:

Қасың сұлу қағаздың сиясындай,
Мойның ұзын тоғайдың миясындай.
Қайтсем саған қолымды жеткіземін,
Жатқан жерің сұңқардың ұясындай.
Жамал-ай, Жамал-ай,
Болар ма екен амал-ай! –

деп өлең етіп әнге салып, күй етіп сыбызғыға салған екен.

(БС, 84-том)

2-тапсырма. Фольклорлық мәтіндерден әңгімелеуге мысалдар жинақтап, ерекшелігін анықтаңыз. Етістіктердің мәтінтүзімдік қызметін талдаңыз.

3-тапсырма. Фольклорлық мәтіндерден сипаттау, пайымдауға мысал келтіріп, тілдік ерекшелігін анықтаңыз.

4-тапсырма. Мифтің баяндау қабатындағы әңгімелеу-сипаттау-әңгімелеу арақатынасын талдаңыз.

Үлпілдекті қолға түсіре алмай құса болған Қыранқара аспан әлемін кезіп, Сұлусарыны қуып жететін жүйрік іздепті. Мұндай жүйрік ат аспанның солтүстігін қоныстанған Ағай-Сығай деген екі батырдың «Ақбозат», «Көкбозат» деген аттары еді. Осы аттарды ұрлап мініп, Үлпілдекті қолға түсірмек болған Қыранқара Жетіқарақшыны бастап, жортуылға аттанады. Олар аспанның солтүстік үйегіндегі Темірқазықты айнала қонған ауылдарды (шоқжұлдыздарды)ториды. Бұл Жетіқарақшыны «бастаған алдыңғы төртеуі, ана артындағы үшеуі – ерер-ермес болып жүрген олардың құйыршығы. Ана екі бүйірдегі екі жарық жұлдыз – екі батыр. Сонау көрінген қатар екі жұлдыз – Ақбозат пен Көкбозат, батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы. Шұбатылған арқандары да, әне, көрініп тұр. Аттар Темірқазықты айнала оттайды. Оларды аңдыған жеті ұры (жеті қарақшы) да түнімен төңіректеп, айналып жүреді. Ұрылар қайтсе де осы аттарды түсіріп алмақшы. Сақ күзетуші алдындағысынан көз жазбайды. Сөйтіп жүргенде таң атады. Таң атысымен Жетіқарақшы көзден тайып, тасаланады.

(БС, 78-том)

5-тапсырма. Фольклорлық мәтіннің функционалдық сипатын анықтап, тілдік ұйымдасуын талдаңыз.

Кемпірқосақ (2-нұсқа)

Кемпірқосақ – кемпірдің қосағы. Қосақ деп: ұзын арқанмен мойындарынан айқастыра тіркеп байлаған қой, ешкілер тобын айтады.

Аспанда тұратын қазақтардың арасында өте бай кемпір бар. Кемпірқосақ – сол бай кемпірдің қосағындағы әртүсті қойлар. Сол кемпір сол қойларын ылғи да жауыннан кейін сауады.

(БС, 78-том)

БӨЖ тапсырмалары:

1. П.Т. Әуесбаеваның «Ертегі поэтикасындағы баяндаудың қызметі» (ҚР ҰҒА Хабарлары. №3-307. Мамыр-маусым 2016 ж. – Б. 263-267) мақаласынан конспекті.
2. «Фольклорлық мәтіннің функционалдық сипаттары» тақырыбы бойынша реферат.
3. Әңгімелеу, сипаттау, пайымдаудың аралас қолданылуына қатысты ғалымдар пікірлері.

3 ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАР МӘТІНІНІҢ БАСТАПҚЫ ЖӘНЕ АЯҚҚЫ ШЕНДЕРІ

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Мәтіннің бастапқы, аяққы шендері туралы, оған қатысты зерттеулер.
2. Мифтік фольклордағы бастапқы, аяққы шендер ерекшелігі.
3. Эпос мәтінінің бастапқы және аяққы шендер қызметі.
4. Ертегі мәтіндерінің бастапқы және аяққы шендер сипаты.

1. Фольклорлық жанрлардың белгілі бір синтаксистік формулалармен басталып, солайша аяқталуы типтік құбылысқа жатады. Фольклортану ғылымы мұны жаттанды нәрседей қабылдайды. Алайда бұл позицияларды лингвофольклортану тұрғысынан қарағанда біраз жайттардың мәні ашылады, бастапқы және аяққы шендердің функциялары анықталады, олар: мәтіннің басталуының белгілері, баяндау барысына өту амалы, тақырып пен негізгі идеяны байланыстыру, сюжет пен мәтіннің субъективтік модальділігінің байланысын орнату, оқиғаны түйіндеу, ғибрат беру, мәтінді декодтауға ықпал ету. Сонымен қатар бұл позициялардың прагматикалық мәні зор, ол оқырманды оқиғаға кірістіруінен, ақпаратқа қызықтыру, тарту, шығармаға ерекше көңіл аудартудан, коммуникативтік ахуалды модельдеуден, белгі беру немесе мәтін бөліктерін межелеуден, оқырманға эстетикалық әсер беруінен, мәтінде жалпы тартымды сарын туғызудан, оқырманға ерекше зейін қойғызу және оны қызықтыруынан көрінеді. Осы жайттардың бәрінің лингвистикалық бірліктермен берілу жолдары бар. Ол жолдар фольклорлық жанрлардың әр түрінде әр түрлі.

Мәтін теориясында мәтіндік тұрғылар мәселесі елеулі орын алады. Солардың бірі – «күшті тұрғы» болып саналатын басталым мен аяқталымды белгілейтін шендер. Бұлар мәтін түзілімінде ерекше

функциялар атқарады.

Мәтіннің бастапқы шені – өте маңызды тұсы, осы тұста сөздерді таңдап-талғап қолданудың маңызы зор, себебі дұрыс таңдалған әр сөз негізгі идеяны беруге әсер етеді және оқырманның мәтінді дұрыс қабылдауына жол ашады.

Мәтіннің бастапқы шенінің негізгі функциясы:

1) сигналдық (іс-әрекеттің басталуының сигналы);

2) әңгіме барысына өту;

3) тақырып пен мәтіннің негізгі идеясын байланыстырушы;

4) сюжет пен автордың позициясының байланысын көрсетеді.

«Мәтіннің аяққы шені, ең біріншіден, мәтіннің аяқталғандық санатын білдіретін бөлшегі болғаны үшін маңызды», – дейді Я.Г. Кухаренко [1, 30]. Мәтіннің аяққы шені авторға өзіндік мінез беруді сүйемелдейді. Мәтіннің немен, қандай оқиғамен, қандай жағдаймен аяқталатыны оқырман үшін беймәлім. Сондықтан, автор мәтінді аяқтау арқылы өзінің көңіл күйі мен мінезі арқылы оқырманға прагматикалық тұрғыдан әсер етеді.

Мәтіннің бастапқы шені мен аяққы шені кез келген мәтіннің рамасы іспетті. Мәтіннің басы кодтық кілттің қызметін атқарады, бұл арқылы оқырман әрі қарай мәтінді қалай декодтау керек екенін түсінеді; ал мәтіннің аяққы шені мәтіндегі сюжеттің соңын білдіреді, тек болып жатқан жағдайдың соңы емес, автор құрған шығарма дүниесінің аяғын білдіреді [2, 158].

Жоғарыда бағдарланған жайттардың қазақ фольклорлық мәтіндеріндегі көріністерін сипаттап беру жалпы тіл білімі үшін өзекті мәселе болып тұр. Осыған орай, тілдік тұрғыдан талдау үшін жанрлардың фольклортанулық жіктемесі негізге алынды. Ал мәтін теориясы бойынша мәтіндер көркем және көркем емес, ауызша және жазбаша типтерге бөлінетіндігі белгілі [3, 112-114]. Бұл тұрғыдан келгенде біз нысанға алып отырған мәтіндер көркем мәтіннің жанрлық түрлеріне жатады. Осы тақырып шегінде фольклорлық мәтіннің бастапқы және аяққы шендерінің лингвостилистикалық сипаттарын көрсетіп, олардың әр фольклорлық жанрдағы өзіндік көріністерін талдауды мақсат тұттық. Атап айтсақ: а) әр түрлі фольклорлық жанрлардың басталымындағы тілдік ерекшеліктерді айқындау, олардың қызметтерін көрсету; ә) әр түрлі фольклорлық жанрлардың аяқталымындағы тілдік ерекшеліктерді айқындау, олардың қызметтерін көрсету.

Мәтіннің басталымы мен аяқталымы мәтінтүзімге арналған

еңбектерде ескеріліп отырады. Алайда, арнайы зерттеулер тапшы. М.В. Ломоносов мәтіннің әсерлі тұсы алдында, әлсізі ортада, ал ең әсерлісі әрі күштісі соңында болу керек дейді [1, 99]. Бұл мәселе И.В. Арнольд, Л.Е. Лисовицкая еңбектерінде тереңірек қарастырылған. И. Арнольд мәтіннің басталу, аяқталу функцияларына мыналарды жатқызады:

1) оқырманды қызықтыру, тарту, оған шығармаға ерекше көңіл аударту;

2) кіріспелік функцияны модельдеу, үйлестіру;

3) белгі беру немесе шекараайырымдық;

4) оқырманға эстетикалық ләззат беру [4, 23].

Ал Л. Лисовицкая зерттеуінде төмендегі қызметтер атап көрсетіледі:

1) мәтінге жалпы тартымды сарын (үн) туғызу;

2) коммуникативтік ахуалды модельдеу;

3) оқырманға ерекше зейін қойғызу және оны қызықтыру;

4) кіріспе-ақпарлық деп саралайды [5, 5] .

Қазақ тіл білімінде мәтіннің басталуы мен аяқталу шендеріндегі лингистикалық сипаттарды арнайы зерттеген – М.Қ. Жүнісова. Оның дисертациясында бастапқы және соңғы сөйлемдердің лексика-морфологиялық құрамын, синтаксистік құрылымын айқындау; бастапқы және соңғы сөйлемдердің семантика-стилистикалық, шекараайырымдық (делимитативтік) функцияларын талдау; бастапқы және соңғы сөйлемдердің эмотивті, бейнелі-мәнерлі түзілу сипатын саралау; бастапқы және соңғы сөйлемдердің шығарма композициясымен байланысын анықтау; соңғы сөйлемдерде әңгіменің түйінделу тәсілдерінің сипаттарын белгілеу сияқты міндеттер орындалды [6, 99].

Көріп отырғанымыздай, бұл еңбектерден көркем мәтіннің күшті тұрғылары жөнінде пайдалы айғақтар алуға болады, алайда қай-қайсында болсын фольклорлық мәтіннің ерекшеліктерін қарастыру міндеті қойылмаған.

2. Фольклорда мифтер үлкен орын алады. Мифтік ұғым-пайымдар қазақ фольклорының ұстыны сияқты болып көрінеді. Осыған орай, мәтіннің басталымы мен аяқталымының мифологиялық фольклорда өзіндік ерекшеліктері бар.

Мифтегі бастаулар ертегідегідей (*Ертеде, ерте-ертеде, ешкі құйрығы келтеде; Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, т.с.с*), немесе эпостағыдай (*Қолыма қалам алдым жыр жазалы, Бисмилла,*

сөз бастаймын, иә, Рахман) арнайы қалыптармен берілмейді, тіпті әңгіменің түп мазмұнына өту үшін түсіндірме сөзі де керек емес. Мифтердегі бастаулар өз ішіндегі түрлеріне байланысты өзгереді. **Космогониялық мифтерде** көбіне: *Айда кемпір бар (БС, 78-т., 36-б.); Жетіқарақшы жұлдызының алтауы – ұрылар (БС, 78-т., 33-б.); Үркер бұрын құрт екен (БС, 78-т., 37-б.); Кемпірқосақ – кемпірдің қосағы (БС, 78-т., 38-б.); Зуһра – Алланың шын сүйікті пендесі (Б.С. 78-т., 39-б.); Аспандағы жұлдыздар көрініп тұрады (БС. 78-т., 44-б.), т.б.* деген сөйлемдерден басталады. Бұл типтес сөйлемдердің бірінші қызметі мынаған саяды: айда кемпір бар, ары қарай тыңдарман айда кемпір не істеп жүр екен, қашаннан бері кемпір айды өз тұрағы еткен сияқты ойларға беріліп, кейінгі айтушының сөзін мұқиятпен, қызығушылықпен тыңдайтын болады. Мұндай бастауларды *мәтінге тартушы сөйлем* десек те болады. Себебі космогониялық мифтер әуелі осындай сөйлемдерден басталып, кейін бұл жайтқа ненің себеп болғанын айтады. Яғни, әуелі тапсырма, кейін оның шешімі беріледі. Ойымызды дәлелдеу үшін мына бір мысалды келтірейік: *Кемпірқосақ – кемпірдің қосағы. Қосақ деп: ұзын арқанмен мойындарынан айқастыра тіркеп байлаған байлаған қой, ешкілер тобын айтады. Аспанда тұратын қазақтардың арасында өте бай кемпір бар. Кемпірқосақ – сол бай кемпірдің қосағындағы әртүсті қойлар. Сол кемпір сол қойларын ылғи да жауыннан кейін сауады (БС, 78-т., 38-б.).* Байқағанымыздай, *Кемпірқосақ – кемпірдің қосағы* – деп әуелі тапсырма берілетін болса, онан ары *қосақ* дегеннің не екендігін, неліктен жауыннан кейін кемпірқосақтың шығатынын шешім ретінде көрсетіп отыр. Сондықтан космогониялық мифтердің ең алғашқы сөйлемдерінің тапсырмасы мен шешімі стилдік ерекшелікпен беріледі. Аты айтып тұрғандай, ғарыштық денелердің неден пайда болғандығы жайлы айтылатын миф болғандықтан, әңгіме сарыны жұлдыздар, Жер, Кемпірқосақ, айрықша Күн мен Айдың төңірегінде өрбиді.

Антропогондық-генеологиялық мифтер. *Есте жоқ ерте заманда алып Алтай тауын қоныстанған бір қауым жұрт болыпты (БС, 78-т., 47-б.); Ерте кезде көп қолды бастаған Қалша қыдыр дейтін батыр қолбасшы болады (БС, 78-т., 50-б.); Ерте заманда «Көк ана» деген жалғыз әйел болыпты, оның жалғыз көк сиыры бар екен (БС, 78-т., 58-б.); Ертеде бір асқан бай болыпты (БС, 78-т., 73-б.); Гун елінің көсемінің ай десе аузы, күн десе көзі бар, әлемде теңдесі жоқ екі қызы бар (БС, 78-т., 52-б.); Жер бетінде ең алғаш жаралған адам Ай ата мен Ай ана екен (БС, 78-т., 58-б.), т.с.с.* бастапқы

сөйлемдермен басталады. Көріп отырғанымыздай, мұнда мифтерінің алғашқы сөйлемдерінің баяндалуы өзгеше, әңгіменің негізгі бөліміне кіріспе іспетті болып келеді. Мұндай сөйлемдер, космогониялық мифтердегідей мәтінге тарту міндетінен гөрі ақпарат беру міндетін көздейтіндей. Яғни, «*Есте жоқ ерте заманда алып Алтай тауын қоныстанған бір қауым жұрт болыпты (БС, 78-т., 47-б.)»* деген сөйлемді алсақ, бір жұрт ерте заманда өмір сүргенін, тіпті оның мекені қай жақ екенін, санының қаншалықты екендігін алғашқы сөйлеммен-ақ білдіріп отыр. Сол себепті антропогондық-генеологиялық мифтердің алғашқы сөйлемдерінің бойында ақпарат басым болып келеді. Мұндай ақпарат адам немесе бір қауым жайлы болады.

Этиологиялық мифтердің де алғашқы сөйлемдерінде ақпарат басымырақ болады. Тек бұл түрдің мифтері аң-құстардың неден және қалай пайда болғандығы жөнінде баяндайтын мифтер болғандықтан, бастапқы сөйлемдеріндегі ақпаратты екі түрге бөлсек болады: біріншісінде аң-құс (*Көктемде ұшып келіп, күз түссе, жылы жаққа қайтатын жыл құстарының ылғи алдын бастап, қарқара тарта ұшып отыратын «Қызылқан» атты бір құс болыпты (БС, 78-т., 97-б.); Көнекөз қарттардың айтуы бойынша, шынында да құмай итала қаздан туады екен (БС, 78-т., 98-б.); Бір заманда маймыл мен түлкі тату-тәтті өмір сүріпті (БС, 78-т., 130-б.)* басты кейіпкер болады, яғни іс-әрекет, ақпарат соның төңірегінде болатын болса. екінші түрінде іс-әрекет аң-құсқа әсер етуші адамнан басталады, кейде Сүлеймен патша, Баба Түкті Шашты Әзиз немесе Бегім Ана сынды әулиелер болады. Мысалы: *Бір күні Сүлеймен патша ғалаиссалам барша құсты жинап алып айтыпты: «Мен бұ күнде қартайдым етіме жұмсақ төсек керек. Баршаларыңыз барыңыздар, бір-бір жүндеріңізді беріңіздер, содан төсек істеу керек» дейді (БС, 78-т., 104-б.); Бабай Түкті Шашты Әзиз бір күні Аргон өзенінің жағасына келіп, дәрет алып отырып, көктен аққу болып ұшып келіп, кебін шешіп қойып, өзен суына шомылып, шаштарын алтын тарақпен тарасып отырған үш ару қызды көреді де, ең кіші қыздын кебісін тығып қояды (БС, 78-т., 113-б.)*, кейде кәдуілгі адам патша, аңшы, не мерген болады: *Ертеде Қанқұмар есімді патша болыпты (БС, 78-т., 113-б.); Бір жігіт айдалада келе жатып бір сұлу қызға жолығады (БС, 78-т., 117-б.); Ертеде бір аңшы тау арасымен келе жатып, бір үңгірді көреді (БС, 78-т., 118-б.); Бұрынғы заманда атақты бір мерген болыпты (БС., 78-т., 121-б.).*

Фольклорлық мәтіннің басқа түрлеріндегідей мифтік мәтіннің

аяққы шенінде әңгімеші тыңдарманға мақалмен, нақыл сөзбен немесе өз сөзімен үгіт-насихат айтпайды. Мифтік мәтіндегі оқиғаның басталуы кіріспесіз қалай тез басталса, аяқталуы да солай қорытындысыз тез бітеді. Миф мазмұнында дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен нысандарының пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар болғандықтан, мифтің соңғы шенінде оның бастапқы шенінде берілген сауалға немесе ақпаратқа жауап беріледі. Мысалы: *Адамдардың мінез-құлқы мен тағдыры жайында «топырағы ауыр», «топырағы жеңіл» дейді (БС, 78-т., 63-б.); Оның жүйрік сіргелі тай деген атағы тарап, «Сіргелі,Сіргелі» деп жүріп, Ойсылдың өсіп келе жатқан жалпы әулеті «Сіргелі» аталып қалады (БС, 78-т., 95-б.).*

Мифтік мәтіннің аяқталуын мәтінді қорытындылаудан гөрі, қойылған тапсырмаға берілген жауап пайымын нығайту деп бағалаған жөн. Мына бір мысалға назар аударайық: Сауысқан туралы айтылған этиологиялық мифтің бастапқы шені: «*Тыным таппай сүйреңдеп, көп сөйлей бергендіктен сауысқанның тілі аузына сыймай, ісіп кетіпті (БС, 78-т., 107-б.)*», – деп басталса, ал аяққы шені: *«Сөйтіп, сауысқан тілінен айырылып, күні бүгінге дейін мағынасыз шықылықтай береді екен (БС, 78-т., 107-б.)»,* – деп аяқталады. Байқап отырсақ, мұнда басындағы сауысқан туралы берілген ақпаратқа соңғы сөйлемде жауап беріп отыр. Сол сияқты мына мысалда да: Басы: *Аң мен құстардың ішіндегі ең әдемісі, сымбаттысы әтеш болыпты (БС, 78-т., 112-б.),* аяғы: *Содан күні бүгінге дейін әтеш тоты құс пен әдемі киімін ізденп, таң қылаң бергеннен күн батқанға дейін айқайлап шақыра береді екен (БС, 78-т., 112-б.),* – деп беріледі. Яғни, мифтік мәтіндердің аяқталуы бастапқы шеніндегі мәтінге тарту мақсатында айтылған алғашқы сөйлемге жауапты бекіту ретінде беріліп отырады деген тұжырымға келеміз.

Мифтік мәтіннің аяққы шенінің синтаксистік ерекшелігіне бірыңғай жай сөйлемдерді қолданылатынын жатқызуға болады. Сөйтсе де құрылысы жағынан күрделенген, құрмалас сөйлемдер де кездесіп отырады. Бірақ олардың өзара байланысы өте әлсіз, бытыраңқылық байқалып тұрады: Мысалы: *Жетіқарақшы Үркерден безіп, шыр айналады, ол Үркердің қызын алып қашқан (БС, 78-т., 32-б.); Жетіқарақшы түнімен «бұл екі атты ұрлаймыз» деп торып, аттар қозғалмай, қағулы тұрған қазықты айналып, күзетші*

алдырмай, таң атып кетеді (БС, 78-т., 34-б.); Жетіқарақшының топ басшысы Қыранқарақшы Үркердің қызы Үлпілдекті мінгестіріп алып, үнемі қашып жүретін және ол қызын құтқармақ болып, қуып жүреді (БС, 78-т., 34-б.). Көрініп тұрғандай, бұл сөйлемдерден ауызекілік, қарапайымдылық бірден байқалады: кейбір сөздердің орны ауысып кеткен, қосымшалар бір ретпен келмеген, әрі бір сөйлемнің компоненттері бір-бірімен байланысып үлгермеген, толық құрмаластық дәрежеге жетпеген. Сөйлемдер арасындағы тәуелсіздік бірден байқалады. Тәрізі, бұл бірліктер, ауызша сөзді хатқа түсірушілердің әрекетінен болса керек.

Мифтік мәтіннің кейбір аяқталымдарында ертегі мен жырлық мәтіннің соңғы шенінде кездесетін **«мұратына жетіпті»** деген құйма қалыптарды да кездестіріп отырдық. Мысалы: *Шартына шыдаған күйеуін бақ-дәулетке бөлеп,* ***мақсат-мұратына жеткізеді*** *(БС, 78-т., 146-б.); Сөйтіп, ғашықтар қосылып,* ***мұратына жетіп****, ұзақ жыл өмір сүріпті (БС, 78-т., 172-б.); Аман-есен әйелімен қосылады, ақырында* ***мұратына жетеді*** *(БС, 78-т., 173-б.).*

Сонымен мифтік мәтіннің аяққы шенін зерттей отырып, оның барлық әдеби туындылардың бастауы екеніне көз жеткіздік. Өзінің ерте қалыптасуына байланысты басқа фольклорлық мәтіндерге қарағанда көркемдігі аз болса да, мәтіннің эстетикалық, танымдық қызметі айқын көрінеді.

3. Эпостық мәтін стилімен, айтылу жолымен, сөздік қолданысымен, тіпті өлеңмен жазылуының өзімен мифтік мәтін мен ертегілік мәтіннен едәуір ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер эпос мәтінінің бастапқы және аяққы шенінде де байқалады.

Эпостық жырларда келетін алғашқы сөйлемдері сан ғасыр бойы қайталана қалыптасып формулаға айналған. Ғалым Е. Жұбанов бұл ерекшелікті орынды көрсеткен: «Ауыз әдебиетіндегі өлең үлгісіндегі туындылардың көпшілігінің тілі үшін сөйлем ішіндегі сөздердің бұлжымайтын синтаксистік тәртібінің болуы міндетті. Бұндай тәртіп кейбір реттерде жекелеген лексикалық элементтердің семантикалық аясын шектеп те тастайды. Уақыт озған сайын, бұл сияқты сөз материалының да мағынасы көмескілене береді; егер сөз мағынасы соныланып, тағы бір жаңа ұғымға ие бола алмаған күнде, ондай лексема тіліміздегі басқа сөздермен қарым-қатынасын тежеп, ақыр соңында фольклор тілінде ғана ұшырасатын архаикалық «тас-кесектерге» айналады. Өлең құрылысына негізделген сөз тізбектері өздерінің синтаксистік құрылымын бұзбас үшін құрамындағы бұл

секілді көнерген сөз тұлғаларын да бірсыпыра уақыттар бойы өзгеріссіз сақтап жүре береді» [7, 15].

Нысанға алынып отырған хикаялық дастандар, діни дастандар, ғашықтық жырлар, тарихи жырлар мен батырлар жырларының бастапқы шенінде кездестірген «тас-кесектер» немесе фольклорлық формулалардың жиі қайталанатын қалыптарын былайша санамалап көрсетуге де болады:

1. Қолыма қалам алдым хат жазғалы;

2. Құдайға сиынайын әуелінде/ Әуел бастан жазайын Құдай атын;

3. Бисмиллаһир-рахман ир-рахим;

4. Аузу сиынайын бір құдайға;

5. *Жігіттер иманыңнан күдер үзбе*.

Жырлардың мақалмен де басталатыны кездеседі:

«Ер туса ел бақытты» *дейтін қазақ,*

Бұған да дәуір айғақ, тарих айғақ (БС, 27-т.,141-б).

– «Боқы батыр» жазып бер, – деп бердің қағаз,

«Жоқ болар ерде қадір, болса мал аз» *(БС, 27-т., 210-б).*

Мақалдардың жырдың басында келуі жырдың әсемдігін әрлендіре түседі әрі тарихи жырлар кейінгі уақыттың еншісінде болғандықтан, сөздік қолданыстардың философиялық маңызын арттыра түседі.

Зерттеу барысында эпостық мәтінде жай сөйлемнің ***толымсыз, жақсыз немесе атаулы*** сөйлем түрлері кездеспейтіні байқалды. Жырдың басталымында баяндау, жырды тыңдарманға түсінікті ету, ақпараттың тыңдаушыға ұғынықты болуы көзделетіндіктен болар, жай сөйлемнің ***жақты, жайылма, толымды*** түрлері кездеседі. Мысалы: *Бұрынғы өткен заманда Аққамыста Шорахан деген жер екен (БС, 45-т., 29-б.); Бұрынғы өткен заманда Жиделі Байсын деген елде атақты Байбөрі, Байсары деген екі бай бар екен (БС, 33-т., 23-б.).*

Қазақ батырлар жырларының бастапқы шенінде күрделенген сөйлемдер кездесе береді. Мысалы: *Хикаят Нәрік батыр өз жұртынан барып, Ақша ханға жолдас болып көп замандар жүрген еді (БС, 33-т., 73-б.); Содан кейін Шора Қазанда Нәріктен соң хан болып, үкім жүргізіп, қалмақ, қазақ халқын өзі сұрады (БС, 33-т., 208-б.).* Келтірілген мысалдардан көсемшелі оралым дара түрмен қайырылып отыратындығын, бірнешеу болып түйдектеліп келеетінін де байқауға болады. Бұл күрделенген сөйлемнің Қ. Есенов көрсеткен сипаттарына сәйкес келеді [8, 15-18].

Эпостың аяққы шенінде көзге айқын түсетін жайт – жыршының

жырға қатыстылығы көрінеу тұрады. Жыршының жырды аяқтауының екі көрінісі байқалады:

1. Жыршының жыр мәтініне қатысының айқын көрінуі;
2. Жыршының жырланып отырған оқиғаны өз сөзімен аяқтауы.

Бірінші көріністі екі жайтқа жіктеуге болады:

1. Жыршы соңынан белгі қалуын, дұға қалуын қалайды:

Белгі боп арт жағымда қалар ма екен,
Мен жаздым Есім ханның бұл қиссасын (БС, 56-т., 299-б.).
Молдалар оқысаңыз әр кітабым,
Әрқашан мақрұм қылма дұғаңыздан (БС, 53-т., 173-б.).

Бұл тәсілмен тамамдалған жырларда жыршының жырға қатысы айқын көрінеді және көбіне бірінші жақтан баяндалады. Жыршы өзінің атының өшпей, ұрпақтан ұрпаққа таралғандығын қалайды, қазақ халқы ерте уақытта дінге жақын болғандықтан артынан дұға жасалуын қалап жырды аяқтайтын болған. Жырдың белгілі бір жыршының жыры, нұсқасы ретінде халық арасында таралып, елдің жадында сақталуы бүгінгі күнде фольклорлық зерттеулерді тереңірек жасауға үлкен септігін тигізіп отыр.

2. Жыршы өз жырлағанын таразылап, түйіндейді:

Іріктеп кесектерің ғана жазғам,
Болмайды барлығына берген бағам.
Мың тоғыз жүз жиырма жетінші жыл жазылды,
Осымен сөз аяғы тәман-тамам (БС, 27-т., 140-б.).
Ойда бар теріп жаздым сөздің бәрін,
Ұмытып қалған екем бірқатарын.
Шамам жоқ жаңғыртуға, сөз қосуға,
Жалғауға жалған сөзді келмес халім (БС, 27-т., 276-б.).

Жоғарыдағы мысалдардағыдай аяқтау көп эпостық мәтіннің соңғы шенінде кездеседі. Бұл тәсілде жыршы көркем жыр жолдарының түпнұсқадан біраз айырмашылығы бар екендігін ашып айтады. Мұндай аяқталымдар халық ауыз әдебиеті жырларының ауыздан ауызға таралу арқылы бүгінгі күнге жеткендігін, олардың авторы халық екендігін тағы да бір дәлелдей түседі.

Екінші көрініс те бірнеше мазмұн бар.

1. Көнеден қалған тарих, ғибрат:

Батырға күмбез болды алып аспан,
Халық оған қамал болды әуел бастан.
О, жұртым, танысыңдар сол дәуірмен,
Тоғысып аяқталды осы дастан (БС, 27-т., 119-б.).

Құдіретіңе Құданың бәрі де оңай,
Ғибрат ал бұлардан, ердің ері (БС, 55-т., 203-б.).

Қандай да бір фольклорлық мәтіннің жоғарыдағыдай тәсілмен аяқталуы – қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларына етене құбылыс. Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, жыршы жырлардың түп мақсаты эстетикалық тәрбие екендігін ұмытпай, жырдың аяқталу тұсына оның насихат екендігін тыңдарманға ескертіп өтеді.

2. Қайғылы аяқталу:

Үн қосып егілгендей бар табиғат,
Қашанда ез тірліктен ерлік қымбат.
Шығарып ғасырлардың биігіне,
Жасартар қабырыңды гүлмен қымтап... (БС, 27-т., 198-б.).
Қозыке өлген жерде Баян да өлді,
Әркімнің сондай болсын алған жары (БС, 55-т., 146-б.).

Қайғылы аяқталу – негізінен лиро-эпостық жырларға тән құбылыс. С.А. Қасқабасов: «Романдық эпостың аяқталуы көбіне трагедиялық сарында болады», – дейді [9, 207]. Ал батырлар жыры мен тарихи жырлардағы қайғылы аяқталу жырға негіз болған батырдың шейіт болуымен беріледі. Батырдың о дүниеге аттануына жұрттың қабырғасы қайысса да, батыр елі үшін жанын береді, еліне елдік алып береді, сондықтан жыршы батырдың бұл ісін қуанышпен жырлап отырып, батырдың іс-әрекетін тыңдарманға үлгі етеді. Ғашықтық жырларға негіз болған сюжет қыздың әкесі қаламаған жігітке қашуы болып отырған және әкесінің теріс батасын алған қыз ешқашан да бақытты болмаған. Соның негізінде жыр екі жастың бір-біріне қосылмай, өмірден ішқұса болып өтуімен аяқталады.

3. Оқиғаның аяқталуымен бітіру:

Бөкенің баласы келіп Үрімжіге,
Ханына қуғыншылар тарту еткен.
Үрімжі ханы көшеге басын ілді,
«Күш көрсеткен Бөкені ел көрсін деген (БС, 27-т., 240-б.).
Он адам түгел қырылды,
Көрген жаннан ес кетті (БС, 78-т., 209-б.).

Кейбір жырлардың аяқталымында жырланып отырған оқиғаның немен аяқталғандығы туралы ақпарат беріліп қана тамамдалады. Жыршы бұл жағдайға өз қатынасын, ойын білдірмейді, тарихи фактіні ғана айтумен тоқталады.

4. Жағымды жағдаймен аяқталу:

Халықтың көңілі бітеді,

Қайғының бәрін кетірді,
Дұшпандары өкінді,
Әділ атты ханыңды
Дегенге Құдай жеткізіді (БС, 42-т., 115-б.).
Той жасап батыр үшін елі жатты,
Осыменен тамам еттік бұл кеңесті (БС, 78-т., 148-б.).

Жақсы бақытты аяқталымдар, негізінен, батырлар жырларына тән болады. Батырлар жырындағы дәстүрлі мотив перзентсіз әке-шешенің бір балаға зар болуымен басталып, батырдың ғажайып тууы мен өсуі, түс көруі, дұшпанымен соғысуын қамтып, дұшпанын жеңіп еліне оралуымен аяқталады. Дұшпанын жеңген батырдың еліне аты шығып, құрметті болады. Батырлар жыры мен тарихи жырлардың көбі дерлік осылайша аяқталады. Ертегілік мәтіндегідей **«мұратына жетіпті»** деген құйма қалып тіркесі де жиі қолданылады: *Тұяқбай батыр өтіпті, **Мұратына жетіпті** алып беріп ел кегін (БС, 51-т., 308-б.).* Ал, жоғарыда келтірілген «Қыз Жібек» жырының аяққы шені бақытты аяқталыммен тәмамдалып тұр. Ескерте кетейік, Қыз Жібектің Төлегенге қосылуына әкесі оң батасын берген, жырдың сюжеті бойынша, Төлеген Бекежанның қолынан қайтыс болады да, Қыз Жібек Төлегеннің інісі Сансызбайға қосылады. Бұл «Қыз Жібек» жырында ғашықтық жырдың да, батырлар жырының да сарыны байқалатындығынан соңғы шені эпикалық жырға жақын болғандықтан, бақытты аяқталған деп түйеміз. Өйткені «Жырдың жалпы нобайы мен тақырыбына, сюжеттің, оқиғаның даму логикасы мен композициясына қарағанда, оның бірінші бөлімі өзінше жеке шығарма болып туып, ел арасына тараған болу керек. Бұл бөлім жеке күйінде нағыз ғашықтық жырдың үлгісі болып көрінеді, яғни бірін-бірі сүйген екі жастың бақытсыз тағдырын баяндаған болу керек. Ғашықтық жырының заңы бойынша Төлегеннің өлгенін естіген Қыз Жібек өзі де өмірмен қоштасу керек еді. Алайда, ол олай етпейді, тірі қалады. Екінші бөлімде Төлегеннің інісі Сансызбай хабарсыз кеткен ағасын, оның әйелін іздеп шығады, бірақ ол тек Жібекті табады. Жесір қалған жеңгесін зорлықпен алғалы жатқан қалмақпен соғысып, Жібекті алып, аулына қайтады. Сансызбай-Жібек бөлімі – эпикалық жанрда жиі кездесетін эпилог болып шыққан. Әдетте, мұндай эпилогта әкесінің, немесе ағасының істей алмай кеткен шаруасын баласы, я болмаса інісі жалғастырып тындыратын болған» [9, 249].

4. Фольклордың келесі бір жанрлық түрі – ертегілер. «Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркем түрі, яғни фольклорлық

сөз өнері. Оның ең басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау» [9, 135].

Қазақ ертегілері жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әралуан. Ол іштей бірнеше жанрларға бөлінеді: хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, новеллалық ертегілер, сатиралық ертегілер. Сюжеттік құрамына сәйкес, тек қазақтың өзіне тән ертегілермен қатар, бірнеше халыққа тән ертегілер де бар. Қай халықтың ертегісі болсын, идеологиялық, эстетикалық қасиеті болады да, айтушыны да, тыңдаушыны да тәрбиелеп отырады.

Ең алдымен ертегілердің қалыптасу уақыты сонау көне замандарда бастау алғандығын ескертейік. Сондықтан болар, олардың басым бөлігі мифтік баяндаудан әлі арыла қоймаған. Баяндау сарындары, әсіресе, этиологиялық ертегілерде, мифтік мәтіндегідей, ақпарат беру сипаты басымырақ келеді. Мысалы: *Қазақтың есептерінде жылдан үлкен мүшел дегендер бар (БС, 73-т., 49-б.), Әуелі түлкінің құйрығы жоқ еді (БС, 73-т., 50-б.); Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті (БС, 73-т., 51-б.); Ерте, ерте, ертеде мысық пен тышқан өте тату дос екен (БС, 73-т., 51-б.).* Бұл мысалдардан байқағанымыз, миф мәтінінің алғашқы сөйлемінің берілу тәсілі тәрізді ертегілердің мәтінінде де бірінші ақпарат беру арқылы болған оқиға жайлы қысқаша баяндап, әңгіменің ары қарай не жайында өрбитіндігі туралы мағлұмат беріп отырады. Бұндай басталымдар, әдетте, этиологиялық ертегілерде көп кездеседі. Себебі этиологиялық ертегілерде де, дәл этиологиялық мифтердегідей, жануарлардың, хайуанаттардың неден пайда болғандығы туралы немесе *«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Мысық пен тышқан неге өштеседі?»* сынды сұрақтарға жауап беріледі.

Ертегі мәтінінде әдепкі *ертеде, баяғыда, ерте заманда, ілгеріде, ерте, ерте, ертеде, еркі жүні келтеде* сынды бастаулардан басқаша бастауларды да кездестіруге болады. Олар: *Бар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен, алыс бір теңіздің жағасында, біз жақ бетінде емес, арғы жағында бір қоянның көжегі өмір сүріпті (БС, 73-т., 198-б.); Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, ел ханға қарағанда, хан елді алдағанда бір би өмір сүріпті (БС, 76-т., 87-б.); Баяғы өткен заманда, халық ханнан зар илеген заманда өте әділ, өзі бай бір хан өмір сүріпті (БС, 76-т., 290-б.); Сан ғасыр тарихты шолғалы, ерте ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде қуарған шағында, бір бай өмір сүріпті (БС, 76-т., 214-б.).*

Бірінші мысалға назар аударсақ, мұндай бастау қазақ ертегілерінде

көп кездесе бермейді. Бұл бастаудың берілу стилінің өзі өзгеше, ертегіші антонимдерді өте жақсы қолданып, тыңдарманның көңілін тарту арқылы қызықтырып отырған. Ертегідегі негізгі мағлұмат көжектің теңіздің арғы жағында өмір сүргендігі, бірақ *аш-тоқ, арғы жақ-бергі жақ* деген антонимдер қарапайым ақпаратты әсемдей түседі. Дегенмен де, мұндай бастаулар ертегінің негізгі мәтінімен байланысты болмайды. Екінші, үшінші мысалдардағы «Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде» деген «құйма қалыпқа» *хан елді алдаған*, *хан елді зар жылатқан* деген сөз тіркестерін қосып отырған. Үшінші мысалда ертегі, *хан елді зар жылатқан заманда бір бай, өте әділ хан өмір сүріпті* деп басталады. Сонда мұндай ханның зар жылатуы, ханның алдауы кей ертегілерде құйма қалып болып кетуге бейімделіп тұр деп түюге болады, себебі бұл сөз тіркестерінен кейінгі келген арғы мәтін кіріспенің мазмұнымен байланыспай тұр. Ең соңғы мысалда *«Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде»* дегенге *қуарған шағында* деген сөз тіркесі қосылып, оған өзгешелік беріп тұр. Мұндай тәсілмен берілген алғашқы сөйлемдер әдеттегі кіріспелерден басқаша болып келгендігін көріп отырмыз.

Ал мына ертегілердегі бастаулар тіпті қызық: *Бар екен де, жоқ екен, аш екен де, тоқ екен. Ертегім ертек екен, ешкілері бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрығының жүні ұзын екен, мұзға мінген екен, бұты тонған екен (БС, 74-т., 346-б.); Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, байлар киіп қырмызы, жарлының тоны келтеде, жердің үстінде, аспанның астында әлемді таң еткен Келтең деген бір сараң бай болыпты (БС, 74-т., 221-б.).* Бұл бастаулар орыс ертегілеріндегі кіріспе «присказка» сынды келген. Әдетте, қазақ ертегілерінде мұндай бастаулар кездесе бермейді. С.А. Қасқабасов тіпті ертегілердің бұлай басталуын қазақ ертегілеріне жат деп санайды да, мұны кеңейтілген кіріспе деп атайды [10, 243]. Бұл бастауларда да ертегіші антонимдерді өте ұтымды пайдаланған, мұнан қазақ ертегілерінің бастауларындағы «құйма қалыптарында» антонимнің рөлі ерекше екендігін байқаймыз.

Кей ертегілердің алғашқы сөйлемдері «Баяғыда бір шал мен кемпір болыпты» деген кіріспе типіндегі сөйлем ретінде емес, бірден оқиғаның ортасынан диалог арқылы басталып кететін түрлері кездеседі. Мысалы: *Ертеде бір байдың жалғыз баласы жылқы бағып жүрсе, бір адам келіп:*

– Балам! Бір айғыр үйірлі жылқы берсең, мен саған үш ауыз сөз насихат сөз үйретейін, – депті (БС, 74-т., 302-б.); Күндерде бір күн

Сүлеймен патша:

– Алтын, күміспен көмкерілген ақ ордаларда отыра-отыра жалықтым. Енді маған әдемі қырналған ақ сүйектен, кемігі жоқ қақ сүйектен, ылғи ғана бас сүйектен, сарғаймаған жас сүйектен сарай салынсын, – деп бұйырады[(БС, 74-т., 72-б.).

Келтірілген бұл мысалдарда ертекші болған оқиға жайлы, сол уақытта қалыптасқан жағдай жайлы мағлұмат беріп жатпайды, ертегі кейіпкерлердің сөзімен бастап, тыңдарманды бірден оқиғаға енгізуді көздеп отырады.

Ертегілік мәтіндердің соңғы шенінде де өзіндік ерекшеліктер баршылық.

Бақытты аяқталым – көптеген ертегілерге тән белгі. Ертегілік мәтіннің соңғы сөйлемдерін аяқталу тәсіліне қарай бес түрге бөліп қарастырсақ болады:

1. Бақытты аяқталым, кейіпкерлердің өз мұратына жетуі;
2. Нақыл сөзбен аяқтау, тыңдарманға ғибрат, өсиет айту;
3. Кездейсоқ аяқталым, мәтіннің аяқсыз бітуі, яғни ашық қалуы;
4. Себеп-салдар мәндес аяқталымдар;
5. Қайғылы аяқталымдар.

Бірінші топқа *Саудагер мен Қыпша сол шәріде патшалық дәуірімен қалған өмірлерін қызықпенен өткізіпті (БС, 74-т., 81-б.); Сөйтіп, бала бір қыздың білімінің арқасында бір елді билеп, неше жыл хан болып дәурен сүріп, мұратына жеткен екен (БС, 74-т., 8-б.)* деген мысалдарды жатқызсақ болады. Мұндағы сөйлемдер «бәрі бақытты болады, мұраттарына жетеді» деген мазмұнды баяндайды. Бай, хан болып мұратына жету – ерте замандағы аштықтан, кедейліктен, жоқшылықтан қиналған қарапайым халықтың арманы. Сондықтан көптеген классикалық ертегілер осындай тәсілмен аяқталатын болған.

Екінші топқа нақылмен, мақалмен аяқталатын ертегілерді келтіруге болады. Мысалы: *«Өтірікті айтқан жақсы, қостаушысы табылса» деген мақал осыдан қолған деседі халық (БС, 76-т., 248-б.); «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» (БС, 76-т., 250-б); «Кім ойласа досқа қас, басына тиер тас» деген мақал содан қалған (БС, 76-т., 109-б.).* Бұл мысалдардағы ертегілердің эстетикалық функциясы ерекше көрінеді, тек қана тыңдарманды қызықтыру ғана емес, сонымен қатар, оған насихат айтуды көздейді, бұл – халық ауыз әдебиетінің тәрбиелік рөлінің кемелдігін байқатады. Себебі соңғы сөйлем тыңдарманға тек әсер етіп қоймайды, сондай-ақ оның есінде қалып, кейінгі өмірінде дұрыс таңдау жасауына сеп болады.

Үшінші топтың мысалдары: *Қоштасып, осы жерде бірінен бірі мінін таба алмай, әрқайсысы өз бетіне кеткен екен деседі (БС, 73-т., 267-б.); Көп жүрген екем деп қатты ренжідім, – депті сөзі селді, аузы желді айтушы (БС, 76-т., 250-б.).* Бұл сияқты аяқталымдар көбіне новеллалық ертегілерге тән, сондай-ақ бір танымал кейіпкер бірнеше ертегіге ортақ болғанда, кездеседі. Себебі, новеллалық ертегілер әңгіме іспетті болғандықтан, әңгіме сияқты қорытынды шығармай бітіру үйреншікті тәсілге айналған. Ал Алдар көсе, Қожанасыр, Тазша бала сияқты бірнеше ертегіге ортақ болған кейіпкерлері бар сатиралық ертегілер ұласпалы (сериялы) болғандықтан, қорытындысыз, аяқсыз бітіру қалыпты жағдайға айналған сияқты.

Төртінші тәсілмен жасалған аяқталымдарды көбіне хайуанаттар туралы ертегінің ішіндегі этиологиялық ертегілердің аяққы шенінен кездестіреміз. Мысалы: *Сонан бері түлкінің құйрығы ұзын болып, қоянның құйрығы қысқа болып қалған екен (БС, 73-т., 51-б.); Сөйтіп, күні бүгінге дейін мысық тышқанды көрді болды, бас салып қысып, мылжа-мылжасын шығарып жеп алатын болыпты (БС, 73-т., 52-б.).* Бұл сөйлемдерде *сонан бері, сол үшін, сөйтіп* деген себеп мәнді сөздермен аяқталып, тыңдарманға қызық болған кейбір сұрақтарға жауап беру арқылы тыңдаушыларды қызықтыра түседі.

Бесінші тәсілмен жасалған аяқталымдар – бірінші тәсілмен жасалған аяқталымдарға кереғар құбылыс. Мысалы: *Сөйтіп, қанағатсыз жеті ағасы құйрықтарымен жер төпештеп, өгіздей өкіріп қалған екен (БС, 76-т., 313-б.); Орманбет би мен оның ашына әйелі осы кезге дейін жүгін тарта алмай бір жерде жүр-міс дейді (БС, 74-т., 286-б.).* Берілген мысалдардан байқағанымыз, ертегіші бұл тәсілді қанағатсыз, әділетсіз, жағымсыз кейіпкерлердің жағдайын айтып тәмамдағанда қолданады. Соңғы мысалда әкесінің теріс батасын алған қыздың өліп кетуі тыңдарманға әкені сыйлау бәрінен биік тұратындығын көрсетеді. Жалпы, бұл жағдай барлық ғашықтық жырлардың астарлы насихаты десек қателеспейміз. Бұған себеп – кез келген фольклорлық мәтіннің бойында эстетикалық, тәрбиелік мән әрқашан да болады. Ертегідегі жағымсыз кейіпкердің өз сазайын алуы, адамгершілікке сай емес іс-әрекеттің жазалануы ертегінің гуманизді насихаттауының белгісі деп түйеміз.

Барлық фольклорлық мәтіннің түрлерінде кездесетін «құйма қалыптар» ертегілік мәтіннің аяққы шенінде көп кездесе бермейді, олардың ішіндегі көп қайталанатыны – «*бақытты болып, мұратына жетіпті»*. Классикалық ертегілердің көбі осындай сөз тіркесімен

аяқталады, бірақ кейбір ертегілерді, шаттықта өмір сүріпті, ауқатты болыпты, ханның қызын алыпты деген мазмұндағы сөйлемдермен де аяқталаып жатады. Бірақ бұлардың барлығы бақытты ғұмыр кешу дегенге келіп саяды.

Ертегінің соңғы шенін зерттеу барысында кейбір қызықты, көп ертегілерде қайталанбайтын, тек бірен-саран ертегіде кездесетін, өзгеше аяқталымдарды да кездестірдік. *Жігіт Сананы артынан тағы ізденп кетті. Әлі хабар жоқ.* ***Мен де осы арада әлі тосып отырмын*** *(БС, 76-т., 346-б.).* Қазақ ертегілерінде мұндай аяқталымдар кездеспейді. Ертекші қазақ ертегілерін аяқтағанда әдетте І жақтан аяқтамайды, өзінің қатысын білдірмейді. Бұл сарын орыс ертегілерінен келген сияқты. Мысалы: *Пришел Ивашко домой, взял у братьев девицу из золотого царства, и стали они жить да быть и теперь живут. Я там был, пиво пил; пиво то по усу текло, да в рот не папало (Гуси-Лебеди. Фольклор для детей от колыбельных до былин, 370)*. Ертегінің соңғы шеніне ертегішінің өзін қатыстырып айтуы – орыс ертегілеріне тән құбылыс. *Той болды, бақытты ғұмыр кешті, мен де сол тойда болдым* – орыс ертегілерінің құйма қалыптары. Жоғарыдағы мысалда ертегішінің *мен де осы арада күтіп отырмын* деген сөйлемінен аяқтауынан екі көршілес халықтың арасындағы байланысты байқаймыз.

Сонымен, ауыз әдебиеті үлгілерінің арасынан таңдап алынған жанрлардың ерекшелігі бастапқы және аяққы шендерінен де байқалатынына толық көз жеткізуге болады деп санаймыз. Байқағанымыздай, фольклорлық мәтіннің басқа мәтіндерге қарағанда біршама өзгешеліктері бар екен.

Мифтік мәтін өте көне дәуірдің белгісі екендігіне көз жеткізсек, ертегілік мәтін, мифтік мәтінге қарағанда, тілдік-стилдік пішімдері берірек қалыптасқан деген тұжырымға келуге болады, ал жырлық мәтіннің жыршыға байланысты әр түрлі аяқталымы болатынын көрдік, оның көркем әдебиетке біршама жақын екендігін білдік. Үш жанрға да ортақ құйма қалып «мақсат-мұратына жету» деген тіркес болды. Байқап қарасақ, ата-бабамыз көне дәуірден бері мақсаты мен мұратын биік қойып, оған әрқашан да жетуді көздеген: я қиялымен, я ісімен. Үш жанрдың мәтінінде де эстетикалық қызмет өте жақсы көрінеді. Бұл фольклорлық мәтіннің тәрбиенің көзі, мәдениетің қайнары екендігін тағы да бір дәлелдей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кольцова Л.М., Лунина О.А. Художественный текст в современной лингвистической парадигме. – Воронеж: Издательско-полиграфический центр Воронежского государственного университета, 2007. – 51 с.

2. Лотман Ю.М. Структура художственного текста. – Москва: Просвещение, 1998. – 288 с.

3. Валгина Н.С. Теория текста: Учебное пособие. – Москва: Логос, 2003. – 280 с.

4. Арнольд И. В. Значение сильной позиции для интерпретации художественного текста / И. В. Арнольд. // Иностр. яз. в шк. – 1978. – № 4. – С. 23-31.

5. Лисовицкая Л.Е. Технология лингвистического анализа художественного текста. Учебное пособие для студентов педагогических специальностей. – Самара: ПГСГА, 2011. – 236 с.

6. Жүнісова М.Қ. Бастапқы және соңғы сөйлемдердің лингвостилистикалық сипаты (әңгіме жанры бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. – Астана, 2009. – 32 бет.

7. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.

8. Есенов К. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 226 б.

9. Қасқабасов С. Ойөріс (Фольклор туралы). – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.

10. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 272 б.

<u>Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар</u>:

1. Мәтінтүзімде бастапқы, аяққы шендердің атқаратын қызметі.
2. Миф пен ертегі жанрындағы мәтіндердің бастапқы, аяққы шендерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары.
3. Эпостық жанрдың бастапқы, аяққы шендерінің сипаты.

1-тапсырма. Бала күніңізден жадыңызда сақталған фольклорлық мәтіндердің бастапқы, аяққы шендеріне бірнеше мысал келтіріңіз. Оларды мағынасына, қызметіне қарай топтаңыз.

2-тапсырма. Мәтіннің бастапқы шендерін мағыналық-тақырыптық жағынан топтап, қызметін анықтаңыз.

1. Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті (*Сауысқан мен көкек*). 2. Әуелі түлкінің құйрығы жоқ еді (*Түлкі мен қоян*). 3. Бұрынғы заманда бір байдың бір ит, бір мысығы бар екен (*Ит неліктен ырылдайды?*). 4. Баяғыда Серікбай деген байдың Ақбай деген жалғыз

баласы болыпты (*Ақбай*). 5. Бір күні Жүсіп өзінің шиті мылтығын алып келе жатса, бір ағаштың басында қарақұс отыр екен (*Жүсіп мерген*). 6. Қырық қарақшының қолбасшысы Қыранқара аспанның аруы Үлпілдекті айттырып алмақшы болыпты *("Жетіқарақшы" мен "Үлпілдек" жайында*). 7. Бисмилла, сиынғаным бір Құдайды, Құдай артық жаратты күн мен айды. Жұрт тыңдап, халайық құлақ салса, Қарабай, сөз қыламын, Сарыбайды. Тағы да сиынғаным бір Құдайды, Құдайсыз айтқан сөзім жарамайды. Келгенше жетпіс беске бала сүймей, Бір мұңдық сөз қыламын Қарабайды (*Қозы Көрпеш өлеңі*).

3-тапсырма. Мәтіннің аяққы шендерінің мәтінтүзімдік қызметін талдаңыз.

1. Ақырында, бір Құдайдың құдіреті, бұл мерген ханнан бай болып һәм хан болып дүниеден қайтты. Мергеннің өз қатынынан бір ұл туды. Әкесінің орнына хан болды. Періден туған бала жас күнінде көз тиіп дүниеден қайтты (*Қарамерген*). 2. Сүйтіп, бала жалмауыз кемпірден аман-есен құтылып, өскеннен соң мықты батыр болып өткен екен (*Алтын топай*). 3. Сонымен Үркер жерде қырық-ақ күн тұратын болып, қыс ұзарып кетіпті (*Үркер, негізінде, жеті жұлдыз екен*). 4. Қозы Көрпеш өлгенде Баянда өлген, Сондай болсын әркімнің алған жары. Қозыке мен Баянның болған жері, Бәйшешектей түрленіп толған жері Құдіретіне Құданың бәрі де оңай, Ғибрат ал бұлардан, ердің ері (*Қозы Көрпеш – Баян Сұлу*). 5. Жауыздарды жылатқан. Оқығандар, жадыңа ал, Жақсылардың сөздері Кетпесін ағып құлақтан. Бұл сөзімді, мінеки, Халқым тыңдап ұнатқан. Еңбек еттім ерлерге, Көремін тағы бағымнан. Жақайымның Бердіңқұлы Шыққан сөз Қарман шайырдан. Берсем деймін баспаға, Өткізіп сын-сынақтан (*Жанқожа батыр туралы*).

4-тапсырма. «Бабалар сөзіне» енген тарихи және ғашықтық жырлардың бастапқы, аяққы шендерін анықтап, тілдік-құрылымдық ерекшелігін талдаңыз. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіңіз.

5-тапсырма. Тарихи аңыз бен топонимдік аңыздың бастапқы, аяққы шендерін анықтап, ерекшелігін сипаттаңыз.

Шақшақ Жәнібектің Тауасар батырға ат қойғаны

Тауасардың әкесі Есенаман баласына ат қойғызарда арғынның шақшақ руынан шыққан қарт Жәнібекті жорықтан келе жатқан жолынан тосып, сәлем беріп, қуанышты көңіл-күйін айтады.

Міне, сол даңқты Шақшақ Жәнібек қареке-байбура руындағы Есенаман байдың тілегіне бар ықыласын беріп, оның үйіне түседі. Қуанышты ата-ана ағынан ақтарылып, адал ниетімен, ақсарбас қойын сойып қарсы алады. Ақ күндікті ана мен айыр бөрікті ата аяулы көретін аруақты батырлары Шақшақ

Жәнібектен:

– Баламызға ат қойып беріп, әруағыңызбен қорғай жүріңіз, – деп тілек етеді.

Ата-ананың қуанышынан жүрегі тебіренген батыр бесікті алып, бесік көрпені ашып, балпанақтай баланы көріп, тебірене бата беріп, бүй дейді:

– Жағаласар жауың көп,
Жауға шапсаң, есер бол!
Ел ішінде дауың көп,
Жұрт алдында көсем бол!
Жабылған жауды жапырып,
Шайқасқанда есен бол!
Жекеге шықсаң желденіп,
Жауыңның басын кесер бол!

Сонан соң бетін сипады да, ата мен анаға қарап:

– Бесігін көтергенде, көңілім толды, балаңыздың аты Тауасар болсын! Бірақ біреулерге атын ататып боқтатпа, ат жалын тартып мінгенде, алған бетінен тоқтатпа! – дейді. Шақшақ Жәнібекті пір тұтып сыйынған ата-ана:

– Әумин! – деп бетін сипайды.

(БС, 87-том).

Айғайқұм

Қазіргі Айғайқұмның орнында сол кезде сортаң сулы көлшік бар екен. Бір күні Қарабайдың жер қайысқан жылқысын айдап келе жатқанда, шөлдеген көп жылқы шұрқырап кеп суға бас қояды. Бір демде сор су ішкен алдыңғы жылқылар қырылып, тау-төбе жемтік

пайда болады. Мұны көріп Қарабайдың өзін жазғырып, қызын бермей кетуінен қорыққан Қодар ақыл таба алмай қол астындағы тоқсан серісіне жалынып жылайды. Осы кезде Қодарға өзінің киелі өнерін көрсетпек болған Қозы көрпеш қолындағы құрығымен көкті осқылайды. Шыр көбелек айналып, ақырып айғайлағанда алай-дүлей боран соғып, зілзала құм құйын тұрады да, әлгі қалың жылқының жемтігінің үстіне лезде заңғар құм төбе орнайды. Сөйтіп, Қарабай жылқының шығынға ұшырағанын сезбей қалады, алайда әлгі құмға жан баласы жуыса болды жылқылардың қым-қуыт шұрқыраған дауысы, Қозы Көрпештің құрығының көкті осқыларындағы гуілдеген үні және Қозының ақырып айғайлағаны сияқты хикметті бір тылсым әуен үзілмей қойыпты. Міне, осылайша бұл құм «Айғайқұм» аталып кетіпті.

(БС, 80-том).

<u>БӨЖ тапсырмалары</u>:

1. Қазақ ауыз әдебиеті жанрлары мәтіндерінің бастапқы және аяққы шендерді лингвофольклортану тұрғысынан талдаудың маңызы. Өз пайымыңыз бойынша тезис жазу.
2. «Фольклорлық мәтіндердің бастапқы және аяққы шендерінің мәтінтүзімдік қызметі»; «Фольклор мәтініндегі формулалық» тақырыптарының біріне реферат дайындау, қорғау.
3. Фольклор жанрларының бастапқы және аяққы шендерінің тілдік көрсеткіштері (тілдік деректер жинау, талдау).

4 ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІ МӘТІНДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ КЕҢІСТІК

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Ертегітанудың лингвистикалық қырлары.
2. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кеңістік мәнді тілдік бірліктердің лексика-семантикалық топтары.
3. Фольклорға тән кеңістікті бедерлейтін «өзімдікі» және «өзгенікі» жіктелісі.

1. Ертегі – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен халық мәдениетінің, рухани мол мұрасының ажырамас бір бөлшегі. Онда әдет-ғұрып, салт-дәстүр, даналық, халықтың білігі, таным-түсінігі көркем тілмен өрнектеліп көрініс табады, сондықтан ертегі көркем тілдің бай қазынасы ретінде танылады.

Ертегі, оның түрлері мен ерекшеліктерін қарастырған әдебиетші ғалымдар С.А. Қасқабасов, Ж.Ә. Аймұхамбет: "… Қазақ хандығы тұсында ертегі жанры фольклордың барлық жанрларымен араласа, біртұтас фольклорлық жүйенің құрамында дамып, көркемдігі жағынан жетіле түсті, сөйтіп өткен XX ғасырға толыққанды ертегілік проза түрінде жетті, сол күйінде жиналып, жарияланып, зерттелді. Соның нәтижесінде бүгінгі шақта ұлттық фольклортану ғылымының тағы бір саласы ертегітану пайда болып, қалыптасты", – деп атап көрсеткендей [1, 100], қазақ тіл ғылымында лингфольклортану саласының кейінгі жылдары дендеп зерттелуіне байланысты ертегінің тілдік-жанрлық ерекшеліктерін анықтау ертегітанудың лингвистикалық бағытын қалыптастыруда маңызды болмақ.

Табиғатынан ауызша сөйлеу формасына жататын ертегілердің лингвостилистикалық, жанрлық сипатын айқындау арқылы ертегінің көркем болмысы, оның тіліндегі ерекшеліктері ашылады. Ертегіні тілдік бірліктердің мағыналық-құрылымдық ұйымдасуынан туындаған көркем шығарма ретінде танысақ, онда мәтіндегі ақпаратты беруде маңызды рөл атқаратын лексика-семантикалық қабатына талдау жасау бірқатар ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді. Оларға *кейіпкер, уақыт, кеңістік, сиқырлы заттар, дене мүше, сан, түр-түс* т.б. атаулардың семантикалық топтарын жатқызуға болады. Бұлардың әрқайсысы мәтін құрылымында өзіне тән қызмет атқара отырып, бір-бірімен тығыз байланыста болады. Мәселен, қиял-ғажайып ертегілерінде кездесетін кейіпкер *пері* зат атауы *аспан* секілді кеңістік мәнін білдіретін лексикалық бірлікпен, *жалмауыз* зат атауы *үңгір* секілді лексемамен мәтінде атқаратын ортақ қызметтеріне сәйкес бірге қолданыс табады.

Сөздердің кейбір семантикалық топтары мәтін құрылымында дербестігімен айрықшаланып, сюжет түзуге қатысады. Оған мәтіннің семантикалық парадигматикасын сипаттайтын кеңістік мәнді тілдік бірліктерді де жатқызуға болады [2], себебі баяндалатын оқиға қандай да бір кеңістікте орын алады және мәтіннің динамикалы қозғалысы бас қаһарман – мерген, кенже бала, ержүрек батырдың және басқа да кейіпкерлердің «басқан ізімен» ілесе жүзеге асады. Қиял-ғажайып ертегілерінде бас қаһарманның «өзінің» не «өзгенің» кеңістігінде орналасуына қарай оқиға да не жағымды, не жағымсыз арнада өрбіп баяндалады. Демек, қиял-ғажайып ертегілеріндегі кеңістік мәнді тілдік бірліктер оқырманға, тыңдаушыға хабардың қандай бағытта өрбитінінен ақпарат бере отырып, мәтіннің кейінгі бөлігіндегі

мазмұнды қабылдауға алдын-ала дайындап, прагматикалық әлеуетті бірлік ретінде де танылады.

2. Қиял-ғажайып ертегілерінде кездесетін кеңістік мәнді тілдік бірліктерді төмендегідей лексика-семантикалық топтарға жіктеуге болады:

І. Жер бедеріне қатысты атаулар:

А) Жер үстін білдіретін тілдік бірліктер: *жол, тас жол, дала, тау, тау шыңы, құз, тас, төбе, жазира, арал, сахара, шөл, ағаш (алма ағаш, емен ағаш), орман, тоғай* т.б. Мысалы: *... Ақбай қыздың еліне баруға жолға шығады* (БС, 74-т., 16-б.). *Ертеңіне хан Серікті далаға ертіп шығады* (БС, 74-т., 24-б.). *Бір күні Сұрмерген екеуі судың шетіндегі алма ағаштың түбінде отырса, баяғы үш марал келіп, ...* (БС, 74-т., 21-б.).

Ә) Жер астын білдіретін тілдік бірліктер: *жер (асты), үңгір, шұңқыр* т.б. Мысалы: *Енді бес қызын хан жерге көмеді* (БС, 74-т., 24-б.). *Қатынның ізі сол үңгірге кіріпті* (БС, 74-т., 10-б.). *... мылтығы тиетұғын бір шұңқырда жасырынып жатты* (БС, 74-т., 10-б.).

Б) Су әлеміне қатысты тілдік бірліктер: *бастау, өзен, бұлақ, теңіз, су* т.б. Мысалы: *Бірнеше күн жүріп тауға келгенде, Ақбай жүгін түсіріп, таудың етегіндегі бір бұлақтың басына келіп, отауын тіктіреді* (БС, 74-т., 19-б.). *Қарақұс аспанға шарықтап, бір теңіздің үстіне келе бергенде Жүсіпті тастап жібереді де, суға жақын келгенде іліп әкетеді* (БС, 74-т., 23-б.).

В) Аспан әлеміне қатысты тілдік бірліктер: *аспан, көк.* Мысалы: *Жүсіп Қарақұсқа мініп, аспанға ұшады* (БС, 74-т., 23-б.). *... үстіне мінгенде ат көкке ұшады* (БС, 74-т., 23-б.) т.б.

Г) От әлеміне қатысты тілдік бірліктер: *өрт, от.* Мысалы: *Екінші рет жанып жатқан өрттің үстінен тастап жіберіп, отқа жақын қалғанда іліп әкетеді* (БС, 74-т., 23-б.).

ІІ. Елді-мекен түрлерін білдіретін атаулар: *ел, ауыл, мемлекет* т.б. Мысалы: *Ақбай қыздың қойған шартын орындайтын болып, үш ай ұлықсат алып, қырық жігітімен еліне қайтты* (БС, 74-т., 15-б.). *Ақбай ... қыздың ауылына келеді* (БС, 74-т., 15-б.). *Бір заманнан соң патша айтқан мемлекетке де түнде барып жеткен* (БС, 74-т, 29-б.).

ІІІ. Құрылыс, ғимаратқа қатысты тілдік бірліктер.

А) Құрылыс атаулары: *үй, отау, ақ отау, қора, сарай, мұнара, хан ордасы* т.б. Мысалы: *Алыстан келген қонақ деп, Ақбайларды да осы қырық қыздың отауына түсіріпті* (БС, 74-т., 15-б.). *Серік ертеңіне хан ордасына келсе, ханның басы көкпеңбек болып ісіп кеткен екен*

(БС, 74-т., 24-б.).

Ә) Құрылыстың, ғимараттың құрамдас бөліктері мен жабдық атаулары: *есік, бақша, албар, дуал* т.б. Мысалы: *Патша қызы бақшаға шыққан* (БС, 74-т., 30-б.). *Нақ түн ортасында ақ тастан істеген албардың қасына келеді* (БС, 74-т., 29-б.). *Үш күннен бері аш ит адамдар бір нәрсе бере ме екен деп, құйрығын бұлаңдатып, еркелеп есіктен қарапты* (БС, 74-т., 17-б.).

ІҮ. Кеңістіктегі бағыт-бағдарды білдіретін сөздер: *кейін, алды, сырты, іші, соңы, қасы, жаны, асты, шеті, бір шетке, ар жағы, түбі, басы, үсті, ортасы, жақын, етек, бауыр, бір жақ, оңға, оң жақ, тура* т.б. Мысалы: *Ақбай кейін шегіне бергенде, қыз бір уыс топырақты Ақбайдың бетіне шашып жіберіпті* (БС, 74-т., 16-б.). *Жүре алмай, жылап отырған Жүсіптің қасына бір мыстан кемпір келіпті...* (БС, 74-т., 23-б.). *Үшінші күн болғанда бұған бір жақтан келіп бір сұр қасқыр жолықты* (БС, 74-т., 27-б.).

Жинақталған тілдік деректер қиял-ғажайып ертегілерінің кеңістік масштабы өте ауқымды екенін және кеңістік элементтері көлдеңінен де (*дала, бақша, сарай* т.б.), тігінен де (*үңгір, шұңқыр, аспан т.б.)* орналасатынын дәйектейді. Бұл тілдік бірліктер көп өзгеріске ұшырамай әрбір ертегі сайын қайталанып отырады. Сөйтіп, ертегі мәтіндерінің кеңістік мекеншақтық ұйымдасуында қолданылатын тілдік бірліктер авторлы мәтін түрлерінен ерекшеліниіп, өзіндік ертегіге тән тілдік аяны түзеді.

3. Фольклордың әлемдік бейнесі фольклорға тән кеңістікті бедерлейтін көркем бейнелі тілі арқылы көрінетінін ескерсек, ертегіде бейнеленетін болмыс мифтік әлеммен және дәстүрлі халық мәдениетінің ежелгі архаикалық кезеңдердегі әлемді қабылдау сипатымен бірге өріліп беріледі. Мысалы: *Осы ағаш жанында үш жол бар: оңға, солға, тура*. *Оң жақтағы жолға түссең, атты болса аты өліп, өзі саламат қалады*. *Ағаштан сол жаққа кетсе, ол кісі өліп, аты қалар. ... ағаштан оң жаққа қараған жолға түсіп жүріп кеткен* (БС, 74-т., 27-б.).

Оң жақ – қазақтың таным-түсінігінде жақсылық, сол жақ – жамандық мәнінде ұғынылатыны «*Алтын құс пен сұр қасқыр*» ертегісінің мазмұнында анық көрініс тапқан. Себебі бас кейіпкер оң жақтағы жолға түсіп, барлық кедергілерден аман-есен өтіп, тілектері орындалып, түбінде бақытқа кенеледі. «Оң – теріс» жұбы мифологиялық танымен тығыз байланысты болғандықтан, «жақсы – жаман» мәнінде өзге халықта да кездеседі. Бұған Ж. Вандриестің:

«Көпшілігінде сол жақ магиялы, шақыруға болмайтын тылсым күштерді білдіреді. Осымен байланысты сол ұғымын білдіретін сөздерді айтуға тыйым салынған», – деген пікірі [3, 206] немесе Г. Вейльдің оң мен солды жақсылық пен жамандық ұғымының мифологиялық символдары ретінде тануы [4] дәлел бола алады.

Барлық халықтың қиял-ғажайып ертегілерінде қарама-қарсылыққа толы әлем бейнеленеді. Ол қиял-ғажайып ертегі жанрына ортақ, оның әмбебаптығын көрсететін сипаты болып есептеледі. Фольклорлық дәстүрге сәйкес қиял-ғажайып ертегілерінде қазақ фольклорының басқа жанрлары секілді «өзімдікі», «өзгенікі» жіктелісі орын алып, ертегіде ол алдыңғы орынға шығады. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кеңістік мәнінің «өзімдікі» және «өзгенікіне» бөлініп қарастырылуын ертегідегі бас кейіпкермен, оның қозғалысымен байланыстырып талдауға болады. Мәселен, *жер, жер үсті* – «өзімдікіне», *жер асты, көк (аспан), су* – «өзгенікіне» нұсқайтын тілдік құралдарға жатады. Аталған тілдік бірліктердің астарында адамның қоршаған әлемді қабылдаудағы мифтік таным-түсінігі жатыр.

«Фольклордың жалпы заңдылығына сәйкес қазақ ертегісі бұл кеңістікті нақтылап, деталдап суреттеп жатпайды, тек бұл кеңістіктер құпиясы мен қатері мол, тылсым әлем екенін ғана айтады. Жалпы, кейіпкердің өткен кеңістіктері – тек қазақ жерлерінің ғана рельефі емес, ол фантастикалық түрде көрсетіледі, ал бұл – фольклорға тән қиял мен әсірелеудің жемісі» [1, 112-113].

Кеңістік мәнді бірліктердің «өзімдікі» не «өзгенікі» тобына енетінін айқындауда контекст маңызды қызмет атқарады. Мысалы: ... *иісі жұпар қалампыр сасып тұрған бір жақсы <u>жазира</u> екен* (БС, 74-т., 9-б.). Кейде кейіпкерге бейтаныс өзге дүние ерекше әсемдікпен бейнеленіп, кейіпкерді сұлулығымен баурап, өзгенің емес өзінің ортасындай қабылдауға ықпал етеді. Бұдан қиял-ғажайып ертегілеріндегі «өзгенің» кеңістігі үнемі қорқынышқа толы, сұрықсыз келмейтіні аңғарылады. *Жазира* сөзі қазақ танымында жағымды ақпарат беретін лексема болып саналады. Бірақ жанға жайлы жазира алқаптан бір қатер келерін тыңдарман (оқырман) бағамдай алады. Себебі ертегінің мағыналық құрылымында көптеген қауіп-қатер, неше түрлі кедергі осындай жағымды, әсерлі бейнеленетін жерлерде, мекендерде жүзеге асатын тұстары молынан кездеседі. Оған «Қарамерген» ертегісінде қатын кейпіндегі *«бір зияндас неменің»* осындай *бір жақсы жазиралы* өлкеде ұшырасып, түнде мергенді өлтіруге келетінін мысалға келтіруге болады (БС., 74-т, 10-б.).

Классикалық қиял-ғажайып ертегілерінде бас қаһарман өз мекенінен жырақтағы басқа жерге аттанады (не ол мәжбүрлі түрде кетеді), ол жерден түрлі тапсырмаларды орындау үшін тағы өзге кеңістікке орын ауыстырады, қойылған талап-тілектерді орындап жүрген жолымен кері оралады. Мысалы: *Ұшарда Ақбайға: "Сен Бибісараның еліне күндіз барма, түнде бар, күндіз барсаң, біліп қояды", – деп тапсырады* (БС, 74-т., 17-б.). *Бір елдің шетіне келіп, жерге түскен дәнді теріп жеп жүріп, торғай бір күні балалардың тұзағына түседі* (БС, 74-т., 18-б.). *Содан кейін екеуі жүзікке мініп ұшып, әуелі Сұрмергеннің еліне келіпті, одан соң Ақбай еліне жетіпті* (БС, 74-т., 22-б.). Осы ертегідегі негізгі кейіпкер Ақбай үшін *Бибісара елі* немесе *бір елдің шеті, балалардың тұзағы* «өзгенің», ал *Ақбай елі,* досы *Сұрмерген елі* тіркестері «өзінің» кеңістігін білдіруде жұмсалады.

Қиял-ғажайып ертегілерінде оқиға белгілі бір дәрежеде тұйықталған кеңістікте өрбиді, себебі бас қаһарман шыққан нүктесіне бір уақыттардан кейін қайта оралады. Мысалы: *Үйіне келіп, атқан аңның терісін, мүйізін сатып бұрынғыдан он есе пайда көрді* (БС, 74-т., 12-б.). «Өзімдікі» деп саналатын *үй* лексемасы адамның тұратын мекенжайы ғана емес, ол – «өз әлемінің орталығы, тұйықталған, оны қорғайтын кеңістік, оған қоса үйден шығу арқылы сыртқы әлеммен байланыс орнатуды қамтамасыз ететін орта ретінде танылады» [5, 10].

Ғалым В.Н. Топоров «Кеңістік және мәтін» атты зерттеуінде қаһарманның жүріп өткен жолын мифопоэтикалық және діни әлем моделінде кеңістіктің сакралды орталығына бағытталған қозғалыс, яғни басы мен аяғы бар қозғалыс ретінде бағалайды. Ал жолдың аяғы, кеңістіктегі соңғы нүкте – басты, күшті аймақ, себебі оған кедергілерді жеңгенде ғана жетуге болады. Осы соңғы нүктеде аса киелі құнды нәрселер орналасады және қауіп-қатер ауылы алыста қалып, жақсылыққа бастайды, сонымен байланысты адам хан, батыр атанады т.с.с. [6].

Қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде кеңістік ұғымын білдіретін құралдардың басты мағыналық ерекшелігіне – олардың жалпы мәнде жұмсалуын атап өтуге болады. Кеңістік атауларында жалқыдан гөрі жалпылық мән басым. Белгіліден гөрі белгісіздік мән көбірек ұшырасады. Ол кеңістік мәнді сөздерге *бір* белгісіздік есімдігінің тіркесуі арқылы вербалданады: *бір үлкен үй, бір үлкен тау, бір бастаудың басы, бір жақсы жазира, бір бел, бір шұңқыр, бір үңгір тас, бір жақ, бір өзен т.б.* Ертегі мәтінінде *бір* белгісіздік есімдігі

қайталанып жұмсалу арқылы баяндалып отырған оқиғаның қабылдаушысынан тысқары бір бөтен, бөлек әлемде жүзеге асқанындай етіп мазмұндауда және соған тыңдарманын иландыруда ерекше қызмет атқарады. Мысалы: *Мерген сығалап қарап тұрса, қатын аяңдап <u>бір белді</u> асып кетті. Ойлады: «Мұның еркегі бар шығар, <u>бір жақтан</u> келіп қалар!» – деп атына мініп жүріп кетті* (БС, 74-т., 10-б.). ... *<u>Бір жерде</u> есік ашылды, бір нәрсе, мергеннің мойнындағы мылтығы алынды* (БС, 74-т., 12-б.).

Сонымен, ертегілердегі оқиға бас-аяғы бар, тұйықталған кеңістікте баяндалып, біртұтас мәтіннің семантикалық құрылымын түзеді. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кеңістік ұғымын білдіретін тілдік құралдар арасында фольклорлық дәстүрге айналған сөздер мен сөз тіркестері де көрініс табады. Кеңістік мәнді тілдік бірліктер қиял-ғажайып ертегілеріне ортақ болып келеді. Бұл – фольклорлық мәтіннің ішкі болмысын ашумен қатар ертегілердің көркем жүйелі тілін сипаттайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. Қазақ фольклоры. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Астана, 2016. – 222 б.
2. Цивьян Т.В. К семантике пространственных элементов в волшебной сказке (на материале албанской сказки) // Типологические исследования по фольклору. Сборник статей памяти В.Я. Проппа. – Москва: «Наука», 1975. – С. 191-214.
3. Вандриес Ж. Язык: лингвистические введение в историю. – Москва, 2004. – 410 с.
4. Вейль Г. Симметрия. – Москва, 2007. – 194 с.
5. Цивьян Т.В. Лингвистические основы балканской модели мира. – Москва: Наука,1990. – 207 с.
6. Топоров В.Н. Пространство и текст // Текст: семантика и структура. – Москва, 1983. – С. 227-284.

<u>Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар</u>:

1. Ертегі жанрының лингвистикада зерттелуі туралы.
2. Фольклорлық мәтіндегі кеңістік пен авторлы көркем мәтіндегі кеңістіктің арақатынасы.
3. Фольклорлық мәтіндегі тұйықталған кеңістік ұғымы.

1-тапсырма. Кеңістік мәнді тілдік бірліктерді лексика-семантикалық жағынан топтастырыңыз.

1. Оны жаулары аяқ-қолын кесіп, өлтірмей, өзенге, суға тастап жібереді (*Көк Бөрі*). 2. Жаңағы ит жігіттердің соңынан қалмайды, үйге кірсе, үйге кіреді, далаға шықса, далаға шығады, арсылдап үріп қояды (*Ақбай*). 3. Сазды көлдің маңын мекендеген бір тайпаны тұтқиылдан жау шауып, қызыл қырғынға ұшыратады да, тек он жасар ұл бала ғана тірі қалады. Жаулар оны кішісініп өлтірмей, аяғын кесіп, көл басына тастап кетеді (*Сазды көлдің маңын*). 4. Мергенге маралдар осы бәйітті айтты да, таудың ең биік шыңына қарай өрлеп кете барады (*Ақбай*). 5. Кәртейіп, жасы жеткен соң, бір таудың үңгірін мекен етіпті (*Жалаңаш баба*). 6. Үш шарттың бұзылғанын білген ару, қайтадан аққу кейпіне келіп, көкке ұшып кетеді (*Аққу-арулар туралы*). 7. Үшінші рет құздың үстінен тастайды да, тасқа жақын қалғанда қағып әкетеді (*Жүсіп мерген*). 8. Ертеңіне тағы бір кеш жүрген, алдынан тақыр шөл кездескен (*Алтын құс пен сұр қасқыр*). 9. Біз келген жолмен қайтып, жол үстіндегі емен ағаш түбінде мені күтіп тұр (*Алтын құс пен сұр қасқыр*). 10. Аюдәу құдық-зынданның о шетіне бір, бұ шетіне бір соғылып, қайтадан жер астына түсті енді қайтып жер бетіне шықпайтын су түбіне сіңген қара тастай боп (*Аюдәу*). 11. Содан кейін жалмауыз патшадан қашып, ала бұлтқа мініп, аспанға шығып кетіпті (*Байғыз*). 12. Біз құлындарды соңымыздан ертіп отырып, манағы от дариясынан тікелей өте алмаймыз, айналып жүруіміз керек (*Керқұла атты Кендебай*). 13. Жалғыз көзді дәу тұлпарынан түсіп, сарайда бөтен иістің бар екенін сезіп, жалғыз көзі отша жайнап: «Кім бұл менің сарайымды иемденген, қазір көзіңді құртайын?!» – деп айғай салады (*Жалғыз көзді дию*).

2-тапсырма. Қазақ ертегілеріндегі «оң жақ», «сол жақ» кеңістікте өрбитін оқиға ерекшелігін халықтың танымымен байланыстырып түсіндіріңіз.

Күн астындағы Күнікей қыз

(ертегіден үзінді)

Ақ сақалды шал:

– Осы бетіңмен жүре бер. Бір жерлерге барғанда биік тауларға кездесесің. Таудың бауырынан бір қоян қашар, сен сол қоянды қуа бер, ол қоян барып бір жердің үңгіріне кірер. Сонда ол сол жақтағы үңгірге

кірер, сен оң жақтағы үңгірге кір. Сонда қырық ұрыға кездесерсің, олар сені «өлтіреміз» дер, сонда сен: «Мен әп-сәттің ішінде ет пісіре аламын», – де. Сол уақытта қырық ұры саған ет пісіртіп, қарап тұрар. Сен етті қазанға салып, мына кездікпен түртіп қалсаң, ет өзінен-өзі пісіп шығады, – деп балаға бір күміс сапты кездік береді. – Сонымен бірнеше күнге дейін сонда ет пісіруші болып жүресің. Қырық ұры сені үңгірге тастап, өздері сыртқа шығады. Сол уақытта түкпірдегі бір ақ сандыққа көзің түсер. Сол ақ сандықты ашсаң, ішінде бір көк сандық, бар, соны ашсаң, ішінде қағазға ораулы дәріні көрерсің. Сол дәріні ал да, пісулі тұрған етке сал. Сол уақытта қырық ұры кезек-кезек келіп, есік алдында өле береді. Сонан кейін сол үңгірдің ішін аралап жүрсең, іздеген алтын ағашың сонда тұрар. Сен сол арада дәрет алып, екі парыз намаз өте де алтын ағаштың бұтағынан қысып, қолыңмен ұстарсың. Екі аяғыңмен ағаштың түпкі тамырын басып, екі көзіңді жұмсаң, сонда таң ата ханның есігінің алдына ағаш өзі келіп орнар, – дейді.

Бала шалдың айтуымен жүріп келе жатса, таудың үңгірінен бір қоян қашады. Бала қашқан қоянды қуа береді. Қоян бір жердің үңгіріне кіреді, бала да кіріп кетеді. Айтқанындай, үңгірде екі тесік кездесіп, қоян сол жақтағы үңгірге кіріп кетеді, бала оң жақтағы үңгірге кіріп кетеді.

Үңгірдің ішіне кіріп келсе, балаға қырық ұры кездеседі. Бұлар баланы өлтірмекші болады. Сол арада бала лезде ет пісіре алатынын айтады. Бала етті қазанға салып, баяғы шал берген кездікпен етті түртіп қалғанда, ет өзінен-өзі пісіп болады.

Сонымен олар баланы өлтірмейтін болып, ет пісіруге қояды. Бала бірсыпыра уақыт сол қырық ұрыға ет пісіріп жүреді. Бір күндерде бала ұйықтап жатса, бүйірінен баяғы ақ сақалды шал түртіп: «Етке тойған соң, ұмыттың ба?» – дейді. Бала оянса, түсі екен. Сол арада ойлап тұрса, баяғы шалдың айтқандары есіне түседі, жан-жағына қарайды. Шал айтқанындай, бір бұрышта ақ сандық тұр екен. Жалма-жан кілтті іздеп тауып алып, ақ сандықты ашса, ішінде көк сандық бар екен. Оның ішін қараса, қағазға ораулы дәріге көзі түседі. Бала дәріні алып ұрылардың сыртқа шығуын аңдиды. Бір күндері қырық ұры тесігінен сыртқа шығады. Бала жалма-жан етті пісіреді де, дәріні етке шашып жібереді. Сол арада қырық ұры бірінен соң бірі, кезек-кезек есік алдына келіп, топырлап өле береді. Бала жан-жағына қарап, үңгірдің ішін еркіндікпен аралап жүрсе, жер астында жалғыз өсіп тұрған ағашты көреді. Сол арада алтын ағашты қолымен мықтап ұстайды да, екі аяғымен түпкі тамырын басып, екі көзін жұмады.

Бала көзін ашып қараса, таң сарғайып атқан, алтын ағаштың хан есігінің алдында тұрғанын бір-ақ көреді.

Таңертең хан уәзірлерімен алтын ағашты көреді. Бұрынғы бұрынғы ма, ханның салтанаты тіпті артып кетеді. Алтын қанатты тақтың үстінде алтын мүйізді шұбар киік ойнап тұрады.

(БС, 74-том).

3-тапсырма. Фольклордағы «жер асты», «жер үсті», «көк аспан» қарым-қатынасының мәтінтүзімдік қызметін анықтаңыз.

Жайық мерген

Баяғы заманда атқан оғы жерге түспейтін Жайық деген мерген болыпты. Жайықтың атқан оғынан бірде-бір аң-құс қашып құтыла алмапты. Содан соң бүкіл аңдар мен құстар жиналып: "Жайық біздің бәрімізді құртатын болды" деп, Тәңірге жылапты. Тәңірі Жайықты көртышқанға айналдырып, жер астына көміп тастапты да: "Жер бетінде жөншілікпен өмір өткізбедің, енді жер астында жатып, тамыр-түбірлерді кеміріп, қорек ет!" депті. Содан бері Жайықтың тұқымы көр тышқан болып, жер астында өмір сүреді екен.

(БС, 78-том).

Диқан баба

(мифтен үзінді)

Сонау-сонау атам заманда, адам жаңа адам болып келе жатқанда, аспан ата мен жер ана "Жан бергенге дән беріп" жан біткенді жарылқап, Диқан баба жыл сайын жаңбыр орнына арпа-бидай, қар орнына аппақ ұн жаудырып отырған екен. Сонан соң егін бейне жердің шөбі сияқты жыл сайын өзі өніп-өсіп, мезгілімен пісіп тұратын болыпты. Ол замандағы ел-жұрт "сенікі-менікі" демей дайын астықты жинап алып, шетінен жей береді екен. "Ашаршылық" дегенді білмейді екен. Бір жылы егін аққұла қалың шығыпты да, орасан аста-төк болып, ішуге ауыз, қоярға жер табылмапты. Мұндай молшылықты көтере алмай мейманасы тасыған адамдар: "Диқан баба, биылдан көп беріп, қиқаңдама" деп кепият сөздерді айтыпты. Көл-көсір астықты аяқ асты етіп, қорлапты.

Бұл оспадарлыққа өкпелеп, шамданған Диқан баба үш жыл ұдай теріс қарап: "Ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін жазаңды" депті де көктен жаудырғанды қойып, жер бетіне бір түбір дән өсірмей тастапты. Ашаршылыққа тап болып, тентіреген жұрт Диқан бабаға

қайтадан жалынып-жалбарыпты, шұбырып алдына барып, аяғына жығылып, кешірім сұрапты. Алдына келіп, аяғына жығылған жұрттың білместігін кешірген Диқан Баба оларды қайта есіркепті. Бірақ бұрынғыдай аспаннан арпа-бидай, ақ ұн жаудырмай, оның орнына жазда жаңбыр, қыста қар жаудырып: "жауын-шашынның суына өздерің егін егіп, тер төгіп, керектеріңе қарай қоректеріңді алып отырыңдар" – депті.

(БС, 78-том).

4-тапсырма. Топонимдік аңыздың семантикалық құрылымындағы кеңістіктің берілу жолдарын талдаңыз.

Ақшатау

(І-нұсқа)

Күз мезгілі еді. Кернейден шыққан Есей батыр тобына ілесіп Жидебай да жол жүреді. Ұзақ жол жүріп, шаршаған топ бір жерге келіп ат басын шалдырады. «Ел арасында қандай жау бар дейсің?» деп, Есей мен Жидебай бастаған қырық жігіт қаннан-қаперсіз ұйқыға кіріседі. Ұйқылары қанған жігіттер ертесімен оянса, оздерінің жаяу қалғандарын бірақ біледі. Бұған намыстантан Есей батыр:

– Мынау бетке шіркеу, сүйеке таңба болды-ау, мен із кесіп жауды қуамын, – дейді. Сонда жас Жидебай:

– Мен де сізбен бірге барамын, – деген екен Қарындары ашып, шөлдеген екеуі кешкі мезгілде төбешік үстінде тігулі тұрған ақша отауды көрген. Отауға кірсе ешкім жоқ, дастархан жаюлы тұр екен. Екеуі сол жерде ауқаттанып, естерін жиып, жауды қуа кеткендерді күтеді. Ақша отаулы жерді «Ақшатау» деп атап кеткен.

(БС, 80-том).

5-тапсырма. Тарихи жырлардағы батырлардың қозғалысын анықтап, ертегі жанрындағы «өзімдікі/өзгенікі» кеңістік көріністерімен салыстырыңыз.

БӨЖ тапсырмалары:

1. Фольклорлық мәтіндердегі «Үй» концептісінің тілдік репрезентациясын айқындау (1 жанр бойынша).
2. Фольклорлық мәтіндердегі «Жол» концептісінің тілдік репрезентациясын талдау (1 жанр бойынша).
3. Цивьян Т.В. Движение и путь в Балканской модели мира. Исследования по структуре текста. – Москва, 1999. – 376 с. еңбегімен танысу, конспектілеу.

4. Қазақ фольклорлық мәтіндерінің кеңістік моделіне салыстырмалы талдау (салыстыруға 2 түрлі жанрдан 1 мәтіннен алу).

5 ЕРТЕГІ МӘТІНДЕРІНДЕГІ УАҚЫТ МЕЖЕСІНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Мәтіннің денотативті құрылымын түзуші уақыт категориясы.
2. Уақыттың семантикалық құрылымы.
3. Ертегі мәтініндегі экологиялық, ситуациялық, тарихи уақыт межесінің берілу жолдары.
4. Ертегідегі уақыт категориясының сипаттары.

1. Мәтінде баяндалатын оқиға белгілі бір кеңістікте, белгілі бір уақытта өрбиді. Кеңістік қоршаған орта, табиғат, заттар дүниесі арқылы, ал уақыт түрлі оқиғалардың дамуымен, олардың ізбе-із орындалуымен байланысты көрініс табады. Уақыт – мәтіннің денотативті кеңістігін түзуге қатысатын міндетті атрибуттардың бірі. Мәтіндегі уақытты екі тұрғыда қарастыруға болады. Біріншісі – мәтінде баяндалған жағдайдың қай кезеңге сәйкес келетіні. Ол нақтылы шынайы бір кезеңмен сәйкес келуі де, сәйкес келмеуі де мүмкін. Мәселен, тарихи шығармалар тарихи оқиғалармен байланысты нақты бір кезеңмен байланысты болса, фантастикалық туындылар шынайы емес, бірақ өткен не болашақтағы беймәлім бір мезгілге қатысты оқиғаларды баяндаумен ерекшеленеді. Ертегідегі уақыт нақты емес, көркем қиялдан туындаған фольклорлық не фантастикалық уақыт межесіне сәйкес келеді. Екіншіден, уақытты нақты бір мәтіндегі оқиғаның қай кезде орындалғанын не жүзеге асатынын көрсетіп, мәтіннің семантикалық құрылымын дамытуға қатысатын категория ретінде тануға болады. Мәтіндегі уақыттың екі жақты сипаты бір-бірімен тығыз байланысты. Шығармадағы жекелеген оқиғалар өрбитін мезгілдік өрім тұтаса келе, жалпы мәтіндегі уақыттан хабар береді.

Қаламгер-зерттеуші А. Сейдімбектің қазақтың таным-түсінігі, көшпелі өмір салты тұрғысынан уақыт пен кеңістікке қатысты айтқан этномәдени пайымдауының осы категорияны айқындауда өзіндік орны бар. А. Сейдімбек көшпелі қазақ халқының уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінігі екі түрлі меже, біріншісі – мифтік уақыт пен кеңістік, екіншісі – нақтылы уақыт пен кеңістік арқылы өлшенетінін атап өтеді.

Зерттеушінің: «Осынау екі түрлі меженің сыртында уақыт пен кеңістікке қатысты фольклорлық меженің де болатынын да айта кету керек. Алайда мифтік меже мен нақтылы меже халық санасында әлеуметтенген қасиетімен ерекшеленсе, фольклорлық меже өмір шындығынан тыс тұрады. ... уақыт пен кеңістік туралы фольклорлық межені «әдеби» қиялдың ғана жемісі деуге болады. Яғни, фольклорлық шығармалардағы «алты күнде жүріп, алпыс күнде атқа мініп, алты айшылық жолды алты-ақ аттап өтетін» кейіпкерлердің өзіне ғана тән уақыт пен кеңістік межесі бар», – деген пікірінен ертегілердегі уақыт пен кеңістіктің өзіндік ерекшелігі болатыны және фантастикалық сипатты иеленетіні ұғынылады. Ал «есте жоқ ескі заманда», «ерте-ерте ертеде», «баяғыда», «бұрынғы өткен заманда» т.б. тілдік бірліктер қолданысы дүние-тіршіліктің алғашқы жаратылысы туралы таным-түсінікпен байланысты қарастырылып, мифтік межеге жатқызылады [1, 196].

2. А. Сейдімбек қазақтың нақтылы уақыт туралы дәстүрлі таным-түсінігін төртке топтастырады. Атап айтсақ, біріншісі – экологиялық уақыт, екіншісі – генеологиялық уақыт, үшіншісі – ситуациялық уақыт, төртіншісі – тарихи уақыт. Академик Ә. Қайдар қаламгердің этнопайымдауларын басшылыққа ала отырып, этнолингвистикалық сөздікте экологиялық, ситуациялық, тарихи уақытты білдіретін тілдік бірліктерді мағыналық жағынан саралап, этимологиялық, лексика-семантикалық түсіндірмесін береді [2, 136-195].

Уақыттың семантикалық құрылымы мезгіл, мерзім ұғымына қатысты лексикалық бірліктер, етістіктің шақ категориясы, сөйлемнің грамматикалық құрылысы арқылы айқындалады. Ертегілердегі уақыт мифтік, қиял-ғажайыптық, фантастикалық сипатымен ерекшеленетіндіктен, осы категорияны құрайтын тілдік бірліктердің мәтінде қолданылуында өзгешеліктері бар. Мәселен, ертегі есте жоқ ескі заманда болған жайттарды баяндағандықтан, өткен шақ грамматикалық категориясының мәтін түзудегі қызметі артады. Соның ішінде өте ертеде жүзеге асқан әрекеттерді мазмұндауда ертегі мәтіндерінде бұрынғы өткен шақ жасайтын көсемшенің *-ып, -іп, -п*; есімшенің *–ған, -ген, -қан, -кен* жұрнақтары белсенді қолданылады. Мысалы: *Сонан түлкі жолбарысқа ілесіп жолға <u>шығыпты</u>. Олар жүре-жүре бір жыныс орманға <u>келіпті</u>. Орман ішін сүзіп шықса да, оларға бірде-бір жабайы сиыр <u>кезікпепті</u>. Сонан олар тағы да біраз жол <u>жүріпті</u>. Олар жүре-жүре бір өзенге <u>жетіпті</u>* (БС, 73-т., 136-б.). *Ерте заманда Абдол деген бір кедей <u>болыпты</u>, кәсібі етікшілік*

екен (БС, 76-т., 204-б.). *Ертеде қазақ намазды, намаз оқуды білмейді екен. Тек намаз деген болады деп есітеді екен, соны үйренсек деп, аңыз қылысады екен* (БС, 77-т., 190- б.).

Көркем мәтіндегі уақыт категориясын зерттеген И.Р. Гальперин пайымдауынша, шақ түрлерінің мәтінде атқаратын қызметтері әр түрлі. «Өткен шақ келер шаққа қарағанда, қабылдаушыға жақынырақ әрі түсініктірек... Мәтінді тудырушы көркем бейнелілік арқылы өткенді бүгінгідей әңгімелейді. Қабылдаушы орын алған оқиғаларға куә болады және оларды бақылай да алады» [3, 92]. Соның нәтижесінде өткен шақ арқылы ертекші қиялдан туындаған оқиғаны нанымды, сенімді түрде жеткізеді.

3. Лексика-семантикалық деңгейде экологиялық уақыт жыл мезгілдеріне, маусымдық табиғат құбылыстарына, тәулік кезеңдеріне қатысты ұғым-түсініктерді қамтиды. Ертегілерде осылардың ішінде *жыл мезгілдері атаулары* мәтіннің уақыт кеңістігін түзуде сирек жұмсалады. Ертегіде баяндалатын оқиға жыл мезгілдерімен байланыстырылмайды. Себебі ол мәтіндегі оқиғаның дамуына ешбір әсерін тигізбейді. Ертегінің баяндау қабаты негізінен әңгімелеуге құрылғандықтан, шиеленіскен оқиғалардың, сюжеттердің бірін-бірі алмастыруы басты орынға шығады. Жыл мезгілдерін, оларға тән белгілерді жазба көркем әдебиеттегідей сипаттайтын тұстар кездеспейді. Ертекті баяндаушы үшін де, қабылдаушы үшін де оқиғаның қандай жыл мезгілінде жүзеге асқаны маңызды емес, оқиғаның қалай өрбіп дамитыны және немен аяқталатыны өзекті. Бұл – ауызша таралатын ертегілердің жанрлық сипатымен байланысты ерекшелік. Ауызша қабылданатын мәтінде уақытты тежейтін, сюжетті дамытпайтын сипаттаудан гөрі, белгілі бір уақыт аралығында өрбіп, дамитын оқиғалардың сөз болғаны ұтымды. Сондықтан маусым атаулары ертегі мәтінінде ішінара кездеседі. Мысалы: *Жаздың шілде ыстық күні екен* (БС, 74-т., 355-б.).

Ертегі құрылымында жыл мезгілдеріне қатысты атаулар уақыттың циклдік сипатын беруде көрініс табады. Мысалы: *Жаз кетсе – қыс келіп, қыс кетсе – жаз келіп* (БС, 74-т., 9-б.). Бұл сөйлемде уақыттың нақтылығы айқын емес, себебі неше жаз неше қыс ауысқаны айтылмайды, бірақ өте көп уақыттың, бірнеше жылдың өткенінен хабар береді. Контексте *жаз* бен *қыс, кету* және *келу* сөздерінің ертекші тарапынан антонимдік оппозицияда қайталанып жұмсалуы мәтінге ерекше экпрессия үстейді. Осы мысал, біріншіден, табиғат заңына сәйкес жыл мезгілдерінің үнемі ауысып келуінен, циклдік

сипатынан хабар береді, екіншіден, уақыттың зымырап, тоқтаусыз өтіп жатқанын аңғартады, үшіншіден, белгісіз, бірақ та ұзақ мерзімнің өткенін білдіреді.

Немесе: *Бір күндерде баяғы мерген мылтығын алып, "Қысы-жазы ел бармайтұғын, адам тұрмайтұғын бір алыс жерге барайын!" – деп жүріп кетіпті* (БС, 74-т., 9-б.). Бұл сөйлемде екі маусым атауы *қысы-жазы* түрінде қосарланып келіп, *ешқашан* деген мағынаны беру үшін қолданылған. Осы контексте де уақыттың айналмалы қасиетіне ерекше мән берілген. Келесі: "*Бұл гауһар шамның жарығы күндіз-түні бірдей жарық болып, жапырақтарының арасындағы жемістері көрінеді", – деген* (БС, 74-т., 358-б.) мысалда тәулік атаулары да қосарланып келіп, уақыттың циклдік сипатын білдіреді және іс-әрекет, оқиғаның үзіліссіз, үздіксіз, үнемі жүзеге асатынынан (*шамның сөнбей, үнемі жанып тұруынан*) хабар береді.

"Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі (жыл басы)" ертегісінде тауықтың тіршіліктегі негізгі қызметін, басқа жан-жануарлардан артықшылығын сипаттап, ашып көрсетуде экологиялық уақыт атаулары ұтымды қолданылады. Мысалы: *Тауық айтты: "Мен болмасам, кісі ерте тұрып жұмысына бармай ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып шақырып, хабар айтамын "таң атты" деп. Көп отырса, "жұмысыңнан қаларсың жатар уақыт болды" деп, түн ортасында шақырамын, кеш болса, тағы шақырамын, "мезгіл болды" деп", – дейді* (БС, Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі. 73-т., 50 б.). Бұл контексте нақты уақыт туралы хабар берілген.

Ертегілердегі ғажайып оқиғалар, жаңа іс-әрекеттер не *таңда (таң ата)*, не *күн батқанда, түнде (түн ішінде)* жүзеге асып отырады. Осы уақыт межесі адамзат танымында құпияға толы, ішіне бүккен сыры мол мезгіл ретінде бағаланады. Ертегілерде осы уақытта неше түрлі сиқырға толы іс-әрекеттер, кейіпкерді сынайтындай не қаһармандардың ерекшелігін айқындайтындай оқиғалар орын алады. Мысалы: *Аққоян биені күзетіп, түнде биені қолынан аман-есен құлындатады* (БС, 74-т., 352-б.). *Күннің батысы-ақ мұң екен, екеуі бүлкілдеп ауыл сыртына келді* (БС, 77-т., 201-б.). *Содан біраз қайыра жатып, таң атқанша көзі ілініп кетеді* (БС, 77-т., 193-б.).

Ертегі мәтіндерінде белгілі бір оқиғамен, жүзеге асқан іс-әрекет ыңғайымен сабақтасып келетін ситуациялық уақыт көріністері мол. Ертегіде бұл уақыт межесін білдіруге төмендегі грамматикалық формалар қатысады:

- есімше тұлғалы етістік мезгілдік ұғымды білдіретін *уақытта,*

уағында кезде, шақта сөздерімен, *соң* шылауымен тіркесе жұмсалып, оқиғаның қай уақытта жүзеге асқанын айқындап тұрады. Мысалы: *Жігіт ақ тұлпар мен айна алған соң, оған қосып көк домалақ тасты тағы қосып береді* (БС, 74-т., 336-б). *Кемпір жігіт аңға кеткен кезде, әйелімен келіп әңгімелесіп, өзінің бар өмірін айтып, зар илеп іші-бауырына кіріп кетеді* (БС, 74-т., 337-б).

- *ған, -ген, -қан, -кен* есімше тұлғалы етістікке *–да, –де* жатыс септігі жалғанып келіп, бір мезгілдік өрімде жүзеге асып жатқан бірнеше әрекетті білдіруге қатысады. Мысалы: *Құлынды көріп, ауыздандырып, анадай жерге барып отырғанда, аспаннан бір қара бұлт түйіліп келіп, құлынды сыпырып ала жөнеледі* (БС, 74-т., 352-б.). *Бұл қанжармен итеріп жатқанда, Аққоян қолының үстінен жұдырықпен қойып кеп жібереді* (БС, 74-т., 353-б.). Жатыс септік тұлғасы көлемдік, мекендік мағынамен қатар мезгілдік мағынаны үстеуге қатысатын грамматикалық форма болғандықтан, оның ситуациялық уақытты берудегі әлеуеті зор.

- *кен+нен* жатыс септік тұлғалы есімше мен *кейін* шылауы тіркесіп келіп, бір оқиға аяқталған мерзімнен соң жүзеге асқан іс-әрекетті білдіруге қатысады. Мысалы: *Екі жолаушы далдаға түскеннен кейін, сандықты ашса, ішінен айдаһар шығады* (БС, 74-т., 336-б.).

- *а, -е, -й, -ып, -іп* көсемше тұлғалы етістіктер. Мысалы: "*Ол қалыңдық іздеп, ел аралап келе жатып, сандық теңдеген екі кісіге кез болады"* (БС, 74-т., 335-б.) деген сөйлемде ізбе-із, мезгілдес орындалған әрекет сөз болып отыр. Келесі мысалда себеп-салдар мағынасымен қоса, уақыттан да хабар беріледі: *Ал көкектің "керек, керек" деп қақсай-қақсай, даусы қарлығып, тілі сақау болды* (БС, 73-т., 51-б.).

- *ғалы, -гелі, -қалы, -келі* көсемше тұлғалы етістік белгілі бір оқиғаға, қалыптасқан жағдайға дейінгі уақытты білдіруге қатысады. Мысалы: *Қарамерген туғалы мұндай шөптің неше түрлі болып бірге өскенін көрген жоқ екен* (БС, 74-т., 9-б.).

- белгілі бір уақыт аралығында кеңістіктегі орын ауыстыруды білдіретін *кел, жүр, бар* секілді т.б. етістіктер *-са, -се* шартты рай тұлғасында келіп, жағдаяттық уақытты білдіруге қатысады. Мысалы: *Еліне келсе, шешесі әбден қартайған, малы құрыған, үйінде жан дегенде бір ит, бір мысық қалыпты* (БС, 74-т., 336-б.).

Ертегілерде экологиялық уақыт пен ситуациялық уақыт қабаттаса жұмсалып, іс-әрекет орындалған мезгілді нақтылап тұрады. Мысалы: *Таңертең ел қайта жиналып келген кезде, от әбден сөніп біткеннен*

кейін, жігіт ұшып түрегеледі … . (БС, 74-т., 338-б.).

Тарихи уақыт межесі күнтізбелік есеп, жыл қайыру, мүшел есебі арқылы беріледі. *Күн, түн, тәулік, апта, ай, тоқсан, жыл, мүшел, ғасыр, заман, дәуір* – аталған уақыт межесін көрсететін лексикалық бірліктер. Ертегі мәтіндерінде осы лексикалық бірліктерді сан есім, есімдіктер анықтай отырып, мезгілді, оның ұзақтығын нақтылайды. Мысалы: *Бұлар үш жылға уәде қылып, үш жылға дейін отыз адам әлгі ағаштарды бақты* (БС, 74-т., 358-б.). *Осы күнге шейін бар екен. Әлбетте, анық бұл күнде бақшада адам және маймыл, неше түрлі жануарлар ауқат қылып жүреді екен* (БС, 74-т., 358-б.).

Ертегі мәтіндерінің бастауында дәстүрлі түрде қолданылатын *бұрынғы өткен заманда; өткен заманда; ерте заманда* тілдік қолданыстары бізге беймәлім өте ерте кезеңдерге нұсқайды. Сонымен қатар осы баяғы заманда қандай оқиғаның орын алғанын білуге оқырманның назарын аударады. Мысалы: *Өткен заманда Әбділхамит деген патшаның уақытында бір адам екінші бір адамнан жер сатып алыпты* (БС, 74-т., 356-б.). *Бұрынғы, өткен, ерте* сөздерінің мағынасы ертегіде айтылатын жайттардың ежелде орын алғанынан хабар береді. Осы сөйлемдегі *Әбділхамит* деген есім қолданылғанымен де, тарихи шындыққа сәйкес келмей, ойдан шығарылған патша есімі болғандықтан, уақыттың белгісіз сипаты сақталады.

Бір күндерде тіркесінде белгісіздік мағына басым. Әйтеуір, күндердің бір күні деген ұғымды қамтиды. *Бір күндерде* мен *бір күні, күндердің күні болғанда* тіркестерінің білдіретін мезгілдік ұғымы барабар. Бұл тілдік бірліктер мәтіндегі уақыт континуумының үзіліссіз дамуына, мәтіннің алдыңғы, кейінгі бөліктерін байланыстыруда және қандай да болмасын жаңа бір оқиғаны ертегі сюжетіне ендіруде ерекше қызмет атқарады. Сөйтіп, қабылдаушыны жаңа ақпаратты қабылдауға дайындайды, оның мәтін мазмұнын қызыға, ден қойып тыңдауына прагматикалық тұрғыда ықпал етеді. Мәселен, *Күндердің күні болғанда бір екі қолы жоқ шолақ кісі бір киікті қуып келе жатыр екен* (БС, 74-т., 354-б.). *Қой, сиыр, жылқы, түйе төртеуі бір күні жайылып отырып кеңеседі* (БС, 73-т., 50- б.).

Ертегілерде *неше* сұрау есімдігі *күн* лексемасымен тіркесіп келіп, сұраулық мәнінен ажырап, белгісіздік және көптік мағыналық реңктерді үстейді. Мысалы: *Неше күн жол жүріп, бір үлкен тауға келіпті* (БС, 74-т., 9-б.). Белгілі бір орынға кейіпкердің қанша күнде жеткені беймәлім, ал бірнеше күннің өткені контекст арқылы

айқындалады. Сонымен бірге көптік ұғымды білдіруге қосарлана жұмсалған сан есімдер қатысады. Бұл уақыт аралығында ертегі мазмұнына сәйкес не жағымды, не жағымсыз жағдайлар орын алады. Мысалы: *Жеті-сегіз күнде болдырған арық аты семіріп, құр ат болыпты* (БС, 74-т., 9-б.). *Осы мекенде табандаған бес күн жатты, алтыншы күні қатты жаңбыр жауып, естері шығып, қайда паналарға жер таба алмады, өте қиын болды, күн бір күн, бір түн жауды. … Екі күн, екі түн аш отырды* (БС, 77-т., 199-б.).

Фольклорлық шығармаларда "*отыз күн ойын, қырық күн тойын*" тіркесі – дәстүрлі түрде жиі жұмсалатын тілдік құрылым. *Отыз, қырық* сан есімдері уақыт межесінің көрсеткіші – *күн* зат есіммен тіркесе келіп, нақты саннан гөрі, уақыттың ұзақтығын білдіру үшін жұмсалады. Осы құрылым ертегілерде өте ұзаққа созылған қуанышты сәтті әсірелеп, бейнелеуде тұрақты түрде қолданылады. Мысалы: *Бүкіл ел Аққояның аман-есен келгендігіне отыз күн ойын, қырық күн тойын істепті* (БС, 74-т., 356-б.).

Күн сайын, күнде сөздері ертегідегі белгілі бір оқиғаның қайталануын, қарқынды түрде, еселеніп, өте жылдам жүзеге асқанын бейнелейді. Мысалы: *Айдаһар елінен келген жігіт күн сайын байып, қорасына қой салып, үйірімен жылқы айдап, желісімен сиыр сауа бастайды* (БС, 74-т., 336-б.). *Бірақ күн сайын құлындаса да, күнде жоғала беретін болған* (БС, 74-т., 352-б.).

Ертекші мәтінге жаңа ақпаратты енгізу барысында *ертең, ертеңіне* секілді лексикалық бірліктерді ұтымды қолданады. Мысалы: *Әлгі жігіт көп ізден ештеңе таппай, енді ертең қайтам деп ойлаған күні бір қараша үйдің әйеліне айнаны салса, маңдайының нұры бар екен* (БС, 74-т., 336-б.). *Мұның ертеңіне екі ағасы үйлерін жығып, барлық малын айдап, Аққоянға бір қос қылып беріп, тамағына жылқы сойып беріп, жалғыз тастап, өздері көз көрмес, құлақ естімес бір жаққа көшіп кете барады* (БС, 74-т., 354-б.).

«Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі (Жыл басы)» атты жан-жануарлар туралы этиологиялық ертегі бастауында тарихи уақыт межесіне қатысты *мүшел, жыл* есебі туралы ақпарат қамтылады. Хайуанаттармен байланысты жыл аттары және олардың реттілігі де сақталып, қабылдаушыға шынайы мәлімет беріледі. Бұл – ертекшінің кейін баяндалатын оқиға туралы адресат түсінігін қалыптастыру мақсатында ұсынған мәтіннің проспекциялық бөлігі. Осы ертегіде тышқанның қалай жыл басы атанғаны сөз етіледі. Мысалы: *Қазақтың есептерінде жылдан үлкен мүшел дегендер бар. Мүшел – он екі жыл*

болады. Сол жылдардың аттары әр хайуанның аттарына ұқсайды. Мысалы: Әуелі жыл мүшелде – тышқан, екінші – сиыр, онан соң – барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой мешін, тауық, ит һәм доңыз. Сол жылдарды білетін қазақтарға кісінің қай жылда туғанын айтса, адамның жасын тауып береді (БС, 73-т., 49-б.). Осы мысалдағы *адамның жасы* тіркесі де – уақыттық межені білдіруге қатысатын тілдік бірлік.

Сан есімдер *жыл (бойы)* сөзімен тіркесіп келіп, ертегідегі кейбір оқиғалар мен іс-әрекеттердің қанша уақытқа созылғанын нақтылап беруде қолданылады. Мысалы: *Сен менен қашушы болма, он жыл бойы мен осы шорыннан (түрмеден) шыға алмап едім* (БС, 74-т., 336-б.). Әрине, ертегідегі мезгіл фантастикалық уақытқа сәйкес келгендіктен, ертегі кейіпкерлері (адамзат, ғаламзат), мысалдағыдай, *айдаһар* секілді сандықтың, құмыраның т.б. ішінде он жылдап жата береді. Бұл ертекшіге кейіпкердің жарық дүниесіз ұзақ уақыт қиналыста, қапаста өмір сүргенін қабылдаушысына нанымды жеткізуге көмектеседі. Кейіпкердің бірнеше жыл бойы қапаста жатуы тыңдаушының эмоциясына әсер етіп, оған деген аяушылық сезімін тудырады. Ертекшінің көздеген мақсаты да осы – қабылдаушысының сезіміне эстетикалық тұрғыда ықпал ету.

Ай, айлық сөздері ертегілерде *ұзақ* не *өте ұзақ уақыт* ұғымын білдіру үшін қолданылады. Бір айдың ішінде 30-31 күн бар екені қабылдаушыға белгілі болғанымен де, *ай, айлық* сөзінің белгісіздік мәнде жұмсалғаны *неше* сұрау есімдігімен тіркесуі нәтижесінде, контексте айқындала түседі. Мысалы: *Міне, мен, сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айлық алыс жолдарға барамын* (БС, 73-т., 49-б.). Сөйлемдегі *неше айлық жол* тіркесі түйенің бір емес, бірнеше ай бойы ұзақ жолда жүретінін аңғартады. Демек, ертегілерде мезгілдік ұғымды, уақытты білдіретін атаулардың алдынан сұрау, белгісіздік есімдіктері, сан есімдер, қолданылып, іс-әрекет, оқиғаның ұзақ уақыт бойы жүзеге асқанын білдіреді.

Ертегінің тілдік құрылымындағы *лезде, әп-сәтте, көзді ашып жұмғанша* секілді т.б. лексемалар мен фразеологизмдер қимылдың алуан түрлі жолмен жасалғанын суреттеп көрсетумен қатар, әрекеттің өте қысқа мерзімде жүзеге асқанын бағамдауға мүмкіндік береді. Мысалы: *Мен лезде қызғыш құстан әңгі есекке айналдым да кеттім. ... әп-сәтте сары төбет болдым да шықтым* (БС, 74-т., 65-б.). *Тас оның айтқанын мақұл көріп, көзді ашып-жұмғанша бай баласын барша хайуандарымен қалаған жеріне жеткізді* (БС, 74-т.,

71-б). Ал өте ұзақ уақытқа (бірнеше жылға) созылған іс-әрекетті білдіру үшін ертегілерде литота көркемдік тәсілі дәстүрлі түрде қолданылады. Ұзақ уақыт ұғымы астарлы түрде жеткізіледі. Мысалы: *Сонан кейін Аққоян жүре-жүре келе жатса, арада бірнеше уақыт өтіп, темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалады* (БС, 74-т., 353-б.). Осы көркемдік тәсіл хабарды қабылдаушының қызығушылығын оятып, оқиғаның қаншама ұзақ уақыттан кейін жүзеге асқанын ойша тұспалдауға мүмкіндік беріп, ертегі мәтінінің эстетикалық, коммуникативтік-прагматикалық қызметін арттыра түседі.

4. Тұтастай алғанда, ертегілер бұрынғы өткен шақта, тым ертеде, беймәлім кезде, белгісіз бір жерлерде болған оқиғаны баяндауға құрылады. Ертегі мәтіндеріндегі уақыт категориясы нақтылы уақыттан тыс жатқан кезеңді, яғни мифологиялық, фантастикалық көркем уақытты баяндаумен ерекшеленеді. Осымен байланысты ертегідегі уақыт категориясының бірнеше сипаттарын саралауға болады:

1) Ертегілер өткен шақта, тым ертеде болған оқиғаны баяндауға құрылады.

2) Ертегілердегі уақыт беймәлім бір кездерді, белгісіз бір мерзімдерді қамтиды.

3) Ертегілердегі уақыт тым жылдам, көзді ашып-жұмғанша өте шығады.

4) Ертегілердегі уақыт тым ұзақ, бірнеше айларды не жылдарды қамтып, ерекше созылыңқылығымен, сондай-ақ шексіздігімен сипатталады.

5) Ертегілердегі уақыт, бірде кейіпкерлердің өмірдің келесі сатысына тез өтуін, енді бірде кейіпкерлердің бір кезеңде мәңгілікке тұрақтап қалуын бейнелеумен ерекшеленеді (мыстанның үнемі кәрі кемпір бейнесінде берілуі).

6) Ертегідегі уақыттың кері қайтымдылық сипаты бар.

Демек, ертегідегі көркем уақыт ойдан шығарылған әлемнің құрамдас бөлігі бола отырып, өзінің көптүрлілігімен, бейнелілігімен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы: “Санат”, 1997. – 464 б.

2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 3: Табиғат. – Алматы: “Сардар”

баспа үйі, 2013. – 608 б.

3. Гальперин И. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: Наука, 1981. – 139 с.

***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**:*

1. Лингвостилистикалық зерттеулердегі уақыт категориясы.
2. Фольклордағы уақыттың тілдік көріністері (лексика-семантикалық, грамматикалық көрсеткіштер).
3. Мифологиялық уақыт ерекшеліктері.

1-тапсырма. Фольклорлық мәтіндердегі уақыт сипаттарын анықтаңыз.

1. Бәрі де баяғы айырылған күндегі қалыптарына келіп, қайтадан жасарады. Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір жасап, мақсаттарына жетеді (*Ер Төстік*). 2. Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты (*Керқұла атты Кендебай*). 3. Бір қанатты Қарагер дейтін атына мініп алып, үш күн озып кеткен әскерлерді бір сағатта қуып жетіпті (*Алакөз батыр*). 4. Күн жүріпті, ай жүріпті, жылдар жүріпті, күндердің бірінде жапанда өскен үлкен бір бәйтерекке кез болыпты. 5. Таудай отыннан бір жағым, үйдей еттен бір асым, женді білектей судан қанжығадай қалған кезде келіпті (*Делдаш батыр*). 6. Бір күн шапса су тұлпар, Айшылық жолды алады. 7. Өте ерте заманда қазақ, өзбек болып аталмай тұрып, күншығыста бір хан болған. Хан неше жылдай перзент көрмей жүргенде, әйелі құрсақ көтеріп, бір күні қыз туады. 8. Он екіге келгенде әкесі өлді. Санаға 1237 жыл толғанда, Жасында жиырма екі патша болды (*Еңсегей бойлы ер Есім*). 9. Айкүміс дүниеге келер алдында мал бағып жүрген әкесі далада от жағып отырады. Сол кезде айдың сәулесімен бір нәрсе жарқ ете түседі (*Айкүміс*). 10. Әкесінен де үлкен шалға барғысы келмеген қыз бір түнде жоқ болып шығады (*Аймекен туралы аңыз*). 11. Құрман қойшы жер бетіне шыққаннан кейін, бір жерді таңдап алып, алты қанат ақ үйдің орнындай жерді дөңгелектеп сызып, сандықты басына жастай жатып ұйықтайды. Ертеңгісін оянса, аппақ ақ үйдің ішінде жатыр екен, оң жағына қараса, аппақ сұлу қыз ұйықтап жатыр екен, қойшы қорқып қалады, қорыққанынан айғайлап жібере жаздайды (*Адам болған жылан*).

2-тапсырма. Фольклорлық мәтіндердегі уақытты білдіретін тілдік бірліктерді анықтап, талдаңыз.

1. Тау аралап, тас кезген аңшы жігіт тастың үңгірінен ойда-жоқта бір бөріге кезігеді. 2. Жігіт бұл шартты орындайды, бөрі бике қырық күнге дейін бөрі кейпінде жүреді де, қырық күн толған соң адам кейпіне келіп, асқан сұлу, әрі ақылды қызға айналып, асыл жар болып қосылады (*Бөрі бике*). 3. Күндерден күн өтіп, бір күні бұраңдаған ақ қаншық күйеуді аттандырмақ болады (*Жігіт пен өнерлі қыз*). 5. Біраздан соң таң атып үйге жарық түскен соң, бидің баласы оянып қараса, қасында ешкім де жоқ (*Шын сүйіскендер*). 6. – Қол астымдағы елге хабарлап, таңертең басталып, бір күн ішінде, кешке бітеді деп жария қылдым, – депті. Халық жиналып, ертеңіне сағат алтыда жұмыс басталды (*Жақсылыққа жақсылық*). 7. Сонымен бұлар жүре бергенде, тағы бір жаяу келіп бұларға қосылды (*Жаман адамды*). 8. Қылышымен шауып бес адамды өлтірген кезде, артынан атылған садақ оғы, желкесінен тиіп жерге құлады. 9. Бірнеше күн жүргеннен кейін, алдынан орман кездеседі (*Асыл кілт*). 10. Айлардан ай өтіп, күндерден күн өтті. Тек мойындары ырғайдай, биттері торғайдай болғанда, кіші бесін кезінде бір қалың қопа қамысқа жетті. Әлі жүріп келеді, әлі жүріп келеді, қопа бітетін емес, күн батып, қас қарайып, түн болды (*Кедейдің үш баласы*). 11. Жас күнде көрсеткенге шүкір деп ем, Бүкшеңдеп қартайғанда жүре алмадым. Көп жылап, тілегімді бермеді ме, Ақыры не боларын біле алмадым. Алдымен бір күн күлсем, он күн жылап, Сорлы талық, қорлық өмір ұнағаның (*Еңсегей бойлы ер Есім*). 12. Біраз жүрді тасты өрлеп, Еш нәрсе де көрмеді. 13. Отыз бір жасқа келгенде Орақты батыр халқына, Тірек болып тіреді (*Орақты батыр*).

3-тапсырма. Діни дастандардағы уақыт пен кеңістік категориясының ерекшеліктерін айқындаңыз.

1. Мәңгі бақи тамұқта қалмас едік, Құлдыққа болсақ машғұл бұ дүниеде. 2. Жылдан-жылға жақындар ақырзаман, Пайғамбарды артық сүйді Хақ Тағалам. 3. Солардан да өтіп кеткен мынау дүние, Жарандар, опасы жоқ жалған екен. 4. – Жаһаннам түбі терең зындан, – деді, Имансызға оны орын қылған, – деді. Күнбатыстан барамын күншығысқа, Және атым сұрасаң Хуман, – деді (*Қисса Салсал*). 5. Бес күндік опасы жоқ мына жалған (Қисса Абушахма). 6. Жазылса осы ұлым деп әзіреті Омар Тұтуға он ораза уағда қылған. 7. Жиналып таң

намазын оқыған соң, Жылаумен сахабалар кетті тарап. 8. – Өткен жыл кімді көрдің жол үстінде, Мешіт пен өз үйіңнің арасында? (Хикая Әбушаһыма). 9. Анық бір күн табармыз о дүнияны, Өлсек қайтып көрмейміз бұ дүнияны. Отыз үш мың сахаба, төрт шаһариар Біраз күн мекен қылды Мәдинені. 10. «Қиямет күндерінде жолығайық, Аман бол қалғандарың» деп жылады (Қисса Зарқұм). 11. Аш-арыққа жәрдем қыл, Ақырет болсын есіңде (Зарқұм).

4-тапсырма. Аңыздардың бастапқы шегіндегі уақыттың берілу ерекшеліктерін талдаңыз.

1. Белдеуден ат кетпеген, аттан тоқым түспеген жаугершілік заманда елі мен жерін қаһарлы дұшпаннан қорғай білген Әлі деген қазақ батыры өмір сүріпті (*Абыралы*). 2. Кенесары, Наурызбай, қолбасшы Ағыбай батыр қырғыздармен болған соғыстың бір кезеңінде Алатаудан ағып Ыстықкөлге құятын Құмбел өзенінде кездесіпті (*Ағыбай кескен Құмбел*). 3. Үлкен жаугершіліктің уағында елін жау шапқанда қырық шақты сарбаз көп жаумен соғысып, жаудың көптеген жауынгерлерін өлтіріп, соққыға жығады (*«Адам тас» туралы аңыз*). 4. Ертеде Текес қырғыздары мен маңғолдар ортасында үнемі жер таласы шығып, қырғи-қабақ болып жүреді екен (*Айғайжал*). 5. Ілгері заманда осы таудың етегін әрі бай, әрі би бір кісінің ауылы мекен етіпті (Айғырұшқан). 6. Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде... Құдайберлі деген батыр өмір сүріпті (*Айдаһарлы-Құдайберлі*). 7. Төрт таудың ортасында орналасқан бұл жерге кезінде Сырым батырдың ұрпақтары келіп қоныстанған екен дейді (*Ақбауыр*). 8. Сәңкібай – белгілі жылқылы бай. Ақбота оның XVIII ғасырда өмір сүрген әрі сұлу, әрі батыр қызы (*Ақбота-Сәңкібай*). 9. Күз мезгілі еді (*Ақшатау*). 10. Суық күндердің бірі. Ел күзеуден қыстауға көшкенде бір байдың ала қозысы соңында қалып қояды (*Алақозы*). 11. Қайтыс болар алдын Арыстанбап әулие жиналған ел-жұртқа: «Менің сүйегімді ақ аруанаға артып, басын бос қоя беріңдер, түйе қай жерге шөксе – сол жер бейітім болсын», – депті (*Арыстанбап*). 12. Бір жылы Сырдың бойында үлкен жұт болып, бүкіл малдар қырылып қалған екен (*Байқоңыр*). 13. Бірде Әлдеберген, Байтуған, Жақып-Кеңгір ауылы болып, көшіп бара жатқанда ағайын арасында іріткі туады (*Байтуған*). 14. Менің естуім бойынша, мыңнан жүз елу жыл яки екі жүз жыл бұрын аталған халықтың қойған аты екен (*Барса келмес*). 15. Бөке заманынан бір ғасыр бұрын қазақтың Құмар атты жігіті мен моңғолдың атақты байының Баян атты қызы бір-біріне

ғашық болыпты (*Баян-Құмар, Қашқанақ, Сарымбұлақ*).

5-тапсырма. Тарихи жырлардан объективті уақытқа мысалдар келтіріп, талдаңыз. Перцептивті уақыт туралы ой бөлісіңіздер.

БӨЖ тапсырмалары:

1. Төмендегі тақырыптардың біріне реферат жазу:
- «Көркем әдебиет пен фольклордағы көркем уақыт»;
- «Фольклордағы кейіпкер, уақыт, кеңістік арақатынасы»;
- «Фольклордың әлемдік-тілдік бейнесіндегі уақыттың квантитативтік сипаты».

2. Фольклордағы «Уақыт-Мәңгілік» концептісі және оның құрылымдық бірліктері (тілдік деректерді талдау арқылы концепті құрылымын анықтау).

3. Фольклордағы уақыттың көркем бейнелі амал-тәсілдермен берілу жолдары (мысалдар жинау, көркемдегіш құралдар түріне талдау).

6 ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақ ертегілерінің мұрагерлік (кумулятивтік) сипаты.
2. Ертегілердегі этномәдени лексиканың мағыналық топтары.

1. Қазіргі тіл ғылымында антропоөзектік парадигманың жетекші орынға шығуымен байланысты тіл, ұлт, таным, мәдениет бір-бірімен тығыз байланыста алынып, бір контексте қарастырылуда. Ұлттың рухани мәдениетінің қайнар көзі болып саналатын фольклор тілін, оның ұлт мәдениетімен сабақтастығын қарастыру тіл ғылымы үшін, соның ішінде лингвофолькортанулық зерттеу үшін маңызды. Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралған прозалық фольклор түрі – қиял-ғажайып ертегілері – коммуникативтік, пргаматикалық, эстетикалық т.б. қызметпен қоса тілдің мұрагерлік (кумулятивтік) сипатын өн бойына жинақтап, сақтаған сарқылмас қазына. Тілдің кумулятивтік қызметін академик Ә. Қайдар: «Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады екен. Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі,

ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлықтағы құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы – бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзін көрсететін айна іспеттес», – деп түсіндіреді [1, 11]. Олай болса, тіл – ұлтты, оның бар бітім-болмысын түсіндіріп, танытатын феномен.

Қиял-ғажайып ертегілері неше түрлі ғажайыпқа, магияға, бір нәрседен екінші бір нәрсеге айналуға бейім заттар мен кейіпкерлерге, түрлі жағдайларға, қиыншылықтарға тап болып, олардан түрлі амал-тәсілдер арқылы аман-есен өтетін кейіпкерлерге, бірқатар зиянкес мақұлықтарға, сиқырлы заттарға толы болады. Осы белгісіне орай қиял-ғажайып ертегілерінде басқы орынға қиял шығарылады. Ертегідегі неше түрлі қиял-ғажайыпқа, тосын оқиғаларға толы көркем болмыс оның көркем тілі арқылы жеткізіледі. Сонымен қатар қиял-ғажайып ертегілерінде кейіпкерлермен байланысты көрініс табатын, оның тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, тұтынып, қолданатын нәрселері, айналасындағы басқа да қоршаған дүние заттары ертегінің көркем болмысын бейнелей отырып, халықтың ерте кездегі тыныс-тіршілігінен де хабар береді.

Қиял-ғажайып ертегі мәтіндерінің семантикалық құрылымын түзетін этномәдени лексика – әлемнің ұлттық бейнесін тілде таңбалайтын бірлік. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени бірліктер ерте замандардағы әлем туралы түсініктерді өн бойында сақтап және келесі ұрпаққа жеткізумен қатар ұлттық бітім-болмысты қалыптастыруда, бүгінгі рухани жаңғыру кезеңінде ұлттық кодты ашуда маңызды болып саналады. Ертегі тілі архетип таным-түсінікті анықтаумен қатар ұлттық жадымызды жаңғыртып, төл мәдениетімізді танытуда, рухани кеңістігімізге қатысты түсінігімізді кеңейтуде де зор қызмет атқарады.

Этномәдени лексикаға «ұлттық болмыстың рухани қазынасын сипаттайтын сан түрлі сапалық ұғымдар мен тұрмыста қолданылатын зат, бұйым, еңбек құралдары, үй жиһаздары, киім т.б. атаулары, дәстүрлі кәсіпке қатысты терминдер», яғни халықтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты ұғым-түсініктерді толық қамтитын тілдік бірліктер жатады [2, 7].

2. Қиял-ғажайып ертегілерінде кездесетін этномәдени бірліктердің мағыналық топтары сан алуан. Солардың ішінде баспана, тағам, ыдыс-аяқ, қару-жарақ, киелі сан, бұйым, мүлік, төрт мүлік мал, зергерлік бұйымдарға т.б. қатысты атаулар бар. Талданған этномәдени бірліктердің бірқатары қазіргі қарым-қатынаста белсенді түрде

жұмсалмағанымен, көркем шығарма тілінде, тұрақты тіркес пен мақал-мәтел құрамында, фольклорлық мәтіндерде сақталып қалды. Мәселен, ертегілерде баспана атауларынан *киіз үй, жолым үй* сөздері кездеседі. «Қарамерген» ертегісінде мергеннің уақытша баспанасы *жолым үйге* теңестіріледі: *Мерген қуанып, бір бастаудың басына келіп, тастан үй жасапты, төбесін жолым үйдей қылыпты, бірталай уық ағашпенен, үйдің төбесін аңның терісімен жауыпты* (БС, 74-т.).

Жолым: *жолым үй*. Уыққа киіз жауып, уақытша тігілген шошақ үй [3, 159]. *Жолым үй* – көшіп-қонғанда, жорықта тез тігуге ықшамдалған, шаншылған уыққа киіз жапқан, шаңырақсыз шошақ үй. Дабыл үй деп те аталады [2, 294]. Ертегідегі *жолым үй* тәрізді тастан жасалған үйдің төбесіне киіз емес, аң терісі жабылады. Бұл, біріншіден, ертегідегі бас қаһарманның аңшы-мерген бейнесін аша түссе, екіншіден, халықтың аңшылық дәстүрінен де хабар беріп, тұрмыс-тіршілікте, өмір сүру салтында оның маңызды орынға ие екенін білдіреді.

Осы сөйлемдегі келесі этномәдени лексика – *уық* сөзі. Қазақ қолөнер туындысына жататын киіз үйдің құрамдас бөлігі болып саналатын *уық* – «шаңырақ пен кереге басын қосатын, ұзындығы 2-2,5 метр, ұшы сүйір, түп жағы имек сырық» [2, 297]. *Уық:* Кереге мен шаңырақтың арасын қосып тұратын бір басы түзу, екінші басы иілген жіңішке сырық, киіз үйдің негізгі бөлшектерінің бірі [4, 448]. Қазақ тілінде *уық шаншыды* деген тұрақты тіркес бар. Ол – шаңырақ көтерді, үй тігіп, орын тепті деген мағынаны білдіреді.

Ертегілерде жиі жұмсалатын келесі баспана атауы – *киіз үй*. Мысалы: *Ортаншы ағасы үлкен ағасына: «Мен Аққоянның алты кез ақ семсерін ұрлап алып кешке таман киіз үйдің есігіне жүзін ішіне қаратып байлап кетейін», – дейді* (БС, 74-т.).

Киіз үй – қазақтың тұрмысында күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан материалдық мәдениеттің құрамдас бөлшегі. Бүгінгі таңда оның атқаратын қызметіне өзгерістердің енгені белгілі, дей тұрғанмен киіз үй атауының негізгі мағынасы сақталып қалды. *Киіз үй* – ағаш сүйекті, киіз жабынды, жиналмалы жаздық үй [2, 294]. *Киіз үй* (қазақ үй) – көшпелі дәуірге лайықты, ағаш керегелі, киіз туырлықты, жиналмалы баспана үй [5, 43]. *Жолым үй, киіз үй* лексикалық бірліктеріндегі семантикалық компонент (жиналатыны, көшіп-қонуға ыңғайлылығы, бірнеше бөлшектерден тұратыны) халықтың көшпелі өмір салтынан хабар береді. *Киіз үй* мен *жолым үй* атаулары – көшпенділер мәдениетін танытатын тілдік бірлік.

Халықтың мал шаруашылығымен айналысуымен байланысты

алынатын өнімнен, яғни жүннен жасалатын бұйым атауы – *киіз* қиял-ғажайып ертегілердің лексикалық құрамында кездеседі. Бұл лексема ертегіде төсеніш және үйді тігуде қолданылатын материалды, баспананың құрамдас бір бөлін білдіріп, *киіз үй* атауын жасауға қатысады. Мысалы: *... атымның артына бір киіз болса, барып жатсам екен* (БС, 74-т.). *Таласқан заттары: құрым киіз, сауыт, алтын таусылмайтын қобди* (БС, 74-т.).

Киіз – қойдың күзем жүнінен басылған, үй тұрмысына, шаруашылыққа қажетті зат, мүлік, бұйым. Халықтың дәстүрлі қолөнер туындысы [2, 300]. *Киіз* – Қойдың жүнінен басылған, қалың, тығыз зат, мүлік, бұйым [5, 41]. *Құрым киіз* – Түтіннің ысы тиіп, қара қошқыл тартқан киіз [5, 43]; Ыс сіңіп қарайып кеткен ескі киіз [6, 525]. *Құрым* лексемасы киізбен тіркеспей келіп те әбден ескірген, тозығы жеткен киіз мағынасын білдіреді [6, 525].

Бірінші сөйлемде *киіз* атауы төсенішті білдірсе, келесі сөйлемде *құрым киіз* әкесінен балаларына мұраға қалған асыл дүние ретінде бағаланады. Соңғысында *құрым киіз* сакралды лексикалық бірліктің бірі ретінде жұмсалып, халықтың рухани мәдениетінен, ұрпақтар сабақтастығынан хабар беріп, әкеден қалған көз – қастерлеуге тұратын бұйым атауын білдіріп отыр.

«*Мерген қараса, бір алтын бесік түсті, ішінде бір ұл бала бар»* деген (БС, 74-т.) сөйлем құрамында киелі лексеманың қатарына жататын бесік сөзі бар. *Бесік* – Жас нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек [7, 281]. Бесік – көшіп-қонғанда, тұрмыста тұтынуға қолайлылығы, балаға жайлылығы ескеріліп жасалған қазақтың қолөнер туындысының атауы. Бесік арқылы ұрпақ тарайды, үрім-бұтақ өрбиді. Бұрынғы таным-түсінікте бесіктің орны қандай болса, қазірдің өзінде де оның мән-мағынасы жойылмаған, киелі ұғым.

Қазақ баспанасының құрамдас бөлшектері, жиһаз, ыдыс-аяқ, түрлі мүлік және сапалық ұғымды білдіретін атаулардың ертегі мәтінінде қиял-ғажайыппен байланыстырыла жұмсалатын тұстары да кездеседі. Олар жай заттар емес, бағалы алтын-күмістен жасалған, өздері жүріп, қозғала алатын ерекше сиқырлы күшке ие жанды дүниелер ретінде бейнеленеді. Мысалы: *Мерген кіріп келсе, бір үлкен үй, алтын, күмістен бақандар бар, атлас, жібек кілемдер төсеген, қамқап, маңлық көрпелер қатарланып тұрыпты. Жүктің үстінен тоғыз қабат торғын көрпе өзі келіп төрдің алдына салынып жатыр. Бір шыныны мерген ішті, бір шыны өзі құйылып, ішіліп тұрды. Дастарқан жиылып кетті, бір күміс құмған келді, бір шылапшын*

келді алдына, қолына су құйылды. Мұнан соң бір күміс шараменен қымыз келді, ожауы алтын. Өзі сапырылып, алтын аяққа құйылып тұрды. ... бір табақ қазы-қарта келді. Жүктің үстінде бір алтынды шымылдық барып, оң босағасына құрылды екі күміс бақанменен және жүктің үстінен бір мамық төсек және тоғыз қабат көрпе барып, шымылдықтың ішіне төселіп салынды (БС, 74-т.).

Осы сөйлемдердегі материалдық мәдениетке жататын лексикалық бірліктер «Қарамерген» ертегісіндегі «өзгенің» әлемін, яғни адам баласына перілердің беймәлім сиқырлы кеңістігін таныстырып, сипаттауда ұтымды қолданылған. *Бақан, оң босаға* (үй бөліктері атауы), *кілем, көрпе, төсек* (төсеніш, бұйым атаулары), *жүк* (жиһаз атауы), *шымылдық* (төсек-орынды тасалап тұратын перде атауы), *дастарқан, шылапшын, шыны, құмған, бақыр, аяқ, табақ, шара, ожау* (ыдыс-аяқ атаулары) т.б. этномәдени бірліктер – халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде тұтынған, етене таныс зат атаулары. Олар қиял-ғажайып ертегілерінің жанрлық ерекшелігіне сәйкес ғажайып, сиқырлы заттар дүниесіне енгізілген. Сондай-ақ, материалдық мәдениетке қатысты *алтын, күміс, атлас, жібек, қамқап, маңлық, торғын, мамық* т.б. тіл бірліктері жоғарыдағы сөздермен тіркесе қолданылып, заттың жасалған материалын, сапалық белгілерін сипаттап анықтау үшін, ертегідегі оқиға орын алатын кеңістікті айрықшалап, қабылдаушының назарын аударту үшін жұмсалған.

Кейбір сөздердің түсіндірмелеріне назар аударсақ, мысалы: «*Босаға* – 1. Есіктің екі жақтауы. 2. Төрге қарама-қарсы, есікке жақын жер» дегенді білдіреді [6, 8]. Ертегіде шымылдықтың оң басаға барып құрылуы – маңызды элемент, себебі қазақ танымында оң босаға, оң жақ аса қастерлі. Оң теріске қарама-қарсы қойылып, жақсылықтың нышанын білдіреді, оңға қарай бағытталған адамның жолы болып, ісі оңға басады.

Дастарқан – 1. Үстіне ас-тағам, ыдыс-аяқ қою үшін жайылатын ас-жаулық. 2. Ауыс. Ішіп-жем, ризық, дәулет [8, 57]. *Дастарқан* – қазақ ұғымында қастерлі, қасиетті ұғым [2, 312]. Ертегіде дастарқан адамзат баласы Қарамергенге ерекше құрмет көрсету үшін жайылады. Қонаққа, тума-туысқа дастарқан жаю күні-бүгінге дейін қазақтың тұрмысында сақталып қалған. Ол – халықтың қонақжай, меймандос мінез-құлқын танытады, отбасының ризық, дәулетін де көрсетеді.

Жоғарыдағы мысалдарда кездесетін *қазы-қарта, қымыз* лексемалары – қазақтың ұлттық тағам, сусын атауын білдіріп, ертегі тіліндегі этномәдени бірліктердің қатарын құрайды. Бұл этномәдени

бірліктер жылқының қабырғасынан, ішегінен жасалатын ұлттық тағам атауы, бие сүтінен ашытылатын сусын атауын білдіріп, халық шаруашылығының жылқы малымен тығыз байланысты екенін айғақтай түседі. Ертегіде жылқы малына, ат әбзелдеріне қатысты басқа да атаулар жұмсалады (*құлын, құр ат, бие, құрық, желі, шылбыр, арқан, жүген* т.б.). Халықтың жылқыға ерекше көңіл бөліп, қастерлеуі, ат әбзелдерінің әр бөлшегіне атау беруі осы жануардың тұрмыс-тіршілікте қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Ат әбзелдері халықтың қолөнер мәдениетінен де ақпарат береді. Мысалы: *Жылқышылары құлын қуып жүр, құрықтары алтын-күміс, ешбіреуі мергенге көзін салмады*. *Бір бурыл сақалды адам бие байлаған желінің басында тұр*. *Бір мезгілде атын біреу жетелегендей болып, шылбырын тартты, аты жүрді* («Қарамерген»). *Бірақ дуалда алтын жүген болар, оған тиме, егер тисең өлесің* (БС, 74-т.).

Қиял-ғажайып мәтіндерінің лексикалық қабатында қару-жарақ атауларының алар орны ерекше. Ол сөздер ертегі кейіпкерлерінің басты атрибуттарының бірі ретінде – қаһармандардың бейнесін ашуда, жаудан қорғануда, аң аулау кезінде, басқа да түрлі оқиғаларды баяндау барысында мәтінде қолданыс табады. Ертегілерде *алты кез ақ семсер, қанжар, садақ, мылтық, селебе пышақ* секілді т.б. қару-жарақ атаулары кездеседі. Мысалы: *... Айтқанындай, қанжарды есікке көлденең байлай келіп, түнде жылқыны айғай салып қуады*. *... Содан соң Аққоян жалғыз ешқайда бара алмай, қостың ішінде садақ істеп, тамағын ішіп отырады* (БС, 74-т.).

Қанжар – Белге байлап жүретін екі жүзді, ұшы үшкір өткір пышақ [6, 8]. *Садақ* – Ағаштан иіп жасаған ертедегі атыс құралы [9, 94]. *Садақ* – берік ағаштан доғаша иіліп, екі шеті қайыспен тартылған қару. Аң аулаудың байырғы құрал-саймандарының біріне жатады [2, 329].

Немесе: *«Енді мұның не екенін білейін», – деп, үлкен селебе пышағының ұшына бір домалақ ет шанышты ...* (БС, 74-т.). Ертегіде *селебе* атауы пышақтың бір түрін, оның сыртқы пішінін анықтап сипаттап тұр. Түсіндірме сөздікте: «*Селебе* – ұшы үшкір, үлкен өткір пышақ», – [9, 258] деп берілсе, Ж. Манкеева еңбегінде: «*Селебе* – ұшы үшкір, өткір қылыш», яғни қылыштың бір түрі ретінде көрсетіледі» [2, 292]. Бұл түсіндірмелерге назар аударсақ, ертегідегі *селебе* сөзінің «ұшы үшкір әрі өткір» деген семантикалық белгісіне сәйкес пышақтың пішіні мен қызметін нақтылау үшін қолданылғаны аңғарылады.

Қорыта айтқанда, ұжымдық ойдың жемісі саналатын, сан ұрпаққа жалғасқан фольклорлық дәстүрді өн бойына жинақтаған ертегілердің

семантикалық құрылымында этномәдени лексиканың қолданыс табуы қазақ мәдениетінің тамыры тереңде жатқанын, ұлт пен тілдің ажырамас бірлікте екенін және әр түрлі халықтың қиял-ғажайып ертегілерінің тақырыбы мен идеясында, композициясында, сюжетінде, кейіпкерлер дүниесінде ортақ, ұқсас тұстар кездескенімен, әрқайсысын бір-бірінен ерекшелеп тұратын идиоэтникалық сипаттың да болатынын айғақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4-том. – Алматы, 1983. – 672 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 9-том. – Алматы, 1986. – 560 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 5-том. – Алматы, 1980. – 640 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6-том. – Алматы, 1982. – 624 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. – Алматы, 1976. – 695 б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3-том. – Алматы, 1978. – 735 б.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том. – Алматы, 1985. – 591 б.

***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**:*

1. Фольклорлық мәтіннің коммуникативтік, кумулятивтік қызметі.
2. Этнолексика – әлемнің ұлттық бейнесін таңбалаушы.
3. Фольклордағы этнолексиканың лексика-семантикалық топтары.

1-тапсырма. Фольклордағы тағам атауларының этномәдени құрылымын талдаңыз.

1. Тоқтының сүтін бөлек іркіт қылып, Неше күн атасына құрт ішкізді (*Қаракерей Мұрын Ақшайықтың өлең шежіресі*). 2. Қысқы соғымнан ишанға сыбаға сақтап ел қыстаудан жайлауға беттеп көшкенде, дәулетті ауылдар бірінен соң бірі шақырып, ишанға қонақасы береді екен (*Мұсаның байдан сыбаға жеуі*). 3. Сүрленген өңшең ылғи жал мен жая, Ішінде тағы да бар қазы-қарта (*Кіші жүз шежіресі*). 4. Сапырулы сары қымыз Келген жанды мас қылды (*Құбығұл*). 5. Бес сиыр саусаң, күзелеп Сары май, қаймақ алатын (*Шежіре өлең*). 6. Бір тегене қылып суытып сорпа әкелді, оны басына бір-ақ көтерді (*Наурызбайдың Ағыбайға риза болуы*). 7. Азығына нан алды, Сусынына бал алды (*Қисса қара қасқа атты Қамбар*). 8. – Мархабат, айран, қатық, май, сүзбеден дәм ауыз тиіңіз, алыңыз, қымбатты Қожа! – дейді (*Қонақжайлылық*). 9. Бір тойда ашқарақ

біреу қомағайлана ішіп-жегенімен қоймай, қалтасына құрт пен ірімшікті сала береді, қасында отырған Қожа әлгінің қалтасына ыстық шай құйып жібереді (*Қожа мен ашқарақ*). 10. Тонтайдың үйінің төргі жағына төсеніш қалыңдау түсіп, есік жағы құлама екен, дастарханға салған аз ғана бауырсақ ылдиға домалап, шалдың алдынан қашықтай беріпті (*Бауырсаққа өре саламыз ба?*). 11. Ел ет жесе, Сен дерт же. Ел жал шайнаса, Сен тал шайна. Ел жілік жесе, Сен бүлік же. Ел мойын жесе, Сен сойыл же (*Мұның байталы семіз екен*).

2-тапсырма. Фольклордағы киім-кешек атауларының идиосемантикалық жүйедегі орнын анықтаңыз.

1. Онысына өзі намыстанып, бертін үлкен кісі болғанда да басынан тақиясын тастамайды екен (*Әке, қолыңыз осы жолғы сапарынан тез оралды-ау*). 2. Бір дүкенге келіп, жаюлы тұрған шапандарды көріп, бірін алып, бірін киді (*Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық*). 3. Серке терісінен тұмар бояуға боялған сары шалбар киеді екен (*Наурызбайдың қарындасы*). 4. – Жәке, сөз осы арада қалсын, ендігәрі айта көрмеңіз, – деп, орнынан тұрып көк мауыт шекпенін жауып жіберіпті дейді (*Қызылғұрт Жантөре би мен Шомбал би*). 5. – Көк етікті мен көне етіктінің екеуі болмағанда осы тұрысыңмен барсаң да, ол сөзсіз сенікі, –депті оның аяғындағы пимаға тесіле қарап (*Әзілбай мен досы*). 6. Сәукеле адыра қалғыр алдап-сулап қолына алды, Белбеуге бет моншағын түйіп алды (*Қыз Жібек*). 7. Соның ішінде ақ қалпақ, қызыл мақбал ішік киген адам кіріп келгенде, ұшып тұрып мойнынан құшақтап... (*Махамбет пен Жәңгір хан*). 8. Ақ жаулығы мойнында, Шам-шырағы қолында (*Қыз Жібек*). 9. Көріп, аңдып тұрған бір ұры Қожанасырдың кебісін жымқырып кетеді (*Амал*). 10. – Сенде дайын шәркей бар ма? – деп сұрайды (*Қожанасыр неге бір ғана шәркей сатып алады*). 11. Танашқа тарту-таралғы алып, отыншыға киімдерін әкеп, бір жақсы жарғақ тонды кестелеп тігіп әкеледі (*Кенесары мен Отыншы*). 12. Қожа да келді ол тойға. Сәлделері қазандай (*Құбығұл*). 13. Сөйте-сөйте іш киімімен қалған ол бір таудың басына шығып отырса, ауылының тағы бір адамы келеді: «Сенің осында отырғаныңды айтамын, сөйтіп ұстаттырамын» деген әлгі адамға аяғындағы етігін шешіп берген екен дейді (*Етік шешкен*). 14. Қарындасы қасында, Оқалы бөрік басында (*Қамбар батыр*). 15. Аяғында шарық, Тұқым-жұрағатың ғаріп болып құрысын, – деген екен (*Мұның байталы семіз екен*). 16. Сол секілді бұрынғының келіні желек жамылушы еді,

ендігінің келіні жалаң бас жүретін болған ба? (*Қыз екен десем*). 17. Оянса, тазы да жоқ, аяғындағы мәсі де жоқ екен (*Тазы мәсіні үйге әкелді ме?*).

3-тапсырма. Фольклордағы «Туыстық атаулар» лексика-семантикалық құрылымындағы этномәдени ақпаратты анықтаңыз.

1. Қолында қалды кіші баласының, «Кенжесі – үлкен шаңырақ болған жөн» деп (*Шежіре*). 2. Жанқожа батыр қарындасынан барлық мән-жайды сұрап, әбден қанықкан соң, айналасына хабар беріп, қалың қолмен аттанады (*Кілемжайған*). 3. Ағайынды үш жігіттің үшеуі бірдей жалқау, үй күшік болыпты да, әйелдері салақ, істеген тамақтарына қыл-қыбыр араласып жүреді екен. Еңбекқор ата-ана қанша айтып жатса да, олардың бұл қылығы түзелмепті. Бір күні қонаққа салақ келіндер дастарханға аз ғана құрт салып, күлді күмештеп шай қойыпты (*Енді не күй сұрайсың*). 4. Әжесі немересінің қолына су таситын табақ беріп тұрып ... (*Күн бұрын ескерткенім ғой*). 5. Таңертең ханның баласы далаға шықса, әкесінің және қайын жұртының шаһары түгелімен көшіріліп орнатылған екен (*Ай астындағы Айбарша сұлу*). 6. Ол үйленгеннен кейін әйелі бір ұл тауыпты, тұңғышынан кейінгі баласын «шыр» етіп жерге түскенде-ақ әкесі даяр отырады екен де, өзі жеп қояды екен. Бала «шыр» етіп жерге түскенде ағасы баланың кіндігін кеседі де, орап алып қаша жөнеледі. 7. – Мынау менің күйеуім ғой, бұл маған неге үндемейді, – деп таң қалған жеңгесі түнде төр алдында жатқан «күйеуінің» жанына келеді (*Қорқау шал*). 8. Бұрында неше келген ат терлетіп, Қамы үшін жиенінің ерлік етіп. Апа менен жездесін көрейін деп, Ауылына Жаманқұлдың келді жетіп (*Асанқайғы*).

4-тапсырма. Киелі бейнелердің (жаратушы, желеп-жебеушілер, сәуегейлер т.б.) фольклорлық мәтіндердегі көрінісін халық танымымен сабақтастыра талдаңыз.

1. «Тілегің осы болса, – депті пірі, – Қыз бердім, көш бастайтын қарқарадай. Ұл бердім, қол бастайтын Сәрке деген, Кідірмей қайт, – депті, – енді мазамды алмай» (*Шежіре*). 2. Қамбар кететін болған соң шешесі жылап тұрып, баласына бата бергені: – Хақ Жаппар-ай, Жаппар-Хақ, Хандар мінген алтын тақ. Жалғыз ұлым Қамбарға Жау

жерінде бергін бақ! ... Шүкір қылдым, Жаратқан, Астына мінді арғымақ, Әруақтар, сенен тілеймін Қамбар үшін зар жылап! Аман қылып ел-жұртын Абиыр бергей нәубетті. Орната көр, ғайып ерен, Қызыр түнеп дәулетті (*Қамбар батыр*). 3. Баласы Қазақ байдың көз жеткісіз, Қыдырдан оңдап тиген бұған бата (*Өлең шежіре*). 4. Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол «әулие» болмаса, неге қалған? Жетім бота үстінде жатып қалып, Ойсылқара жануар содан қалған. ... Қыршаңқы тай үстінде жатып қалып, Қамбар ата жануар содан қалған. Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол «әулие» болмаса, неге қалған? Тышқақ тана үстінде жатып қалып, Зеңгібаба жануар содан қалған. Қотыр тоқты үстінде жатып қалып, Шопаната жануар содан қалған (*Қазығұрт тауы*). 5. Домбыра, қобыз шерітіп Бақсылар да қалмаған. Орта Ноғай елінен Жан қалмады бармаған (*Құбығұл*). 6. Он сан Ноғай ішінде Бір сәуегей бар ма екен Сұраусыз пейіш баратын, Бір ұл, бір қыз табад деп, Қыз міндетін алатын, Қызына кепіл болатын?! (*Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық*). 7. – Сен мынамен көңілдес болмасаң, неге бірге есінейсің? – деп келсапты жіберіп қап, келіншегінің жылыншігін шағыпты. Оташы шақырылып, ауылдың үлкен-кішісі жиналып келіп отырғанда, бір кемпір есінепті (*Есінеуде, есінеу бір екен-ау*). 8. Қожанасырдың көршісі балгер болатын. Ол әрдайым көпшігін даңғырлатып бал ашатын (*Қожанасыр мен балгер*). 9. Ерғұн – Ата тәңірі сипатында көк жүзіндегі барлық тәңірлер мен киелерді және өзінің жер бетіндегі өкілдері саналатын шамандар мен абыздарды басқарып отыратын құдірет (*Тәңір туралы*). 10. Бір күні Алла Тағала Жебірейіл періштеге өкім етеді: "Досым Мұхаммедтің дүниеге келетін уақыты жақындап келеді. Жер бетіне барып, бүгін таң бозарғанша ұйықтамай отырған мұсылман пендемнің үстіне пайғамбарымның нұрын шаш", – дейді (*Бір күні Алла Тағала Жебірейіл періштеге...*).

5-тапсырма. Этнолексикалық бірліктерді тауып, фольклорлық мәтіннің кумулятивтік қызметімен байланыстырып түсіндіріңіздер.

1. Қара нар, қалы кілем, бітеу құндыз, Тайтұяқ жамбы, бәйге асыл бұйым (*Үш жүздің шежіресі*). 2. Тіккізді он екі отау қонақжайға, Пейіл болып отырғансын халық сұрап. Тігілген отаулары жұмыртқадай ақ, Іші күміс, күлдіреуіші алтын шаңырақ. Жайылған төр алдында палас, кілем, Төселген төрге жайып, киіз аппақ. Уық бау шын

жібектен тізген маржан, Қуырдаққа неше-түрлі нақыш табақ. Бәрі сай үй-ішінің құралдары: Тәрелке, шыны күміс, алтын табақ. Қызметкерлер үй-ішінде жүгіріп жүр, Көтеріп бірі – құман, бірі – табақ, Келсе де қанша қонақ шытпай қабақ. Сабада сапырулы сары қымыз, Әр үйге қойған екен бие байлап. Мырзалық мұнан адам өте ме екен, Қонаққа сояды екен тай мен тайлақ (*Кіші жүз шежіресі*). 3. – Мынау тұрған қарағай, тау Кенті екен, Еліне жегізетін май, женті екен. Қазанға салған қақпақ, желі тоқпақ, Түп-түгел шаруаның кенті екен (*Асанқайғы*). 4. Ит, мысық таласқаны бір саптаяқ, Есекке ашылмас сор – қамшы, таяқ (*Топонимдік аңыздық жырлар*). 5. – Бір бағыланым бар, соның еті көп пе, майы көп пе, – депті (*Жұмбақшыл патша қызы мен Қарақұл*). 6. Бұрқырап, сарқырап, қара бурадай күркілдеп, аузынан ақ көбігі төгіліп ала бие келді. Келді де ауыз үйге килікті (*Білмес*). 7. Сондағы даулы істері бес жасар атан түйеге екі адам таласып келген екен. Екеуі де өз қолынан боталатқан, менің пәлендей інгенімнен туған, аузын үріп аяғын, сыпырған түйем деп екі адам бір бесті атанды жетелеп келіпті (*Бала патша Алдияр*). 8. Бөкен сол жерде: «Е, баламның басыма пәле келіп, құтылдым дегені Есенгелдінің баласы сөз айтып жүр екен ғой», – деп түсініп, ауылына келген соң, арнап кісі жіберіп шақыртып, Есенгелдімен құда болып, сонан соң қызын беріпті (*Есенгелді*). 9. Не болды деп келсе, Наурызбай найзамен тұмсықтан шаншып, қылышпен шауып, қанжармен жарып, мылтықпен атып, бес қарудың бесеуін де жұмсап кеткен екен дейді (*Наурызбай туралы*).

<u>БӨЖ тапсырмалары</u>:

1. Тарихи, батырлық жырлардан қару-жарақ атауларын жинақтап, лингвомәдениеттанымдық сипатын ашу.
2. Ғашықтық жырлардан әшекей-бұйым атауларын жинақтап, этнолингвистикалық түсіндірмесін беру.
3. Фольклордың түрлі жанрларынан баспана, оның құрамдас бөліктеріне қатысты этнолексиканы жинау, талдау.

7 ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ БҰЙРЫҚТЫ АЙТЫЛЫСТАРДЫҢ МӘТІНТҮЗІМДІК ҚЫЗМЕТІ

***Талқылауға арналған сұрақтар**:*

1. Бұйрықты айтылыс түрлері, ерекшелігі.
2. Ертегі құрылымындағы бұйрықты айтылыстардың функционалды-семантикалық сипаты.

1. Қазақ ғалымдарының ішінде бұйрықты сөйлемге қатысты алғаш пікір білдірген – А. Байтұрсынұлы. Ғалым сөйлем түрлерін айтылуына қарай төрт түрге бөледі де, бұйрықты сөйлемді тілекті сөйлем деп атап, оған мынадай анықтама береді: «Нәрсенің болғанын, істің істелгенін көңіл тілеген орында айтылатын сөйлем түрлері тілекті деп аталады. Мысалы: *«Балалар, оқуға бар, жатпа қарап! Ал, келдік жаман жерге, енді сақтан! Көруге жазғай еді, қақ тағалам!»* [1, 298]. Ғалым осы сөйлем түрін өз ішінде мағынасына қарай бұйрық, өтініш, үгіт, жай тілек (мұрат) түрдегі бұйрықты сөйлем деп төртке бөліп, тілдік айғақтармен дәйектейді. Бұл пікірлер сөйлеу барысында айтылу мақсатына қарай қазақ тілінде бұйрықты сөйлемдердің өз алдына жеке топ құрайтынын айғақтайды.

Профессор Қ. Жұбанов еңбегінде сөйлемдер айтылу сазына қарай хабар сазды, сұрау сазды, леп сазды деп үшке бөлінеді де, бұйрықты сөйлемдер леп сазды сөйлемдердің құрамында сөз етіледі [2]. Осы сөйлем түрінің парадигмасы, мағыналық ерекшелігі, көркем шығарамалардағы қолданысы, орыс тілімен ұқсастықтары мен айырмашылықтары, интонациясы, функционалдық-семантикалық сипаты бірқатар зерттеушілердің (С. Аманжолов, Т. Сауранбаев, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Р. Әміров, О. Төлегенов, З. Базарбаева, Б. Жақыпбеков, Л. Дүйсембекова, О. Жармакин, Х. Демесінова, З. Күзекова, т.б.) еңбектерінде қарастырылды. 2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» бұйрықты сөйлемдер сөйлеушінің біреуді іске қосу, жұмсау үшін қолданылатын сөйлем ретінде анықталды. Бұйрық мағына сөйлеу үстінде түрліше реңкті білдіруіне байланысты тек бұйрық рай етістік формасында ғана емес, басқа да грамматикалық формалар арқылы жасалатыны мысалдармен дәлелденді [3, 668-670].

Ертегіні коммуникативтік-прагматикалық жағынан ұйымдастырып, ертегідегі оқиға желісін одан әрі дамытуға қатысатын ерекше тілдік құралдың бірі – бұйрықты айтылыстар. Ертегідегі бұйрық мәнді айтылыстар оқиғаның әр түрлі арнада өрбуіне, оқиғаның

шиеленісе түсуіне ықпал етеді. Бұйрықты айтылыстар кейіпкерлер арасында орныққан түрлі қарым-қатынастарды, олардың мәртебесін, мінез-құлықтарындағы ерекшеліктерді де ашып көрсетеді.

Бұйрықты айтылыстар табиғаты жағынан коммуникативтік жағдаяттармен тығыз байланысты. Бұл айтылыс түрлері ертегіде төл сөздерде қолданылып, кейіпкерлердің түрлі интенциясын білдіріп, бұйрық, кеңес, өтініш, тілек, талап, қорқыту, сес көрсету, жалыну, үндеу, ескерту, сақтандыру секілді т.б. мән-мағыналарды иеленеді. Сол арқылы сөйлеушінің тыңдаушыға қатысты коммуникативтік-прагматикалық мақсаты көрініс береді. Ертегідегі бір кейіпкер келесі бір кейіпкерді белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға итермелейді не орындамауға шақырады. Мысалы: – *Енді күн шыққанша ұйықтамай жат* (БС. 74-т., 13-б.). – *Бәйбіше, тұр, қонақ келді, ас әзірле, шай қайнат, ет ас, – дейді* (БС. 77-т., 189-б.). – *Қайдан тапсаңдар да, табыңдар. Егер таба алмасаңдар, үйге қайтып келмеңдер, – депті* (БС. 74-т., 326-б.). – *Бірақ сол сандықты ашпағайсың, – дейді* (БС. 74-т., 210-б.]. – *Ертең алакеуімге дейін пәле саржын жерге шаһар салып, ішінде бұлбұл сайратып, бау-бақшалар орнатып, таң-тамаша қылатын шаһар салыңдар, – деп бұйырады* (БС. 76-т., 85-б.).

2. Ертегілерде іске қосушы жақ өзінің талап, тілегінің, бұйрығының бұлжытпай орындалатынына сенеді. «*Алтын құс пен сұр қасқыр*» ертегісінің мазмұны бойынша патшаның кенже ұлы сұр қасқырмен жолығып, жолдас болады. Қасқыр патша баласына сапарға аттанарда, *алтын құсты алуын*, бірақ оның *алтын қапасына тимеуін* немесе *алтын атты алғанымен, дуалдағы алтын жүгенге тиіспеуін* бұйырып, міндетті түрде осы айтылғандарды орындауын талап етеді. Егер бұл талапты орындамаса, *өлетінін* ескертіп, сақтандырады. Мысалы: – ... *Сол бақшада бір алтын қапас ішінде болады алтын құс. **Аларсың**, бірақ қапасқа **тиме**. Егер де қапасқа тисең, **өлесің**»* немесе *Қасқыр жігітке: «**Бар**, тез осы албарға **кір**, қазір қарауылшылар ұйықтаған соң атты, яғни алтын жалды атты **алып шық**. Бірақ дуалда алтын жүген болар, оған **тиме**, егер тисең, **өлесің**»* (БС. 74-т., 28-29-б.).

Осы контексте бұйрық мәні ашық райдың келер шақ формасында (*аларсың, өлесің*), бұйрық (*тиме, бар, кір, алып шық*) райдың II жақ тұлғалары арқылы берілген. Берілген бұйрық мәнді айтылыстар **бұйрық, тіке талап** және **ескерту, сақтандыру** мәнінде жұмсалған. Осы контексте тіке талап пен ескертудің қатар жүруі ертегіде сұр қасқырға патша баласының көмекшісі, оның жолдасы рөлінің

берілуімен байланысты. Қарсылық мәнді *бірақ*, шартты мәнді *егер* шылаулары бұйырушы сөзін орындаушының толық іске асыруын міндеттеу және ескерту, сақтандыру мәнін күшейту үшін қолданылған. Ескерту мәнді айтылыстарда «сөйлеушінің бұйыруы (ерік білдіруі) іс-әрекетті орындаушы жағдаятты бақылауға алып, сөйлеушінің ойынша, жүзеге асырылған жағдайда, не орындаушыға, не сөйлеушіге, не басқа біреуге зияны тиетін іс-әрекетті орындамаса екен деген тілек» болады [4, 645]. Алайда қасқыр бұйрығын патша ұлы орындамайды. Ол алтын құсты қапасымен алып жүруді ыңғайлы көреді, ал алтын жүгенге қатты қызыққандықтан, оны да алады. Мысалы: *Өз-өзіне айтты: «Алтын қапассыз құсты алып жүру қиын болар», – деп. Қайта барып алтын қапасты шешіп алам деп қапасты шеше бастағанда, бақшаның іші шуға толып кетті* (БС. 74-т., 28-б.). Сөйтіп, оны қарауылдар ұстап алады да, Алмат патша оны мың шақырым жердегі үлкен теңіз артындағы алтын жалды атты тауып әкелуге жұмсайды. Жігіт оны тауып келмекші болып, басын иеді. Одан әрі жігіт қасқырдың көмегімен алтын атқа жетіп, оны алып жатқанда, көзі дуалдағы алтын жүгенге түсіп, қызығып, оны ала бергенде, албар шу-шу етіп, қарауылшыларға ұсталып, патша алдына келеді. Әрине, патша жігітті кешіре салмайды, оған сұлу қызды әкеп беруін тапсырады. Жігіт уәдесін беріп, қызды іздеуге кетеді. Осылайша ертегілердегі орындалмаған әрбір бұйрық жаңа оқиғаны тудырып, тізбекті дамытып отырады. Бұдан бұйрықты айтылыстағы хабардың сөйлеу сәтінде әлі жүзеге аса қоймаған, келешекте іске асырылатын не орындалмауға тиісті әрекетке қарай бағытталатыны көрінеді.

Келесі «*Байғұлан*» атты ертегіде Байғұлан өзінен екі есе адаммен алысып, оны жерге алып соғып, ортан жілігін сындырып, шөксе тұрмайтын түйесін үстіне шөгеріп тастайды да, үйіне келгесін інісіне: *«Енді сен мына тау жаққа тезек тере **барма**!» – дейді* (БС. 75-т., 41-б.). Алайда салынған **тыйым**, айтылған **ескерту** інісінің тарапынан орындалмай, тау жаққа барып, Қарабатырға көмектеседі. Ертегі сюжеті бойынша Қарабатырдың кесірінен Байғұлан неше түрлі қиындықтарды басынан өткереді. Немесе «Ер Төстік» ертегісіндегі: «*Қызыма сәлем айт, Сорқұдықтың басына көшін **қондырмасын**, қондырса, кесір болады*» (БС. 75-т., 15-б.), «*Атам бұл құдыққа **қонбасын**, ырымы жаман жер!*» – деген сөйлемдерде болымсыз бұйрықтың себебі (*кесірі бар жер, ырымы жаман жер*) айтылғанымен де, іс-әрекетті орындамау міндеттілігі бұзылады, сөйтіп Төстік неше түрлі оқиғаларға тап келеді. Ертегілерде тыйымның орындалмауы

мәтін мазмұнының қызықты әрі шытырманды дамуына түрткі болады. Демек, бұйрық райдың II, III жағында жұмсалған болымсыз етістіктер – ертегі мәтінін композициялық жағынан күрделендіріп дамытуда қолданылатын әлеуеті зор мәтінтүзімдік тілдік бірліктер.

Осы мысалдардан байқағанымыздай, іс-әрекетті орындаушы ағасының, досының, патшаның, келіннің т.б. айтқан талап-тілегін, бұйрығын, ескертуін өзінше интерпретациялап, оны жүзеге асырып-асырмауды өзі шешеді. Ал кейіпкер құлақ аспаған бұйрық, өтініш, ескерту, тыйым ертегідегі жаңа бір оқиғаның басталуына түрткі болып, ертегідегі мазмұнды одан әрі өрбітіп, кейіпкер шытырман оқиғаларды басынан өткереді. Ертегілерде берілген уәде бұзылады, талап етілген әрекет орындалмайды. Бұл ертекшінің оқиғаны дамыту үшін, тыңдарманын жалықтырмай, қызықтыра отырып, прагматикалық жағынан әсер ету үшін таңдап алған әдіс-тәсілі деуге болады. Ертегіні күрделендіруге бағытталған осы әдісті қалыптасқан, тұрақты түрде ертегілерде қайталана кездесіп отыратын құрылым ретінде қарастырамыз. Осы жөнінде орыс ғалымы В. Пропптың мына тұжырымын келтіруге болады: «Әдетте ертегі белгілі бір жағдайлардан басталады. Отбасы мүшелері айтылады немесе болашақ кейіпкердің (мысалы, солдат) аты аталады, не оның жағдайы, мәртебесі туралы ақпарат беріледі. Бұл жағдай ертегіде ерекше қызмет атқармағанымен, маңызды морфологиялық элементке жатады. Жинақтап бергенде, бастапқы бөліктен кейін мынадай функциялар жүзеге асырылады: 1. Отбасы мүшелерінің бірі үйден кетеді. Ол көбіне ересек адам болады. Ол жұмысқа, саудаға, соғысқа, орманға кетіп не басқа да жұмыстармен үйінен жырақтайды. 2. Кейіпкерге тыйым салынады. Мысалы: «*Егер жалмауыз кемпір келсе, сен ештеңе айтпа, үндеме», «Бұл шоланға кірме*» және т.с.с. Бұндай сөйлемдер көп жағдайда бұйрық, ұсыныс, кейде өтініш түрінде келеді. 3. Тыйым бұзылады. Ертегіге енді жаңа бейне, антагонист енеді.

Ары қарай антагонист кейіпкерді алдайды, оның отбасы мүшесінің біреуіне кесірін тигізеді, кейін қаһарман мен антагонистің арасында шайқас болады, соңында басты кейіпкердің жеңіске жетіп, үйленуімен, мақсатына жетуімен ертегі аяқталады [5, 29-60]. Демек, ғалым ертегіде маңызды морфологиялық қызмет атқаратын бөліктерге кейіпкерге тыйымның салынуы мен оның бұзылуын жатқызады және олардың бұйрықты сөйлемдер арқылы берілетінін атап көрсетеді.

Бұйрық, талап, өтініштің, айтылған кеңестің орындалып-орындалмауы оның кімнің тарапынан қай адресатқа бағытталғанымен

байланысты. Әдетте, ертегілерде патша, қалыңдық айтқан тіке талап, бұйрық көбінесе орындалады, әйтпесе бас кейіпкер өлім жазасына кесіледі, оның жаман аты дүйім жұртқа таралады, таққа мұрагер бола алмайды, сүйіктісінен немесе басқа да жанына қымбат нәрселерден айырылады. «*Құйым батыр*» атты ертегіде патша батырдың әйелін өзіне алмақ болып, оны мыстанның ақылымен айбөкеннің, су сыйырдың сүтін әкелуге жұмсайды. Батыр қасындағы серіктерінің (әйелі, қара қасқа тұлпар, айбөкен, қара құс) көмегімен оның тапсырмаларын орындайды. Құйым батырдың әйелі сапарға аттанарында мынадай кеңес береді: «*Барсаң **бар**, бірақ ханның ақ сауыты бар, соны **сұра**, 9 бүктемелі ақ семсері бар, соны **сұра**, байлауда қара қасқа тұлпар тұр, соны **сұра**, соларды берсе **бар**, әйтпесе **барма**!*» (БС. 75-т., 239-б.) Бұл контексте де бұйрық райдың 2-жағында қолданылған болымды және болымсыз етістіктердің қолданысы ерекше. Етістіктің бұл грамматикалық формасының түбір күйінде *сұра* және тұлғасын өзгертіп, *бар/барма* түрінде қайталанып келуі мәтінде динамика тудырып, батырдың нақты шешім қабылдауына, іс-әрекетті қалайша жүзеге асыруына ықпал етеді. Бұл бұйрықты айтылыстар **кеңес беру** мәнінде жұмсалған. Кеңеспен қатар астарлап берілген **ескерту** де бар, өйткені ханнан сұрағандарын ала алмаса, батырдың басына қауіп төнетіні аңғартылады. Осы ертегіде Құйым батыр әйелінің кеңесіне құлақ асады, сөйтіп барлық сапардан аман-есен, олжалы оралып отырады.

Сонымен қатар ертегілерде іске қосушының айтқаны үнемі орындалатын тұстар кездеседі. Алайда ол бірден емес, бірнеше оқиғадан кейін ғана жүзеге асырылады. Басты қаһарман достарын, жақтастарын көмекке шақырарда, олардың жүзеге асыр деген әрекеттерін міндетті түрде бұлжытпай орындайды. Соның арқасында бас кейіпкер тығырыққа тірелгенде, серіктері келіп, қол ұшын созады, сөйтіп бірлесе отырып, барлық кедергілерді жеңеді, мақсат-мұраттарына жетеді. Мысалы: «*Мына бір қауырсынымды **алып қал**. Қай жерге барып қонсаң да, от жаққан жердің қасына **шаншып қал***», *– деп құс ұшып кетті* (БС. 75-т., 245-б.]. Ертегінің осы бөліктерінде де бұйрық райдың 2-жағы жұмсалып, орындалуға тиіс **тіке талапты** білдіреді.

Жоғарыда талдап өткеніміздей *(«Алтын құс пен сұр қасқыр», «Байғұлан», «Ер Төстік»*), кейбір ертегілерде қаһарманның ата-анасы, туысы, көмекшісі айтқан өтініш, тілек, кеңес, ескерту, сақтандыру түріндегі бұйрық орындалмайды, себебі іс-әрекетті орындауға не

жүзеге асырмауға кеңес беруші оған жаза қолданбайды, орындаушы бұйырушыдан өзіне тікелей төнетін қауіп-қатерді сезінбейді не адресат бұйрық берушіні өзінен мәртебесі төмен деп санайды. Сонымен қатар орындалмаған жағдайда түрлі қиындықтардың туу мүмкіндігіне де аса назар аудармайды. Бұл ерекшеліктер талап етуші мен бұйрықты орындаушының арасындағы иерархиялық, әлеуметтік-рөлдік, психологиялық байланыстардан хабар береді. Бұйрықтың қалай жүзеге асатыны ертегідегі кейіпкерлердің жақындық не танықтық деңгейлеріне, мәртебесіне байланысты. Ертегі контексінде бұйрық, тіке талап жоғарыдан төменге, күштіден әлсізге, дұшпаннан бас кейіпкерге бағытталады. Ал өтініш, кеңес, ескерту, сақтандыру, тілек бір-біріне жақын, дос кейіпкерлердің арасында, ата-анасы мен туысқандары, бас қаһарманның жақтастары мен көмекшілері, желеп-жебеушілері тарапынан айтылады. Бұл ертегінің оқиға желісімен байланысты, себебі негізгі кейіпкердің алдына жүзеге асыруға қиындық келтіретін, кей кезде, тіпті, орындалмайтындай мақсат-міндеттер қойылып, неше түрлі күрделі жұмыстар тапсырылады. Айтылған бұйрық, талап ертегінің құрылымдық-мазмұндық ерекшелігіне сәйкес тез арада жүзеге асырылуы тиісті. Сондықтан бас қаһарман айтылған бұйрықты орындауға, сұралған затты іздеп табуға ұмтылып, шиеленіскен іс-әрекеттерді басынан өткеріп, түбінде мақсатына жетеді. Демек, ертегідегі бұйрық мәнді айтылыстар – кейіпкердің белсенді іс-әрекетін жүзеге асыруға ерекше ықпал ететін тілдік бірліктер.

Қазақ ертегілерінің құрылымында бұйрықты айтылыстар **қарғыс** мәнінде де жұмсалады. Мысалы: *Сонда ақ дәу: «Ей, ұлымағырдың иті ұлып, **өз басыңа көрінсін**! Шаңқылдамағырдың құсы шаңқылдап **өлеріңе көрінсін**! Сөгілмегірдің сауыты сөгіліп, **тозарыңа көрінсін**. Осы Құйым туғанда бүлк ете қалып еді, бар денем!» – деп келеді екен* (БС. 75-т, 245-б).

Ақ дәудің бұл қарғыс мәнді сөздері оған төнген қауіп-қатерді қабылдаушыға әсерлі жеткізу үшін қолданылған. *«Құйым батыр»* ертегісінде ақ дәудің айтқандары сөзбе-сөз қара дәудің, қызыл дәудің атынан да қайталанып беріледі. Ертегі кейіпкерлері пайдаланатын құрал-саймандардың жарамсыз болуы не жанында жүрген жан-жануар, құстардың түрлі жағымсыз, оқыс іс-әрекеттерді жасауы көп жағдайда осы зат иелерінің басына төнетін қиындықтардан хабар береді. Келтірілген мәтін бөлігінде ақ дәудің (қара, қызыл дәулердің) басына төнетін қауіп өзіне жақын *итінің ұлып, құсының шаңқылдап,*

сауытының сөгілуінен аңғарылады. Сол себепті де ертекші дәудің сөзінде оның өз басын қатерден арашалау мақсатында заттарға бағытталған қарғыс мәнді тілдік бірліктерді қолданады. Осы үзіндіде қайталана жұмсалып, сөйлемді тиянақтауға қатысқан *көрінсін* етістігі III жақ тұлғасында тұрғанымен, контексте тәуелдік жалғаудың II жағындағы *басыңа* зат есімімен, *өлеріңе, тозарыңа* келер шақ есімшелермен тіркесіп, *сен өл, сен тоз* дегенді білдіріп, II жақтық мағынаны иеленген.

Ертегілерде бұйрықты айтылыстар **тілек, өтініш** мағынасында қолданылады. Бұйрықты айтылыстардың бұл түрінде айтушының тілегі, еркі, өтініші беріледі де, орындалуы мүмкін немесе орындалуы мүмкін емес іс-әрекет ретінде көрінеді. Сөйлемдегі тілек, өтініш жекеше, көпше I, II жақта сыпайы, анайы формадағы бұйрық рай арқылы беріледі. Мысалға «Бозінген» ертегісіндегі керуеншілерге айтылған Бағланбай ұлдарының сөзін келтіруге болады:

*Сөзімді **қабыл алыңыз**,*
*Бұл сөзіме **наныңыз**,*
*Артынан **хабар алайын**,*
*Жеті күн **тоқтап беріңіз**!*
*Атқа мініп **шабайын**,*
*Сатқынды ізден **табайын**,*
*Пұлыңды **алып берейік**,*
*Інгенді **алып қалайық**, – дейді* (БС. 73-т, 276-б).

Бұл шумақтарда логикалық екпін іске қосушы әрі іс-әрекетті жүзеге асырушы сөйлеуші I жаққа түседі. Осы контекске сәйкес, бұйрық райдың жекеше, көпше түрдегі I жағы бірлескен іс-әрекетті, шешімді, оның орындалуын қалауды білдіреді. II жаққа қатысты айтылған өтініштің іске асып-аспауы сөйлеуші тараптың өзі орындауға ниет білдірген әрекеттерінің қалай жүзеге асатынымен байланысты ертегіде өз шешімін табады.

Немесе: *– Менің істегенім дұрыс болмапты, **кешір**! – депті де, құмырсқаны қамаудан босатып жіберген екен* (БС. 73-т., 228-б]; *– Әке, енді мені басқа бір адамға беремін деген үміттен **күдер үзіңіз**. Енді менің қалған өмірім сол жылан қабықты жігіттің жолына құрбан болады. Сондықтан соны өлгенімше іздеуге **ұлықсат етіңіз*** (БС. 74-т., 49-б]; *– Е, Құдай, мал **бер**, бас **бер**, өмір ұзақ жас **бер**! – деп тілеу тіледі Құдайдан* (БС. 74-т., 91-б); *Қашып құтылатын маған бір ат **тауып берші**!* (БС. 73-т., 56-б) деген II жақтағы бұйрықты айтылыстар тілек, өтініш мағынасын білдіруге қатысқан.

Ертегілерде сонымен қатар **бата-тілек** мағынасындағы бұйрықты айтылыстар бұйрық райдың III жағы арқылы да ұйымдасады. Грамматикалық формасы III жақта берілгенімен, бата-тілек тыңдаушы II жаққа қарай бағытталады. Сөйлеуші айтқан бата-тілектің іске асырылуы адресаттың құзырынан тысқары тұрады. Мысалы: *Бүкіл өміріміз бойынша Құдайдан тілеріміз бізді кәбабтан құтқарғаныңыз үшін сізге* ***зор рахмет етсін****!* (БС. 74-т., 214-б), *Атса, мылтық* ***өтпесін****, шапса, қылыш* ***өтпесін****, адамның күші саған* ***жетпесін*** (БС. 75-т., 71-б). Мұндай айтылыстар ертегі кейіпкерлерінің арасында орнаған жанашыр, мейірімді, тілеулес қарым-қатынастардан хабар береді.

Қорытындылай келе, зерттеу нысанына алынған бұйрықты айтылыстарды қызметі мен мағынасына қарай төмендегіше топтастырамыз:

1) директивті – бұйрық, тіке талап мағынасындағы айтылыстар;

2) оптативті – өтініш, тілек, бата, қарғыс мағынасындағы айтылыстар;

3) превентивті – ескерту, сақтандыру, кеңес мағынасындағы айтылыстар.

4) прохибитивті – тыйым салу мағынасындағы айтылыстар.

Олардың ішінде ертегі құрылымында түрлі коммуникативтік жағдаяттармен байланысты қолданылатын директивті, прохибитивті, превентивті бұйрықты айтылыстардың мәтін мазмұнын дамытудағы қызметінің ерекше екенін атап өтуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: ҚазССР-інің Ғылым баспасы, 1966. – Б. 198-204.

3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

4. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы / Жауапты редактор: М. Малбақов. 2-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011.– 828 б.

5. Пропп В. Морфология сказки. – Москва: Наука, 1969. – 168 с.

<u>Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар</u>*:*

1. Қазақ тіл білімінде бұйрықты сөйлемдердің құрылымдық, функционалдық тұрғыда зерттелуі.

2. Бұйрықты айтылыстардың тілдік көрсеткіштері.

3. Ертегі мәтіндеріндегі бұйрықты айтылыстардың коммуникативтік-прагматикалық қызметі.

1-тапсырма. Фольклорлық мәтіндерден бұйрықты айтылыстарды тауып, мәтінтүзімдік қызметін анықтаңыз.

1. – Қайғырмай қайтейік, – дейді шал мұңын шағып. – Алаяқ тышқандар қамбадағы астығымызды талан-таражға салыпты. Соның жазасын беретін біреу табылар ма екен бұл дүниеден?

– Сол айтқаныңды мен орындаймын, қане, көрсетші сұмырай ұры тышқандарды, – деп, мысық құйрығын бұлғаңдатады батырсынып.

– Ендеше бері жүр, – деп, шал мысыққа қамбаның есігін ашып береді. Мысық құжынаған тышқандарды көреді.

– Енді есікті жауып қой да, кете бер, – дейді мысық шалға (*Ит пен мысық адамға қалай үйренді?*).

2. Әлқисса, патша Барын деген уәзірін шақырып алып:

– Жұртты жи, – дейді. Бүйтіп қапа болып тұрғанымыз жарамас. Және бір қыз алайын. «Патшаның тойы бар» деп, жұртты жиып, жар салыңыз: «Бір ұл, бір қыз табатын қыз бар ма?» деп. «Бар» деп біреу қызына кепіл болса, сол қыздың өз бойындай алтын берсек те алалық, – деп айтты (*Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық*).

3. – Олай да болса, Арша хан,
Бұ тіліңді алайын,
Халқыма жарды салайын,
Қойды баққан құл қалмай,
Ешкіні баққан шал қалмай,
Ақсақ, шошақ таз қалмай,
Мырза, сірә, хал қалмай,
Бәрін жиып алайын.
Сексен үйді тігейін,
Сексен бие сауайын.
Сексен саба толтырып,
Бал қымызды жияйын.
Он екі жасар Назымды
Бір сүйгені бар болса,
Қалың мал алмай берейін (*Қамбар баһадүрдің жыры*).

4. Сонда Әзімбай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
– Ол, ол болсын, ол болсын,

Жеке басың қол болсын.
Садаққа салған қырық кез оқ
Дұшпанға атсақ мол болсын.
Алтынды бөркің басыңда,
Қырық нөкерің қасыңда,
Арша қалқа, саған жол болсын (*Қамбар баһадүрдің жыры*).

5. Қыз үйге келсе де баланың қасына баруға қорқып, қасына жақын бармайды. Сонда жігіт айтады: «Сен менен қорықпа, қасыма келіп басымнан аяғыма дейін сипа», – дейді. Қорқып тұрған қыз амалсыз жыланды басынан аяғына дейін сипайды. Сол уақытта жігіттің сыртындағы жылан қабығы сыпырылып түсіп, дүнияда жоқ, бір сұлу жігіт болып отырады. Қыз жігіттің сұлулығына қызығып кетіп, есі ауады, сонда жігіт қызға айтады: «Мынау жылан кабық – менің екінші жаным. Соны адамға сездірме және адамға көрсетпе, өзің де жоғалта көрме! Егер жоғалтып алсақ, мен саған жоқпын!» – дейді (*Жылан қабықты жігіт*).

2-тапсырма. Бұйрықты айтылыстарды мағынасы мен қызметіне қарай топтастырыңыз.

1. – Шырағым, жоғары шық, енді менің балам боласың. Шөлдеп келсең, мына суды іше ғой (БС, 76-том). 2. – Бөгелекке еріңдер, Салық жинап келіңдер. Төлемесе салықты, Сыбағасын беріңдер! (БС, 73-том). 3. – Енді бес ат келеді, соның ішінен таңдағаныңды ал (БС, 74-том). 4. – Үйден шық, кет (БС, 77-том). 5. – Айда, тақсыр, жылдамырақ жазасын беріңіз, – деді (БС, 73-том). 6. – Жаным, мен сатып алайын. Тым болмаса, он жыл өтірік айтпасқа ант ет, мешітке жүр, – деді бай (БС, 77-том). 7. – Мал да, жан да сұрамаймын. Көрген қорлығым ойымнан кетпейді. Осы бұзауды жат десем, жатып, тұр десем, тұратын ғып беріңіз, – дейді (БС, 77-том). 8. – Байеке, атыңызға мініп, қарап айтайын, бойым жетпей тұр (БС, 77-том). 9. – Есіңде болсын: ағаңды іздеп шыққан жолыңда жал басына түнеме, ескі жұртқа әсте түнеуші болма, төбешік кезіксе, оның оңтүстік жағына түсіп түнегейсің, ал ағаң бар керуенді тапсаң, ағаңның артында, түйелердің ортасын ала жүр, – деп ақыл айтады (БС, 73-том). 10. – Ей, анау жатқан құдыққа түсіп кетесің ғой, байқа! (БС, 74-том). 11. – Әке, сен Бабаханға қайта бар, ол саған білгенін істер, сен қорқушы болма (БС, 74-том). 12. – Әй, сорлы, енді жылама, көзіңе ақ түссін! (БС, 74-том).

3-тапсырма. Бұйрықты айтылыстардың мағынасын анықтап, жасалу жолдарын талдаңыз.

1. Осы өгіздің бүйірі орталанып, іші қабысып бара жатыр ма деп, өзім де күдіктеніп отыр едім, осыны өгіздің басындағы ағамызға, бара қалсаңыз, жолдан айта кетерсіз, – депті (БС, 73-том). 2. – Ене, анадағы сізді қуған от не, сол маған жұмбақ, соның сырын маған айтыңызшы (БС, 74-том). 3. – Алдияр, жұмсаған жұмысыңызға барайын, қырық күн мұрсат бер (БС, 74-том). 4. – Ей, құдай, осы орман бүтін бәрі қырқылып, күл болып қалсын. Және дуалдарына шейін құлап жоқ болсын (БС, 76-том). 5. – Айта көрме. Еш нәрседен қорықпаймызың не? Біріншіден, Құдай қазақтың қамшысынан сақтасын. Екіншіден,инедей жердің тікенінен сақтасын. Бұларды көрсек, көрінім жерден қашып жүреміз. Кәпірдің бетін аулақ қылсын! – дейді Түлен мен Құлан отырып (БС, 77-том). 6. – Қарағым, аңға барып, аң атып келгін, сосын менімен қалаға барып келгін (БС, 75-том). 7. – Жаңа бір қасқыр анау шоқайдан қашып өтті, тезірек ұмтылыңдар, – дейді (БС, 73-том). 8. – Ағайын, ертең сайламға бірлікте барайық. Үйқының қаттылығын өзің білесің, таңертең мені сөзсіз оятып қой, ертерек барайық, – депті (БС, 73-том). 9. – Ал, балалар, бірігіп ел болалық. Біздің жанашыр туған-туысқанымыз жоқ. Барлығымыз бірігіп қайыр сұралық (БС, 76-том). 10. – Басың көп қатты ауырып тұр екен, олай-бұлай жүгіріп, құйрығыңды көк мұзға қоя қойғын! – дейді (БС, 73-том). 11. – Менің жаным оң жақ көрпенің астында, бәкінің ұшында, тірі жанға тіс жарып айтушы болма! – деп ескертеді (БС, 75-том). 12. – Е, Құдайым, мұндай өмір бергенше, маған өлім берсейші, – деді (БС, 77-том).

4-тапсырма. Болымды және болымсыз бұйрықтың мағыналық сипатын, мәтінтүзудегі қызметін анықтаңыз.

Әуезханның қырық ұлы
(ертегіден үзінді)

Шал айтты:

– Балам, мен тілегінді берейін, көзіңді жұм! – дейді. Бала көзін жұмады. Бір уақытта:

– Көзіңді аш! – дейді шал.

Көзін ашып жіберсе, баяғы тілегінің бәрі қабыл болып, адам таңғаларлық болып қалыпты. Балаға кездескен Қыдыр еді.

Шал:

– Балам! Үйіңе барған соң қайныңа барма, ағаларың барсын. Ағаларың барып, бірнеше ай жатып қайтар. Қайтарында қатты боран болады және бір әдемі аппақ там тұрады, ол тамға ағаларың бармасын, – депті де, ғайып болып, ұшып кетіпті.

Бала үйіне келіпті.

Ағалары: «Не қылдың?» – дейді.

– Бітірдім, – деп жауап береді.

Онан кейін хан кіші баласын алып қалып, отыз тоғыз баласын қайнына жіберіпті. Кенже баласы ағаларына бағанағы шалдың айтқанын айтып жіберіпті. Ағалары қайнына барады. Барғаннан кейін бірнеше ай жатып, қалындықтарын алып, керней-сырнайларын тартып келе жатса, баяғы шалдың айтқанындай, үлкен боран болады, жолда айналасында ағаштар жайнап тұрған аппақ там... Баяғы «кірме» деген сөз естерінде. Алдыңғылары кірместен көшті бастап жүре береді. Артта келе жатқан адамдары білместен шауып барып, аттарын байлап, кіріп кете береді. Алдыңғылары оларды көріп, шауып келіп тағы кіреді. Кіріп қараса, бір айдahар ысқырып:

– Бәріңді жұтайын ба? Жоқ, болмаса, үйлеріңіздегі кіші ініңізді әкеліп бересіңдер ме? – дейді.

– Ойбай, әкеліп берейік! – деп уәде беріп, жүріп кетеді. Бұлар жүре тұрсын.

(БС, 74-том).

5-тапсырма. Фольклорлық мәтіндерден бұйрықты айтылыстарды теріп, кестеге сәйкес толтырыңыз.

	Бұйрықты айтылыс түрлері	*Мысалы*
1.	Директивті	
2.	Оптативті	
3.	Превентивті	
4.	Прохибитивті	

БӨЖ тапсырмалары:

1. Фольклорлық мәтіндердегі бұйрықты айтылыс құрылымының моделін жасау (1 жанр негізінде).

2. Ғашықтық, тарихи жырлардағы бұйрықты айтылыстарды мағынасы мен қызметіне қарай топтау, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

3. Ертегі сюжетін дамытуға қатысқан бұйрықты айтылыстарға мысалдар келтіру.

8 МӘТІН ІШІНДЕГІ МӘТІН МӘСЕЛЕСІ

***Талқылауға арналған сұрақтар**:*
1. Интертекстуалдықты аңдату.
2. Интертекстуалдық, интертекст терминдері туралы.
3. Көркем мәтіндердегі интертекстерді қарастырудың үш тұрғысы.

1. «Интертекст», «интертекстуалдылық» терминдері ғылыми айналымға XX ғасырдың 60-жылдарының соңында француз зерттеушісі, постструктурализм, постмодернизм теоретигі Ю. Кристеваның еңбектері арқылы кірсе де, бұл терминнің негізінде М.М. Бахтиннің «взаимодействие «своего» и «чужого слова» – «өз» және «бөгде» сөзінің өзара ықпал-әрекеті» деген пікірі жатқанын зерттеушілер атап көрсетеді [1, 228-229]. «Современное зарубежное литературоведение» кітабында бұл терминге И.П. Ильин былай анықтама береді: «Әр мәтін интертекст болып табылады; басқа мәтіндер – алдындағы мәдениет мәтіндері мен оның айналасындағы қазіргі мәдениет мәтіндері – оларда әр қилы деңгейде азды-көпті танылатындай түрде байқалады. Әр мәтін ескі цитаталардан, үзіндіден, мәдени кілттерден (кодтардан), формулалардан, ритмикалық құралдардан, әлеуметтік идиомалардың фрагменттерінен, т.б. түзілген жаңа құрылым: олардың бәрі мәтіннің бойына сіңіп, араласып кеткен, өйткені тіл мәтіннен бұрын және соның айналасында өмір сүреді. Кез келген мәтін үшін қажетті алғышарт ретінде интертекстуалдылық түпнұсқалар мен оның әсері мәселелерімен ғана шектеле алмайды, ол шығу тегі сирек анықталатын анонимдік формулалардың ортақ өрісі, тырнақшасыз берілген цитаталардың ықтиярсыздығы деп саналады» [2, 207]. «Эпос Франции» кітабында З.Н. Волкова уақыты жағынан бұрын және кейін жазылған мәтіндердің арасындағы жалғастық, байланыстарды реминисценция терминімен атайды да, оның үш түрін көрсетеді [3, 211-212]. Ресейлік ғалым Н.А. Фатеева өз еңбектерінде интертекстуалдылық мәселесін автор және оқырман тұрғысынан қарастыра келіп, мынадай тұжырымдар жасайды:

1. Тәрізі, интертекстуалдылық туралы айтқанда оның екі тарапқа – оқырман (зерттеуші) тарапы мен автор тарапына ажыратуға толық негіз бар. Оқырман тұрғысынан алғанда, интертекстуалдылық – сөздің референциалдық, синтагматика-комбинаторлық, дыбыстық және ырғақтық-синтаксистік белгілерімен байланысты басқа мәтіндермен көпмөлшерлі байланыстарын анықтау арқылы мәтінді анағұрлым

терең түсіну немесе мәтінді түсінбеу (мәтіндік ауытқуларды) мәселелерін шешу.

2. Егер бұрынырақ уақытта XX ғасыр басында авторлар интермәтінді өз мәтініне сіңіріп жіберуге, интертекстуалдандыру уәждемесін енгізуге талпынса, ғасыр соңындағы ерекшелік ажырата қарауға, мәтінаралық байланыстардың формалдық маркерлерін енгізуге, «бөтен» мәтінмен метамәтіндік ойынға ұмтылыс болды [4, 12-18].

Автор осы еңбегінің жалғасында өзіне дейінгі шетелдік зерттеушілердің (Ж. Женетт, П.Х. Тороп, И.П. Смирнов) пікірлерін жинақтай келіп және өз қолында бар материалдарға сүйене отырып, интертекстуалды байланыстар түрлеріне дербес топтама ұсынады. Ғалым өз топтамасының негізіне мәтінаралық байланыстардың Ж. Женетт көрсеткен жалпы классификациясын алғанмен, түзіліп отырған мәтінге бөгде мәтіндердің енгізілу тәсілдері мен деңгейлері туралы П. Тороптың тұжырымдарын да, И. Смирновтың интертекстуалдылықты конструктивті және реконструктивті деп ажыратуын да ескереді. Сондықтан да Н.А. Фатееваның топтамасы мәтінаралық байланыстардың ең ұсақ көрінісіне дейін қамтығанын байқауға болады:

1. Мәтін ішіндегі мәтін құрылымды интертекстуалдық (ашық немесе жасырын цитата, ашық немесе жасырын аллюзия, центон мәтіндер);

2. Паратекстуалдық немесе мәтіннің өз атауына, эпиграфына және соңғы сөзіне қатысы (цитата-атаулар, эпиграфтар);

3. Метатекстуалдылық, яғни өзінен бұрынғы мәтінді мазмұндап айту немесе оған сілтеме (интертекст-мазмұндау, бұрынғы мәтін тақырыбына вариациялар, «бөгде» мәтінді аяқтап жазу, бұрынғы мәтінді тілдік ойнату);

3. Гипертекстуалдық, яғни бір мәтін арқылы екінші мәтінді сықақтау немесе пародиялау;

4. Архитекстуалдық немесе мәтіндердің жанрлық байланысы.

5. Интертекстуалдықтың басқа модельдері мен түрлері (троп немесе стилистикалық фигура, интермедиалды троптар мен стилистикалық фигуралар, еліктеу);

7. Поэтикалық парадигмадағы интертекстуалдық [5, 25-38].

Зерттеуші И.В. Арнольд өз жұмысында: «Интертекстуалдық деп мәтінге сөйлеу субъектісі басқа толық мәтіннің немесе маркерленген яки маркерленбеген, қайта құрылған яки өзгертілмеген цитаталар,

аллюзиялар, реминисценциялар түрінде олардың үзіктерінің кіргізілуі түсініледі» дей келіп, интертекстуалдықтың ішкі және сыртқы, мәтіндік және кодтық, синкретті типтеріне тән барлық ерекшеліктерінің 19 түрін көрсетеді [6]. Поэзиялық шығармаларды талдаушы профессор М.Ю. Лотман «Анализ поэтического текста» кітабында [7] «Чужое слово в поэтическом тексте» деген бөлімшеде айтылған ойын толықтырып, жетілдіріп, «Текст в тексте» еңбегінде интертекстуалдылықты лингвомәдениеттану ұғымымен ұштастыра қарайды. Ресейлік ғалым А.В. Савченконың пікірінше: «Интертекстуалдылық – мәтін түзуші элементтер, олар мәтінде жасырын немесе ашық түрде беріледі, оқырман санасында қосымша мағыналық ассоциациялар, аллюзиялар, реминисценциялар туғызып, мәтіннің мағыналық шегін кеңейтуге көмектеседі» [8, 155].

Жоғарыда келтірілген барлық пікірлерден байқалып отырғандай, интертекстуалдылық – белгілі бір мәтіннің басқа бір мәтінмен байланысының әр түрлі деңгейде тілдік бірліктер арқылы көрінуі. Ол тілдік бірліктердің құрамы, құрылымы, эмоционалды-экспрессивтілігі әр алуан болып келеді.

2. Интертекстуалдық мәселелерін қарастырғанда интертекст термині өте жиі кездесетіні белгілі және ол заңды да, өйткені көптеген ғалымдар бұл екі терминнің ара жігін ажыратпай, бірінің орнына бірін қолдана береді. Сол себептен де қазіргі ғылыми айналымда интертекст термині төмендегі ұғымдарды қамтиды:

«Ескі цитаталардан құралған жаңа құрылым» деп танылатын кез келген мәтін;

Бірыңғай мәтіндік (интертекстуалды) кеңістік құрайтын және ортақ элементтері кездейсоқ емес бірнеше мәтін (немесе олардың үзінділері);

Құрылымында цитата бар мәтіндер, бұл көбінесе постмодернизм бағытындағы көркем шығармаларға тән;

Түзіліп отырған мәтінге енгізілген түпнұсқа мәтін;

Көркем туындының семантикасын түзетін компонент – астарлы ой, яғни мәтінді интерпретациялауға көмек.

Аталған ерекшеліктеріне орай мұндай мәтінаралық байланыстардың номинативі ретінде бірнеше термин жарыса қолданылып, олар кейде бір-бірінің орнын алмастырып жүргені байқалады. Семантикасының айқындығына немесе сыртқы құрылымына байланысты көбіне интертекст деп танылатын құбылысты «мәтін ішіндегі мәтін» (Ю.М. Лотман), «интертекстуалды

элементтер» (Н.А. Фатеева), «интекст» (П.Х. Тороп), «интертекст» (И.П. Смирнов), «мәтіндік реминисценциялар» (А.А. Супрун), «интертекстуалды келтірінділер» (И.В. Арнольд, З.А. Сандалова), «интертекстема» (К.П. Сидоренко) деп атайды. Бұл терминдердің кейбірінде тек кеңістік семасы басым болса, енді біреулері әрі кеңістік және мезгілдік қатынасты, әрі құбылыстың негізгі мәнді белгісін қамтиды.

Байқалып отырғанындай, бұлар басқа мәтіннен алынып, жаңа мәтінге кіргізіліп отырған фрагменттердің атауы, ал осы кіргізілген фрагмент бар жаңа мәтін мен фрагмент алынған бұрынғы мәтіндердің өздері де түрліше аталып келеді.

Қаламгер интертекстуалды элементтерді өзі түзіп (құрып, жазып) отырған мәтінге бұрыннан көпшілікке таныс, идеялық-эстетикалық әсері қуатты, көркем тілді шығармалардан алады. Шетелдік және орыс ғалымдары мұндай мәтіндерді «прецедентті мәтіндер» (Ю.Н. Караулов, И.В. Арнольд, Ванхала-Анишевски), «претекст» (К.П. Сидоренко), «преконструкт» (П. Серио), «мәтін-дереккөз» (А.А. Супрун, А.А. Мелерович), «мәтін-дистиллят» (И.М. Михалева) деп атайды және олардың қатарына Библияны, фольклорлық шығармаларды, антикалық әдебиет пен мифологияны, әлемдік және орыс көркем туындыларын, балалар әдебиетін, халық әндері мен кеңінен танымал авторлық әндерді, саяси қайраткерлердің сөздерін, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарынан үзінділерді, жарнамаларды жатқызады. К.П. Сидоренконың пікірінше, претекстерді көркем және эстетикалық емес мәтіндер деп бөлу керек және ол соңғыларға іс қағаздарын, хабарландыруларды, жарлықтарды, өтініштерді, оқу әдебиетін, ғылыми әдебиетті, публицистиканы жатқызады [9]. Біздіңше, прецедентті мәтіндерді бұлай бөлу онша маңызды емес, себебі қазіргі оқырман өз дискурсында функционалды стиль мәтіндерінің біразымен таныс және олардың ерекшеліктерін ажырата алады. Оқырман үшін сол мәтіндер негізінде туындаған интертекстер ғана мәнді болады.

Басқа мәтінмен байланысы эксплицитті немесе имплицитті түрде көрінетін уақыты жағынан кейін түзілген мәтінді атауда да бірізділік жоқ. Мысалы, «қабылдаушы мәтін» (А.Г. Мамаева, Г.А. Чернявская), «екінші (кейінгі) мәтін» (М.В. Вербицкая), «мәтін-консеквент» (И.П. Смирнов), «мәтін-микст» (И.М. Михалева), «аналық немесе қоршаушы мәтін» (материнский или обрамляющий текст – А.К. Жолковский). Келтірілген терминдердің барлығы мәтіннің басқа

көркем шығармалармен және түрлі экстралингвистикалық факторлармен байланысын көрсететіндіктен, біз, терминологиялық бірізділік мақсатында ***интертекст, интертекстуалды немесе келтірінді элемент, интертекстуалдық немесе интертекстуалды байланыстар, претекст, прецедентті мәтін және прецедентті құбылыстар*** деген ұғымдарды пайдаланамыз.

Сонымен**, *интертекст – басқа мәтіндермен байланысы түрлі маркерлер арқылы көрініп тұратын, уақыты жағынан кейін түзілген көркем шығарма және оған цитация қағидатымен кіргізілген тілдік-семантикалық бірлік; интертекстуалды немесе келтірінді элемент – көркем туындының семантикасын түзуге, түрлі ассоциация тудыруға ықпал ететін, басқа мәтіндермен байланысы имплицитті, эксплицитті түрде әр қилы тілдік деңгейде вербалданған бөгде мәтін немесе прецедентті құбылыс фрагменті; интертекстуалдылық немесе интертекстуалды байланыстар – мәтінаралық байланыстардың жалпы атауы; претекст немесе прецедентті құбылыс – уақыты жағынан бұрын түзілген көпке белгілі эталон деп есептелетін мәтін немесе құбылыс.***

Интертексті пайдаланатын, өзектендіретін адам, яғни бұрын жазылған мәтін мен одан кейін пайда болған мәтін арасындағы байланысты орнату үшін олардың әрқайсысын оқырман танып, тиісті ассоциация тудыруы қажет. Осы жағдайға байланысты Н.А. Кузьмина мынадай қорытындыға келеді: «Интертекст – это объективно существующая реальность, являющаяся продуктом творческой деятельности Человека, способная бесконечно самогенерировать по стреле времени. ... ибо **мы в интертексте**, мы не вне его, но одна из его субстанций» [10, 20]. Шынында да, белгілі бір лингвомәдени кеңістікте өмір сүріп, әлеуметтік-коммуникативтік жағдайлармен ұшырасқан әр адам сол кеңістіктегі мәдени құбылыстармен, оның аса маңызды және қомақты құрамдас бөлігі – мәтіндермен өзі оқуы арқылы тікелей немесе басқа біреулердің мазмұндауы, оларды еске түсіретін түрлі сөз қолданыстары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы реминисценция, жарнама, рецензия, арқылы жанама түрде қалай да хабардар болады.

Интертекстуал байланыстар көркем мәтінде әр түрлі типтерде көрінеді. Зерттеушілер интертекстуалды байланыстардың көріністерін, берілуін (реализациясын) бірнеше топқа бөледі. Мәселен, Е.А. Поповаңың топтамасына кіргізілгендер: реминисценция,

сюжеттік вариация, цитата жасау, инсценировка, стилизация, «интертекстуалды-атаулы ойын», аллюзия, антономасия, символика [11]. Е.М. Циглердің пікірінше, мәтінаралық байланыстарды төмендегілер құрайды: еліктеу, стилизация, мәтінді аяқтап жазу, мазмұндау, контаминация, пародия, бурлеск, апокрифтер, цитата, цитация, аллюзия, реминисценция, пастиччо [12]. М.В. Тростников бұл байланыстарға мыналарды жатқызады: 1) прямое заимствование, цитирование, включение в текст высказываний, принадлежащих другому автору; 2) заимствование образа, некий намек на образный строй другого произведения; 3) заимствование идеи, миросозерцания, способа и принципа отражения мира – копирование чужеродной эстетики без использования идей другого автора [13, 31].

А.К. Жолковскийдің топтамасына қалыпты цитация (мәтін бөлігі, образ, сюжет), өмірбаяндық (жекелеген қаламгерлер өміріндегі ұқсастық, олардың қоғамдағы ролімен ассоциация) және құрылымдық (өлең өлшемі, ырғағы, интонациясы, ұйқасы) цитация кіреді [1].

Келтірілген топтамалардағы *заимствование* және стилизация терминдері қазақ филологтерінің зерттеулерінде де кездеседі. Алғашқы термин **ауыс-түйіс, еліктеу** түрінде қолданылып жүргені байқалады. С. Талжанов «Әдеби әсер жайлы» мақаласында Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы И. Крылов мысалын меңзеп тұрған фрагментті (реминисценцияны) келтіріп, оны ауыс-түйіс деп атайды [14, 57]. Ауыс-түйіс, еліктеу туралы өз ойын айта келіп, Т. Шапай былай дейді: «Ұқсап тұрып, ұқсамау – талантты деген сөздің синонимі деуге болады. Талантты дүниедегі «өзінікі» мен «өзгенікінің» ара қатысы, тірі байланысын ашу – жеке бір ғылым» [15, 233]. Ал Р.Ғ. Сыздықова: «Стилизацияның түрі сан алуан. Қазіргі қазақ көркем әдебиетінде и н т е л л е к т у а л и з а ц и я, и н т и м и з а ц и я, ф о л ь к л о р и з а ц и я сипаттары бар шығармаларды іздестіріп, талдау керек. Осылардың қай-қай түрі де сөз таңдау өрісін кеңейтеді; шығарма тексінің композициялық-синтаксистік құрылымын, монологтер мен диалогтерді берудің жаңа тәсілдерін іздестіреді, лексиканың тақырыптық топтарын байытады т.т.» – деп, бұл құбылыстың маңызды екеніне назар аударады [16, 186]. Осы пікірлер мәтінаралық байланыстардың кейбір түрлері отандық зерттеушілер назарынан тыс қалмағанын көрсетеді.

3. Көркем мәтіндердегі интертекстерді үш тұрғыда қарастыруға болады. Көркем шығарманы жазған адам, мәтін және оны оқитын оқырман қарым-қатынасына сәйкес интертекстердің кіргізілуі әр

тұрғыдан түсіндіріле алады.

Қаламгер интертекстi өз шығармасына кіргізгенде түрлі мақсатты көздейді. Оларды шартты түрде 6-ға бөлуге болады:

1) өзі эталон мәтін деп санаған көркем шығармамен ассоциация тудыру (бұл жағдайда претекстің жекелеген фрагменті арқылы өз туындысының семантикасын толықтыру, дамыту, байыту);

2) бағалау (өз кейіпкерін немесе персонажын интертекспен бағалау, ол бағалау ашық эмпатикадан айқын контрасқа дейін түрліше болуы ықтимал);

3) этикеттік (қаламгердің претекст авторына немесе претекске қарым-қатынасы – эмпатикалық, бейтарап немесе ашық сыни көзқарасы);

4) айшықтау (өзінің немесе кейіпкерінің, персонажының ойын сабақтау, дәлелдеу, қорытындылау, толықтыру, жалғастыру);

5) тілдік-мәдени құзіретін таныту;

6) оқырманның мәтінді автор интенциясына сай интерпретациялауына бағыт беру.

Интертекстердің өздерін де бірнеше тұрғыда қарастыруға болады: интертекске негіз болған претекстер – прецедентті құбылыстар – прецедентті атаулар, прецедентті айтылымдар, прецедентті жағдайлар, прецедентті мәтіндер: күшті және әлсіз әдеби мәтіндер; күшті әдеби емес мәтіндер; автопретекстер; интертекстердің көріну деңгейі – морфонологиялық, лексикалық, синтаксистік, құрылымдық деңгейлердегі цитация; интертекстердің мәтінде маркерленуі (лексикалық, пунктуациялық, графикалық маркерлер).

Терминді құрайтын «интер» және «текст» лексемаларының мағынасы бұлардың түрлі авторлардың мәтіндеріне ортақ құрылымдық, семантикалық бір бөлік, фрагмент екенін көрсетеді және бұл мәтіндер жазылған уақыты тұрғысынан бір-біріне жақын немесе ұзақ мезгілде пайда болуы да, басқа бір лингвомәдени кеңістік пен базадан байқалуы да, сонымен қатар өзге семиотикалық жүйемен байланыста болуы да мүмкін, яғни «В любом случае, межтекстовая связь может быть выражена на уровне **лингвистического оформления**, к примеру, реминисценции, явные или не явные цитаты, аллюзии, так и на уровне различных литературоведческих категорий – таких, как жанр, сюжет, композиция, проблема сходства в способах описания портретов, пейзажей, близость в чертах характеров героев и персонажей разных художественных произведений, тематическое сходство, идейная взаимосвязь и др.» [17, 13].

Көркем мәтіндерде интертекстуалдық цитата, цитата сөз (цитация), аллюзия, реминисценция, пародия, символика, мәтінді аяқтау арқылы көрінеді. Бұлардың бәрі де мәтіндер арасындағы семантикалық-құрылымдық байланыстарды көрсетіп, көркем мәтіндегі позициясы әр қилы болып келеді, яғни эпиграф түрінде немесе мәтін ішіндегі мәтін ретінде, сондай-ақ құрылымдық цитата ретінде кездеседі. Мәтін ішіндегі мәтіндердің белгілерінің қатарына Ю.М. Лотман кейіпкердің түсін жатқызады. Түс суреттеліп отырған жағдайдың таңбасы ретінде танылады. Бұлардың арасында тек түс пен цитата ғана фольклордағы интертекстуалдылыққа қатысты қарастырыла алады.

Әлемдік және ұлттық фольклор жанрлары сан алуан, соған байланысты фольлор мәтіндерінің көлемі де, семантикасы да, вербалды құрылымы да әр қилы, сол себепті фольклордағы интертекстуалдылық туралы түрлі пікірлер бар. Мысалы, орыс ғалымы Е.М. Неёловтың айтуынша: «...именно фольклорный текст в буквальном смысле слова образуется из анонимных, неуловимыхи вместе с тем уже читанных (точнее, слышанных) цитат без кавычек. Поэтому фольклорный интертекст литературы… является базовым» [18, 6], себебі «всякий текст есть между-текст по отношению к какому-то другому тексту, но эту интертекстуальность не следует понимать так, что у текста есть какое-то происхождение» деген Р. Барттың анықтамасын басшылыққа алған. Ал келесі бір лингвофольклорист Г.А. Левинтон ««Интертекст» в фольклоре» деген мақаласында аталған терминнің, негізінен, батыс әдебиеттануында қолданылатынын, ал славистикада көбіне «подтекст» аталатынын, оның фольклорға қатысты жұмсалуы дұрыс емес екенін айта келіп, «Текста в "литературном" смысле в фольклоре, собственно говоря, нет. ... фольклорный текст это либо абстракция (отвлекаемая от вариантов, плод усилий исследователя), либо – потенция, которая воплощается лишь в момент исполнения (в результате действий исполнителя), причем непредсказуемым образом. ... Естественно полагать, что главным является не отношения "текст -- текст", а отношения "текст -- система", т.е. отношения между разными текстами и порождающей их системой (система Vs. текст, langue Vs. parole)» деген тұжырым жасайды [19], яғни тұтас ауыз әдебиетіне тән белгілер мен жеке жанр туындысының арасындағы байланысқа негізделетінін көрсетеді. Ал бұл дегеніміз – мәтінаралық байланыстар ауыз әдебиеті жанрларындағы дәстүр, ортақ (ұқсас) орындар, тұрақты формулалар,

мотивтер арқылы көрінеді деген сөз.

Орыс ғалымы В.П. Аникиннің айтуынша: «Дәстүр – ауызша шығармалардың ұрпақтан ұрпаққа ауыздан ауызға берілуі. ... Фольклордағы дәстүр мәтінді тікелей игеру арқылы жүзеге асатын нақты образдардың, сюжеттердің, стильдің берілу жалғастығын көздейді» [20, 13].

Бұл орайда қазақ фольклортанушысы С. Қасқабасовтың пікірін келтіре кеткен дұрыс: «Фольклорлық дәстүр дегеніміз – қалыптасқан шығармашылықтың жалғастығы, ал әдебиеттегі дәстүр дегеніміз – бұрынғы тәжірибені жаңғырту болып табылады. Дәлірек айтсақ, фольклордағы дәстүр – бұрынғы тәжірибені өзгертпей қабылдау әрі жалғастыру, ал әдебиеттегі дәстүр – бұрынғыны сол қалпы ала салу емес, соны өзгерте дамыту. Сол себепті де әдебиетте даралық сипат басым болады да, жеке автор өзінен бұрынғыны қайталамайды. ... Ал фольклордағы дәстүр мұндай мақсаттан аулақ, онда бір шығарманың ертеде айтылған нұсқасы жаңадан жырланғанның өзінде алғашқыдан алшақ кетпейді....» [21, 12].

Қазақ фольклорындағы ортақ орындардың шығу тегі мен семантикасын қарастырған М.К. Жұмабеков ғылыми айналымдағы loci communes туралы пікір-тұжырымдарға шолу жасай келіп, оларды мәдениеттегі метакод деп атай отырып, бұл ұғымның фольклористикаға енуі А.Ф. Гильфердингтің еңбектерімен байланыстылығын көрсетеді. Қазір әлемде фольклордағы ортақ орындарды (ұқсас орындар) қарастырған ғылыми еңбектердің этнолинвистика, этнофольклористика, лингвофольклористика салаларында өте көп екенін айта келіп, loci communes фольклорлық дәстүрдің жүзеге асу формасы деп қарастыратын еңбектердің өзекті болып отырғанына назар аударады [22, 29].

Ресейлік белгілі ғалым С.Ю. Неклюдов фольклор мәтінінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін нақтылай отырып, ауыз әдебиетіндегі мәтінаралық байланыстар туралы мынадай пікірді талқылауға ұсынған: «Соответственно, вопрос об интертекстуальности (т.е. о понимании текста лишь благодаря знанию других текстов) применительно к фольклору должен быть переформулирован, поскольку большая часть подобного знания здесь будет относиться уже не к конкретным текстам, а к традиции в целом. Все то, чему предстоит реализоваться в исполнении (жанровая модель, сюжетный каркас, тематические блоки, стилистические клише и пр.), имеет "дотекстовый" статус и заслуживает названия авантекста» [23].

Зерттеуші өзі қолданып отырған «авантекст» терминінің жазба әдебиетке қатысты пайда болған «генетикалық сынның» ұғымдық аппаратына байланысты екенін көрсете келіп, фольклор мәтінінің «генетикалық досьесі» болмайтынын және бола алмайтынын, авантекст тек дәстүрмен байланысты екенін нақтылайды.

Ал Wikipedia бұл терминді былай анықтайды: «**Авантекст** (фр. *l'avant-texte* «дотекст, прототекст») – основная форма существования фольклорного текста. Фольклорный текст никогда не имеет основного варианта, а всегда существует в виде множества равноправных вариантов текста. Аналог авантекста в литературе – интертекст, но в литературном произведении интертекст – лишь одно из средств выражения смысла, связи между литературными произведениями бывают очень тонкими, почти иллюзорными. В фольклоре иллюзорен сам текст (вариант)» [24], себебі әр жыршы немесе орындаушы қандай да бір жанрдағы шығармаларды орындаған сайын ол түрлі деңгейде өзгеріске ұшырап отырады, ол шығарманың негізгі семантикасын білгендіктен, жекелеген эпизодтың, оқиғаның орнын ауыстырып, көркемдегіш құралдардың бірін аз, бірін көбірек қолдануы мүмкін. Бұл орайда белгілі ғалымның пікірін келтіре кеткен артық емес: «Знание запаса тем, умение выбрать ту, что соответствует данному макро- и микроконтексту, и построить ее в данном тексте, а также умение переходить от темы к теме, руководствуясь общим планом, соединять темы в одну поэму и характеризует искусство сказителя» [25, 151]. Біздіңше, бұлармен қоса айтушы (жырлаушы, орындаушы) фольклордың басқа жанрларын да жақсы білуі тиіс, мұны эпикалық жырдың түрлі нұсқаларындағы мәтінаралық байланыстардың әрқилылығы байқатады. Мұның бәрі, сайып келгенде, тілдік тұлғаның тілдік-мәдени құзіреті және фольклордың коммуникативтік қызметімен тікелей байланысты.

С.Ю. Неклюдов пікірімен келісуге болады, себебі ауыз әдебиеті үлгілеріне тән параллелизм, дыбыстық үйлесім (ассонанс пен аллитерация), тілдің әр деңгейіндегі қайталамалар, әсірелеу түрлері (гипербола, градация, литота), риторикалық сұраулар, тұрақты формулалар (дәстүрлі теңеу, эпитеттер), ұқсас орындар, мотивтер түрлі фольклор жанрлары мәтіндерінде кездесіп отыратыны белгілі, ал мұның өзі неміс ғалымы К. Райхлге ғылыми айналымға «түркі эпосының орталық дәстүрлері» деген ұғымды енгізуге негіз болды [26, 12].

Қазақ зерттеушілері де фольклортану мәселелеріне қатысты еңбектерінде авантекст сөзін қолданбаса да, аталған тақырып, яғни тұтас жүйеге тән формулалылық бойынша өз ойларын білдіргенін атай кету керек. Бұл орайда Р. Бердібаевтің формулаға берген анықтамасының тілдік сипаты басым екені байқалады: «Формулалықтың бір тобы қысқаша тілдік тіркестер, тұрақты эпитеттер мен теңеулер. Эпостағы ауыспалы сөздер мен тіркестердің енді бір парасы қайталанып келетін жолдар. Бұл үлгідегі қайталаулардың кемі бір жол, молырағы бірнеше жолға ұшырасады» [27, 125].

Қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі сан алуан өзгерістер әсерін бойына дарытпай, төтеп беріп, өзінің тұрақтылығын танытқан фольклор жанрларының қатарында батырлар жырын, лиро-эпостық жырларды, тарихи жырларды атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жолковский А.К. Блуждающие сны и другие работы. – М.: Наука, 1994. – 428 с.

2. Современное зарубежное литературоведение. – М.: Интрада, 1999. – 320 с.

3. Волкова З.Н. Эпос Франции. – М.: Наука, 1984. – 318 с.

4. Фатеева Н.А. Интертекстуальность и ее функции в художественном дискурсе // Известия РАН. Серия литературы и языка. – 1997. – №5. – С. 12 -21.

5. Фатеева Н.А. Типология интертекстуальных элементов и связей в художественной речи // Известия РАН. Серия литературы и языка. – 1998. – №5. – С. 25 -38.

6. Арнольд И.В. Проблемы диалогизма, интертекстуальности и герменевтики. – СПб.: Образование, 1995. – 60 с.

7. Лотман Ю. Анализ поэтического текста. – Л., 1972. – 272 с.

8. Савченко А.В. Интертекстуальность как характеристика эпохи (на материале романа Й. Шкворецкого «Танковой батальон») // II Славистические чтения памяти профессора П.А. Дмитриева и профессора Г.И. Сафронова: Материалы международной научной конференции. – СПб.: 2001. – С. 33.

9. Сидоренко К.П. Пушкинское слово в интертекстуальной динамике: дисс. ... д-ра филол. наук. – СПб., 1999. – 354 с.

10. Кузьмина Н.А. Интертекст и его роль в процессах эволюции позтического языка. – М.: Эдиториал УРСС, 2004. – 272 с.

11. Попова Е.А. Интертекстуальность как средство воздействия в политическом дискурсе: на материале англоязычных текстов о политической карьере А. Шварценеггера: дисс. ... канд. филол. наук. – Самара, 1999. – 220 с.

12. Циглер Е.М. Литературные заимствования в постмодернистской прозе Великобритании: Дж. Фаулз, Э. Берджесс, А. Картер, А.С. Байатт: Автореф. ...

канд. филол. наук. – Минск, 1999. – 20 с.

13. Тростников М.В. Поэтология. – М.: Грааль, 1997. – 192 с.

14. Талжанов С. Әдеби әсер жайлы // Өткен күндер сөйлейді. – Алматы: Жазушы, 1979. – Б. 44 – 64.

15. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 256 б.

16. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

17. Щирова И. А., Гончарова Е. А. Многомерность текста: понимание и интерпретация: Учебное пособие. – СПб.: ООО«Книжный Дом», 2007. – 472 с.

18. Неёлов Е. М. Фольклорный интертекст русской фантастики: учебное пособие по спецкурсу. - Петрозаводск: ПетрГУ, 2002. – 124 с.

19. Левинтон Г.А. «Интертекст» в фольклоре: фольклор и постфольклор: структура, типология, семиотика [Электронный ресурс]. URL: http://www.ruthenia.ru/folklore/levinton1.

20. Аникин В.П. Теория фольклорной традиции и ее значение для исторического исследования былин. – М.: Изд. Моск. ун-та, 1980. – 332 с.

21. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т. 4. – Астана: Фолиант, 2015. – 328 с.

22. Жумабеков М.К. Генезис и семантика loci communes в казахском фольклоре. – Караганда, 2009. – 212 с.

23. Неклюдов С.Ю. Авантекст в фольклорной традиции. [Электронный ресурс]. URL: http://www.ruthenia.ru/folklore/avantext.html.

24. Авантекст [Электронный ресурс]. URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/

25. Путилов Б.Н. Эпическое сказительство. – М.: Восточная литература, 1997. – 296 с.

26. Райхл К. Тюркский эпос: традиции, формы, поэтическая структура. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2008. – 384 с.

27. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1995. – 352 б.

***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**:*

1. Интертекстуалдықтың зерттелуі. Шетелдік, отандық ғалымдар пікірлері.
2. Интертекстуалдық, интертекст анықтамасы.
3. Көркем мәтіндегі интертекстуалды байланыстардың әр түрлі топтары, ерекшеліктері.
4. Фольклордағы интертекст мәселесі.

1-тапсырма. Мәтіндерге ортақ семантикалық-құрылымдық байланыстарды көрсетіңіз.

1. Сансызбай жатқан төбеге
Атының басын қаратты,
«Аллалап» Жібек жөн тартты.
«Айт, жануар, шүу!» дейді,
Табаны жерге тимейді.

Табанға тиген қара тас
Саз балшықтай илейді,
Басына күшті бермейді.
Сансыздайдан сексен аршын бой жазып,
Ағып өтіп жөнейді (*Қыз Жібек*).

2. Шұбарға мініп шу деді,
Шу дегенде жануар
Ескен желдей гуледі.
Табаны тиген қара тас
Саз балшықтай иленді,
Шаңы шығып жөнеді.
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Ауыздағы төрт елі,
Ауыздығы алтын жүгенді
Қарыш-құрыш шайнады
Шабуылға тоймады (*Алпамыс жыры*).

3. Көңілі бітіп Бурылға:
– Әйт, жануар, шу, – деді,
Аршындап Бурыл гуледі.
Тау мен тасты көрмеді,
Табаны жерге тимеді.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Қараша емес қауысты
Қоңырлатып дауысты,
Берсін кімге намысты.
Күн төбеден аумай-ақ,
Түзеді Бурыл шабысты (*Қобыланды батыр*).

2-тапсырма. Интертекстуалды байланыстардың қай түрі көрініс тапқанын анықтаңыз.

Ұлтанқұл, Шылғаубай

Сыр бойында Ұлтанқұл деген қалжыңбас жігіт болыпты. Жолаушылап келе жатып өзі де, аты да келісті бір жігітке кездеседі.

Сәлемдесіп, жөн сұрасса, жігіттің есімі Шұлғаубай екен. Екеуі құрдас боп шығыпты.

– Мінген атың мен келісті келбетіңе Шұлғаубай деген есімің жараспайды-ақ екен, – деп қалжыңдапты.

Шұлғаубай оған ашуланбастан жауап беріпті:

– Құрбым, Ұлтанқұл-ау, сенің бұл айтқаның «жыртық тесікке күледінің» кері ғой. Шұлғау ұлтанның үстінде тұрмай ма? Табанның астында жатқан ұлтанды да есім деп жүргендер бар ғой.

Ұлтанқұл ұялғанынан Шұлғаубайға тобылғы сапты қамшысын сыйлапты.

(БС, 98-том).

3-тапсырма. Интертекст, интертекстуалдық терминдеріне қатысты қандай ұғым-түсініктер туындайды? Ассоциативті сызбамен көрсетіңіз.



4-тапсырма. Фольклорлық жанрдың әр түрінен мысалдар келтіріп, қайталанатын мотив жүйесін анықтаңыз.

Батыр Жәнібектің өлеңі

(тарихи жырдан үзінді)

Әсіл болды мұратың.
Ұлыңның аты – Жәнібек,
Қызыңның аты – Мақпал қыз,
Атын да мәлім қыламын.
Қабыл болды көз жасың,
Қадірлі болды өз басың,
Енді уайым қылмағын.
Әліби, қайтқын еліңе,
Жарылқады сені де,
Осы сөзді сынағын.

Батыр болар Жәнібек,
Қысылған жерде «бабам» деп,
Көңліне алып, жат қылса,
Өзім де барып тұрамын.
Балаңыз маған сыйынса,
«Баба түкті шашты Әзіз,
Қырық шілтен» менің ұраным».
Осыны айтып шашты Әзіз
Көтерді қолын дуаға.
Жүректері лүпілдеп,
Кемпір-шал тұрды қуана.
Осындай аян көргенсін
Қуанбай пенде тұра ма?!

(БС, 56-том).

5-тапсырма. Сызбаға сәйкес фольклордағы интертекст сипатын түсіндіріңіз.



<u>БӨЖ тапсырмалары</u>:

1. Фольклорлық мәтіндердегі авантекст ұғымы.
2. «Көркем мәтіндегі интертекстуалдылық түрлері», «Фольклордағы интертекст – әлеуметтік-мәдени феномен» тақырыптарының біріне презентация жасау.
3. «Фольклорлық мәтіннің дәстүрмен байланысы» тақырыбында тезис дайындау.

9 БАТЫРЛЫҚ ЖЫР МӘТІНДЕРІНДЕГІ КЕЛТІРІНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Батырлар жырындағы дәстүр мен өзгермелілік.
2. «Алпамыс батыр» нұсқаларында кездесетін мәтінаралық байланыс типтері.

3. «Қобыланды батыр» нұсқаларындағы тұрақты және келтірінді құрылымдар сипаты.

4. «Ер Тарғын» нұсқаларындағы интертекстуалдық.

5. «Қамбар батыр» нұсқаларындағы интертекстуалдық.

6. Тілдік тұлғаның танымдық деңгейіндегі интертекстуалдық.

1. Батырлар жыры дүниежүзілік және ұлттық руханиятта көп қырлы қызмет атқарған. Түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты тек жазылып алынған мәтін ретінде ғана сақталып қалған эпостар әр халықтың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, арман-тілегін, болашаққа деген үмітін көрсететін, этикалық ұстанымдарын танытатын жанр, яғни С. Қасқабасовтың: «Мұнда бірнеше дәуірдің болмысы, санасы, ұғымы қатар жүреді, яғни алғашқы қауымда пайда болған түсініктер мен соларға негізделген мотив, сюжеттер және кейінгі дәуірлерде туған пайымдар мен оқиғалар аралас болады. Батырлар жыры – ежелгі сюжеттер мен мотивтердің фольклорлану процесін толық көрсететін жанр. Сол себепті мұнда тұтастанудың барлық түрі бар: сюжеттік, ғұмырнамалық, шежірелік, тарихи және географиялық» деген пікірі [1, 137] батырлар жырының негізгі сипатын аңдатады.

Ықылым замандарда пайда болған мифтер мен кейінгі кезде туған тарихи жырлардың аралығында тұрған батырлар жырының ертегілермен ортақ белгілерін Р. Бердібай былайша жіктеп көрсетеді:

1. Перзентсіз ата-ананың халі;

2. Кейіпкерлердің керемет туысы;

3. Тотемдік киелі күштердің көмегі, аталардың әруағының жәрдемі, әулие-пірлер қолдауы;

4. Баланың батыр болып, ерекше өсуі, алғырлық, алыптық қасиеті, оның алғашқы әрекеттері;

5. Батырдың қалыңдық іздеуі, жолдағы бөгесіндерді жеңуі, өзіне тілектестер табуы;

6. Іздеген өмірлік қосағына жолығуы, сапар сырын құпия сақтауы, түрлі бәсеке, жарыстарда қарсыластарын жеңуі, еліне аман оралуы;

7. Батырдың өз елін жаулардан қорғауы, ерлік жорықтары, таланған елдің намысы үшін шапқыншылармен ұрыс жүргізуі, жауды мұқатып ұлан-асыр той жасауы [2, 7].

Бонн университетінің профессоры К. Райхл «Тюркский эпос» атты монографиясында «Түркі эпикалық поэзиясының өзегін қазақ, қырғыз, қарақалпақтардың эпикалық дәстүрлері құрайды. Дәл осы

халықтардың эпосында Орта Азия көшпенділерінің әлемі, яғни тарих сахнасында түркі халықтары пайда болғаннан бері таяуға дейін, тіпті кейбір жағдайда осы кезге дейін түркі тайпалары өмір сүріп жатқан әлем бейнеленген» [3, 17] деп атап көрсетеді.

Ол аталған халықтар мен басқа да түркі этностарының батырлар жырындағы тұрақты формулаларды Пэрридің анықтамасына сүйене отырып, өзгеріссіз эпитеттер, яғни «эпитет+зат есім» дей келе, оның батыр мен атына қатысты екі түрін нақтылайды [3, 190-195] және «Қаншалықты дәстүрлі болса да, түркі ауызша эпосының формулалық стилі сонымен қатар әрі өзгермелі, әрі көптүрлі» [3, 280] екенін «Қамбар батыр», «Алпамыш» «Көроғлы» жырларынан келтірілген нақты мысалдармен көрсетеді.

2. «Алпамыс батыр» жырының оннан астам нұсқасы, сонымен қатар ғылыми мақсат үшін жырдың Ә. Диваев аударған орыс тіліндегі ертегілік нұсқасы (“Великан Алпамыс”) және С. Мұқанов (1939 ж.) өңдеп, біріктірген (Қазан, 1899 ж., Ташкент, 1922 ж.) толық нұсқасы «Бабалар сөзінің» екі томына жинақталды.

«Алпамыс батыр» жырының нұсқалары «Бұрынғы өткен заманда, Жиделі Байсын деген жерде өткен Алпамыс батырдың хикаясы» тұрақты формулалармен басталады: «*Бұрынғы өткен заманда, Жиделі Байсын деген елде атақты Байбөрі, Байсары деген екі бай бар екен. Төрт түлігі сай, байлығында міні жоқ, бірақ екеуі де бір баланың дертінен қайғы жеп, есіктен төрге қарауға күні жоқ еді*» (Ә. Диваев); «*Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде, Құлтай деген өтіпті. Жиделі Байсын жер бопты, Қоңырат деген ел бопты. Сол елдің қалың ішінде, Құлтай деген ер бопты. Ер Құлтайдың баласы Байбөрі деген шер бопты. Бала көрмей Байбөрі, Көзінің жасы көл бопты* (А. Нысанов); *Байбөрі деген бай екен, Төрт түлікке сай екен. Кемдігі жоқ дүниеде Бір перзентке зар екен* (С. Жаңбыршин); *Бұрынғы өткен заманда, Дін мұсылман аманда, Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде, Байбөрі деген бар екен, Байбөрі малға бай екен, Төрт түлігі сай екен, Бір перзентке зар екен* (Рахат); *Ерте уақытта Байбөрі, Байсары деген бай болған, төрт түлік малға сай болған. Қанша дәулет бітсе де, екеуі де бір перзентке зар болған. Бір баланың зарынан қайғымен көңілі шер болған* (Н. Байғанин); *Бұрынғы өткен заманда, Дін мұсылман аманда Жиделі Байсын деген жерінде, Қоңырат деген елінде Байбөрі деген бай болыпты* (Ә. Оспанов).

«Бабалар сөзінің» 34-томына енген «Қисса-и Алпамыш батыр бұ тұрыр» (Ж. Шайхысламұлы), «Алпамыс батыр қиссасы»

(С. Аққожаұлы), «Қисса Алпамыс» (А. Байтұрсынұлы), «Алпамыс батыр» (К. Серғазыұлы) нұсқаларында келтірілген тұрақты формулалар орындаушының кіріспесінен соң аздаған өзгерістермен берілген.

«Алпамыс батыр» жырының әр нұсқасында кездесетін мәтінаралық байланыстар типі сан алуан. Олардың арасында әлемдік діни әдебиетке сілтеме, прецедентті құбылыстар маркерлері, ұлттық салт-дәстүр көріністері, ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен байланысы сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін және құрылымдық деңгейде көрінеді.

Жырда ғайып ерен – қырық шілтеннің келіп балаға бата беруі ұлттық дәстүрге сілтеме ретінде қабылдана алады: «Алпамысты жеті қаландар алдына алып аузына, арқасына панжа ұрып:

– Жалғыз ұлым – сен дейді. Жеті пірің – мен дейді. Тар жолда, тайғақ кешуде, басыңа іс түскен жерде "жеті кәміл пірім" деп жад етсең, Алла Тағала жар берсе, қолдамақ бізге шарт, – дейді».

Сондай-ақ «Арыстай ақ білегін сыбанып, екеуі Баршынжанның жолында жандарын садақа қылып, екеуі палуандыққа түсті. Сонда Алпамыс айтады: – Сен амалың болса қылып бақ, қапылыста қалып жүрме. Қаражан айтады: – Сен де амалың болса қылып бақ, – деп. – Жоқ, сен қамдан, амалың болса қылып қал, ***сенің сақалың ағы бар, ағалығың тағы бар****»* деген жолдардан қандай қиын жағдайда да Алпамыстың ұлттық дәстүрді ұстанғаны байқалады.

Қалмақтар келіп, құдалық жолы сипатталғанда жұмбақтап айтылған дәстүрлі қолданыспен қатар, прецедентті айтылым да байқалады:

Екі мұсылман баласын,
Ептемекке келгенмін.
Ептестірмек – елшіден,
Жауластырмақ – жаушыдан,
Құстарды салған аушымын.
Сізде қыз бар, бізде ұл,
Қызыңа келген жаушымын.

С. Аққожаұлы нұсқасында прецедентті айтылымды жырды орындаушы трасформацияға түсірген: *Алтын қазық сен болдың, Айналатын мен болдым, Тұра бер мұнда сен, – деді; Кебенек киген ер еді, Кебін киген жоқ еді,.. Алпамыс сонда сөйледі, Сөйлегенде бүй дейді:– Затың әйел болғасын, Ақылың сенің кем, – деді.*

Жырдың Рахат нұсқасына қазақ ауыз әдебиетінен белгілі мұтас

мәтін енгізілген: «*Бойы өсіп, буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас баласына Байбөрі бай ел таныту, жер танытуды ойлады.*

Бір күні шақырып алып: – Ей, қалқам, – деді Байбөрі бай, – ***ер жігіттің үш жұрты болады. Біріншісі – өзінің туған елі. Екіншісі – нағашы жұрты. Үшіншісі – қайын жұрты****. Сенде соның екеуі бар. Өз жұртың, нағашы жұртың. Қайын жұрт әлі сенде жоқ*».

Бұл орайда жырдың түрлі нұсқаларындағы ***беташар айту, Гүлбаршынның зары, шашу, жерік басу, әйелді босандыру, сапарға сәрсенбі күні аттану, әулиенің басына түнеу, тұмар алу, құрсақ шашу, аруаққа жалбарыну*** (*Мәдинеде Мұхаммед, Түркстанда құл Қожахмет, Самарқанда палуан Ахмет, Өте ме күнім орменен. Ғайып-ерен қырық шілтен, Уздің бе күдер шыныменен?!*) сияқты көріністер ұлттық салт-дәстүрге сілтеме ретінде көрінеді.

Мәтінаралық байланыстардың бір түрі ретінде құрылымдық цитацияны айтуға болады, яғни қазақтың төл өнері айтыс үлгісімен берілген (Алтыншаш пен Байсарының, Гүлбаршын мен Қаражанның арасындағы) репликалар арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқы ашылады (Ә. Диваев нұсқасы).

А. Нысановтың «Алпамыс батыр» нұсқасы 7-8 буынды өлең өлшемімен жырланып, жазылып алынған. Мұндағы интертекстуалды байланыстар прецедентті есім мен түс көру арқылы байқалады. «Қарынбай» сөзі, негізінен, ел аузында орасан зор байлықтың иесі болғанмен, көбіне сараң, жұртына жұғымы жоқ, шапағатсыз адам бейнесі ретінде қолданылады, яғни есім, кең мағынасында, өз контексінен ажыраған цитата – прецедентті есім ретінде жұмсалғанмен, ұзақ уақыт бойы қолданушылар тарапынан қатталған жағымсыз коннотацияға ие. Ал ертегі кейіпкері Қарынбай – «*өте кедей адам болады. Оның дүние, мал дегенде жалғыз қаршығасы болыпты. Ол қаршығасы көзіне көрінген құсты құтқармайтын, өте алғыр болыпты», алайда ол адам баласына сенгіштігінен, аңқаулығынан опық жейтін жан* (Қазақ ертегілері). Бұл орайда Ф. Әшімхананың *«Қарынбай малға тоймайды, Лұқпан жасқа тоймайды»*деген мақалдағы прецедентті есім туралы пікірін «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясындағы «Қарынбай (Харун) мен Құранда аты кездесетін Лұқпан пайғамбардың жасаған дәуіріне, іс әрекетіне байланысты. Қарынбай – қазақ фольклорындағы көзі тоймайтын сараң, қарау байдың бейнесі. Құрандағы Харун туралы аңызға байланысты қалыптасқан. Харун жетім-жесірге қайыр садақасы жоқ, қолда бар байлығын нысып етпейтін адам. «Тәңірі» Харунның

сараңдығын сынау үшін оған Мұса пайғамбарды қайыршы етіп жіберіпті. Харун қайыршыға бір тал қыл ғана садаққа бергені үшін, аңызда ол «құдайдың» каһарына ұшырап, оны жер жұтады, малдары түгел жабайы аңға айналып кетеді. Харунды тозаққа түсетін жолда қайыр ретінде тал қылы ұстап қалады. Қазақ аңызында Харун есімі Қарынбай болып, оқиға желісі өзгерген» [4] деген анықтамасымен дәйектегенін айта кеткен артық емес, яғни жырдағы мәтінаралық байланысқа мақал претекст болуы ықтимал. Жырды орындаушы өзіне таныс лингвомәдени кеңістіктегі Қарынбай бейнесі арқылы Ұлтанның Байбөріні кемсітуін көрсетумен оның жағымсыз бояуын қалыңдата түскен:

Ұлтан айтты: – Құбас шал,
Әңгімеме құлақ сал.
Саған көктас қоя ма,
Иесіз мынау жиған мал.
Халық талайды малыңды,
Құдай алад[ы] жаныңды.
Өзің өлсең артында
Біреу алар жарыңды.
Осынша көп жинайсың,
Дүние деген залымды.
Байбөрі атың болғанмен,
Құбастығың мәлім-ді.
Малды жинап қайтесің,
Тайдырар Құдай бағыңды.
Сен түгіл Құдай қоймаған,
Бұрынғы өткен Қарынды.

«Алпамыс батырдың» осы нұсқасы мен «Ер Төстік» ертегісі арасындағы байланыс бас кейіпкердің ерекше екендігінен байқалады: «Ұл бір жасына келгенде Біл тасындай жайнады. Екі жаста Алпамыс Ер қаруын сайлады. Үш жасына келгенде, Ұшқан құстай ойнады. Төрт жасына келгенде, Төреге берді әділдік, Алты жасқа келгенде, Елдің қамын ойлады. Жеті жасқа келгенде, Қолына алды садағын. Сегіз жасқа келгенде, Шамалы жерге барады. Тоғыз жасқа келгенде, Туған айдай толады. Он жасына келгенде, Өзінің елін қорғады. Он бір жасқа келгенде, Әкесіне барады, Ақ батасын алады. “Мінейін” деп бір тұлпар Жылқыға назар салады». Ал Ер Төстік «бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жаңа өспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ

тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, шал әкесімен кемпір шешесін асырайды». Бұл мінездеудегі тілдік бірліктерден ауыз әдебиетіне тән әсірелеу, экспрессивтілік байқалады. Кейіпкердің ерекшелігі кейбір нұсқада түсте аян етіледі: «Түнде түсте аянды Ақ сәлделі бір адам Оған аян етеді. – Айналайын, балам-ай, Жыладың келіп маған-ай. Сен тіледің біздерден, Біз тіледік Алладан. Қолыңды жайшы, балам-ай, Берейін бата саған-ай. Екеу болса бірі еді, Біреу болса өзі еді. Қарғаса қарғыс өтпеген, Алысса әлі жетпеген, Берейін бір ұл мен, – деді» (С. Жаңбыршин – анасының түсі); Өстіп өксумен өмірін өткізіп, кәрілікті басына жеткізіп, аңсаумен арып-ашып жүрген Байбөрі бір күні түс көреді. Түсінде ғажайып іс көреді. Аспандағы күн мен ай ағылып келіп алақанына түседі. Шошып ояна келсе түсі екен (Рахат). Ал С. Қасқабасовтың: «Қазақтың батырлық ертегілері шығу тегі мен сюжеттің сипатына қарай үлкен екі топқа бөлінеді. Бірінші топта көне (архаикалық) батырлық ертегілер де, екінші топта кейінгі дәуірде, XVIII-XIX ғасырларда жырдан туған ертегілер» деген тұжырымын [5, 196-198] ескерсек, «Алпамыс батыр» мен «Ер Төстік» арасындағы мәтінаралық байланыс мотив деңгейінде екені байқауға болады.

Мәтінаралық байланыстың тағы бір көрінісі – кейіпкердің өз мақсатына жетуі жолында сан алуан кедергілерге тап болып, оны еңсеруі. Бұл жолда оған адамнан бастап түрлі жан-жануарлар мен феномендер көмекке келеді, мәселен, Алпамыс көздеген мақсатына қалмақ батыры Қаражан, қалмақ қызы Қаракөзайым, тілсіз болса да аты Байшұбардың жәрдемімен жетеді. Ал Ер Төстікке адамша сөйлейтін Шалқұйрықтан бастап, қасиеті адам сенгісіз түрлі феномендер қызмет етеді.

С. Жаңбыршин нұсқасындағы Алпамыстың қаруымен, атымен серттесуі Ер Төстіктегі Кенжекейдің өзі жасауына қалап алған інгенмен, беліне байлаған он екі құлаш торғын орамалмен серттесуін еске түсіреді.

С. Аққожаұлы нұсқасындағы мәтінаралық байланыстар ұлттық лиро-эпосты (Сыңсыма Баян секілдіДәурен сүрді арада – ***Қозы Көрпеш – Баян сұлу***), әлем әдебиетін (Үрістем-Дастан бір майдан,Өткен екен сондай боп – ***Фирдоуси, «Шах-наме»***), діни мифологияны еске түсіреді.

Байқалып отырғанындай, жырдың әр нұсқасындағы келтірінді құрылымдар түрліше, олар жырдың кейіпкерін, оның жай-күйін, оқиғаны сипаттау үшін қолданылған. Бұның себебі – әр жыршы немесе

орындаушы қандай да бір жанрдағы шығармаларды орындаған сайын ол түрлі деңгейде өзгеріске ұшырап отырады, ол шығарманың негізгі семантикасын білгендіктен, жекелеген эпизодтың, оқиғаның орнын ауыстырып, көркемдегіш құралдардың бірін аз, бірін көбірек қолдануы мүмкін. Бұл орайда қазіргі ғылыми айналымдағы тілдік тұлға концепциясын еске түсіру керек, себебі әр орындаушы – тілдік тұлға. Ал тілдік тұлғаның құзіреті оның интеллектуалдық әрекетіне тікелей әрі тығыз байланысты екенін және оның а) вербалды-грамматикалық; ә) когнитивтік; б) прагматикалық деп аталатын үш деңгейден тұратынын көрсете келіп, Ю.Н. Караулов: «Бұл деңгейлердің әрқайсысы өз бірліктерінің жиынтығымен сипатталады, олар тіл үйрену кезінде қолданылатын барлық бірліктерді қамтиды да, аталған деңгейлердің ерекшелігіне сәйкес бөлініп отырады» [6, 672] дейді. Тілдік тұлға құрылымының соңғы деңгейін көрсететін тілдік бірліктер туралы ғалым былай жалғастырады: «Тілді тұтынушының интенциясы мен мақсаттарын, оның өмірдегі белсенді позициясын және, тиісінше, оның әлем бейнесінің динамикасын көрсететін прагматикалық деңгей бірліктерінің жиынтығына пресуппозиция, дейксис, рефлексия элементтері, баға, «ұйытқы сөздер», прецедентті мәтіндер, аргументация тәсілдері, «сценарийлер», жоспарлар, сондай-ақ өзін-өзі көрсету бағдары жатады (программы поведения)» [6, 672]. Сондықтан жыршы орындаған сайын белгілі бір жүйе аясында болса да, жаңадан туындап отыратын жыр мәтінінде келтірінді құрылымдар түрліше кездеседі.

3. «Қобыланды батыр» жырының ел арасында кең тараған отызға жуық нұсқасы бар. Бұл жыр үлгілерін XIX ғасырдағы қазақтың көптеген белгілі ақын-жыраулары айтқан. Атақты орындаушылардың қатарында Марабай, Қашаған, Бітімбай, Мергенбай, Біржан, Нұрпейіс, т.б. ақын-жыраларды ерекше атауға болады. Эпостың барлық нұсқалары «Бабалар сөзінің» төрт томында жарияланды. 35-томға енген бес жыр нұсқасының төртеуі, яғни Көшелек Еламанұлы, Құлзақ Амангелдіұлы, Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы орындаған жыр нұсқалары бұрын-соңды жарияланбаған.

Жырдың сюжеттік нұсқалары түркі халықтарының біразында, атап айтқанда Қырым татарлары, башқұрт, қарақалпақ халықтарының ауыз әдебиетінде сақталған.

Түркі халықтарының эпосындағы ортақ дәстүрлерді зерттеген К. Райхлдің: «Тюркская эпическая поэзия, с одной стороны, жестко регулируется условностями жанра и, следовательно, в большой

степени предсказуема в отношении формы и структуры. Ее стиль является формульным, традиционная направленность сюжета во многом предопределяет развитие событий, ... С другой стороны, когда певец непосредственно приступает к сказыванию, акцент перемещается, так сказать, с общего к частному. В этот момент певец использует все имеющиеся в его распоряжении риторические приемы, для того чтобы создать захватывающую сцену, которая увлечет слушателей образными деталями и своей непосредственностью» [3] деген пікірін еске алсақ, «Қобыланды батыр» жырындағы мәтінаралық байланыстар типі сан алуан. Олардың арасында әлемдік діни әдебиетке сілтеме, прецедентті құбылыстар маркерлері, ұлттық салт-дәстүр көріністері, ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен байланысы сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін және құрылымдық деңгейде көрінеді.

«Қобыланды батыр» нұсқаларында дәстүрлі болса да, тұрақты формулалардың, ортақ орындардың сан алуаны кездеседі. Мәселен, жырдың бірнеше нұсқасында Қобыландының ата-анасының перзент зарын тартқаны сипатталады: «Қыдырбайдың алғаны Меңдісұлу жар екен. Сексенге жасы келгенше, ***Ұл менен қызға зар екен*** (К. Еламанов нұсқасы); Тоқтарбай Караспанды мекендеген, Үлкен тау қалың қыпшақ өткен деген. ***Малы көп, перзенті жоқ,*** қайғы жайлап, Дүниеден жылауменен өтем деген. Тоқсан құл малға ие, баласы жоқ, ***Күндіз-түні зар жылайды баласыз*** боп (Қ.Амангелдіұлы); Бұрынғы өткен заманда Тоқтар деген бай өткен... Бұл ***Тоқтарбайдың еш перзенті жоқ еді*** (Қазан нұсқасы); Қарақыпшақ деген елде Тоқтарбай деген бай болған, оның Аналық деген бәйбішесі болған. Аналық 49 жасқа келгенше бала таппаған... ***Перзенттерінің жоқтығынан Тоқтарбай талай жиында ханнан, ханның уәзірлерінен "құбас" деген сөздерді естиді.*** Оған ол мықтап налиды.

Күндердің бір күнінде дәулетіне мас болған бір бай он екі ханның қол астына асқа сауын айтады. Тоқтарбай өзі бай болғанмен кішіпейілді, жарлыларға етер жақсылығы көп, ізгі адам болған. Өзін ханнан кем санамаған, ханға қарсы болған. Сондықтан хан Тоқтарбаймен өш болған (Н.Байғанин); Он таңбалы Ұрымда, Қырық таңбалы Қырымда, Қазақ елінде Қыдырбай деген бай өтті, Төрт түлік малға сай өтті. Іні де жоқ, аға да жоқ, ***Өзінен туған бала да жоқ, Бір перзентке зар өтті. Малы артық болды бай, Перзенті жоқ сұмырай*** (А. Байтабынұлы); ***Бір бала көрмей Тоқтарбай,*** Қайғыменен қан жұтып,Ақылынан адасқан (Марабай-Мергенбай нұсқасы). Байқалып отырғанындай, жыр нұсқаларында бас кейіпкердің әкесі

түрліше аталады және орындаушының субъективті, дәлірек айтқанда, заманның саяси талабынан туындаған көзқарасы оны жағымды және жағымсыз тұрғыда сипаттаудан көрінеді.

Жырдағы келтірінді құрылымдардың бір түрі халықтың салт-дәстүрімен байланысты көрінеді, мәселен, алыс жолға аттанып бара жатқан адамды Құдайға тапсыру, қасиетті адамдарға тапсыру осы жыр нұсқасында кездеседі: *«Тоқсанда атаң Тоқтарбай Құдіретіне тапсырдым. Алпыста анаң Аналық* ***Бибі Патимаға*** *тапсырдым! Қарындасым Қарлығаш Қараша ханымға тапсырдым. Жар қосағым қыз Құртқа Палуан қызға тапсырдым!»* (Ә. Диваев нұсқасы). Осы нұсқада Аналық баласын: *«Жалғызымның артынан Тар жерде ал өзімді.* ***Омар, Оспан*** *екі жар, Қауас, Қияс екі жар, Сіздерден басқа кімім бар?»* деп, араб-мұсылман тарихындағы екінші, үшінші әділетті халифаларға тапсырады. Ал Қобыланды жаны қысылған сәтте көмек сұрап жалбарынатын Баба Түкті шашты Әзиз де діни әдебиеттен таныс: *«Басымнан дүние өттің бе, Шын бұйрығы жеттің бе? Өлшеулі күнім біттің бе?! Қысылған жерде жар болмай,* ***Ықылас ата шашты Әзиз****, Жеті кәміл пірім-ай! Сарт болып-ақ кеттің бе?!».* Бұл есімдер прецедентті құбылыстардың бір түрі ретінде, мәтінаралық байланыстардың маркері бола алады, себебі олар әр адамның жеке когнитивтік кеңістігін құрайтын ұжымдық танымдық кеңістіктің бірі – діни когнитивтік кеңістіктен белгілі.

Сонымен қатар ұлттық дәстүрдегі жоқтау да осы жырда көрініс тапқан, яғни Алшағырдың қорлығын көріп, баласынан күдер үзген Тоқтарбай мен Аналықтың жоқтауын да келтірінді құрылымдар қатарына жатқызуға болады: *Келелі түйем ішінде Қайырлы бура ұқсаған, Жалғызым, сенен айрылдым. Мың жылқының ішінде Көзге түсер тұлпардай, Қияғы бүтін сұңқардай, Ботам, сенен айрылдым (Тоқтарбай); Жалғызымды жоқтайын, Шаршағанда тоқтайын. Жан қосағым Тоқтарбай, Беріңіз маған кезекті...* Мәтінаралық байланыстың тағы бір көрінісі – қазақтың халық ырымдарына сілтеме: *Қуанамын мен сорлы Кеткен қозым келгендей!* ***Оң қабағым тартады*** *Сапар кеткен қозымнан Анық хабар келгендей!*

Ә. Диваев нұсқасындағы Құртқаның Кобыландымен серттесуі, К.Еламанов жырлаған вариантта Құртқаның атты серттесіп бағуы «Алпамыстың» С. Жаңбыршин жырлаған нұсқасындағы Алпамыстың қаруымен, атымен, сондай-ақ архаикалық ертегілердің бірі «Ер Төстік» ертегісіндегі Кенжекейдің өзі жасауына қалап алған інгенмен, беліне байлаған он екі құлаш торғын орамалмен серттесуін еске

түсіреді: *Тоқсанда атаң Тоқтарбай Бұтында жоқ ыштаны, Тізесіне тон жетпей, Ақ табан болып кәпірге, Қой баққанда келерсің! Алпыстағы анаң Аналық Арқан есіп, жүн түтіп, Қайғыменен қан жұтып, Құрт қайнатып жүргенде, Сұлтаным, сонда келерсің!* (Ә. Диваев); *Құртқадайын келіншек Туғызып биені алады, Сол шұңқырға салады. Қоя беріп енесін, Сегіз ай да, сегіз күн Серт айтып тұрып бағады* (К. Еламанов).

Аналықтың сөзі Бұқардың «Тілек» толғауындағы онынші тілекті еске салады, тек жырауда III жақтан болса, «Қобыландыда» I жақтан берілген: *Он бармағым майысқан, Тас емшегім еріткен, Тар құрсағым кеңіткен.*

Кейіпкердің түс көруі семиотикалық тұрғыдан интертекст деп есептеледі, яғни мәтінаралық байланыстардың бір типі ретінде зерттеушілер түсті айтады. Суреттеліп отырған жағдайдың таңбасы ретінде танылатын түс арқылы жырдағы біраз оқиғалар туралы хабар беріледі, мысалы, Қарлығаштың түсі (Ә. Диваев); Құртқаның түсі (С. Жаңбыршыұлы); Н. Байғанин нұсқасындағы Тоқтарбайдың түсі *(Ей, Аналық, Аналық, Ишарат түс мен көрдім, Бақ-дәулетті кен көрдім. Таң алдында түсімде Екі перзент мен көрдім);* Қобыландының түсі *(Ұйықтап жатып түс көрді, Сол күні көрген түсінде Құлазып жатқан жер көрді);* Алшағырдың шешесі Ақсарының түсі (*Ұйықтап жатып түс көрді, Түсінде көрді төрт бөрі: Қабағы қалың қас бөрі, Шолақ құйрық ақ бөрі, Азуы шыққан жас бөрі, Салаң құйрық көк бөрі).*

Бұлардан басқа әулиенің аян беруі (*Ақ шалмасы басында,Ұйықтап жатқан күнінде, Аса таяқ қолында, Өзі Хақтың жолында, Көкшыбықтай бабасы Жетіп келіп қасына, Бабасы сонда сөйледі, Сөйлегенде бүй деді*); баланың ерекше болып туатынының белгісі (*айдаһардың жүрегіне жерік болу* – С. Жаңбыршыұлы, Н. Байғанин нұсқалары); елшіні өлтірмеу (С. Жаңбыршыұлы нұсқасы) сияқты ортақ орындар да мәтінаралық байланыстар маркері бола алады, бұлардың бәрі әлемдік және ұлттық танымдық кеңістіктен белгілі прецедентті құбылыстардың, әдеби желілердің көрінісі.

Қобыландының тұлпарының адамша сөйлеуі Ер Төстіктің Шалқұйрығын еске түсіреді, яғни екеуі де өз иелеріне қалтқысыз қызмет етеді: *Алладан әмір болғансын, Торыша атқа тіл бітті. Тіл біткенсін сөйледі* (Қобыланды – К. Еламанов нұсқасы); *Төстік ауылынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрыққа тіл бітеді* (Ер Төстік), осы ертегіні еске түсіретін тағы бір ортақ орын – кейіпкерге жолда түрлі кедергінің ұшырасуы *(Осыны естіп Көктен,Өзі естіртуге қарады.*

Көктен жеті түрлі тілді біледі екен, Жеті түрлі сүгіретке кіреді екен).

Жырда кездесетін прецедентті есімдер қатарында Қарға бойлы Қазтоған мен Сыпыра жырауды (С. Жаңбыршыұлы) атауға болады. Нұсқалардың бәрінде бірдей кездесе бермейтін, қазақ тарихы, мәдениеті, ауыз әдебиетінен кез келген адамға таныс жыраулар есімі, прецедентті айтылымдар жекелеген нұсқаларда кездесуі (***Көк етіктің*** мықтысы, Күзгі жердің шықтысы – трансформацияға түскен прецедентті айтылым; Перзент болып қалған соң, Тоқсан екі қатыннан Тоқсан екі бала туған соң, ***Тоқсан екі баулы қыпшақ*** деген сөз Мирас болып қалыпты (Н. Байғанин); ***Ер қаруы – бес қару*** – өзгеріске түспеген) арқылы орындаушылардың когнитивтік базасының түрліше қалыптасқанын байқатады.

4. «Ер Тарғын» жырының негізгі сюжетін қазақ халқының ұлттық қалыптасу кезеңінен маңызды орын алатын ноғайлы дәуірінің тарихи оқиғалары құрайды. Халық арасында эпостың бірнеше нұсқасы сақталған. Жырдың көркем үлгілерінің бірі – Марабай нұсқасы екендігі мәлім. Орыс миссионері Н.Ильминский XIX ғасырдың 60-жылдарында жыршының өз аузынан жазып алған нұсқасын 1862 жылы Қазандағы “Университет” баспасынан жарыққа шығарған. Содан бері «Ер Тарғын» жыры 20 шақты рет басылып шықты.«Бабалар сөзінің» 44-томына Марабай, Қисықұлы және Нұрқасым Нұрғалиұлы нұсқалары кірді.

Эпоста интертекстуалды байланыс салт-дәстүрге сілтемеден көрінеді. Мәселен, халық дәстүрінде жасы үлкен адамды сыйлау бұлжымастан орындалатын қағиданың бірі. Ер Тарғын қысталаң кездің өзінде осы жолдан таймай, Қарт Қожақтың алдында: *«Бұл жанынан қорқар ер емес, **«Кезегін баба алсын» деп**, Қарт қояндай қасқарып, Қарсы қарай тұрады, Шошынып тізгін жимады».*

Сондай-ақ, белінен мертігіп, жұртта қалған Ер Тарғынның Ақжүніспен, Тарланмен амандасуы да фольклор дәстүріне сілтеме: «*Ханзададан һешбір кісі келмей, Тарғын менен Ақжүністің азығы жоқ, арқандаулы тұрған Тарлан атты бағатұғын кісі жоқ, бұлар аштан өлмекші болып өлім халіне жетті. Сол уақытта Тарғынға қайғы түсті. Мұның Қырым жұртында қырық құрдасы бар еді. Һәм бірнеше мырзалары бар еді. «Олардың қасында болсам, мұндай пәлеге ұшырамас едім, – деп, – менің бір қызға бола, өз жұртымнан айрылып, бұл жұртта жатқаным қате екен», – деп сөйлеп жылайды, жылайды да толғайды...»*

Осы нұсқадағы мәтінаралық байланыстың жасырын көрінісі ретінде мына үзіндіні атай аламыз, осы фрагмент «Қобыланды батыр» жырын еске түсіреді, яғни «ердің бір дұшпаны әйелі – деген» ортақ орын екі жырды байланыстырып тұр: «*Бұ Тарғын ойлайды екен: «Мені жұрт ағаштан құлап өлді демес, Шағанның бойындағы көп қалмақты асырамын деп жаудан өлді дер», – деп. Қатыным бұлай деген соң, басқа жұрт та мені ағаштан жығылып өлді, – дер. Ойлап тұрсам, менің мұным бек ұят екен», – деп, бек қатты қорланды».*

Батырдың аты ерекше жаратылатыны да фольклордағы дәстүрлі құбылыс, Тарлан ат өз иесін айтқызбай түсінетін, төзімді жылқы ретінде сипатталады: «*Бұл қуып жетіп келе жатқанда, кетіп бара жатқан Тарғыннның астындағы Тарлан аты пысқырды. Ол ат артынан бір жау келе жатқанда пысқыратын еді».* Тарғынға жәрдем еткен аттың арығанын фольклор дәстүріне сай гиперболамен көрсетуді де авантекст, яғни тұтас жүйемен байланыс деп қарастыра аламыз: *Астына мінген Тарланның Тұрпатына қараса, От орнындай тұяқтан Оймақтайы қалыпты. Етектейін ернінің Екі елісі қалыпты. Қиған қамыс құлақтан Бір тұтамы қалыпты. Жалбыраған жалынан, Жалғыз қарыс қалыпты. Бір құшақтай құйрықтан Бір уыстай қалыпты. Тұла бойын қараса, Он жеті жерден жаралы.*

Ер Тарғынның өзімен, қаруымен, атымен серттесуін қазақ ертегілері мен батырлар жырын еске түсіретін ортақ орын деп тану керек: *Кебеже қарын, кең құрсақ, Құлжа мойын төгерек, Ұмтыла шапқан Тарланым, Алты мыңдай кісі екен, Тіл жіберсең саған серт!*

Осы нұсқада формулалықтың бір көрінісі ретінде синтаксистік құрылымдар қайталамасын атауға болады: *Келе қалмақ сөйлейді, Сөйлегенде бүй дейді: Сонда Тарғын сөйлейді, Сөйлегенде бүй дейді:..*

«Енді бұ асылзаданың баласының тапқан сөзін таппады демеймін», – деді, – мұны өзінің сүйгеніне қосайын!», – деді де, Тарғын батырға қосты да қоя берді. – Барыңыз, менен озған дәурен екеуіңізге құтты болсын! – деп» деген Қарт Қожақтың сөзі бірден Қазтуған жырау Сүйінішұлының «Қайырлы болсын сіздерге Менен қалған мынау Еділ жұрт!..» деген жолдарын еске түсіреді. Әрине, мұндағы адресат екі түрлі: жырда жеке тұлға болса, жырау сөзін тұтас елге арнағаны байқалады, бұл жерде әрі құрылымдық, әрі лексика-синтаксистік цитация арқылы өкіне тұрып мойынсұну көрінеді.

Жырдағы мәтінаралық байланыстың бір көрінісі – реминисценция ретінде мына жолдарды атауға болады: *«Қоңыраулы найза қолға алдың, Қоңыр салқын төске алдың».* Бұл реминисценция оқырманға

мектеп бағдарламасын, яғни Махамбет жырын, жыраулар поэзиясын еске түсіреді.

5. Қазақ халқының эпикалық мұрасынан елеулі орын алатын, ел ішінде кең тараған батырлық жырлардың бірі – «Қамбар батыр» жыры. Ол алғаш XIX ғасырдың ортасында қағазға түсіп, жариялана бастады. «Бабалар сөзінің» 43 томына жырдың негізгі алты нұсқасы енгізілген.

Жырда мәтінаралық байланыстар даяр қалпында және трансформацияға түскен прецедентті айтылымдар арқылы, синтаксистік клишелер арқылы, ортақ орындар, дәстүрлі фольклорлық қолданыстар арқылы көрінеді.

Прецедентті айтылымдар: Он екі жасар Назымға, Айттырып оны алуға *Көк етікті* келмейді, *Көн етіктіге* бермейді; Қойға келген бәледен Тоқты мен қошқар садаға, *Басқа келген бәледен Құлақ-мұрын садаға (*Қамбар баһадүрдің жыры (СПб, 1890); *Қыз Назымның ауылының* Үстіне түсті көздері; Мұны көріп Қамбардың Жоқшылық кірді есіне. *"Қымызы бар деп ақ үйдің* Түсемін барып несіне". Қырындап өтіп барады Сұңқарын тұтып бетіне (Қамбар батыр, Тәшкен, 1922); *«Қоян өлер қамыстан, Ер өледі намыстан», Сізді ізден келіпті Бекқожаның баласы* (Қамбар батыр, Б. Мұқамбайұлы нұсқасы).

Ортақ орындар: а) баланың ерекше тууы: *Шекесінде Қамбардың Бар екен алтын тұлымы, Сұрап алған Құдайдан Әлімбай ханның құлыны* (Қамбар батыр, Тәшкен, 1922); **ә) бас кейіпкер атының ерекшелігі:** *Таң алакеуім болғанда Отқа байлаулы Қара қасқа тұлпары Жерді де тарпып тұрмайды;Қара қасқа атқа тіл бітті, Мақия тұр көл бетті. Ат айтады Қамбарға: – Айтқанына көнгейсің, Әуелгі ату кезекті Үшке шейін атуғаМақия ханға бергейсің. Кезекті Қамбар береді; Әуелгі оғын тартқанда, Айналайын қара ат Жүресінен жата қалады. Мақияның тартқан ол оғы Үстімен кетіп қалады. Екінші оғын тартқанда, Бұған шейін қара ат Тұрымтайдай бұлтылдап, Нажағайдай жалтылдап, Өнер қылып қалады. Үшінші оғын тартқанда, Бозторғай боп аспанға Шырылдап қара ат шығады, Астымен өтіп кетеді* (Қамбар баһадүрдің жыры); *– Қанатты туған пырағым, Аға-іні сен едің, Тар жерде жолдас, шырағым* (Қамбар батыр, Тәшкен, 1922); **б) батырды анасының Аллаға тапсыруы:** *Өзің берген жалғызды-ай Аманат қостым, Құдайым, Туғаннан асыл жекердім Дүниесінің жайын билердім, Өзің берген жалғызды Аманат қосып жібердім* (Қамбар баһадүрдің жыры); *Алла, саған аманат, Бір тапсырып бергенім* (Қисса Қамбар, Қазан, 1888); **в) ғажайып күштің,**

ата-бабаның қолдауы: *Көк садақты қолға алып, Қамбарға қарап көзейді. Сол уақытта Қамбардың Бәтуажа деген бабасы Кәпірдің оғын қаңғыртып,Тигізбестен демепті* (Қисса Қамбар, Қазан, 1888); *Тоғыз қабат сауыттың Сегізінен өтеді. Жыртыла жазды жапасы, Қатарланған жағасы, Өтер еді одан да, Қабыл еді Қамбардың Жасынан-ақ тобасы. Ғайып ерен қырық шілтен – Бұл сауыттың панасы* (Қамбар батыр, Ш. Қалмағамбетов нұсқасы); **г) түс көру арқылы оқиғаны жұмбақтау, шешімін көрсету:** *Сізді ізден үйден шыққалы Он екі күн болыпты. Шыққан күні түс көрдім, Жібектен баулы құс көрдім. Бір қаршыға қаз іліп, Жапалақпен екеуі Жатыр екен таласып; Бүлдіршігі шығар көйлекке. Қарға жатыр таласып*

Лашын ілген үйрекке. Үш күн ойлап, тақсыр хан, Лашындағы үйректі Алып бердім қарғаға. Өтірікті айтсаң да, Табатұғын Құдай бар. Таласқан екен бір байғыз Сұңқардың ілген қуына, Жасаған Ием жар болар Серіксіз туған жалғызға. Үш күн ойлап, тақсыр хан, Сұңқардың қуын әпердім Нашар туған байғызға (Қамбар баһадүрдің жыры); *Ат үстінде ер Қамбар Анасының сөзіне Жүрегі кетті елжіреп. – Не болса да көреміз Соғыс майдан жерінде, Ноғайлының елінде. Бір жақсы түс көріп ем, Жолбарыспен алысып Өлтіріп едім бір күні* (Қамбар батыр, Б. Мұқамбайұлы нұсқасы); **ғ) батырдың өзімен, қаруымен, атымен серттесуі:** *Мойнына салды бір қару, Түзу қара мылтықты. – Ата алмасам, маған серт, Атқаныма шыдамай, Дүміңнен кетсең маған серт. Шаншып алған секілді, Болаттан құйған найзаны. – Шанша алмасам, маған серт. Шанышқаныма шыдамай, Оңқыңнан кетсең саған серт Болаттан соққан айбалта. – Шаба алмасам маған серт, Шапқаныма шыдамай, Оңқыңнан кетсең саған серт* (Қисса Қамбар, Қазан, 1888); **д) оқиғаны жұмбақтау:** Мақтым ханның елшісі Келмембет: *Алмас пышақ бізде бар, Піскен қауын сізде бар, Тілдіргелі келгенмін. Көк қаршыға бізде бар, Қоңыр үйрек сізде бар, Ілдіргелі келгенмін* (Қисса Қамбар, Қазан, 1888); *Айналғаным бұл болды: Бір әдемі қырғауыл Алдымнан шықты жорғалап, Бір бүркіт шапты алдынан, Тығылды маған қорғалап. Және топтап қара құс Жиылған екен қамалап. Тағы жалғыз бидайық Ұшып келді қасыма, Қос қанатын сабалап. Қырғауылды тастадым Қай жеңгені ілсін деп. Бүркіт те шапты күрсілдеп, Сабыр қылып отырдым Екеуіне бір сын деп. Бір уақытта бүркіттің Желкесін қиды бидайық, Жерге түсті денесі Аяқ-басы қылжайып. Қара құстар жиылды Бидайыққа қоңқайып, Оның да қиды желкесін, Әр жерде қалды тоңқайып. Оның бәрін қырған соң, Қасыма келіп тұрған соң, Қырғауылды мен көрдім*

Бидайыққа ылайық (Қамбар батыр, Б.Мұқамбайұлы нұсқасы); *Келмембет келіп сөйледі: – Ал, тыңда, – деп, – Әзімбай, Айтайын келген жайымды-ай, Көтерер деп Назымды-ай. Саусағы алтын сұңқарға Ілдірейін деп келдім Көлдегі құ мен қазыңды-ай. Тікпекке ақ үй сұраймын Ел қонбаған сазыңа-ай; Қанаты қара бүркітім Асыраған әлпештеп Аққуыңды іледі. Осы айтқаным болмаса, Тұғырға сұңқар қонбаса, Ноғайлы елің бүледі*; *Қамбар сонда сөйледі:Сұңқардың ілген қазына Бір қара құс таласып, Жатыр екен өшігіп. Ажыраттым екеуін, Одан бері тағы да Құмай тазы қуалап, Алған екен бір түлкі, Бір төбет ит таласып, Жатыр екен есіріп. Ажыратып соларды Тағы да қалдым кешігіп* (Қамбар батыр, Ш. Қалмағамбетов нұсқасы).

Фольклорлық формулалар: а) синтаксистік құрылымдар*:* *Нөкеріне сөйлей қалады. Сөйлегенде не дейді; Сонда Әзімбай сөйлейді, Сөйлегенде не дейді: Атасының алдына Назымжан барып зарлайды, Зарлағанда не дейді* (Қамбар баһадүрдің жыры, СПб, 1890); *Бұрынғы өткен заманда Ер Қамбар деген бар екен, Әзімбай деген бай екен. Солардан қалған сөзімді;Сонда Назым сөйледі, Сөйлегенде бүй дейді:*(Қисса Қамбар, Қазан, 1888); *Кілең палуан аттанды; Өңкей шалдар аттанды; Өңкей соқыр кеңесті, ... Өңкей соқыр аттанды. Өңкей таздар кеңесті, ... Өңкей кедей аттанды. Өңкей пұшық кеңесті: Өңкей батыр аттанды* (Қисса қара қасқа атты Қамбар, Қалқай нұсқасы); **ә) үдету:** *Қараман сонда сөйледі-ай: – Сүйінші десең, Келмембет,Көңіліңді сенің табайын, Өлгеніңше өзіңді Тәрбиалап бағайын. Аяғыңа жығылып Дұшманың болсын ағайын, Ерегіскен кісіңнің Жүрегін майдай шағайын, Етін итке жегізіп, Сүйегін өртеп жағайын, Бетіңе біреу қараса, Күрзімен ұрып сабайын, Төтесінен сіңіріп Қазықтай жерге қағайын; Түртіп өтіп кеткені Тақиядай ұшады, Екпініне шыдамай Атының жалын құшады* (Қамбар батыр, Тәшкен, 1922); *Қара қасқа ат Шу дегенде гуледі. Табанға тиген қара тас Саз балшықтай иленді. О төбенің тозаңын Бұ төбеге қосады, Бұ төбенің тозаңын О төбеге қосады* (Қисса қара қасқа атты Қамбар, Қалқай нұсқасы); **б) дәстүрлі теңеу, эпитеттер:** *Атың жалы жығыңқы, Көп шабулар көргендей.* ***Қабақтарың қатыңқы, Түн ұйқысын бөлгендей****. Қарның жуан* ***қабақтай,*** *Балтырың жуан* ***табақтай****, Батырлар, сізге жол болсын; Отыз күн ойын өткізіп, Қырық күн тойын өткізіп. Мың түйеге жүк артып* (Қамбар баһадүрдің жыры, СПб, 1890).

Бұл жырдың әр нұсқасында түрлі прецедентті мәтін таңбалары кездеседі, мәселен, *«Өз жүзіне қыз Назым Талып түсіп қалады»*

(грек мифологиясындағы Нарцисс – Қисса Қамбар, Қазан, 1888); *Ғали мінген Дүлдүлдей, Тұлпарменен шабысты* (ислам діни мифологиясы – Қисса Қамбар, Қазан, 1888); *Мақтым ханға айтқаны: Келмембет тұрып жөнелді, Есікке барып қайтадан, Патшаға жауап береді: – Хан емессің, қабансың, Тамам жаннан жамансың. Хан емессің, қасқырсың, Қаса албасты басқырсың. Достарың келіп табалап, Дұшпаның келіп басқа ұрсын* (Махамбет – Қисса Қамбар, Қазан, 1888); *«Тәуекел түбі – жел қайық, Мінесің де өтесің; Уайым түбі – тұңғиық, Түсесің де кетесің»* (Асан қайғы – Қамбар батыр, Б. Мұқамбайұлы нұсқасы); *Келмембет сонда сөйледі: – Бет-аузыма қарашы, Мендей көзің ағарсын. Жолдасыңды сабайсың, Жақсылық қайдан табасың?! Хан емессің, қасқырсың, Қара албасты басқырсың. Көк есектей тепкілеп Қамбар сені басқа ұрсын* (Махамбет – Қамбар батыр, Б. Мұқамбайұлы нұсқасы); *Ханға қарап сөйледі: – Хан емессің, қасқырсың, Қас албасты басқырсың. Досың келіп табалап, Дұшпаның келіп сабалап, Хан емессің, қабансың, Тамам ханнан жамансың. Қамбар сені өлтіріп, Дегеніне келтіріп, Сүйегіңді қасқыр кемірсін, Майыңа қарсақ семірсін. Асықпасаң тұра тұр, Мынау келген Қамбардан Көресіңді көрерсің* (Махамбет – Қамбар батыр, Ш. Қалмағамбетов нұсқасы).

6. Жырлардың әр нұсқасындағы келтірінді құрылымдар түрліше, олар жырдың кейіпкерін, оның жай-күйін, оқиғаны сипаттау үшін қолданылған. Бұл жыршы немесе орындаушының тілдік тұлғасы, танымдық кеңістігі, базасымен, семантикалық жадымен, фольклордың коммуникативтік қызметімен тікелей байланысты.

Бұл орайда зерттеуші Г.В. Денисова ұсынған тілдік тұлғаның «когнитивтік деңгейінің интертекстуалды құрылымын» [7] ескеру керек. Бұл құрылым белгілі бір лингвомәдени кеңістік мүшелері үшін тек қандай мәтіндер өзекті екеніне ғана емес, сол тілдік-мәдени ортада бар мәтіндерді әр ұрпақтың түрліше қабылдауына байланысты да өзгеріп отырады. Көркем мәтінді оқушы оны өзінің өмірлік жеке тәжірибесіне сүйене отырып қабылдайтындықтан, сол мәтінді қабылдаудың инвариантына өз нұсқасын ұштастырады. Мәселен, Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы туралы өткен ғасырдың 80-жылдардағы, соңындағы және қазіргі замандағы оқырмандардың пікірі бір жерден шықпайды. Оқырмандардың алғашқы тобына ол іздеп жүріп оқитын күшті әдеби мәтін болса, екінші топтағылар оны қатардағы көп романның бірі деп қабылдады, ал қазіргі жас буын ол туралы аса біле қоймайды. Осы жас буынның

арасында романды оқып, ол туралы жақсы пікір айтып, оны қайта туындату (мазмұндау, сөзқолданысын пайдалану) нәтижесінде ғана ол қайтадан күшті мәтінге айналуы мүмкін.

Тілдік тұлғаның танымдық деңгейінің **тұрақты интертекстуалды ядросына** (өзегіне) ұлттық білім энциклопедиясына жататын ағарту стандартынан белгілі әдеби шығармалар, тарих, қоғам, мәдениет қайраткерлерінің есімдері мен сөздері, аса маңызды саяси-әлеуметтік оқиғалар, мәдени, тарихи, діни жәдігер-ескерткіштер жатады. Тұрақты интертекстуалды ядро (өзек) дегенмен, бұл да шартты нәрсе. Қазіргі Қазақстан жағдайында оқырмандардың жас ерекшелігіне байланысты тілдік тұлға танымдық деңгейінің интертекстуалды тұрақты ядросы ең аз дегенде төрт түрлі болатынын жорамалдауға болатын сияқты: 1. кеңес кезеңінде ұлттық орта мектепте білім алған тілдік тұлғаларға тән; 2. кеңес кезеңінде орыс тілінде орта білім алған тілдік тұлғаларға тән; 3. тәуелсіздік жылдарында ұлттық орта мектепте білім алған тілдік тұлғаларға тән; 4. тәуелсіздік жылдарында орыс тілінде орта білім алған тілдік тұлғаларға тән. Бұл орта білім беретін мектептер мен лицейлердің оқу бағдарламасына, мұғалімдердің сыныптан тыс оқу үшін қандай ақын-жазушылар шығармаларын ұсынатынына, жастар арасындағы еліктеушілікке, тіпті жаһандану үдерісіне де байланысты. Аталған тілдік тұлғалардың арасында мәтінаралық байланыстарды орнату, тану, қолдану дәрежесі бірінші топтағыларда жоғары болады деген ойдамыз, өйткені олардың басым бөлігі – билингвтер. Қалған топтағылардың бұл ыңғайдағы деңгейі түрліше қалыптасуы ана тілімен қатар оқып үйренген екінші тілдегі көркем мәтіндерге байланысты болады.

Тілдік тұлғаның **динамикалық интертекстуалды қабатына** уақыт және әлеуметтік жағдайларға орай өзгеріп, үнемі маңыздылығы, қажеттілігі белгілі бір иерархиямен қайта ауысып отыратын күшті әдеби мәтіндер кіреді де, ол ұлттық және жеке білім энциклопедиясына тәуелді болады. Мысалы, ұлттық әдебиеттің атақты қайраткерлерінің шығармашылығына ресми түрде тыйым салынған кезеңде, яғни өткен ғасырдың 60-жылдарында оқырмандардың басым бөлігіне олардың есімдері де, шығармалары да таныс болмады, сол себепті олардың тілдік ерекшеліктері де кейінгі қаламгерлердің мәтіндерінде аса байқала қоймайды. Керісінше, шетелдік ақын-жазушылардың (Фолкнер, Борхес, Хэмингуей) туындылары насихатталғандықтан, олардың жекелеген ой-пікірлері, сөзқолданыстары, тіпті болмаса

олардың шығармаларының атаулары ауызекі сөйлеу мен жазу үдерісінде цитация қағидатымен жұмсалғаны белгілі. Ал қазір күшті әдеби мәтіндер қатарында қайта оралған әдебиет пен Эко, Коуэльо, Абэ сияқты жазушылардың шығармалары және тиісінше солардан алынған түрлі цитаталар, реминисценциялар көп жұмсалады.

Тілдік тұлғаның **интертекстуалды перифериясы** оның когнитивті деңгейінің ең қозғалғыш, ең өзгергіш бөлігі болып саналады. Оған күшті әдеби емес мәтіндер, бұқаралық мәдениет мәтіндері (ән, жарнама, БАҚ материалдары) жатады. Ол уақыт, идеология, белгілі бір жағдайларға орай әлеуметтің мәдени талғамдарының өзгеруіне байланысты тез әрі жиі ауысып отырады.

Сөйлеу әрекетінде аталған қабаттардың аражігі толық, нақты ажыратыла алмайды, яғни әр адам өзінің жеке білім энциклопедиясына байланысты болады.

Ал батырлар жырын орындаушы немесе жырлаушының когнитивтік деңгейі де осы шамалас екенін ескерсек, эпостардың жекелеген нұсқаларында сол жыршы өмір сүрген заманға тән лексиканың кездесетіні заңды.

Сонымен, «Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларындағы мәтінаралық байланыстар, негізінен, фольклордағы дәстүрге тән формулалылық, ортақ орындар, стилистикалық клишелер, жанрлық ерекшеліктер, прецедентті айтылымдар, атаулар арқылы көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.4. – Астана: Фолиант, 2015. – 328 б.

2. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1995. – 352 б.

3. Райхл К. Тюркский эпос: традиции, формы, поэтическая структура. – М: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2008. – 384 с.

4. Әшімханова Ф.М. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі: филол. ғыл. канд. ... диссертация. – Алматы, 2007. – 112 б.

5. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.

6. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М: Наука, 1987. – 363 с.

7. Денисова Г.В. В мире интертекста: язык, память, перевод. – М: Азбуковник, 2003. – 297 с.

<u>Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар</u>:

1. Батырлар жырындағы әлем бейнесінің көріністері.
2. Батырлар жыры нұсқаларындағы интертекстуалдық типтері.
3. Фольклорлық мәтінді орындаушының тілдік тұлғасы және

интертекстуалдық мәселесі.

1-тапсырма. Фольклорлық мәтіндегі прецеденттілік түрін анықтаңыз.

Ұзын сары келді

Соғым сойған күні баласына арнап жасаған шұжықты шаңыраққа іліп жатқан шешесі:

– Балам, мына шұжықты ұзын сары келген күні асып берем, одан бері қозғамайсың, – деп ескертіпті.

Осы сөз есінде бар бала бір күні үйіне келген ұзын сары адамды көріп:

– Апа, апа, қыстай тосқан ұзын сары келді, енді шұжығымды асыңыз, – деген екен.

(БС, 98-том).

2-тапсырма. Фольклорлық мәтіндердегі прецедентті есімдердің қолданысын түсіндіріңіз.

1. Патша ұлы болсаң да, Екеуің де баласың, Бас білмеген танасың. Мың жасаған Ұлықпан, Ол не көрді дүниеден, Таба алмаған дүниеде О да өлімнің шарасын (Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық). 2. Күндерде бір күн Қазанқап Таусоғар ханның еліне жетеді. Есік ашылғанын аңдып тұрып ханның ордасына өтеді. Ретін тауып хатты Гүлмаһираға табыс етеді. Гүлмаһира хатты оқып қуанады. Қазанқаптың атын да, өзін де оңаша жерге қойып күтеді. Бір күн түнде өзінің сиқыр орамалдарын желпіп-желпіп, бүкіл жер жүзіндегі перілерді жинап алып: «Сүлейменнің ақ дәрісін» сұрайды. Бұл дәрі жинаған көптің біреуінде бар екен. Содан бір мысқалын алып, өздерін таратып жібереді. Ертеңінде Қазанқапты аман-есен аттандырып салады (*Бақыт құсы*). 3. Сарамтал етті жұмысты, Сайланып салу ұрысты, Аш беліне байлады Балдағы алтын қылышты. Киді қымқап мауытты, Сиынған пірі Дәуіт-ті. Киіп алды ер Қамбар Айналасы бес қабат Атасынан қалған сауытты (*Қамбар батыр*). 4. Қайғымен әбден қамыққан, Перзентті ойлап зарыққан. Хан мен көріп ханымын, Салы деген уәзірдің, Сондағы айтқан сөзі еді: «Қадірлі Тәуке ханымыз, Насихат сөзге құлақ сал. Қыдыруың қашпайды, Дамыл қылып біраз күн, Тақтыңызда қарар ал. Ел ішінде әзіз көп, Мұстажап дұға адам бар. Жарлығы қылып қайырды, Сынықтардың көңілін ал. «Кіші Мекке»

деуші еді, Әзірет сұлтан, Арыстан бап. Оларға түнеп, құрбан шал, Басыңнан қылып садаға. Асыңыздан қайыр бер, Қылып көр қолда барында. Ықтияры кетпестен, Құдай берген малың бар, Құдайдың берген шағында (*Еңсегей бойлы ер Есім*).

3-тапсырма. Мысалдардан прецедентті айтылымдарды табыңыз.

1. Іші жанып күйеді, Төсіне төсі тиеді, Алпыс екі тамыры Падишаның иеді. Тамағынан иіскеп, Зарлықты патша сүйеді (*Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық*). 2. Наурызбай бір қол бастап келе жатқанда, өзінің батыр жолдастары сұрайды: «Ер қаруы – бес қару, соны түгел жұмсайсың ба?» – деп сұрапты. «Е, біреуі артық болып жұмсай алмасам, неге алып жүремін». Соны айтты да, Боз атына міне салып дөңге қарай шығып, садағымен бір боз торғайды атып тигізеді, қайта жерге түсіп келе жатқанында найзаменен бір шаншып, қылышпенен бір шауып, қамшымен бір салып өткен екен (*Наурызбай туралы*). 3. Үкі де жендет құстың артынан қуа шыққан екен, оның Жапалаққа айтып тұрған сөзін естиді. «Айтпа» деп ымдайды. Бірақ әрі қорқақ, әрі опасыз Жапалақ тастың қуысына тығылып жатқан інісі Байғызды жау қолына ұстап береді. Міне, сол күннен бастап, Жапалақ үкі маңына жоламай кетіпті. Опасыздық жасап, өз бауырын бір уыс жемге сатқаны үшін бүкіл құс атаулы жеріпті. «Жапалақ көрсең, атып ал, жаманнан бойыңды сатып ал» деген сөз содан қалған екен (*Жапалақ көрсең, атып ал*). 4. Бір күні түнде басқа атыраптағы түлкілер уланып өліпті. Түлкілердің өлгенін естуіменен мұның асылы һәм түлкі болған үшін бұл һәм өліпті. Арыстан бұның өлгенін біліп бас салып, пәре-пәре қылып тастапты: «Неше заманнан бері бізді алдап жүрген екен, «мен сіздерге көктен түскен патшамын», – деп. «Әлін білмеген әлек» деген сөз сықылды өзін-өзі жоғарыға санаймын деп, өзі-өзіне ажал тапқызды (*Өткен замандағы хикаят сөз*). 5. Патшадан барым садаға. Қолыңнан келсе, жәрдем ет Қартайған мендей ағаңа. Жақсының кегі, Келмембет, Жібек орамал кепкенше, Жаманның кегі һәр жерде Басы жерге жеткенше” (*Қамбар батыр*).

4-тапсырма. Фольклорлық мәтіндерден берілген мысалмен ортақтасатын тұстарды табыңыз.

Аяққа киген кебістің

Теңгедейі қалады,
Қолға алған асаның
Тебендейі қалады.
Бар киімі жыртылған,
Патша қайтып барады (*Құбығұл*).

5-тапсырма. Фольклорлық мәтіндердегі прецеденттік жағдаятты анықтаңыз.

1. Бір жігіт ағасынан бұрын үйленіп, той жасаймын дейтін көрінеді. Сонда ағасы:

– Той жасайтын теңгең жоқ, өлең айтатын жеңгең жоқ, – деп қарсылығын тұспалдап айтқан екен (*Жеңгең жоқ...*).

2. Бірін-бірі жетектеп, Бесікке салар кәдесін Әлдекім алып кетед деп, Күңкілдесіп өсектеп, Кемпір де келді ол тойға (*Құбығұл*).

3. Шалға сәлем береді, шал сәлемін алмай, Төлегенге кейиді. Кейіп шал сөйлейді: – Айттырып жұртқа бермеген, Шеніне адам келмеген, Жалғыз қызым Жібекті Еріксіз көрген кім едің?! ... Бес жігіттің айдаған Бес жүз елу көп жылқысы Шаңдатып келіп құлады. Көп жылқыны көрген соң Шал есінен танады, Ақылын жылқы алады. Ер Төлеген екенін Алашабай таниды, Танып Төлегенге сөйлейді: – Ақ балдақ қылыш байлаған, Бөрідей көзің жайнаған, Алты жүздей жылқыны Алдыңа салып айдаған, Төлеген мырза, сен бе едің?! Танымаған алдыңда Алжыған кәрің мен бе едім?! Байлаған қылыш беліңе Тіріде адам келер ме Төлеген ердің шеніне?! Хан баласы патшадан Төлегеннің кемі не?! Шақырып кел Қаршығаны Мен де жорға берейін. Жалғыз қызым Жібекті Қосқан екен теңіне. Алдыңда өзім өлейін, Бұл сықылды батырға Жалғыз қызым Жібекті Қалыңмалсыз берейін. Бес жүз жылқыны қолына алып, Бес жігіт құда ертіп, Шал ауылға жөнеді, Кешке құда түседі. Бие саумал, сүт, қымыз Сапырып қойған ішеді. Бүкіл малын қырады, Жау тигендей Жібектің Сол күні тойын қылады. Таң атқанша қызық қылып жатады, Қызықпен таң атады. Таң атқан соң бес жігіт Бес жүз елу жылқыны Киітке киіп жөнеді (*Қыз Жібек*).

<u>БӨЖ тапсырмалары</u>:

1. Аңыз нұсқаларындағы ортақ тұстар мен стилистикалық клишелерді талдау.

2. Фольклорлық мәтіндерден прецедентті есімдерге мысалдар келтіру,

талдау.

3. «Фольклордағы салт-дәстүр көріністерінің прецеденттілік сипаты» тақырыбында мақала жазу.

10 ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ІЛКІ МӘТІНДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА БЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Фольклорлық мәтіндегі мәдени код.
2. Қазіргі көркем шығармаларда ілкі мәтіндердің берілу тәсілдері.

1. Фольклорлық ілкі мәтіндер бойында ұлтымыздың мәдени кеңістігіндегі белгілі бір рухани құндылықтарды ғасырлар бойы сақтай алатындығымен ерекшеленеді. Ұлттың рухани құндылықтарын сақтауда, келер ұрпаққа жеткізуде, сондай-ақ ұлттық тегінді түйсінуде фольклор негізгі энергия көзі болып табылады, ол тілді, халықтың рухын сақтайды, сондай-ақ ұлттық мәдениет салаларының, оның ішінде көркем әдебиеттің динамикалық дамуындағы негізгі өнім деуге болады. Фольклорлық ілкі мәтін ұлттық мазмұндық сипатымен ерекшеленетін санат, ілкі мәтін ретінде қарастырылатын ілкі тілдік бірліктердің, яғни ілкі атаулар, ілкі есімдер, ілкі жағдаяттардың мәдени-танымдық, мәдени-ақпараттық мәні зор. Фольклорлық шығармалардағы басты мотив, идея – ерлік, батырлық, жомарттық, адамгершілік кодекстерінен тұратын эстетикалық, қоғамдық ірі құрылымдарды сипаттау, дәріптеу, насихаттау, ғибрат беру, аңызға айналдыру.

Халық шығармашылығын зерттеу ұлттың танымдық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік, тәрбие және дүниеге көзқарас ерекшеліктерін, моральдық құндылықтарын білуге көмектеседі. Ол бізге өз тарихымызда сақталған рухани артықшылықтарымызды жаңғырту үшін де қажет. Қазақ халқының философиялық мұрасы мифологиядан, фольклордан, поэззиядан, шешендік сөздерден, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден табылады. Осыдан тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданыс жүйесін зерттеу, тіл мен мәдениеттің элементтерін өз бойына шоғырландырған фольклорлық ілкі мәтіндердің лингвомәдени сипатын анықтау мақсаты туындайды.

Қандай да бір көркем мәтіннің жазылуының өзіндік себебі болады, ал мәтіндегі тілдік құралдар автор мақсатын, ниетін жүзеге асыруға

қызмет етеді. Н. Уәли: «Көркем мәтін – айрықша тілдік код, сондықтан оқырман санасында мәтіндегі тілдік кодты аша алатындай тілдік білімнің болуы шарт, өйткені автор айтпақ ой-сезімін тілдік бірліктер арқылы кодқа салады. Ал тілдік білім дегеніміз сөзді, оның мағыналарын, сөйлем, оның мағыналары мен құрылымдарын білу дегенге саяды» – деп, тілдік тұлғаның аялық білімі болуының көркем мәтіннің мазмұнын түсінуде өте маңызды екендігін айтады. Ғалым тілдік таңбаны стимул деп анықтап, оқырман санасындағы білімнің мән алуын (актуалдануын) реакция деп таниды: «Бұл жайт мәтін арқылы "оқырман тілдік тұлға" мен "суреткер тілдік тұлға" арасында диалогтің басталғанын байқатады. *Екі бірдей код – тілдік код пен когнитивтік код, – ашылғанда ғана сөз субъектілерінің (адресант пен адресат) арасында диалог болады», – деп пікір айтады* [1, 34]. Ілкі мәтіндерде мәдени кодтан тұратын тілдік таңба, автордың танымымен, өзіндік талғамымен үйлестірілген тілдік амалдардың бірі. Автордың ілкі мәтіндерді қолдануында өзі көтеріп отырған мәселеге қатысты өзіндік субъективті оң не теріс көзқарасы жатыр, ілкі мәтін арқылы автор бағасы ашық не астарлы түрде білдіріледі. Автор қолданысындағы тілдік таңбаны талдаудан автор ниеті көрініс береді, яғни «авторлық модалділік» ұғымы көрініс табады. Ғалым Б. Шалабай мәтіннің тілдік ұйымдасуын зерттеуде «авторлық модалділік» ұғымына назар аудару керектігін айтады, өйткені мәтінтүзу мен мәтінқабылдауда оның рөлі ерекше деп бағалайды: «ол мәтіннің барлық бірліктерін мағыналық, құрылымдық біртұтастықта біріктіріп тұрады. Мәтін деңгейіндегі модалдылықты сөз еткенде, автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынасты, яғни қарым-қатынас актісі мәселесін қозғау керек болады. Автор тұлғасын оның мәтіндегі көріну формалары арқылы қабылдау – екі жақты үдеріс, ол автор мен оқырман қарым-қатынасына негізделеді. Мәтін модалдығы автордың мәтіндегі хабарланған жайға қатынасы, көзқарасы, ұстанымы, оқырманға жеткізуге бағытталған өзіндік құндылықтары ретінде анықталады» [2]. Ғалым жекелеген бірліктердің сапасын емес, олардың тұтас шығармадағы, яғни тұтастық құрамындағы қызметін анықтау керектігін айта келе: «Мәтін тілдік бірліктердің жай ғана бірігуінен тұрмайды, сонымен қатар ол автордың мақсат, ниетіне орай, қарым-қатынас жағдайы мен автордың жеке ғылыми, интеллектуалдық, қоғамдық, адамгершілік, эстетикалық т.б. бағыттарына сәйкес келетін мазмұндық және формалдық элементтердің бірлігінен тұрады», – деген қорытындыға келеді [2, 175-

176].

2. Көркем мәтін автор суреттеген шынайы ақиқатты бейнелейтін объективті мәніс пен автордың осы шынайы ақиқатпен байланысты өзіндік ұстанымы, көзқарасы мен қарым-қатынасын бейнелейтін субъективті мәнісінен тұрады. Қазіргі көркем шығармаларда ілкі мәтіндер арқылы автордың субъективті ой-толғамының оқырманға жеткізілуіндегі автор ұстанған тәсілдердің кейбір түрлеріне тоқталсақ:

1. Трансформацияға ұшыраған ілкі есімдер мен ілкі айтылымдар

Ілкі есімдер ең жиі қолданылатын ілкі бірлік болып табылады. Ілкі есімдер бүтін бір ойды білдіреді, белгілі бір ішкі мағынасы, астары бар, осы себепті ондай есімдер бір жағынан, автор шығармасын әрлендіріп, көркемдік құрал ретінде қолданылса, екінші жағынан оқырманға жағымды/жағымсыз әсер етуді күшейту құралы ретінде қолданылады деуге болады. Трансформацияға ұшыраған ілкі есімдер мен ілкі айтылымдар күнделікті қолданыста түрлі мағыналық өзгерістерге түсіп, оған бағалауыштық, эмоционалдық коннотациялар үстемеленеді.

⟶*Шығайбай ілкі есімінің трансформациялануы*

«Шығай» сөзі көне түркі тілінде, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде «кедей» деген мағынаны білдірген. Сол көне дәуір ескерткіштерінің бірі – Күлтегін жазуында: «Жалаңаш елді тонды қылдым, шығай ерді бай қылдым. Аз елді көп қылдым» деген жолдар бар. Осы мәтіндегі «шығай» сөзі «кедей» деген мағынада қолданылып тұрғанын аңғару қиын емес. Қызғаншақ, ешкімге жақсылық жасамайтын, қолы қатты байға халық «шық бермес Шығайбай» деп тапқырлықпен өте ұтымды ат қойған. Қазіргі тілімізде «шығай» сөзінің бастапқы мағынасы ұмыт болған [3].

«Чығай – кедей, жарлы деген мағынада көне түркі тілдерінде қолданылған. Сол кезде бұл тұлғалы сөз «сығырдаң», «сараң» деген мағынада ұшырасқан екен» [4]. Ә. Қайдар «Шық бермес Шығайбай» тұрақты тіркесінен шық сөзін бөліп алып қарастырады: «Тек қана қазақ тілінің өзінде ғана сақталған шық – «салқын түнде шөп басына тұрып қалатын дымқыл су тамшысы»» – дей келе, сонда «шық» сөзі Шығайдың шықты да бермес сараң екендігін анықтаушы құрал екендігін айтады [5, 196].

Д. Досжан қолданысында «Шығайбай» образының ядросын құрайтын сараңдықтың жағымсыз мәндегі сипаты жағымды мәнге ие болған. Жазушы қолданысында Шығайбай ілкі есімнің семантикалық

өзегі «сараң» сөзінен «үнемдеу, бейберекет шашпау» деген мағыналық өзгеріске түскен.

– Әр пікірім бес мың доллардың о жақ бұ жағы екенін есіңе ұстарсың, сэр Саматбек!

Саматбек аң-таң. Алдына ас та төк асымызды тартып, мәртебелі мейманға арнаған сый-сияпатымызды алдына үйіп-төгіп, алақанға салып, түп нағашымыз келгендей сүрініп- жығылып өліп-өшіп қызмет жасап жүргеніміз мынау! Келешек құрылысыңа жер керек пе – ал! ... я шалжайып демалып, я тікесінен тік тұрып сызба сызатын шеберхана керек пе – кіріңіз!... Үлде мен бүлдеге оранып алшаң басып аралайсыз ба – қызметіңіздеміз!... көңіл көтерер, тоқтық басар бикешпен тілдесесіз бе – ең көріктісі сіздікі!... деп жүрегімізді қолға алып жүргенде «пікірімнің» өзі сатулы дегені – мылтықпен атқандай әсер етті. ...

Осыдан шығатын ой не? Ел боламыз десек – ертерек ашық – шашық жататын етегімізді қымталық! Мына өзіміз де нарық дәуірінің тиын санап, сөз сауған, қу бастан ет қырнаған шық бермес Шығайбайына айналайық!... Кешікпей. Бүгіннен бастап (Досжан Д. Жан құмары).

Осы мағынадағы қолданыс жазушының «Құланшыда қалған із» атты әңгімесінде де бар. Осы мысалдардан байқағанымыз, Д. Досжан қолданысында сараңдық қасиеттің екінші тұсы сөз болған. Жазушы оны қажеттілік ретінде сипаттайды. Біздің ұғымымызда орныған қалған «Шығайбайдың» сараңдық қасиетінің қайта бағалануы, яғни оң бағалануы оқырманға әсер ету, ой салу қуаттылығын арттырады. Сонымен жазушы өз шығармаларында ел, қоғам байлығына «Шығайбайдай» қарауға үндейді. Жазушы қолданысында «Шығайбай» сараңдықтан гөрі ұқыптылықты, жауапкершілікті, жанашырлық сияқты қасиеттерді репрезентациялайды.

⟶*Алдар көсе ілкі есімінің трансформациялануы*

Қазақ фольклорында Алдар көсе бейнесі әлсіздерді жақтаушы, әлеуметтік теңсіздікпен күресуші ретінде суреттеледі. Төмендегі мысалдан болмысы фольклорлық образ Алдар көсеге мүлдем кереғар бейне көреміз.

Шұбырған шөбере мен топты жиен
Шетінен *Алдар* болып кетті білем.
Тауқымет шегерсіңдер ертең бәрің
Кішкентай *Алдарлардың* көптігінен.
Атақсыз *Алдарлары* бүгінгінің,

Сорлата бастады ғой өзімді алдап. (Қастек Баянбай. Алдаркөсемен кездесу).

⟶ *Қожанасыр ілкі есімінің трансформациялануы*

Қожанасыр ілкі есімі өткір әзілдерімен танымал кейіпкер, Қожанасырдың тілі өткір, тілдік санада әділетсіздік орын алған жерде шындықты әзілмен батырып жеткізе білген, тауып айта білген тапқырлық қасиеттерімен орныққан. Қазіргі көркем шығармада Қожанасыр образының *трансформацияға түскені байқалады.* Оған төмендегі мысалдар арқылы көз жеткізе аламыз:

Шығармашылық еңбектің бар мехнатын өзі арқалап, соның бар құрметін қожайынға сыйлай салған қожанасырлығына тұңғыш рет зығырданы қайнады. (Т. Ахметжан *«Сұлу мен суретші»)*

Шығармада күнін көру үшін біреуге жалданып жүрген дарынды суретшінің тағдыры суреттеледі, салған суреттерін қожайыны өз атынан шығарады. Ақысына суретші оның үйінде тегін тұрып, тегін тамақтанады, яғни суретші өз еңбегін, дарынын, өнерін қожайынына сатуға мәжбүр. Бұл жерде, жазушы қолданысындағы «қожанасырлық» сөзі зат есімнен анықтауыштық қызметке өтіп, «ақымақтық» сөзінің синонимі ретінде қолданыс тапқан, мазмұнында мысқыл, кекесін бар. Осы мағынадағы қолданыс Б.Сарыбайдың *«Өліара»* атты әңгімесінде де кездеседі:

Мен 117 бал жинамаппын. Бар болғаны 117-нөмірлі талапкер екенмін. Бал деп қуанып жүргенім рет саны екен. Яғни рет саны бойынша 117 тұрған Асқаруды Алмат бар болғаны 22 бал жинапты. Көзімнің алды тұманданып кетті. Өлім болды. Сонымен, ауыл елді шулатып, сенсация жасаған менің ауылға қайтуыма тура келді. Ауылға келсем, менің *Қожанасыр атағым* дүрілдеп тұр екен». (Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді)

⟶ *«Қайда барсаң да – Қорқыттың көрі» ілкі айтылымының квантитативті трансформациялану тәсілі.*

Баяғыда *«Қайда барсаң – Қорқыттың көрі»* деген мақал бар еді. Ендігінің мақалы бөлек: *«Қайда барсаң – Қытайдың тауары».* (Қайнар Олжай. Атамыз Аласанбай).

Г.К. Ихсангалиева ілкі мәтіндердің трансформациялану тәсілдерін квантитативтік және квалитативтік және аралас түрлерге бөледі. Бірінші түрінде мәтін құрамындағы бір сөйлем басқа сөздермен алмастырылады немесе оған басқа сөз енгізіледі. Екінші тәсіл бойынша, ілкік мәтіндегі тұтас сөз емес, оның бір бөлшегі, яғни форма немесе бірлі-жарым әріп өзгеріледі, аралас тәсілде осы аталмыш

тәсілдер алма-кезек қолданылады [6, 26].

2. Тақырыпат түрінде жұмсалған ілкі есімдер

Тақырыпаттың ақпараттық сипаты ерекше, оқырман назарын бірден аударушы тілдік құрал.

Қ. Түменбаевтың «Депутат Аязби» атты әңгімесі, *М. Ершуованың «Аяз биге»* атты өлең жолдары мен Ә. Таразидің «Қарабай» әңгімелерінде ілкі есімдер тақырыпат ретінде қолданылып, реминисценция түрінде берілген. Қ. Түменбаевтың әңгімесінде ел мәселесін шешуде әділ болуға шамасы жетпейтінін мойындап, жұмыс орнын өз еркімен босатып, өзінше бір әділдік танытқан кейіпкер өмірі баяндалады, жазушының өз кейіпкері «Аязбиді» осындай шешім қабылдатуының астарында «Аязбидей әліңді біл» деген таным жатыр. Жазушы рухани құндылықтардың бағалануы қатты өзгеріске түскен қазіргі заманда өз оқырмандарына «Аязбиді» үлгі етіп отыр.

М. Ершуованың «Аяз биге» атты өлең жолдарында қазіргі таңда халықпен санаса бермейтін, қолында билігі бар адамдардың бойындағы жағымсыз қасиеттерін сынау үшін қолданылған Аяз би образы тура жолдан таймаудың бейнесі екенін еске салады, бейсанадағы ақпаратты жаңғыртады:

Жағымпаздар жатқан соң бетке күліп,
Болмасын деп күпірлік еткен ұмыт.
Алтынды босағадан аттарында,
Маңдайшаға қойыпты *шекпен* іліп.
Хан тұлпарын, қаңтарып бәрін мініп,
Ханшалар салса да әнін күліп.
Жолын тауып құмырсқа жорғалаған,
Өмір сүрген *Аяз би әлін біліп.*
...Ертегі еліндегі Аяз би шал,
Бүгінгі қоғамға да керек еді.

Ақын өлең тақырыбын «Аяз биге» деп атап, арнау ретінде ұсынуы, оқырмандарын өлеңнің мазмұнынан хабардар етіп, шығарманың толық мәтінін оқуға деген қызығушылығын тудырған стилистикалық тәсіл. Тақырыпат арқылы ғана біз өлеңде әділдік туралы сөз етіліп тұрғанын анықтай аламыз. Тақырыпат мәтіннің бүкіл мазмұнын өз бойына жинақтап тұр. *«Аяз би»* ПМ атрибуты қызметін атқарып тұрған *«шекпен»* сөзі тақырыпатты толықтырып тұр, тақырыпат пен «шекпен» бағалауыштық сөзінің арасында мағыналық байланыс бар, өлеңде «Аяз бидің» нақты қандай қасиеті жырланып тұрғанын анықтауға қызмет етіп тұр. Осы мысалдан ПМ тақырыпат ретіндегі

прагматикалық функциясын, оқырманға бірден әсер ете алатын прагматикалық әлеуетін байқай аламыз.

Әкім Таразидің *«Қарабай»* ілкі есімімен берілген әңгімесінің тақырыпатынан-ақ шығарманың әлеуметтік тартысқа құрылатынын бірден аңғаруға болады.

Қарабай ілкі есімі жазушы қолданысында екі тәсілмен берілген. Бірінші тәсіл – тақырыпатпен берілуі, екінші тәсіл – Қарабай ілкі есімінің **лексикалық қайталама** тәсілімен берілуі. «Шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылысы – өте ұтымды тәсіл қатарынан табылады. Ол стильдік категорияға жатады», – дейді Р. Сыздық [7, 87]. Жалпы лексикалық қайталамалар адресатқа адресанттың интенциясын білдіру қызметімен ерекшеленеді: *«Қарабай»* деген ат жабысқан, *«Қарабай»* деген атақ, *неге Қарабай дейді, Қарабайға* ұқсастық болса екен-ау.

Әңгіме реминисценция тәсілімен құрылған. (Әкім Тарази. Ауыл шетіндегі үй). Дайын сюжетке құрылған әңгіме бүгінгі заманның *«Қарабайының»* болмысын ашады. Кешегі «Қарабай» мал соңындағы адам, жырдың Жанақ нұсқасында «Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да, үйінде сілкіп киер шапаны жоқ» деп суреттелген екен [8, 96], «бүгінгі Қарабай» оқыған, көзі ашық, студент оқытып қоғам тәрбиесімен, қоғам ісімен араласып жүрген жаңа заман адамы. Сыртқы бейнелерінде айырма болғанымен, өз көздегендеріне жетудегі амал-тірліктерінде ұқсастық бар, тек «бүгінгі Қарабайдың» амалы жаңаша көрініс тапқан. Қызының алдында да, қызы ұнатқан жігіттің алдында да абыройын жоғалтпайды. Қызына деген қарым-қатынаста әке бейнесіне де, қыздың ұнатқан жігітіне қарым-қатынастағы адами қатынасына да нұқсан келмейді. Екі «Баянның» да махаббатқа, сезімге деген адалдығы екі бөлек: тұрақты және тұрақсыз. Жазушының «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының сюжетін негіз етіп жазған туындысы осындай кереғар дүниелерден тұрады.

3. Көптік мағынада жұмсалған жағымсыз эмоция тудыратын ілкі есімдер (Алпамыстар, Шығайбайлар, Кейқуаттар, Ұлтандар, Бекежандар т.с.с.). Бұл тәсіл, біріншіден, бейнеленіп отырған образдардың көбеюін көрсетеді, екіншіден, жалпылама мағына үстеу арқылы белгілі бір кейіпкердің жиынтық қасиетін ғана көрсетіп қоймайды, қоғамда белең алып отырған өзгерістерден де ақпарат береді.

4. Жалқыдан-жалпыға өткен ілкі антропонимдер

Кейбір ілкі есімдер сөз тудырушы жұрнақтар әсерінен жекеден –

жалпыға өткен, мысалы, *Кейқуат – кейқуатшылдылық; Бекежан – бекежандық, Қожанасыр – қожанасырлық, Шығайбай – шығайбайлық.*

5. Сұраулы сөйлем арқылы түзілген ілкі мәтіндер

Сұраулы сөйлемдердің риторикалық қызметі тыңдаушыға әсер етеді. «Риторикалық сұрау жауапты, хабар алуды көздемейді. Бұндай сөйлемдер қарсылық білдіру, кекету сияқты мақсаттың прагматикалық мақсатын арттырады. Сөйлеушінің қарсылық білдіруден гөрі дәлел, негіздемені келтіре отырып, сұраулы сөйлем түрінде мақсатын жеткізуді сөйлеу актісінің ықпал ету күшін арттырады» [9, 153].

⟶ Кеткен бе деймін ұлы елім азып,

Қозы мен Баян ұрпағы қайда? (Қазыбек Иса. Аякөз айшықтары)

⟶ Қане, сондағы *Қодарсыз, Бекежансыз* бостандықта табысқан сүйіспеншіліктер? Әдіре қалған жоқ па, әлдеқашан (Шойбекова Г. Ай сәулесі мен көлеңкесі).

⟶ «Сонда деймін, осының бәрін білетін, түсінетін жер бетіндегі барлық адамдар техникалық құралдарды араластырмай таза қол еңбегімен жұмыс істесе қандай нәтиже шығар еді? Онда жеміс-жидектердің өнімі де ерекше мол болып, табиғаттың ластануы деген мүлде болмас еді. Адамдардың барлығы жұмыссыз болмай, әркім өзінше еңбек етіп, ұрпақ өсіретін еді. Онда, жер бетінде *Асанқайғы іздеген Жерұйық орнайтын* шығар?! Мүмкін қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман болар (Алжанбай М. Күпірлік).

6. Теңеу арқылы берілген ПЕ

Көркем шығармаларда теңеу арқылы берілген ілкі есімдер басымдылыққа ие. Теңеуді кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін сипаттауда үстеме мағына беретіндіктен, ұтымды көріктеу тәсіл ретінде мейлінше мол қолданылған.

⟶ Адам қанша мейманасы тасыса да обал-сауап дегенді ұмытпауы керек. Адамның қасіреті мен құдіреті де осында. Жетім – жетімнің мұңы мен сырын бесенеден білуі тиіс. Бұл өмір деген *Аяз бидің жыртық тұмағы* секілді (Оспанов С. Екі дүниенің абыройы).

⟶ Тасындай диірменнің шыр айналған
Соғады қайда апарып мынау жалған?
Белгісіз ата-тегі бала байлар
Сараңдау болып шықты Шығайбайдан. (Қастек Баянбай. Ақшам)

7. Экспрессивті-бағалауыштық метафора арқылы берілген ПЕ

Метафора – дүниені, болмысты танудың көзі. Ол ұқсату

заңдылығына негізделеді. Метафора арқылы бейнелі образ жасалынады, бір заттың атауы жалпы сыртқы ұқсастық, сәйкестіке қарай екінші бір заттың, құбылыстың атауына қатысады, түзілген мәтінге орай жағымды/жағымсыз реңкті мағына үстемелейді.

→ *«Жалғыз көз Дәуде»* қорқытты мені,
Қасымда сол күн *Қорқыт* түнеді.
Перілер билеп суға сүйреді,
Періште жолда жолықты, тегі. (Бекетова Б. Жұлдыз боп кеткен жырларым).

→ Күн сәулесін көрмей қалар көктегі,
Күнді ойласам, *Қорқыт естен кетпеді...* (Қазыбек Иса. Азанама).

→ Ұстасаң да сығымдап зор тұтқаны,
Ұмытпассың кеудеңде *Қорқыт* барын. (Қайырбеков Ә. Сұлутал).

Осы өлең жолдарындағы ұқсату философиялық тұрғыдан алып қарағанда тура мағынадағы «өлім» сөзі мен «Қорқыт атаның» мағыналық құрылымындағы «өлім» сөзінің, яғни осы екі құбылыстың өзара ұқсастығына негізделіп, алынған. Екі құбылыстың арасындағы ұқсастық нәтижесінде «өлім» сөзі ақындар қолданысында «Қорқыт» сөзімен таңбаланып тұр. Бұл жерде «Қорқыт» сөзінің дифференциалды семасы доминанттық сипат алып, архисемасы көмескіленген.

8. Контекстуалдық антонимдерді пайдалану тәсілі.

Өмірдегі қарама-қайшылықтарды айқын көрсету көркем мәтіннің прагматикалық әсерін күшейте түседі. Контекстуалдық антоним – қазіргі таңда тың тілдік тәсіл болып табылады. Бұл тәсіл адресаттың эмоциясына тосын әсер етеді, сол себепті әсер ету әлеуеті жоғары.

Ер Қодарға қыз Баян болды ғашық...
Ғашығына еркімен келді қашып.
Теңдік алған махаббат серттен тайды,
Әр адымын есеппен енді басып.

Қылыш емес, қолына дойырды алып,
Қарабайдың Қозы жүр қойын бағып.
Үш ұлысқа *Қарекең* той жасады,
Жомарттығы әлемге мойындалып..

Сақал қойған бетіне, салауатты ел,

Мен жүремін, ат дайын, саламат бол.

Баян сүйсе Қодарды – бақ тілейік,

Қозыңа да бір ару саралап көр! (Жандыбаев Ғ. Жаңаша махаббат).

Келтірілген мысалдардан анық көрінгендей, ілкі мәтіндер ішінде ілкі есімдер түрлі тілдік амалдар арқылы жасалады. Жалқыдан жалпыға өткен жағымсыз мәндегі ілкі есімдер мен көптік мағынаға ие болған ілкі есімдердің өріс ала бастауы қоғам құндылықтарындағы өзгерістердің әлеуметтік ортаға тигізген әсерін көрсетеді. Ілкі есімдердің денотатына қарағанда, ілкі есімдерге жүктелген коннотациялық мағыналар басымдылыққа ие екендігін көреміз. Ілкі есімдер теңеу түрінде, ауыспалы мағынада жиі жұмсалынады, бұл ретте ілкі есімдер бағалауыштық сипатқа ие болып, автордың субьективті пайымын жеткізеді. Шығу көзі фольклорлық шығармалар болып табылатын ілкі есімдердің жеке тұрғанда да, мәтін құрамында да танымдық әлеуеті, лингвомәдени әлеуеті жоғары. Фольклорлық ілкі есімдердің этнонимдік семантикасы да ерекше. Сол себепті, ілкі мәтіндерде сақталған вербалды код шешілмеген жағдайда, лингвомәдени код игерілмейді, соның салдарынан адресат пен адресант арасындағы тілдік қарым-қатынастан еш нәтиже болмайды. Ілкі феномендерді көркем шығармаға енгізудегі автордың мақсаты – адресатты иландыру, ілкі феноменнің қайнаркөзі болып табылатын көркем шығарма автор мақсатының жүзеге асуына ықпал етеді. Сол арқылы қандай да бір ақпаратқа мән бергізуге тырысу, оқырмандарының назарын нақты бір идея, сюжет, кейіпкердің мінез-құлқына, оның сыртқы келбетіне аударту мақсаты көзделеді. Соның көмегімен ілкі кейіпкердің жан-дүниесін, моральды құндылықтарын репрезентациялайды. Демек, ілкі мәтіндердің мазмұнындағы мәдени коннотацияның мәнін түсіну – оқырманның ұлттық білімінің болуын қажет етеді. Осы себепті ақын, жазушылардың көркем шығармаларының көркемдеуіш, бейнелеу құралы, болмаса түсіндіру тәсілінің құралы ретінде қолданылып жүрген ілкі мәтіндерден туындайтын ассоциациялар ұлттық білімі бар оқырманға ғана түсінікті болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұргелді У. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007. – 311 б.

2. Шалабай Б. Көркем мәтіндегі автор бейнесі // «Мәлік Ғабдуллин феноменін зерттеу және зерделеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-

тәжірибелік конференция материалдары. – Көкшетау, 2015. – 317 б.

3. Жүнісов Д. Көне этнонимдер және тілдің тарихи белгілері / Ана тілі, 2014, 1-6 мамыр. – Б. 5.

4. Нұрмағамбетов Ә. Сөз сырына саяхат. – Алматы: «Жалын», 1990. – 128 б.

5. Краткий этимологический словарь казахского языка / Редколл.: А. Искаков, Р. Сыздыкова, Ш. Сарыбаев // Алма-Ата: «Наука», 1966. – 240 б.

6. Ихсангалиева Г.К. Функционально-прагматический анализ заголовков (на материале казахстанских газет и телепрограмм): дисс...канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 135 с.

7. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

8. Ғабдуллин М., Ысқақов Б.. Халық ауыз әдебиеті. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1974. – 220 б.

9. Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 215 б.

***Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар**:*

1. Фольклорлық мәтіндердің ілкі мәтін қызметін атқарудағы ерекшеліктері.
2. Фольклорлық ілкі мәтіндердің қазіргі көркем шығармаларда өзгеріссіз не авторлық өзгерістермен берілу жолдары.
3. Фольклорлық ілкі мәтіндерді қолданудағы автор позициясы.
4. Фольклорлық ілкі мәтіндердің оқырман тарапынан декодталуы.

1-тапсырма. Фольклорлық ілкі тілдік бірліктің қай түрі қолданылғанын және оның прагматикалық қызметін анықтаңыз.

1. Ауыл баласы... Қалаға қаңғып келгелі Қара үйде қалды өлшеулі өмір өлмелі. Қара балаға қатыгез тағдыр көнбеді, Қарабазарда еш болды есіл еңбегі. Жалмауыз кемпір, Қарабай қарт та осында, Жас бала барда, Баспана жоқта басыңда. Жыл өтпей жатып жылауық әйел есті алып, Ай өтпей жатып ағарып кетер шашың да! (*И. Сапарбай. Рухнама*). 2. Бұзбасын дейді хан-сұлтан Тыныштық шырқын елімнің, Қараймаса ханына Қайтсын дейді Арыстан, Төстіктейін бермен дейді Елім жайлар жайымның!.." Хан емес, қарақшы боп елге тиген, Талай хан өз отына өзі күйген. Ер сертімен салдым хабар, Айбалтам бар жәйін табар (*М. Әуезов. Бекет*). 3. «Мұңлықтардың» мекені мына мекен, «Зарлықтардан» қалатын мұра бөтен. «Шұға» обасын құшақтап қанша ғашық, Өксік атып қаншама жылады екен?! Періштем пейілімді білші менің, Мұңлықтың тыңдаймысың мың тілегін?! Түршігемін, сергимін, сілкінемін, Жас басыммен жабығып күрсінемін. Құмарлық ғашықтықты бөле қарап, Жүргенде жіберді екем неден ағат!? «Қозы-Баян», «Шұғаның белгілері», Сәл мұңайсам көңілге келе қалад.

Томпиған молалары келе қалад, Монтиған құл «Қодарлар» жебе қадап. Аңқиған «Қозы» жігіт өле қалад. ...Жібекті жарытпайды Төлеген ап... Махаббат мұра қылған мұң дастанын, Төгілтіп, толқып айтып тұрды аспаным. Жерленген ыстық құшақ жазылмастан, Қарашы, моласында шым басқанын... Мұңлықтар осы ма әлде сынбас тағың?! Жаным шыға, жындана жыр бастадым. Шұғадай ару тауып сыр да ашпадым, ...Сонша сүйдім, көнбеді ол, ...құрымас бағым... (*Ә. Дауыл. Мұңлықтардың мекені*).

2-тапсырма. Фольклорлық ілкі бірліктердің мәтінде өзектену тәсілдерін, лингвостилистикалық сипатын талдаңыз.

1. Ғашық болу – ғашық жанды сезіну, Дүниенің жалғанынан безіну. Мәжнүндерді түсіне алу, аялау, Қодарларды еш түсінбеу, аямау (*Ж. Асылбекова. Ғашық болу*). 2. Әжемнің көзбен көріп ертектерін, Ай көрдім, Шолпан көрдім, Айман көрдім. «Тәтем-ау» деп, айтатын еркектерін Әкем-ау, Алматыға қайдан келдім? (*Б. Мүбәрак. Көш*). 3. Аспандағы – Айсың, Соған ғана – сайсың. Күндіз – сағынбайсың, Түнде – жыламайсың (*Б. Мүбәрак. Пәк*). 4. Даласы Есілдің көлбеген, Дұшпанға көнбеген, Батырлар ақ алмас қылышын сермеген, Намысты бермеген, Қазақтың Асан данасы Мұңлы үнімен тербеген – Есілдің даласы көлбеген!!! Есілдің кең жалпақ жаясы, Түгінен май тамған шөбінді Құшырмен асаған Асан атамның Желмаясы. Есілдің толқынын, Сұлудың көзіндей көліңді. Асанқайғы: әкетем, – деп еді, Торсығына симайтын көрінді (*Т. Исмаилов. Есіл*). 5. Бір дегенім – білеу ғой, Екі дегенім – егеу ғой, Үш дегенім – үскі ғой, Төрт дегенім – төсек қой, Бес дегенім – бесік қой, Алтыны асық десіп қой. Жетім – желке емес пе, Сегізім – серке емес пе, Тоғызым – торқа болмай ма? Он дегенім – оймақ қой, Он бір қара жұмбақ қой. Жұмбағым, балалар ұнай ма? (*М. Жұмабаев. Өтірік ертек*). 6. Сүйдім мен Іңір деген пері қызын, Тәуекел – не ажалым, Не қызығым. Ақырын жаныма кеп отырады ол, Жасырып жез тырнағын жеңіне ұзын. Бозарып мен отырам бозаң қырда, Пері қыз сіңіп кетті тозаң-нұрға, Ұшынан тырнағынан қан сауғалап, Тырнайды көкжиекті көз алдыма. ...Тек жүрек бұлқынады – шерлі ғалам. Сүйем мен жез тырнақты дүниені, Қайт дейсің, Не істе дейсің енді маған? (*Е. Раушанов. Бозаңға біткен боз жусан*).

3-тапсырма. Фольклорлық ілкі бірліктердің түрін, олардың контекске үстейтін мағынасын анықтаңыз.

1. – Мына қара жердің бетінде тірі жүріп, тозақтың қыл көпіріне душар болған жандар да аз емес. Қазақтың бір бизнесмен жігіті өз әкесін қарттар үйіне апарып тастағанын көзіммен көрдім. Ал әлгі жігіт анасын үйінен шығармай ұстап отыр. Өйткені анасы «немерелеріне қарауға міндетті екен».

– Ал бизнесмен жігіт өз әкесін қарауға, бағуға міндетті емес пе екен?

– Ол жігіт өз міндетін ұмытып кетіпті. Ал анасының міндетін ұмытпапты. Ақ сүтін емген анасын үй қызметкері етіп қойған. Ал әйелі сән үйлері мен шаштараздарды аралаудан бала қарауға қолы тимейді екен. Ең қиыны – кемпір мен шал қартайғанда бірін – бірі көруге зар. Біреулер арқылы бір – біріне сәлем хат жазып жібереді екен.

– Ойпыр-ай, ә! Не деген қатыгездік.

– ... Мен саған әлгі өзім айтып отырған Қыз Жібек пен Төлегеннің, яғни шал мен кемпірдің хикаясын айтып берейін. Бір қалада тұрып өз кемпірімен сырласуға, мұңдасуға зар болған әлгі шал байғұс баласының үйінде құлшылықта жүрген кемпіріне оқтын – оқтын хат жазады екен (*Н. Келімбетов. Күншілдік*).

2. Күн астындағы қазақ – ол күншіл емес, адамға қызғанышы жоқ дені сау адам; айналасындағы адамдардың жетістіктері мен қуаныштарына шын ниетімен қуанады, жақсылыққа ортақ жан. Күн астындағы қазақ – адам қадірін де, өзінің қадірін де жақсы біледі, ешкімді өзінен кем санамайды, «қадірсізден құт қашатынын» жақсы біледі. Күн астындағы қазақ – туған өлетінін, жаралған жоғалатынын, келген кететінін, ажалдан ешкім құтыла алмайтынын жақсы біледі; ажал жетпей өлмек жоғын да түсінген бұл дүниедегі қонақ; ол өмірдің күшті екенін, өлім одан да күшті екенін жақсы біледі, ол құдайдан өлімінің ұятты болғанын қаламайды (*С. Кәрім. Күн астындағы қазақ*).

3. Кешегі қарадан шығып хан болған Аяз би таққа отырып, билікке жеткен соң өткенім мен кешегі күнімді ұмытып кетпейін деп әр нәрсеге шүкіршілікпен қарап, хан сарайының маңдайшасына ескі тымағы мен күпісін іліп қойды емес пе? Иә бармын деп таспа, жоқпын деп саспа, адамдық, азаматтықтан әділдік қағидадан аспа деп еді-ау Аяз би бабамыз (*Ш. Байділдин. Жаны жайсаң, жүрегі жылы азамат*).

4-тапсырма. Мәтін ішіндегі мәтіннің қолданылу сипатын, мәдени ақпаратты тасымалдаушы қызметін талдаңыз.

Ақырзаман аңызы

Елдегі қариялардан естуші едік: «Қазығұрт тауы қиын-қыстау замандарда биіктейді», – деп.

Бұл әрине, ескі аңыздың желісімен айтылған әңгіме болса керек. Есте жоқ ескі замандарда жер бетін топан су басып, ақырзаман болғанын көктен түскен кітаптар растайды. Әлемдегі ғұлама ғалымдар да бізге дейін бірнеше өркениеттердің болғанын дәлелдеп, әртүрлі деректер келтіреді.

Ал аты аңызға айналған Қазығұрт тауы болса, сол баяғы үнсіз, тілсіз қалпында.

Академик Ақжан Машанұлы кезінде: «Қазығұрт бізге дейінгі өркениеттерден қалған киелі ескерткіш», – деп еді-ау. Ендеше, сол киелі ескерткішке қараған сайын бізге қандай ой түседі десеңізші.

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса неге қалған.

Жетім бота үстінде жатып қалып,

Ойсылқара жануар содан қалған, – деп басталмаушы ма еді ол аңыз.

Бірінен кейін бірі тізіліп айтылатын осыдан соңғы төрт түліктің барлығының да төлдері жетім.

Көз алдыңызға бір сұмдық сурет елестейді. Бізге дейінгі өркениеттен тұқ қалмай, топан суға батып барады. Тек Нұх пайғамбардың кемесіндегі аман қалған тіршілік иелері ғана төңірекке үрейлене қарап, ендігі күніміз не болар екен деп жаутаңдайды...

Әйтсе де Жаратушы Иеміздің мейірімі шексіз екен. Топан судан кейін де өмір жалғасып, жаңа өркениет пайда болды. Ендеше, өткеннен сабақ алып, осы өркениетімізді қадірлей білсек қанеки.

Қазығұрт аңызы осылай толғанады. Бізге дейінгі болған сұмдық оқиғаның көзі тірі куәсіндей киелі тау осыны үнемі еске салып тұрады.

(Н. Ораз).

5-тапсырма. Фольклорлық ілкі мәтін тудыратын жағымды/жағымсыз эмоцияны анықтап, оның берілу жолдарын талдаңыз.

1. Алайда, Мазепада нысап жоқ. «Кейқуат қылды кесірді, екі аяқты

көсілді» дегендей, осындай молшылыққа кекірелеген қарауыл бастығы кейінгі кезде әртүрлі өнер шығара бастады. (*Қ. Жұмаділов. Көкжал)*. 2. Аспандап ұшқан алты қаз! Ала жазда ата жұртқа қайта орал. Аймағым – байтақ, халқым – аз, Алашыма сәлемімді айта бар. Қырандары қанатынан қайрылып, Көрген күні шер болды ма, сор – зіл? Төлегеннен айрылып, Бекежанмен ел болды ма – соны біл (*С. Ақсұңқарұлы. Қараорман*). 3. «Ассалаумаалейкум»: Ассалаумағалейкум, «ҚазМұнайГаз»! Қарға да қанаттанып, қалғымай – Мәз! Төлеген Қособадан сәлем айтса, Төбеңнен қалай ұшсын саңғымай қаз? (*С. Ақсұңқарұлы. Ұзан*). 4. Кешегі Аяз бидің кебінде болған бүгінгі Аяз биіміздің жаңсақ басқан тұсы қайсы, қарапайым пенде ретіндегі өкініш, қуаныштары қандай? Дәл қазір тәуелсіз қазақ елінің аязбилер армиясы босағаларына көнетоз шапанын іліп, тәубелеріне түсе ала ма? Шығарма осындай астары қалың заманауи сұрақтарға жауап іздейді (*Ж. Шаштайұлы. Аяз би*). 4. Саяқты санға қосып сыртта қалған, Адал жар, Азаматқа жұп бола алған Көремін өмірсерік өнегесін Ақжүніс, Қамқа, Назым, Құртқалардан... Аңызбен аты жеткен заманға осы, Атына құрбан болар адам басы Аяулы Қыз Жібек пен Баян сұлу – Даланың Данаясы, Мадоннасы! (*И. Сапарбай. Қазақ қызы*). 5. ...Қас дұшпанын қашырған, Қобыланды бабамыз Асыл болса анамыз Көк бөрінің ұрпағы. ... Тұлға болар бір жұртқа, Түп-анамыз қыз-Құртқа. ... Не екенін ар-намыс Ұғындырған ұлдарға Алпамыс пен Тарғыны. Сол заманның шындығы – Алдаркөсе қулығы, Қожанасыр қалжыңы Кедей қылып байларды, Бай қылыпты жарлыны. ... Көбейгенде шер-мұңы, Аңыз болған ерлігі, Қасқа ат мінген Қамбардай Арқалаған ел жүгін, Судан шыққан ер Төстік, Көрден шыққан Көруғлы, Қозы баққан Көрпеш пен Еңіреген Едіге Екендігі белгілі. ... Үлгі болған қыздарға Ақ Баян мен Қыз Жібек (*А. Шаяхмет. Қазақ елі*).

<u>БӨЖ тапсырмалары</u>:

1. «Фольклорлық ілкі мәтіндер – ұлттық мәдени кодты тасымалдаушы» тақырыбында реферат жазу, қорғау.

2. Фольклорлық ілкі мәтіндердің қазіргі БАҚ-та қолданылуын тілдік деректер арқылы талдау.

3. Фольклорлық ілкі мәтіндердің аллюзия, реминисценция, эпиграф арқылы берілуіне мысалдар келтіру.

Пайдаланылған мәтіндер:

1. Ақсұңқарұлы С. Қараорман: өлеңдер. – Алматы: Ел шежіре, 2012. – 384 б.
2. Ақсұңқарұлы С. Қозы Көрпеш-Баян сұлу // Ұзан: Өлеңдер. – Алматы: ЖК «Нұрақынов», 2014. – 412 б.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1982. – Т 10. Пьесалар. – 432 б.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана, "Фолиант", 2004. Т. 12: Діни дастандар. – 328 бет
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 13: Діни дастандар. – 352 бет
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 15: Діни дастандар. – 344 бет.
7. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана, "Фолиант", 2006. Т. 27: Ғашықтық дастандар. – 352 бет.
8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: “Фолиант”, 2007. Т. 33: Батырлар жыры. – 353 б.
9. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т. 34: Батырлар жыры. – 384 бет.
10. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2007. Т. 35: Батырлар жыры. – 333 бет.
11. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2007. Т. 36: Батырлар жыры. – 430 бет.
12. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2007. Т. 38: Батырлар жыры. – 340 бет.
13. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2007. Т. 39: Батырлар жыры. – 374 бет.
14. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2007. Т. 40: Батырлар жыры. – 430 бет.
15. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2007. Т. 42: Батырлар жыры. – 370 бет.
16. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2007. Т. 43: Батырлар жыры. – 416 бет.
17. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2008. Т. 44: Батырлар жыры. – 420 бет.
18. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2008. Т. 45: Батырлар жыры. – 440 бет.
19. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2008. Т. 51: Батырлар жыры. – 448 б.
20. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2008. Т. 52: Көне эпос. – 352 бет.
21. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т. 53: Ғашықтық жырлар. – 456 бет.
22. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана, "Фолиант", 2009. Т. 55: Батырлар

жыры. – 2009. – 330 бет.

23. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т. 56: Тарихи жырлар. – 408 бет.

24. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 73: Хайуанаттар туралы ертегілер. – 432 б.

25. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 74: Қиял-ғажайып ертегілер. – 432 б.

26. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана, "Фолиант", 2011. Т. 75: Батырлық ертегілер. – 424 бет.

27. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 76: Новеллалық ертегілер. – 432 б.

28. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. Т. 77: Сатиралық ертегілер. – 400 б.

29. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана, "Фолиант", 2011. Т. 78: Қазақ мифтері. – 448 бет.

30. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана, "Фолиант", 2011. Т. 80: Топонимдік аңыздар. – 416 бет.

31. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2012. Т. 81: Шежірелік жыр-аңыздар. – 432 бет.

32. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана, "Фолиант", 2012. Т. 84: Күй аңыздар. - 432 бет.

33. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана, "Фолиант", 2012. Т. 87: Тарихи аңыздар. - 432 бет.

34. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2012. Т. 88: Тарихи аңыздар. – 2012. – 432 бет.

35. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2012. Т. 89: Аңыздық жырлар. – 2012. – 432 бет.

36. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2013. Т. 98: Күлдіргі әңгімелер. – 440 бет.

37. Байділдин Ш.Б. Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым. – Астана, 2010. – 371 б.

38. Баянбай Қ. Ақшам: Өлең дастандар. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2015. – 232 б.

39. Бекетова Б. Жұлдыз боп кеткен жырларым // Көлбастау: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2001. - 176 б.

40. Досжан Д. Жан құмары: Роман. – Алматы: Глобус, 2009. – 416 б.

41. Досжан Д. Құланшыда қалған із // Таңдамалы шығармалар: әңгімелер, Т.1. – Алматы: Білім, 2002. – 424 б.

42. Ершуова М.А. Аяз биге // Жапырақ-ғұмыр. – Астана: Елорда, 2001. – 60 б.

43. Жандыбаев Ғ. Жаңаша махаббат // Шығармалары. 1-том: Өлеңдер. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017. – 336 б.

44. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.

45. Жұмаділов Қ. Көкжал: хикаяттар, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғамдар. – Алматы: Атамұра, 2011. – 408 б.

46. Иса Қ. Аякөз айшықтары // Шығармалар жинағы. 1-том. Тәтті шөл. Жыр кітабы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2007. – 240 б.

47. Иса Қ. Азанама // Шығармалар жинағы. 1-том. Тәтті шөл. Жыр кітабы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2007. – 240 б.

48. Исмаилов Т. Есіл. – Алматы, 2017. – 144 б.

49. Келімбетов Н. Күншілдік: сұхбат-диалог. – Алматы: Атамұра, 2009. – 320 б.

50. Қазақ ертегілері. Т.2. – Алматы: Ғылым, 1988. – 150-б.

51. Қайырбеков Ә. Сұлутал. – Астана, 2009. – 159 б.

52. Ораз Н. Ақырзаман аңызы // URL.: https://egemen.kz/article/220898-aqyrzaman-anhyzy

53. Massaget.kz порталы // URL.: https://massaget.kz/layfstayl/debiet/poezi

54. Оспанов С. Екі дүниенің абыройы. Повестер мен әңгімелер. – Астана. Елорда, 2002. – 288 б.

55. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.

56. Сапарбай И. Рухнама. Жыр жинағы: Т.3. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. – 512 б.

57. Сарыбай Б. Қараторғай. – Алматы: «Жалын баспасы», 2013. – 190 б.

58. Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді. – Алматы: «Жалын баспасы», 2009. – 158 б.

59. Талаптан А. Тозақ оты // Сұлу мен суретші. Шығармалар: екі томдық, Т.1: Айсәуле. – Алматы: Жалын (Беласқан), 2006. – 288 б.

60. Тарази Ә. Ауыл шетіндегі үй: әңгімелер // Хош көлеңке. – Алматы: Атамұра, 2006. – 248 б.

61. Түменбаев Қ. Депутат Аязби // Шығармалары. Көптомдық. 4-том. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: «Айғаным», 2014. – 286 б.

62. Шаштайұлы Ж. Аяз би: Роман. – Алматы: “Жазушы”, 2013. – 384 бет.

63. Шойбекова Г. Ай сәулесі мен көлеңкесі // Тоты аралының тұрғыны: Әңгімелер мен хикаят. – Астана: «Фолиант», 2001. – 116 б.

Жақыпов Жантас Алтайұлы
Ахметова Маржан Кәкімқызы

ҚАЗАҚ ЛИНГВОФОЛЬКЛОРТАНУЫ

(мәтінтүзімдік тұрғы)

Филология мамандығының білім алушыларына
арналған оқу-әдістемелік құрал

Корректорлар: О. Амандықов, Ф. Маннап
Техникалық безендірушілер: А. Зинедина, Г. Абай

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
типографиясында басылып шығарылды
010008, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан, 13/1